

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**Айшықты
оқиғалар
— 2021 —
Знаковые
события**



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Айшықты оқиғалар



Знаковые события



ҚАЗҰУ БАСШЫЛЫҒЫНА ЖАНСЕЙІТ ТҮЙМЕБАЕВ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымына университеттің жаңа басшысы Жансейіт Түймебаевты таныстырды.

Жоғары оқу орны ұжымы алдында сөз сөйлеген министр конкурстық негізде республикалық комиссия «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ Басқарма Төрағасы – Ректор лауазымына Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевты тағайындауға ұсыныс білдіргенін хабарлады.

Жаңа ректорды таныстырған министр филология ғылымының докторы, профессор Жансейіт Қансейітұлының университет түлегі және басшылық қызметте тәжірибесі мол екеніне тоқталды. Сондай-ақ әр жылдары ҚР Білім және ғылым министрі, елші, облыс әкімі, Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары – ҚР Президенті Әкімшілігі ҚХА хатшылығының меңгерушісі қызметтерін атқарғанын атап өтті. Асхат Аймағамбетов жаңа ректордың жұмысына табыс тілеп, университет алдағы уақытта да қарқынды дамып, жаһандық ғылыми-білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілеттілігін одан әрі арттыра түсетініне сенім білдірді.

Өз кезегінде Жансейіт Түймебаев еліміздің жетекші университетін басқару үлкен құрмет пен сенім әрі жауапкершілік екеніне тоқталды. Ең бірінші кезекте білім беру сапасына және оқытушылардың жалақысын арттыруға, инфрақұрылымды дамытуға, білім алушылар үшін қолайлы жағдай жасау мен халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге басымдық берілетінін жеткізді. Зерттеу қызметін дамыту, ғылыми әзірлемелерді нақты өндіріске енгізу маңызды міндет болып табылатынына да басымдық берді.



КАЗНУ ВОЗГЛАВИЛ ЖАНСЕЙТ ТҮЙМЕБАЕВ

Министр образования и науки РК Асхат Аймагамбетов представил коллективу КазНУ им. Аль-Фараби нового руководителя – Жансейта Түймебаева.

Выступая перед коллективом вуза, министр проинформировал, что на конкурсной основе Республиканская комиссия рекомендовала назначить на должность Председателя Правления – Ректора НАО «КазНУ им. Аль-Фараби» Жансейта Кансеитулы Түймебаева.

Знакомя коллектив с новым ректором, министр отметил, что Жансейт Түймебаев является выпускником университета, имеет большой опыт руководящей деятельности. Занимал пост Министра образования и науки РК, работал на дипломатической службе, был акимом области, Заместителем Председателя Ассамблеи народа Казахстана, заведующим секретариатом АНК Администрации Президента РК.

Асхат Аймагамбетов пожелал новому ректору успехов в работе и выразил уверенность, что под его руководством университет продолжит динамично развиваться и повышать конкурентоспособность в глобальном научно-образовательном пространстве.

В свою очередь Жансейт Түймебаев отметил, что для него большая честь возглавить ведущий университет страны, это большое доверие и ответственность. Приоритетными направлениями в работе станут повышение качества образования и заработной платы преподавателей, развитие инфраструктуры и создание благоприятных условий для обучающихся, расширение международного сотрудничества. Также он подчеркнул, что важной задачей является развитие исследовательской деятельности, внедрение научных разработок в реальное производство.



ҚАЗҰУ-ДА ЖАЛАҚЫ 20 ПАЙЫЗҒА ӨСТІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев бүгін оқу ордасындағы барлық қызметкерлердің жалақысын 20 пайызға өсіру туралы бұйрыққа қол қойды.

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев Үкіметке жоғары оқу орындары оқытушыларының жалақысын арттыру мәселесін қарастыруды тапсырған болатын. Осыған сәйкес, ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор қызметіне кіріскен Жансейіт Түймебаев бірінші кезектегі мәселе ретінде оқытушылар мен қызметкерлердің жалақысын көбейтуді қолға алып, 20 пайызға көтеру туралы шешім қабылдады.

Бұл шара қызметкерлерді әлеуметтік қолдауға және олардың әл-ауқатын жақсартуға, сондай-ақ оқытушы мамандығының беделін арттыруға бағытталған.



В КАЗНУ ПОВЫСИЛИ ЗАРПЛАТУ НА 20%

Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев подписал приказ о повышении заработной платы всем работникам университета на 20 процентов.

Выступая на третьем заседании Национального совета общественного доверия, Глава государства К.Токаев поручил Правительству рассмотреть вопрос увеличения заработной платы преподавателям высших учебных заведений.

Вступая в должность Председателя Правления – Ректора КазНУ, Жансеит Туймебаев одним из первоочередных вопросов, требующих решения, обозначил повышение заработной платы преподавателям и сотрудникам вуза. Поэтому руководителем вуза было оперативно принято решение о повышении заработной платы всем работникам университета на 20 процентов. Эта мера направлена на социальную поддержку работников и улучшение их благосостояния, а также повышение престижа профессии преподавателя.



РЕКТОР АРДАҒЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев университеттің алдыңғы буын оқытушы-профессорларымен кездесіп, жоғары оқу орнын дамытудың өзекті мәселелерін талқылады.

Жансейіт Түймебаев өз сөзінде студенттік жылдары ҚазҰУ-дың филология факультетінде білім алып, өмірге кәсіби жолдама алғанын, университет қабырғасында ғалым ретінде қалыптасып, түрлі қызмет сатыларынан кейін туған ұжымына қайта оралғанына қуанышты екенін жеткізді.

Ректор еліміздің жетекші университетіне басшылыққа келе отырып, оның тағдыры мен болашақ дамуына зор жауапкершілікті сезінетінін атап өтті. Басым бағыттар ретінде ол білім беру сапасын арттыру, оқытушыларды әлеуметтік қолдау, инфрақұрылымды дамыту, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, ғалымдардың ғылыми әзірлемелерін нақты өндіріске енгізу қажеттігін алға тартты.

Кездесу барысында қатысушылар оқу процесін жетілдіру, ғылыми-зерттеу қызметін дамыту, зертханалар мен ғылыми орталықтарды заманауи жабдықтармен қамтамасыз ету, шетелдік студенттерді тарту, жас ғалымдарды қолдау және басқа мәселелерге қатысты нақты ұсыныстар жасады.



РЕКТОР ВСТРЕТИЛСЯ С ВЕТЕРАНАМИ

Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев встретился с ветеранами университета. В ходе встречи обсуждались актуальные вопросы развития вуза.

Тепло поприветствовав участников встречи, Жансеит Туймебаев отметил, что с КазНУ его связывают замечательные годы студенчества, на филологическом факультете он получил образование и профессиональную путевку в жизнь. Здесь он начал путь становления как ученого и рад снова вернуться в родной коллектив.

Ректор подчеркнул, что, возглавив ведущий университет страны, он чувствует особую ответственность за его судьбу и дальнейшее развитие. В качестве приоритетных направлений деятельности он назвал: повышение качества образования, социальную поддержку преподавателей, развитие инфраструктуры, расширение международного сотрудничества, внедрение научных разработок ученых в реальное производство.

По словам ректора, главной ценностью КазНУ являются его преподаватели и ученые, которые обучают и воспитывают молодое поколение и своим трудом вносят реальный вклад в развитие страны. Задача руководства и административного состава заключается в повышении благосостояния сотрудников и создании необходимых комфортных условий для их работы.

В ходе встречи участники говорили о наболевшем, проблемах и вопросах, требующих решения, выступали с конкретными предложениями, касающимися усовершенствования учебного процесса, развития научно-исследовательской деятельности, обеспечения лабораторий и научных центров современным оборудованием, привлечения иностранных студентов, поддержки молодых ученых и другие.

В завершение мероприятия ректор поблагодарил участников встречи за неравнодушие и готовность активно содействовать развитию университета.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

«Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Қазақстандағы Франция Республикасының төтенше және өкілетті елшісі Дидье Канесспен кездесіп, ғылым-білім және мәдени бағыттар бойынша өзара ынтымақтастықты тереңдету мәселелерін талқылады.

Ректор Жансейіт Түймебаев өз сөзінде Франция Еуропадағы интеграциялық процестердің толыққанды қатысушысы ретінде Қазақстанды әлемдік қоғамдастыққа тартуда үлкен рөл атқаратынын және маңызды серіктес болып табылатынын атап өтті. ҚазҰУ Францияның 18 жоғары оқу орнымен жемісті ынтымақтастық орнатқан. ҚазҰУ студенттері мен оқытушылары тәжірибе алмасу бағдарламасы аясында Францияның үздік жоғары оқу орындарында бірлескен ірі халықаралық жобаларды жүзеге асырады. Қазақстандағы Франция елшілігінің тікелей қолдауымен Лотарингия университетімен бірлесіп құрылған «Геоэнергетика» орталығы бүгінде табысты жұмыс істеуде.

Франция елшісі Дидье Канесс өз кезегінде бұдан 10 жыл бұрын құрылған «Геоэнергетика» орталығының жұмысы туралы, оның негізінде климаттық өзгерістер саласында зерттеулер жүргізілгені, ауқымды ғылыми жобалардың жүзеге асырылғаны жайында айтты.

Кездесу барысында Жансейіт Қансейітұлы ынтымақтастықты жаңа бағыттарда дамытудың үлкен перспективаларының бар екенін алға тартты. Атап айтқанда, ол француз ғалымдарын бірлескен археологиялық зерттеулерге қатысуға шақырды.

«ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультетінің әлеуеті зор. Қазақ даласы аумағында біздің дәуірімізге дейінгі IV-V ғасырларда болған Сауран, Фараб (Отырар), Испиджаб сияқты 10-нан астам ежелгі қалалар мен елді мекендер Қазақстандағы археологиялық зерттеулердің көзі мен орасан зор мүмкіндіктері болып табылады. Осы саладағы танымал француз мамандарымен ынтымақтастығымыз алдағы уақытта да жемісті, қызықты әрі пайдалы болады деп санаймын», – деді ректор кездесу барысында.



НОВЫЙ ЭТАП СОТРУДНИЧЕСТВА

Председатель Правления – Ректор НАО «КазНУ им. Аль-Фараби» Жансеит Туймебаев встретился с чрезвычайным и полномочным послом Французской Республики в Казахстане Дидье Канесс, в ходе переговоров обсуждались вопросы углубления научно-образовательного и культурного сотрудничества.

Приветствуя чрезвычайного и полномочного посла Французской Республики в Казахстане Дидье Канесс, ректор Жансеит Туймебаев отметил, что Франция, как полноправный участник интеграционных процессов в Европе, играет значительную роль в продвижении Казахстана в мировое сообщество и является важным партнером. Плодотворное сотрудничество КазНУ с 18 вузами Франции доказывает успешность и необходимость тесных взаимоотношений.

Студенты и преподаватели КазНУ выезжают в рамках программ обмена на обучение и стажировку в лучшие вузы Франции, реализуются совместные крупные международные проекты. Успешно функционирует центр «Геоэнергетика», созданный совместно с Университетом Лотарингии при непосредственной поддержке Посольства Франции в РК.

Во время встречи Жансеит Кансеитулы подчеркнул, что существуют большие перспективы для развития сотрудничества и в других направлениях. В частности, он пригласил французских ученых к участию в совместных археологических исследованиях.

«Факультет истории, археологии и этнологии КазНУ располагает большим потенциалом для этого. Огромный пласт для исследований в Казахстане представляют собой древние города и городища, которые находились на территории казахской степи в IV-V веках до н.э. Это более десятка городов, таких, как: Сауран, Фараб (Отырар), Испиджаб и другие. Я считаю, что сотрудничество с известными французскими специалистами в этой сфере будет плодотворным, интересным и полезным», – сказал ректор.



КАЗНУ ДОЛЖЕН РАБОТАТЬ НА КАЧЕСТВЕННЫЙ РЕЗУЛЬТАТ



В конференц-зале библиотеки Аль-Фараби с участием Председателя Правления – Ректора НАО «КазНУ им. Аль-Фараби» Жансеита Туймебаева прошло первое заседание ректората, на котором были заслушаны доклады проректоров КазНУ о развитии университета в 2021 году.

Следует отметить, что стратегический план развития университета нацелен на основную цель – подготовку квалифицированных и конкурентоспособных специалистов на рынке труда. Эта цель остается приоритетным направлением в деятельности вуза и для ее осуществления требуется выполнить множество задач: необходимо акцентировать внимание на отборе наиболее одаренных

обучающихся, обеспечении конкурентоспособного преподавательского состава, соответствии организации учебного процесса современным трендам цифровизации, поддержании высокого качества обучения и нулевой терпимости к проявлениям академической нечестности, поддержании высокой репутации университета среди работодателей. Придерживаясь такого плана, можно добиться больших результатов.

В свою очередь, ректор Ж.Туймебаев отметил, что во время обхода аудиторий и лекционных залов факультетов, он не обнаружил цифровых сервисов и оборудования, которые стимулировали бы познавательную деятельность студентов и академическую продуктивность преподавателей. Ректор подчеркнул, что цифровизация вуза должна стать ключевым инструментом, и каждая аудитория должна быть оснащена современным оборудованием и соответствовать требованиям времени.

Ректор Жансеит Туймебаев подчеркнул, что гранты, выделенные из бюджета на осуществление научных проектов вуза, должны давать результат и прибыль. Такая практика значительно повысит продуктивность научно-образовательной деятельности университета. «В настоящее время уровень любого вуза оценивается по многим критериям, один из которых – количество сделанных и внедренных в производство научных открытий, которые принесли пользу государству. В этой связи надо определить проблему, пути ее решения, механизмы и работать на результат. КазНУ как лучший вуз должен соответствовать своему статусу», – сказал ректор Жансеит Туймебаев и отметил, что запланированного текущего ремонта будет недостаточно и зданиям факультетов требуется капитальный ремонт, также необходимо внести конкретные предложения по совершенствованию и улучшению научно-образовательной деятельности и материально-технической базы университета.

В завершение ректор подчеркнул, что в КазНУ должны работать известные зарубежные ученые. В университете должна присутствовать здоровая морально-психологической атмосфера. «Вы элита, и ваши коллеги должны брать с вас пример. А я со своей стороны, приложу все усилия для создания комфортных условий, решения вопросов с жильем, дальнейшего увеличения заработной платы и обеспечения материально-техническим оборудованием. От вас требуется качественное образование и научные достижения», – сказал Ж.Туймебаев, резюмируя работу ректората.



ЖАҢА КОММЕРЦИЯЛАНДЫРУ ОРТАЛЫҒЫ ҚҰРЫЛАДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев механика-математика факультетінің жұмысымен танысып, барлық ғылыми жобаларды жетілдіру мақсатында университетте жаңа коммерцияландыру орталығы құрылатынын айтты.

«Қазіргі уақытта ғылым саласындағы басым бағыттардың бірі әлемдік ғылым кеңістігіне кірігу болып табылады. Ғылыми-зерттеулер мен дамуды алға жылжытудың ең тиімді құралы – бұл ғылыми қызмет нәтижесін көрсету. Осы тұрғыда біздің ұстаз-ғалымдарымыздың жаңа ғылыми-зерттеу жобалары мен әзірлемелерін өндіріске енгізіп, оларды әлеуметтік желі және БАҚ құралдары арқылы насихаттауымыз қажет. Мәселен, ол жобаларды жүзеге асыруды өз университетімізден, өз қаламыздан бастауымыз керек. Сондықтан құрылатын коммерцияландыру орталығы ғылыми-зерттеу жобаларына тікелей қолдау көрсетіп, университетте әр сала бойынша деректер базасы құрылатын болады», – деді Жансейіт Түймебаев.



БУДЕТ СОЗДАН НОВЫЙ ЦЕНТР КОММЕРЦИАЛИЗАЦИИ

Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев в ходе ознакомления с работой механико-математического факультета, отметил, что в целях совершенствования всех научно-исследовательских проектов в университете будет создан новый центр коммерциализации.

«В настоящее время одним из приоритетных направлений в сфере науки является интеграция в мировое научное пространство. Наиболее эффективным средством продвижения научных исследований и разработок является демонстрация результатов этой деятельности. В этом контексте мы должны внедрять в производство новые научно-исследовательские проекты и разработки наших ученых-преподавателей и продвигать их через социальные сети и средства массовой информации. Например, мы должны начать реализацию этих проектов с родного университета и нашего города. Поэтому Центр коммерциализации, который мы планируем создать, будет оказывать прямую поддержку научно-исследовательским проектам, в университете будет создана база данных по каждой отрасли», – сказал Жансеит Туймебаев.



ЖАМБЫЛ МҰРАСЫН ЗЕРДЕЛЕУ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да қазақ әдебиетінің классик ақынының 175 жылдығына арналған «Жамбыл Жабаев мұрасының қазіргі әдебиеттанудағы орны мен маңызы» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік онлайн-конференция өтті.

Конференцияның пленарлық отырысының қатысушыларына арналған алғы сөзінде ректор Жансейіт Түймебаев: «Біз ұлы ақын Жамбыл Жабаевтың шығармашылығын дәріптеп, құрмет білдіруге, жамбылтану жетістіктерін талдау және ғылыми зерттеулердің одан әрі бағыттарын анықтау үшін жиналдық», – деп атап өтті.

Бұл жұмыстармен Жамбыл атындағы Қазақ фольклоры мен әдебиетінің ғылыми-зерттеу орталығы белсенді айналысады. Қазақ ауыз әдебиеті мен көркем әдебиетінің өзекті мәселелерінің қазіргі жағдайы ғалымдардың назарын аударып отыр.

Алдағы уақытта зерттеулер ауқымын кеңейту, ғылыми-зерттеу жұмыстарына, жоғары оқу орындарының бакалаврларына, магистранттары мен докторанттарына арналған монографиялар мен оқу құралдарын жазып, дайындауға Қазақстан Республикасы мен шетелдердің әдебиеттанушы ғалымдарын тарту жоспарлануда.



ИЗУЧАЯ НАСЛЕДИЕ ЖАМБЫЛА

В КазНУ им. Аль-Фараби состоялась Международная научно-методическая онлайн-конференция «Место и значение наследия Жамбыла Жабаева в современном литературоведении», посвященная 175-летию поэта, классика казахской литературы, в ходе которой были рассмотрены аспекты его творчества в контексте мировой литературы.

Поприветствовав участников пленарного заседания конференции, Председатель Правления – Ректор КазНУ Жансеит Кансеитұлы отметил: «Мы собрались, чтобы выразить безграничное внимание и уважение великому поэту Жамбылу Жабаеву, проанализировать достижения жамбыловедения и определить дальнейшие направления научных исследований».

Этим активно занимается Научно-исследовательский центр казахского фольклора и литературы имени Жамбыла. В центре внимания ученых – актуальные проблемы казахской устной и художественной литературы в современных условиях.

В дальнейшем планируется расширить диапазон исследований, привлечь к научно-исследовательской работе, написанию, подготовке монографий и учебных пособий для бакалавров, магистрантов и докторантов вузов ученых-литературоведов Республики Казахстан и зарубежных стран.



ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Сіздерді 1 наурыз – Алғыс айту күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! «Алты Алаштың игі жақсысы бас қосса, төрдегі орын ұстаздыкі», – деп ақын Мағжан Жұмабаев айтқандай, ұрпақ тәрбиесінде оқытушы-тәлімгерлердің атқарар рөлі ерекше. Өсіресе пандемияға қарсы күресте қашықтан білім беру жүйесіне ерекше назар аударылып, барлық мұғалімдерге маңызды міндеттер жүктелді. Осынау сындарлы сәтте өз кәсіптеріңізге адалдық танытып, жаңа жұмыс тәсілінде табандылық көрсеткендеріңіз үшін сіздерге айрықша алғыс айтамын!

Университет қабырғасына оралар күнді асыға күтіп жүрген білім алушыларға да төзімділіктері мен оқуға деген құштарлықтары үшін арнайы ризашылығымды және дұғай сәлемімді жеткізім келеді. Барлығымыз сын-қатерден сүрінбей өтіп, көп ұзамай қалыпты жағдайға – толыққанды оқу үдерісіне оралып, университетімізді бірге түлетеміз деген үміттемін.

Айтулы мерекеде баршаңызға зор денсаулық, мол табыс, бақ-береке тілеймін. Еліміздің ынтымақ-бірлігі арта берсін!

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**





ҚАЗҰУ АКАДЕМИК ӨМІРБЕК ЖОЛДАСБЕКОВТІҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫН АТАП ӨТТІ

Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚазКСР ҒА және ҚР ҰҒА академигі, көрнекті механик-ғалым, ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Өмірбек Жолдасбековтің 90 жылдық мерейтойына орай, мерекелік іс-шаралар ұйымдастырды.

Мемлекет және қоғам қайраткерінің туған күні жылдағы дәстүр бойынша ҚазҰУ қалашығында орналасқан ғалымның ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, тағзым етуден басталды. Салтанатты рәсімге университет ұжымы, ғалымның туыстары, шәкірттері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, арнайы шақырылған қонақтар қатысты.

Жиынды ашқан Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев:

– Бүгінде ҚазҰУ – бұл халықаралық білім беру кеңістігінде лайықты орнын алған, жоғары оқу орындарының әлемдік рейтингінде 165-орынды иеленетін заманауи жоғары технологиялық ғылыми-білім беру ордасы. Өмірбек Арысланұлының кезінде әрбір қызметкерге жағдай жасалып, оқу залдарын қажетті жабдықтармен қамтамасыз ете отырып, шетелдерден үздік мамандарды шақыруы, сондай-ақ оқытушы-профессорлар құрамының біліктілігін жетілдіруге үлкен көңіл бөлуі біз үшін таптырмас үлгі. Алдыңғы буынның бастамаларын жалғастырып, ғалымдарымыздың еңбегін дүниежүзіне танытуға күш салайық, – деп атап өтті.

Ө.Жолдасбековтің 90 жылдық мерейтойына байланысты өткізілген шаралардың бірі – математика және механика бойынша зерттеу жобаларының халықаралық байқауы. Байқау он жылдан бері дәстүрлі түрде Білім және ғылым министрлігі мен «Дарын» ғылыми-зерттеу орталығымен бірлесіп өткізіледі. Оған Германия, Франция, Түркия, Индонезия сияқты мемлекеттерден 200-ге жуық студент қатысты.

Бұдан бөлек, ҚазҰУ-дың қатысуымен Алматыда «Болашақ механикасы» атты II халықаралық Жолдасбеков симпозиумы онлайн режимінде өтті.

Онлайн-конференция қатысушылары «Өмірбек Жолдасбеков – өз заманының озық ғалымы ретінде халқының ертеңін ойлайтын ұлы ағартушылар жолын жалғастырған ірі ғалым» деп қорытындылады.



КАЗНУ ОТМЕТИЛ 90-ЛЕТИЕ АКАДЕМИКА УМИРБЕКА ДЖОЛДАСБЕКОВА

В КазНУ имени Аль-Фараби прошли юбилейные торжества, посвященные 90-летию со дня рождения выдающегося ученого, организатора образования, автора многочисленных научных трудов, академика Умирбека Джолдасбекова.

Торжественное мероприятие с участием ректора КазНУ Жансеита Түймебаева, известных ученых, государственных и общественных деятелей, преподавателей и членов семьи началось с возложения цветов памятнику академика.

Выступая перед участниками церемонии, Председатель Правления – Ректор КазНУ Жансеит Түймебаев отметил исторический вклад талантливого ученого, государственного и общественного деятеля, основателя инженерной академии в Казахстане, академика Умирбека Арслановича Джолдасбекова в развитие науки и образования в Казахстане.

«При его непосредственном участии был заложен и построен студенческий городок Каз-Гуград, который стал символом студенчества и визитной карточкой науки и образования Казахстана в мировом сообществе. За период его руководства вуз вошел в число лучших в СССР и стал популярным в мировом университетском сообществе. Выражаем благодарность Умирбеку Арслановичу за неоценимый вклад в развитие нашего университета», – подчеркнул ректор Ж.Түймебаев.

В рамках юбилейных мероприятий состоялось открытие XI Международного конкурса исследовательских проектов по математике и механике имени У.Джолдасбекова, который КазНУ проводит совместно с республиканским научно-практическим центром «Дарын» МОН РК. В конкурсе принимают участие 209 школьников из Индонезии, Турции, Франции, Таджикистана, Кыргызстана и регионов Казахстана. Талантливыми школьниками будет представлен 161 исследовательский проект. Мероприятие пройдет в онлайн-режиме на платформе ZOOM.

Символично, что в день празднования юбилея в Алматы прошел второй Международный симпозиум «Механика будущего».

В завершение участники онлайн-конференции пришли к выводу, что Умирбек Джолдасбеков опережал свое время, и его деятельность была продолжением миссии великих просветителей, искренне болевших душой за свой народ и его будущее.



ШВЕЙЦАРИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТЕРМЕН МЕМОРАНДУМ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Швейцариялық экономика және басқару қолданбалы ғылымдар мектебі (Swiss-Sasem) арасында қосдипломды білім беруді дамыту перспективаларын айқындаған ынтымақтастық туралы меморандумға онлайн қол қою рәсімі өтті.

Стратегиялық құжатқа Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, Швейцариялық экономика және басқару қолданбалы ғылымдар мектебінің (Swiss-Sasem) ректоры Доминик Джордан және Swiss-Sasem Швейцариялық бизнес мектебінің президенті Мейром Ескендіртегі қол қойды.

Қонақтарды қарсы алған ректор Жансейіт Түймебаев оларға өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға ниет білдіргендері үшін алғыс айтып, Швейцария әртүрлі салаларда, соның ішінде ғылым мен білім саласындағы жобаларды белсенді түрде дамытып келе жатқан Қазақстанның негізгі стратегиялық серіктестерінің бірі екенін атап өтті. «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Швейцариялық экономика және басқару қолданбалы ғылымдар мектебі арасындағы серіктестік жаңа деңгейге көтерілуде. Біз сіздердің мамандар даярлаудағы тәжірибелеріңізді жоғары бағалаймыз. Бірлескен бағдарламаларды жүзеге асыру және жоғары білікті оқытушылар мен сарапшыларды оқыту үдерісіне тарту университетті дамытуға және қосдипломды білім беру бағдарламаларына жаңа серпін беретініне мен сенімдімін», – деді Ж.Түймебаев.



МЕМОРАНДУМ С ШВЕЙЦАРСКИМИ ПАРТНЕРАМИ

В КазНУ им. Аль-Фараби прошла онлайн-церемония подписания меморандума о сотрудничестве между КазНУ и Швейцарской школой прикладных наук (Swiss-Sasem) экономики и управления, определившего перспективы развития двудипломного образования.

Стратегический документ был подписан Председателем Правления – Ректором КазНУ имени Аль-Фараби Ж.К.Туймебаевым, ректором Швейцарской школы прикладных наук, экономики и управления (Swiss-Sasem) Домиником Джорданом и президентом швейцарской бизнес-школы Swiss-Sasem Мейром Ескендиртеги.

Приветствуя гостей, ректор КазНУ Жансеит Туймебаев поблагодарил их за желание развивать взаимовыгодное сотрудничество и отметил, что Швейцария является одним из основных стратегических партнеров Казахстана, который активно развивает проекты во многих сферах, в том числе науке и образовании. «Партнерство между КазНУ им. Аль-Фараби и Швейцарской школой прикладных наук, экономики и управления выходит на новый уровень. Мы высоко ценим ваш опыт подготовки специалистов. Я уверен, что реализация совместных программ и привлечение высококлассных преподавателей и экспертов в процесс обучения дадут новый стимул развитию университета и двудипломного образования», – сказал Ж.Туймебаев.



ТҮЛЕКТЕР КҮНІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің төрағасы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Түлектер қауымдастығының президенті, заң ғылымының докторы, профессор Қайрат Әбдіразақұлы Мәми және Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті қорының атқарушы директорының орынбасары Игорь Иванович Рогов университетке ат басын бұрып, ректор Жансейіт Түймебаевпен ҚазҰУ-дың Түлектер күнін ұйымдастыру және өткізуге қатысты мәселелерді талқылады.

Үстіміздегі жылы Түлектер қауымдастығы Түлектер күнін 29 мамырда офлайн режимінде өткізуді жоспарлап отыр. Елдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты факультеттер мен кафедралардағы кездесулер өткен жылдағыдай ZOOM платформасында онлайн түрде жүзеге асады.

Кездесу барысында биылғы Түлектер күні Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналатыны келісілді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ түлектерінің ортақ мейрамы – Түлектер күнінің дайындығын талқылай отырып, Қайрат Мәми «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне қосқан үлесі» атты жинақ шығаруды ұсынды. Бұл идеяны ҚазҰУ ректоры Ж.Түймебаев және Түлектер қауымдастығы президиумының мүшесі, з.ғ.д., профессор Игорь Рогов та қолдады.



ОБСУДИЛИ ДЕНЬ ВЫПУСКНИКОВ

Председатель Конституционного Совета Республики Казахстан, президент Ассоциации выпускников КазНУ им. Аль-Фараби, доктор юридических наук, профессор Кайрат Абдразакулы Мами и заместитель исполнительного директора Фонда Первого Президента Республики Казахстан Игорь Иванович Рогов посетили университет и обсудили с ректором Жансеитом Туймебаевым вопросы организации и проведения Дня выпускников КазНУ им. Аль-Фараби.

В этом году Ассоциация выпускников планирует провести День выпускников 29 мая, в режиме офлайн. В зависимости от эпидемиологической ситуации в стране, встречи на факультетах и кафедрах пройдут, как в прошлом году, – онлайн на платформе ZOOM. В этом году День выпускников будет посвящен 30-летию Независимости Республики Казахстан.

Обсуждая вопросы о подготовке и проведении общеуниверситетского праздника – День выпускников КазНУ имени Аль-Фараби, Кайрат Мами предложил выпустить книгу «Вклад КазНУ имени Аль-Фараби в Независимость Республики Казахстан». Эта идея была поддержана ректором КазНУ Ж.Туймебаевым и членом президиума Ассоциации выпускников, д.ю.н., профессором И.Роговым.



ЖАС ҒАЛЫМДАРҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАЛАДЫ

ҚазҰУ жас ғалымдарының білім ордасының дамуындағы рөлі, олардың шығармашылық жобалары мен бастамаларын қолдау және ғылыми идеяларын талқылау мақсатында «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев жас ғалымдармен және жас ғалымдар кеңесінің мүшелерімен арнайы кездесті.

Әңгіме барысында оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаев Президент жолдауына сәйкес, ғылым мен білімді экономиканың жекелеген салалары ретінде қалыптастыру қажеттігін алға тартты. «Әлемнің көптеген жоғары дамыған озық елдеріндегі университеттің жетістіктері мен инновациялық экономиканың даму көрсеткіштері «үштік спираль» моделін пайдалана отырып, өндіріс орталықтарындағы патенттер мен коммерцияланған технологияларды енгізу болып табылады. Осылайша мемлекет қоғамға тиімді жағдайлар жасауға бағытталған ғылыми зерттеулерге, университеттерге инвестиция салудан пайда көре алады», – деді өз сөзінде ректор.

Бүгінгі таңда жоғары білім мен іргелі ғылымның қара шаңырағында 40 жасқа дейінгі 311 жас ғалым жұмыс істейді. Олардың көпшілігі әлемнің жетекші университеттері мен орталықтарында тағылымдамадан өткен. Жас зерттеушілердің ғылыми жетістіктері Қазақстанда және одан тыс жерлерде жоғары бағаланып келеді.

«Бүгінгі жас ғалымдар – еліміздің ертеңі, сіздер ҚазҰУ-дың ғылыми мектептерінің даңқы мен дәстүрлерін жалғаушысыздар, араларыңызда болашақта жаңа ғылыми бағыттардың иегерлері бар. Сіздер ҚазҰУ мен Қазақстан кадрлық резервінің негізсіздер, сондықтан әрқайсыларыңыз қарым-қабілеттеріңізді көрсетіп, университет пен еліміздің дамуына үлес қосатындарыңызға сенемін», – деді Ж.Түймебаев.

Келесі кезекте білім ордасының жас ғалымдары мен университеттегі жас ғалымдар кеңесінің мүшелері өз ойларын ортаға салып, ұсыныс-тілектерімен бөлісті.

Шара соңында ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев кездесуге қатысушыларды алдағы уақытта да өзара пікір алмасуға, жас ғалымдарды қолдаудың қосымша шаралары мен тетіктерін бірлесіп әзірлеуге шақырып, ҚазҰУ ғылымы мен инновациясын одан әрі дамыту үшін идеялар мен ұсыныстар дайындауды тапсырды.



В КАЗНУ СОЗДАДУТ УСЛОВИЯ ДЛЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

В КазНУ им. Аль-Фараби состоялась встреча Председателя Правления – Ректора университета Жансеита Түймебаева с молодыми учеными, в ходе которой обсуждались вопросы активного участия магистрантов, докторантов и постдокторантов в развитии университета, необходимости поддержки их творческих проектов и инициатив, а также расширения границ обмена научными идеями.

В приветственной речи Жансеит Кансеитулы отметил роль науки и образования в качестве приоритетных направлений государственной политики Казахстана и важность их развития в качестве отдельных отраслей экономики. «Во многих высокоразвитых, передовых странах мира показателями успешности университета являются внедренные в производство патенты, коммерциализированные технологии, на основе которых развивается национальная инновационная экономика. Таким образом, государство получает прибыль от вложенных инвестиций в исследования, университеты», – подчеркнул глава вуза.

Сегодня в КазНУ работают 311 молодых ученых в возрасте до 40 лет. Многие из них прошли обучение и научные стажировки в ведущих университетах и центрах мира. Научные достижения наших молодых исследователей уже получили высокое признание в Казахстане и за рубежом.

Цель руководства университета заключается в том, чтобы создать благоприятные условия для раскрытия творческого и научного потенциала молодежи в полном объеме. «С вашей же стороны мы ожидаем высоких результатов, научных достижений, как в области экономического и технологического развития, так и на благо общества и духовной составляющей», – подытожил выступление ректор, обращаясь к участникам встречи.

В ответных выступлениях молодые ученые поблагодарили руководство университета за поддержку инновационных проектов, выделение грантов на научные исследования и другие инициативы, которые служат прекрасным стимулом для реализации смелых творческих замыслов и идей, способных принести большую пользу обществу.



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫТУШЫ ХАНЫМДАР, ҚЫЗМЕТКЕР АЗАМАТШАЛАР ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУШЫ ҚЫЗДАР ҚАУЫМЫ!



Сіздерді көрікті көктемнің шұғылалы мерекесі – 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Биыл еліміз ең басты құндылығымыз – Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығын кең көлемде атап өтеді.

Уақыт безбеніне көз жүгірте отырып, Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қоғамның даму барысын өмірде нәзік, көңілде биік, ал істе мығым әйелдер қауымынсыз көзге елестету мүмкін емес» деген сөзінің айна-қатесіз екеніне көз жеткіземіз.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Әйелдер қауымы – әрдайым отбасының ұйытқысы, береке-бірліктің шырақшысы. Әр адамның өміріндегі қуанышты әрі жарқын сәттердің көп болуына сіздер мол үлес қосып келесіздер. Еселі еңбегімен және ерен ерлігімен танылған әйелдердің есімдері тарих жылнамасына мәңгілікке жазылып, жадымызда жатталады», – деп, мемлекет дамуындағы әйел-аналардың алатын орнын атап көрсетті.

Шындығында, «Бір қолымен – бесік, екінші қолымен әлемді тербеткен» аяулы арулар барлық салада күш салып, ел игілігі жолында аянбай тер төгіп келеді. Олардың қатарында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің нәзік жанды қыз-келіншектері де бар.

Алдағы 90 жылдық торқалы тойына қызу дайындық бастап кеткен білім ордасында қазіргі сәтте 2830 әйел азамат жұмыс істейді. Бұл ұжымның жартысынан астамы, оның 69 пайызы ғылым докторлары мен кандидаттары екенін мақтанышпен айтуға болады. Әрқайсысы ғылымның барлық бағыттары бойынша ізденістер жасап, жемісті зерттеулер жүргізуде.

Ал білім алушылардың 64 пайызын студент қыздар құрайды. «Қыз өссе – елдің көркі, гүл өссе – жердің көркі» дегендей, олардың да ертең өмірден өз орнын тауып, аяулы жар, үлгілі келін атанарына бек сенемін.

Құрметті аналар, студент қыздар!

Көңілге шуақ, жүрекке қуаныш сыйлаған халықаралық мерекелеріңіз құтты болсын! Дендеріңізге саулық беріп, жақындарыңыз қуанышқа, жұмыстарыңыз табысқа бөлесін!

Қазіргідей қиын сәтте сіздерге мол қажыр-қайрат, отбасыларыңызға береке-бірлік, Отанымызға өсіп-өркендеу тілеймін!

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ





ҚАЗҰУ-ДА ТҮРКОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ АШЫЛАДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кеңесінің отырысында университет ғалымдары 2021/22 оқу жылының оқу процесін ұйымдастыру, университет қызметін цифрландыру, оқу ғимараттары мен студенттер үйлерін жаңа оқу жылына дайындау, кафедралар жұмысын жолға қою және басқа университет аясындағы өзекті мәселелерді талқылады.

Спикерлер оқу үдерісін ұйымдастыру және жаңа оқу жылының дайындығына тоқталып, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің профессорлық-оқытушылар құрамының оқу жүктемесін 650 сағатқа дейін арттыру туралы ұсынысын талқылады.

Ғалымдар кеңесінде жаңа оқу бағдарламаларын қарастыру барысында ректордың ҚазҰУ-дың филология факультетінде түркі елдерінің мәдениетін, тілін және әдебиетін зерттеу кафедрасын ашу туралы ұсынысы қолдау тапты. Айта кетерлігі, осыдан он жыл бұрын Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Қазақстанда Халықаралық Түркі академиясы құрылған болатын. Енді бүгінде еліміз дүниежүзілік түркітану ғылымының орталығы. Филология факультетінде Түркітану кафедрасының ашылуы – тілдерді тереңдетіп оқытуға және түркітілдес елдердің мәдени ерекшеліктері мен дәстүрлері туралы білімдерін кеңейтуге ықпал ететін маңызды шешім. Ғылыми кеңес отырысы барысында арнайы құрылған комиссия әрбір баяндамашының деректерін саралап, ҚазҰУ қызметін цифрландыруды одан әрі дамыту жоспарын жүзеге асыру бойынша өз ескертулері мен балама ұсыныстарын айтты.

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ғылыми кеңесте тыңдалған әрбір баяндамамен арнайы комиссия жете танысып, ондағы аталған күрделі мәселелерді шешуге қатысты нәтижелі ұсыныстар беруді тапсырды.

«Бүгін біз барлық күшті университетімізді ғылым және білім берудің жаңа деңгейіне көтеріп, алдыңғы қатардағы зерттеу орталығына айналдыруға бағыттауымыз керек. Алдағы уақытта оқытушылар мен студенттердің халықаралық ынтымақтастығын, академиялық қарым-қатынастарын белсенді түрде кеңейте түсеміз. Студенттеріміз сапалы білім алып, еліміздің дамуына өз үлестерін қосатындай бәсекеге қабілетті болуы тиіс», – деді білім ордасының басшысы.



В КАЗНУ ОТКРОЕТСЯ КАФЕДРА ТЮРКОЛОГИИ

На заседании Ученого совета КазНУ имени Аль-Фараби обсуждались вопросы организации учебного процесса в 2021/22 учебном году, цифровизации деятельности университета, подготовки учебных корпусов и студенческих домов к новому учебному году.

Спикеры рассказали о готовности вуза к организации учебного процесса и остановились на важных моментах данного вопроса. Также было обсуждено предложение Министерства образования и науки РК об увеличении учебной нагрузки профессорско-преподавательского состава до 650 часов.

При рассмотрении новых учебных планов было единогласно поддержано распоряжение ректора об открытии в КазНУ на факультете филологии кафедры изучения культуры, языка и литературы тюркских стран. Председатель Правления – Ректор Жансеит Туймебаев подчеркнул, что десять лет назад по инициативе Первого Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева в Казахстане была основана Международная тюркская академия. И сегодня наша страна является центром всемирной тюркологии. Таким образом, открытие кафедры тюркологии является важным решением, которое будет способствовать углубленному изучению языков и расширению знаний о культурных особенностях и традиции тюркоязычных стран. В ходе заседания Ученого совета специальная комиссия проанализировала доклад каждого спикера и внесла свои замечания и альтернативные предложения для выполнения плана по дальнейшему развитию цифровизации деятельности КазНУ. В связи с этим ректор Жансеит Туймебаев поручил специальной комиссии изучить каждый доклад, заслушанный на Ученом совете, и дать действенные рекомендации по решению этих сложных вопросов.

«Сегодня нужно направить все силы, чтобы ускорить трансформацию университет в исследовательский, поднять на новый уровень науку и образование. Активно расширять международное сотрудничество, академическую мобильность студентов и преподавателей. Студенты должны получать качественное образование и стать конкурентоспособными, чтобы внести свой вклад в развитие нашей страны», – отметил ректор.



Базбек ДӘУЛЕТОВ



Уалбай ӨМІРБАЕВ

УЭЙН, КЕМБРИДЖ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒАЛЫМДАРЫ ҚАЗҰУ-ДА САБАҚ БЕРЕДІ

АҚШ-тың Уэйн университетінің профессоры, математик ғалым Уалбай Өмірбаев пен Ұлыбританиядағы Кембридж университетінің профессоры, нейробиолог Базбек Дәулетов Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да дәріс оқуға келісімін берді.

Жоғары оқу орны оқытушылар мен студенттердің халықаралық ынтымақтастығын, академиялық қарым-қатынасын арттырып, оқытушылар құрамын күшейту мақсатында шетелдердегі белгілі, беделді ғалымдарды университетке тартуды жүйелі жолға қоймақ.

Уалбай Ұтмаханбетұлы қазіргі сәтте Детроит қаласында тұрады. Америка математика қоғамының жоғары дәрежелі «Мур» сыйлығының және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері. Ол 30 жыл жауабын таба алмаған атақты жапон математигі М.Нагатаның, сондай-ақ ағылшын математигі П.Конның есебін шешіп, әлемді мойындатқан ғалым.

Еңбек жолын 1986 жылы Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен бастаған. 1993-2007 жылдары Испания, Канада, Вашингтон, Мичиган, Кливлен, Майами жоғары оқу орындарында, Францияның Марсель-Люмини атындағы математика орталығында, Германияның Макс Планк атындағы Математика институтында жұмыс істеген. Енді ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінде сабақ беретін болады.

Ал Нобель сыйлығының 12 лауреаты шыққан әйгілі Кембридж орталық институтының 15 жылдан бері молекулярлық биология зертханасын басқарған, ТМД елдерінен шыққан жалғыз ғалым Базбек Дәулетов – қырғыз азаматы. Мәскеу мемлекеттік университетін бітірген, Техас оңтүстік-батыс университетінде ғылыми жұмыстармен айналысып, докторлық жұмысын қорғаған.

Тоқсаныншы жылдардың ортасында Лондондағы Империялық колледжге шақырылып, 1997 жылы 120 адам қатысқан байқаудан жеңіп шығып, Кембридж университетінің зертхана меңгерушісі болды. ДНК, антиденелер, протеиндерді ашқан, нейробиология саласындағы ірі ғалымдардың бірі. Бүгінде Базбек Дәулетов Шеффилд университетінің профессоры.

Білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаевтың айтуынша, алдағы уақытта басқа да шетелдік және қазақстандық белгілі ғалымдар университетке дәріс оқуға шақырылатын болады.



УЧЕНЫЕ УНИВЕРСИТЕТОВ УЭЙНА И КЕМБРИДЖА БУДУТ ПРЕПОДАВАТЬ В КАЗНУ

Профессор Уэйнского университета США, ученый-математик Уалбай Омирбаев и профессор Кембриджского университета в Великобритании, нейробиолог Базбек Давлетов будут читать лекции в Казахском национальном университете имени Аль-Фараби.

В целях повышения международного сотрудничества, академической мобильности преподавателей и студентов, усиления преподавательского состава руководством КазНУ принято решение на системной основе привлекать в университет известных и авторитетных зарубежных ученых.

Уалбай Утмаханбетович в настоящее время проживает в городе Детройте. Он является лауреатом премии «Мура» высшей степени Американского математического общества и Государственной премии Республики Казахстан. Признанный на весь мир казахстанский ученый решил задачи известного японского математика М. Нагаты и английского математика П. Кона, которые бились над их решением в течение 30 лет.

Трудовую деятельность он начал в 1986 году в Казахском национальном университете имени Аль-Фараби. В 1993-2007 годах работал в высших учебных заведениях Испании, Канады, Вашингтона, Мичигана, Кливленда, Майами, в математическом центре Марселя-Люмини во Франции, в Институте математики имени Макса планки в Германии. Теперь У.Умирбаев будет преподавать на механико-математическом факультете КазНУ.

Единственный ученый из стран СНГ Базбек Давлетов – гражданин Кыргызстана. В течение 15 лет возглавлял лабораторию молекулярной биологии известного Кембриджского Центрального института, который окончили 12 лауреатов Нобелевской премии. Он – выпускник Московского государственного университета, занимался научной работой в Юго-Западном университете Техаса, защитил докторскую. Сегодня является профессором Шеффилдского университета.

В середине девяностых был приглашен в Имперский колледж в Лондоне, где в 1997 году выиграл конкурс, в котором приняли участие 120 человек и стал заведующим лабораторией Кембриджского университета. Базбек Давлетов – один из крупнейших ученых в области нейробиологии, который открыл ДНК, антитела, белки.

По словам руководителя вуза Жансеита Туймебаева, в ближайшее время в университет будут приглашены и другие известные зарубежные и казахстанские ученые.




ЯДРОЛЫҚ ФИЗИКА ИНСТИТУТЫ ЖАНЫНАН ҚАЗҰУ ФИЛИАЛЫ АШЫЛАДЫ

Білім мен ғылым саласының даму бағыттарын одан әрі жетілдіру мақсатында ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ҚР Энергетика министрлігінің Ядролық физика институтының өкілдерімен кездесті.

Кездесуде ғылым мен білімді халықаралық деңгейге көтеру қажеттігіне баса мән берген ректор Жансейіт Түймебаев: «Бүгінгі таңда көптеген ғылыми-зерттеумен айналысатын ғалымдардың еңбегі жайлы көп айтылмайды. Нақты ғылыми зерттеудің нәтижесіне ие ғалымдардың жетістіктері тасада қалмай, танылу қажет. Ғылым бүкіл дүниеге ортақ заманда біз халықты елең еткізетін жаңалық ашуға талпынып, бірлесе жұмыс атқарып, барлығымызға ортақ беделді арттырайық», – деді.

1957 жылы құрылған ҚР Энергетика министрлігінің Ядролық физика институты (ЯФИ) ядролық физика және қатты дене физикасы, радиоэкологиялық зерттеулер, ядролық және радиациялық технологиялар саласындағы Қазақстан Республикасының жетекші ғылыми ұйымы болып табылады. Институт ірі ғылыми-техникалық және өндірістік әлеуетке ие.

Кездесу барысында тараптар ғылым дамуының басқа да бағыттарын талқылап, ректор Жансейіт Түймебаев институт басшысына алдағы уақытта бірлесе атқаратын жұмыстар бойынша ынтымақтастық жобасын дайындауды ұсынды.



ФИЛИАЛ КАЗНУ ОТКРОЕТСЯ В ИНСТИТУТЕ ЯДЕРНОЙ ФИЗИКИ

Теме развития и продвижения отечественной науки и образования была посвящена встреча Председателя Правления – Ректора КазНУ имени Аль-Фараби Жансеита Туймебаева с представителями Института ядерной физики Министерства энергетики Республики Казахстан.

В ходе встречи ректор Жансеит Туймебаев подчеркнул, что необходимо вывести науку и образование страны на высокий международный уровень. «Достижения ученых, результаты конкретных научных исследований следует пропагандировать и популяризировать. В век, когда наука универсальна, нужно стремиться делать новые открытия, работать вместе и повышать наш общий престиж», – сказал он.

Институт ядерной физики (ИЯФ) Министерства энергетики Республики Казахстан, основанный в 1957 году, является ведущей научной организацией страны в области ядерной физики твердого тела, радиоэкологических исследований, ядерных и радиационных технологий. Научное учреждение имеет большой научно-технический и производственный потенциал.

В ходе встречи стороны обсудили другие направления развития науки, ректор Жансеит Туймебаев предложил руководителю института подготовить проект дальнейшего сотрудничества.



ҚАЗҰУ РЕКТОРЫ БҰҰ ӨКІЛІМЕН КЕЗДЕСТІ

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев БҰҰ Ғаламдық коммуникация департаментінің Қазақстандағы өкілі Властемил Самекпен кездесіп, БҰҰ-ның Қазақстандағы құрылымдарының «Академиялық ықпал» ғаламдық хаб (UNAI) бағдарламасы бойынша өзара ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ адам құқығы, сауаттылығы, тұрақты даму және қақтығыстарды шешу сияқты БҰҰ-ның әлем таныған 10 қағидасын қолдауға бағытталған «Академиялық ықпал» бағдарламасына Орталық Азия университеттері ішінде бірінші болып қосылды. ҚазҰУ-да 2014 жылы наурызда Біріккен Ұлттар Ұйымының «Академиялық ықпал» ғаламдық хаб бағдарламасының ашылу салтанаты болды. Бұл бағдарлама әлем елдері арасындағы идеялар, тәжірибе, пікір алмасуға арналған талқылау алаңы қызметін атқарады.

– Біздің университет БҰҰ-ның 10 қағидасында көрсетілген принциптерге бағытталған «Академиялық ықпал» бағдарламасы бойынша жұмыс істеп жатыр, әрі қарай жалғастыра беруге дайын. Халықаралық ынтымақтастықтың шетелдік тәжірибесі біз үшін өте маңызды. ҚазҰУ БҰҰ-ның хабы болуының өзі үлкен бедел, бізге деген БҰҰ-ның сенім артуы деп түсінеміз, – деді өз сөзінде ректор Жансейіт Түймебаев.

БҰҰ өкілі Властемил Самек университетпен ұзақ жылдық ынтымақтастық үшін ректорға ризашылығын білдірді. Ол 2006 жылдан бері ҚазҰУ-мен жақындығын және университет пен БҰҰ-ның белсенді, тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеп келе жатқанын айтты.



ПРЕДСТАВИТЕЛЬ ООН ВЛАСТЕМИЛ САМЕК ПОСЕТИЛ КАЗНУ

В КазНУ имени Аль-Фараби прошла встреча представителя Департамента глобальных коммуникаций ООН в Казахстане Властемила Самека и ректора Жансеита Туймебаева, в ходе которой обсуждались вопросы участия ведущего университета страны как Глобального хаба Программы ООН «Академическое влияние» (UNAI) по устойчивому развитию в мероприятиях, посвященных 30-летию Независимости Казахстана, а также планы дальнейшего сотрудничества.

Как отметил ректор Жансеит Туймебаев, КазНУ имени Аль-Фараби – один из первых вузов в Центральной Азии присоединился к программе ООН «Академическое влияние», нацеленной на поддержку десяти всемирно признанных принципов ООН, касающихся прав человека, грамотности, устойчивого развития и разрешения конфликтов.

«Этот факт является свидетельством высокого международного признания успешной деятельности ведущего казахстанского университета, который вносит большой вклад в реализацию целей устойчивого развития», – сказал руководитель вуза Жансеит Туймебаев.

Возглавив в 2014 году Глобальный хаб, КазНУ стал первым и единственным в СНГ вузом, который координирует и активно вовлекает мировое академическое сообщество в реализацию 17 целей устойчивого развития человечества, направленных на сохранение ресурсов планеты, обеспечение доступности качественного образования и благополучия, развития инноваций, сохранения экосистем.

Во время обсуждения планов совместной деятельности внимание было акцентировано на вопросах международного сотрудничества, так как университет намерен расширять границы своей деятельности для реализации целей устойчивого развития ООН и международных проектов.



ҚАЗҰУ ЖАҒАНДЫҚ РЕЙТИНГІН КӨТЕРУГЕ МҮДДЕЛІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне арнайы сапармен келген Ресей, Шығыс Еуропа және Орталық Азия елдері бойынша QS аймақтық директоры Сергей Христоролюбов Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаевпен кездесіп, алдағы уақыттағы ынтымақтастық бағыттарды талқылады.

Кездесу барысында ректор Ж.Түймебаев университетті жоғары деңгейге көтеруге бағытталған ЖОО-ның қызметі туралы айтып, жаңа жоспарларымен бөлісті. Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2009 жылы міндеттеген әлемнің ең үздік 200 жоғары оқу орындарының қатарына кем дегенде екі қазақстандық ЖОО-ның кіруі туралы тапсырмасын Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті абыроймен орындап, 2020 жылы университет QS жаһандық рейтингінде үздік топ-200 қатарына кірді. «ҚазҰУ QS рейтингінде едәуір ілгері жылжыды, өткен жылы 165-орынды иеленуі – университеттің бәсекеге қабілеттілігі жоғары екенінің дәлелді көрсеткіші, демек, бұл шетелдік студенттер мен профессорларды, жергілікті талапкерлерді, сондай-ақ сенімді әріптес ретінде шетелдік жоғары оқу орындарын тартуға ықпал етеді», – деді ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев.

Ресей, Шығыс Еуропа және Орталық Азия елдері бойынша QS аймақтық директоры Сергей Христоролюбов өз кезегінде ҚазҰУ-дың пәндік рейтингте 13 дайындық бағыты бойынша жоғары көрсеткіштерге ие болғанын және бұл университеттің танымалдығын арттыруға бірден-бір ықпал ететін нәтижелер екенін атап өтті.



РЕКТОР КАЗНУ ВСТРЕТИЛСЯ С ПРЕДСТАВИТЕЛЕМ QS

КазНУ имени Аль-Фараби посетил региональный директор Британской компании QS по России, Восточной Европе и Средней Азии Сергей Христолюбов. В рамках визита представителя QS прошла встреча с Председателем Правления – Ректором КазНУ имени Аль-Фараби Жансейитом Туймебаевым.

В ходе встречи ректор Ж.Туймебаев рассказал о новых планах и направлениях деятельности вуза, которые призваны вывести университет на качественно новый уровень. Интегрируясь в глобальное научно-образовательное сообщество, КазНУ проводит большую работу, цель которой – приблизить показатели к международным. «За последние годы КазНУ значительно продвинулся в рейтинге QS, заняв в 2020 году 165-е место. Это убедительное доказательство высокой конкурентоспособности университета на мировом рынке научно-образовательных услуг, а значит – привлекательности вуза для местных абитуриентов, иностранных студентов и профессоров, а также зарубежных вузов, которые рассматривают нас в качестве надежного партнера», – сказал ректор КазНУ Ж.Туймебаев.

В свою очередь региональный директор QS по России, Восточной Европе и Средней Азии Сергей Христолюбов рассказал о значительном улучшении позиции университета по предметному рейтингу «QS by Subject» по 13 направлениям подготовки, которые будут способствовать повышению рейтинга и международной узнаваемости вуза.



БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРІ ҚАЗҰУ-ДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӨРМЕСІН ТАМАШАЛАДЫ

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов жұмыс сапарымен келіп, білім ордасының қызметімен және жас ғалымдардың жетістіктеріне арналған IT-старттар мен инновациялық жобалар көрмесімен танысты.

Министр назарына механика-математика, химия және химиялық технологиялар, биология және биотехнологиялар факультеттерінің ғылыми зерттеулері, техникалық жетістіктер мен тың экспозициялары ұсынылды.

Мәселен, механика-математика факультетінің жас ғалымдары «CubeSat» – 10x10x10 см стандартына сәйкес құрастырған «AlfaSat» нанотехнологиялық жер серігін мектептер мен университеттер пайдалана алады. 25-30 км биіктікке дейінгі стратосфералық ауа қабатына ұшыруға болады. Бұл ұшақтардың 10 шақырымдық самғау шегімен салыстырар болсақ, айтарлықтай жоғары. Салмағы бір келіден аспайтын нанотехнологиялық жер серігі газбен толтырылған шарға байлап ұшырылады. Шарға бейнебақылау орнатып, тиісті жерді түсіріп, ауаның тазалығын анықтап, қажетті ақпараттарды жіберіп отырады. Жұмыс қағидалары да қарапайым, мысалы, шар 30 шақырымдық биіктікте жарылады да, бейнекамерасы бар жасанды серік жерге үлкен жылдамдықпен құлайды, белгіленген биіктікте парашют ашылып, камера іске қосылады. Қонғаннан кейін сол жердің координатасын өзі қосылған смартфонға жібереді.

IT саласында әрбір адамға өз денсаулығына қамқорлық жасауға және қадағалауға көмектесе отырып, медициналық көмекке жүгіну туралы ерте ескерту мақсатында күнделікті жазбалар түрінде COVID-19 симптомдарын қадағалауға көмектесетін TracerCov/Kz мобильді қосымшасы көрсетілді.

Биологтар мен химиктер өсімдік компоненттеріне негізделген өз әзірлемелерін ұсынды. Олардың ішінде ковид вирустық инфекциясының алдын алуға арналған түймедақ пен жусан сығындылары бар антисептиктерді атап өтуге болады.

Университет ректоры Ж.Түймебаев жас ғалымдардың қолынан шыққан бұл жобалар мен инновациялық технологиялар қазіргі таңда сынақтан өткен және коммерцияландыруға дайын өнімдер екенін атап өтті.

Өз кезегінде ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов жастардың ғылым кеңістігінде үлкен табыстарға жететініне сенім білдіріп, ел экономикасын көтеретін инновациялық жаңалықтарды көбейту қажеттігін тапсырды.



МИНИСТР МОН РК ПОСЕТИЛ ИННОВАЦИОННУЮ ВЫСТАВКУ КАЗНУ

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби с рабочим визитом посетил министр образования и науки РК Асхат Аймагамбетов. Он ознакомился с деятельностью вуза и посетил выставку IT-стартапов и инновационных проектов, посвященных достижениям молодых ученых. Вниманию министра были представлены научные исследования, технические достижения и новые экспозиции факультетов механико-математического, химии и химических технологий, биологии и биотехнологии.

Один из выставленных стартап проектов – «AlfaSat» был разработан научно-технологическим парком КазНУ Аль-Фараби. Это малый искусственный спутник Земли «CubeSat». По словам разработчиков, спутник можно запустить ввысь на 30 км с помощью специального шара, заполненного газом. К нему можно подсоединить камеру или фотоаппарат, снять нужную территорию, определить чистоту воздуха. Он также очень удобен для студентов, которые делают земельно-кадастровую карту. После передачи всех данных со спутника шар взрывается, и раскрывается парашют. Геолокация спутника отправляется на смартфон пользователя.

Следует отметить, что целью долгосрочного проекта команды «AlfaSat» является создание национальной научной школы по разработке космической техники и технологий. На данный момент на счету у команды успешный запуск наноспутников «Al-Farabi-1» и «Al-Farabi-2». Студенты, работая в таких проектах, получают навыки по проектированию и сборке наноспутников и их компонентов, разработке технической документации, планированию бюджета, что в будущем позволит им стать полноценными специалистами в данной области.

В сфере IT представлено мобильное приложение Tracer Cov/Kz, помогающее отслеживать симптомы COVID-19 в виде ежедневных записей с целью раннего обращения за медицинской помощью. Таким образом, приложение помогает человеку заботиться и следить за своим здоровьем.

Биологи и химики показали свои разработки, сделанные на основе растительных компонентов. Среди них можно отметить антисептики с экстрактами ромашки и полыни жусан, предназначенные для профилактики вирусной инфекции COVID-19. А также различные природные мульти-добавки на основе выделенных новых природных соединений из растительного сырья Казахстана, обладающие не только противовирусными свойствами, но и используемые для поддержания гормонального баланса, регуляции репродуктивной, эндокринной и нервной системы человека.

Ректор университета Ж.Туймебаев отметил, что созданные молодыми учеными проекты и инновационные технологии, в настоящее время апробированы и готовы к коммерциализации.

В свою очередь, министр образования и науки РК Асхат Аймагамбетов выразил уверенность в том, что молодежь добьется больших успехов в научном мире и поручил увеличить количество инновационных разработок, которые будут способствовать повышению уровня экономики страны.



ҚАЗҰУ МЫСЫР УНИВЕРСИТЕТТЕРІМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫС ЖАСАЙДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Ж.Қ.Түймебаев «Екінші ұстаз – Әбу Насыр әл-Фарабидің ислам өркениетіне қосқан үлесі» атты Қазақ-Мысыр ғылыми-тәжірибелік конференциясына онлайн қатысып, құттықтау сөз сөйледі.

Ислам ғылым академиясының ұйымдастыруымен өткен шараға мысырлық және қазақстандық фарабитанушылар, философтар мен ғалымдар қатысты. Жансейіт Түймебаев өз сөзінде Мысыр елімен туыстық байланыстар туралы айта келіп, Сұлтан Бейбарыстың тарихи тұлғасына тоқталды: «Бүгінде аттары мақтанышпен аталатын Әбу Насыр әл-Фараби, Әл-Хорезми, Ибн Сина, Әл-Бухари және тағы басқа ғұлама-ғалымдардың орны бүкіл әлем үшін ерекше. Біз Мысыр жерін тілге тиек еткенде, ең алдымен, Дешті Қыпшақтан шыққан даңқты бабамыз Сұлтан Бейбарысты еске түсіреміз. Сұлтан Бейбарыс Мысыр мен Шам жерін жаудан қорғап қана қоймай, мәмлүктер билігін орнатты. Мемлекет басқарып, ғылым мен білімді дамытуға үлес қосты», – деп атап өтті ректор.

Сондай-ақ Жансейіт Қансейітұлы қазіргі таңда оқу орнын ғылым және білім берудің жаңа деңгейіне көтеріп, алдыңғы қатардағы зерттеу орталығына айналдыру ниетімен бөлісті.

– Бұдан 30 жыл бұрын араб елдерінің ішінде Мысыр – Қазақстанның тәуелсіздігін ең алғаш мойындаған мемлекеттердің бірі. 1992 жылдан бері екі ел арасында дипломатиялық, экономикалық, мәдени-әлеуметтік салада байланыстар күн сайын артып келеді. Біздің университет 1991 жылдан Әбу Насыр әл-Фарабидің есімін иеленіп, әлемдік деңгейде абыроймен танылып келеді. Әл-Фарабидің білім беру, қайырымды мемлекет құру, бақытты ел болу туралы тұжырымдары бүгінгі қоғам үшін де маңызды. Әсіресе «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты философиялық трактатының әлемдік өркениетке қосар үлесі зор. Әл-Фараби айтқан қайырымдылықтар негізінде жеке тұлға мен қоғамның жаңғыруы қажет екенін жақсы түсінеміз, – деп, екі ел университеттері арасындағы байланысты кеңейтуге әзір екенін жеткізді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Мысырдың ірі университеттерімен ортақ зерттеулер ұйымдастырып, студенттер мен оқытушы-ғалымдар алмасуын барынша қолдайтынын, оқу-ағарту, ғылым-білім саласындағы әріптестікті жаңа деңгейге көтеруге ерекше ынталы екенін білдірді.



КАЗНУ БУДЕТ СОТРУДНИЧАТЬ С ВУЗАМИ ЕГИПТА

Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев принял участие в научно-практической конференции «Вклад Абу Насра аль-Фараби в Исламскую цивилизацию», организованный Исламской Академией наук. Мероприятие, в котором приняли участие известные фарабиеведы, философы и ученые, прошло в Египте.

Приветствуя участников конференции, ректор КазНУ поблагодарил организаторов и отметил значимость и большой вклад в развитие философской мысли ученых Востока: Абу Насра аль-Фараби, Аль-Хорезми, Ибн Сины, Аль-Бухари и многих других.

Символично, что мероприятие состоялось на египетской земле и связано с именем Султана Бейбарса, славного предка из Дешт-и-Кипчака. Султан Бейбарс не только защитил Египет и земли Сирии от врага, но и установил власть мамлюков. Управляя государством, он внес вклад в развитие науки и образования.

Ректор подчеркнул, что Египет 30 лет назад одним из первых арабских стран, признал независимость Казахстана. С 1992 года между двумя странами развиваются дипломатические, экономические и культурно-социальные отношения.

«В настоящее время мы заинтересованы развивать новые связи в области образования, науки и просвещения. Наш университет с 1991 года носит имя Абу Насра аль-Фараби и достойно представляет его на мировом уровне. Мы нацелены расширить пространство научно-образовательного сотрудничества, академической мобильности, выйти на качественно новый уровень и стать передовым исследовательским центром», – подчеркнул глава вуза в своем выступлении. Жансеит Туймебаев отметил, что конференция станет стимулом для активного развития сотрудничества между государствами.

На конференции также выступили известные ученые-фарабиеведы, которые отметили значение наследия Абу Насра аль-Фараби для сближения цивилизаций и различных культур, а также актуальность его философских воззрений в век глобализации.



ҚҰРМЕТТІ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ОҚЫТУШЫ-ПРОФЕССОРЛАРЫ, СТУДЕНТТЕРІ, МАГИСТРАНТ-ДОКТОРАНТТАРЫ!

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Халқымыз ұлы күнге балаған, жыл басы санаған жасампаз Наурыз – бірлік пен мереке мейрамы. Қайта жаңарған Наурыздың тарихы – біздің тәуелсіздігіміздің тарихы. Біз көне тарихымыздан күш-қуат алып, тәуелсіздік туралы өз арманымызды жүзеге асыра алдық», – деп, айтулы күнге айрықша баға берген еді.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласында: «Наурыз мейрамын атап өту тұжырымдамасын жасап, көктем мерекесінің мазмұнын байыта түскен жөн. Бүкіл қоғамды ұйыстыратын құндылықтар неғұрлым көп болса, бірлігіміз де соғұрлым бекем болады. Ынтымағы жарасқан жұрттың қашанда ұпайы түгел», – деп атап өтіп, Өз Наурызға жаңаша көзқарас қажеттігін жеткізген еді.


Мемлекет басшысының тапсырмасы бұлжытпай орындалып, «Наурыз мейрамын тойлау тұжырымдамасы» бекітілді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тұжырымдамада көрсетілген бастамаларды бірден іліп әкетіп, Наурыз мейрамына арналған іс-шараларды 10-24 наурыз аралығында онлайн өткізуді жоспарға енгізді.

Қазіргі сәтте «Көрісу күні», «Жайлау күні», «Шежіре күні», «Тарихқа тағзым күні», «Игі істер күні», «Шымырлық пен шеберлік күні», «Зияткерлік күні», «Ұлттық тағамдар күні», «Ұлыстың ұлы күні», «Жоралғы күні» санитарлық талаптарды ескере отырып, қашықтан жүзеге асуда. Әрбір атаулы күндердің мән-мағынасы мен мақсатына маңыз беріліп, халықтық сипат алғаны рухымыздың мықтылығын, бірлігіміздің беріктігін көрсетеді. Осынау игі шараға атсалысқан оқытушы-профессорларға, ұжым қызметкерлеріне, студент жастарға зор ризашылығымды білдіремін.

Құрметті әріптестер, білім алушылар!

Ұлыстың ұлы күні – Өз Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Жыл басы жаңаның хабаршысы, жақсылықтың жаршысы болып, әрқайсыңызға ырыс-несібесімен, бақ-берекесімен келсін! Тәуелсіздік алғанына 30 жыл толған елімізге ырыс-құт, жерімізге тыныштық тілеймін!

Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың Басқарма
Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ



Наурыз

мейрамы құтты болсын!





ҚАЗҰУ ҚАЛАШЫҒЫНДА АҒАШТАР АЛЛЕЯСЫ АШЫЛДЫ

Наурыз мерекесі және ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Ағаш отырғызу» қайырымдылық акциясына қолдау білдіріп, 160-тан астам қырым қарағайы мен алтай шыршасын отырғызды.

Игілікті шара Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге дайындық жөніндегі мемлекеттік комиссияның бірінші отырысындағы: «Мен Ұлыстың ұлы күнін жаңаша атап өтуді ұсындым. Бабаларымыз Өз Наурыз келгенде бұлақтың көзін ашып, ағаш отырғызған. Осы тамаша дәстүрді жаңа қарқынмен жалғастырайық. Табиғатты тазалап, қоршаған ортаны көгалдандыруды қолға алайық. Мұндай шараларды барлық аймақта ұйымдастыруымыз қажет. Бұл – ата салтымыз және ұрпаққа экологиялық тәрбие берудің ең тиімді жолы», – деген тапсырмасына сай жүзеге асты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев өз сөзінде алдағы уақытта да кампусағы жатақхана корпустарының жанындағы бос орындарға ағаштар отырғызып, айналаны жасыл желекке айналдыру керектігін атап өтті. Сондай-ақ алыс Жапония еліне сақураның гүлдеуін көру үшін аттанбай-ақ, табиғаты әсем ҚазҰУ қалашығында студент жастарымыз үшін арнайы шиелі және алма ағаштарының аллеясын бөлек ашуды ұсынды.

Бұл жоба іске асырылса, жеміс ағаштары аллеясы студенттердің, қонақтар мен қала тұрғындарының сүйікті орындарының біріне айналмақ.



В КАЗНУ ВЫСАДИЛИ АЛЛЕЮ ДЕРЕВЬЕВ

В честь празднования Наурыза и 30-летия Независимости РК Казахский национальный университет имени Аль-Фараби поддержал благотворительную акцию «Посадка деревьев», высадив более 160 крымских сосен и алтайских елей.

Идея мероприятия созвучна с высказываниями Президента Казахстана Касым-Жомарта Токаева на первом заседании Государственной комиссии по подготовке к празднованию 30-летия Независимости Республики Казахстан, где он предложил по-новому отметить великий день Улуса и активно продвигать добрую традицию предков, которые к Наурызу чистили заросшие источники и сажали деревья. Подобные мероприятия – самый эффективный метод воспитания молодого поколения, способ привить им заботу о природе и экологии родной земли.

В своем выступлении Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев отметил также, что в ближайшее время предстоит озеленить территорию кампуса, участки корпусов и общежитий. Кроме того, он предложил высадить аллею вишневых деревьев и яблонь, чтобы студенты смогли, не совершая путешествие в Японию, увидеть цветение сакуры. Если этот проект будет реализован, аллея плодовых деревьев станет одним из главных мест отдыха для студентов, гостей и жителей города.



ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ ЖАСАЛАДЫ

ҚазҰУ ректоратының кезекті онлайн мәжілісінде 2020 жылғы ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметтер нәтижесі қорытындыланып, заманауи зерттеу орталығына трансформациялану міндеттері мен халықаралық рейтингтерде университетті алға жылжыту мәселесі күн тәртібіне шықты.

2020 жылы ҚазҰУ-да жалпы қаржыландыру бойынша 435 ғылыми-зерттеу жобасы жүзеге асырылған. Оның ішінде ҚР БҒМ-нің 2018-2020 жылдарға арналған гранттық қаржыландыруы бойынша – 142, 2020-2022 жылдары жас ғалымдарға арналған гранттық қаржыландыруы бойынша – 27, іске асыру мерзімі 27 айды құрайтын 2020-2022 жылдарға арналған гранттық қаржыландыруы бойынша – 38 және «Ғылым қоры» АҚ-ның 10 жобасы қамтылған. Сондай-ақ халықаралық қорлар мен ұйымдардың гранттық қаржыландыруымен атқарылған басқа да жобалар бар.

Жиын соңын ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев: «Біз университетімізді ғылым және білім берудің жаңа деңгейіне көтеріп, үздік зерттеу орталығына айналдыруға күш салуымыз керек. Бүгінгі таңда кез келген университет әлемге ғылыми-зерттеу нәтижелері арқылы танылады. Сондықтан біртіндеп инновациялық қызметтің жол картасын жасауымыз қажет», – деп түйіндеді. Университет басшысы факультеттердің материалдық-техникалық базасын жаңартуды тапсырды.

Сондай-ақ мәжілісте факультеттер атауына қатысты мәселе қаралып, тарих, археология және этнология факультетінің атауы «Тарих» деп өзгертілді.

ДОРОЖНАЯ КАРТА ПО НАУЧНО-ИННОВАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

На очередном онлайн заседании Ученого совета КазНУ были подведены итоги научно-исследовательской и инновационной деятельности за 2020 год. В повестку дня были вынесены задачи трансформации современного исследовательского центра и продвижения университета в международных рейтингах.

Председатель Правления – Ректор КазНУ Жансеит Туймебаев акцентировал внимание на том, что наука должна приносить плоды и пользу обществу. А в вузе необходимо создать все условия для трансформации его в исследовательский университет, необходимо подготовить дорожную карту по инновационной деятельности и много трудиться, развивая это очень важное направление, по результатам которого – передовым проектам, разработкам – вуз и будут оценивать в обществе, стране и мире.

Директор Центра по стратегическому развитию Г.С.Минажева осветила актуальный вопрос продвижения КазНУ в международных рейтингах. Главное достижение в этой области – университет совершил прорыв, значительно продвинувшись в рейтинге QS и заняв 165-е место. По словам ректора КазНУ Ж.Туймебаева, это убедительное доказательство высокой конкурентоспособности университета на мировом рынке научно-образовательных услуг, а значит – привлекательности вуза для местных абитуриентов, иностранных студентов и профессором. Кроме того, КазНУ им. Аль-Фараби удостоился знака превосходства Five Stars. Вуз впервые вошел в рейтинг Times Higher Education Impact Rankings (THE IR), который оценивает вузы по 17 целям устойчивого развития.





Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың Басқарма
Төрағасы – Ректоры

Ғылымда даңғыл жол бар, ол – ізденіс пен білім жолы

Бүгінгі таңда әлемдік экономика ерекше қарқынмен дамып, технологиялық тегеурінге, инновациялық ізденістерге, жаңа мүмкіндіктерге кең жол ашылуда. Осы орайда, озық жетістіктерге қол жеткізіп, алдыңғы қатарлы елдермен терезе теңестіру үшін іргелі ғылымның алатын үлесі зор. Ал ғылым өндіріспен тығыз қарым-қатынас орнатқанда ғана нәти-

же көрсетіп, жемісін береді. Сондықтан еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тәуелсіздіктің таңғы арайында «Ғасырлар тоғысында» атты сараптамалық еңбегінде елдің болашағы ғылымға тікелей тәуелді екенін баса айтып және алғашқы күннен ғылым мен өндірістің қатар дамуына жете көңіл бөлді.



Үлкен ғылыми жобаларды мемлекет тарапынан қолдаудың ауқымды бағдарламасын жасатып, өзі тікелей қадағалап отырды. Аяғынан жаңа тұрған жас мемлекеттің экономикалық өрлеуінің әр алуан сатысы осындай ғылыми жұмыстардан бастау алды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауында: «Әртараптандырылған және технологияға негізделген экономика құру – жай қажеттілік қана емес. Біз үшін бұдан басқа жол жоқ», – деп, ғылым саласының өркендеуіне, тиісті бағдарламалардың әрі қарай жалғасуына баса мән берді. Мемлекет басшысы ғылымды дамытуда тың көзқарас пен жаңа тәсілдер керектігін, сондай-ақ халықаралық тәжірибеге арқа сүйеуіміз қажеттігін де алға тартты. Мемлекеттік саясат та жаңа инновациялық экономиканың негізі болуға тиіс деген тұжырым қалыптасты. Ғылым, білімді ілгерілету және технологиялық жаңғыруларға дендеп көңіл бөлу нақты қолға алынды.

Зияткерлік әлеует, жаңа білім мен инновациялық ізденістер әлемдегі ұлттық экономикаларды дамытудың қозғаушы күші екені анық. «Әзірше біз шетел тәжірибесін қабылдап жатырмыз. Тіпті ең заманауи шетелдік жабдықты пайдалану өзіндік серпілісімізді білдірмейді. Біз өзімізде пайдаланып және әлемге ұсынуға болатын жаңа нәрселер жасауға бағдар ұстануға тиіспіз», – деп тапсырды өз сөзінде Елбасымыз. Ол үшін ғалымдарымыздың дәуір сұраныстарына сай өз дүниетанымын, ғылыми көзқарастарын қайта қарауы өте маңызды. Елбасы алдымызға қойған дамыған 30 елдің қатарына кіру жөніндегі сындарлы мақсат – мемлекет, университет пен бизнестің ынтымақтастығы

мен күш-жігерін біріктіргенде ғана жүзеге аспақ.

Әлемдік тәжірибеде ұлттық инновациялық жүйенің негізгі құрылымы ретінде осы үш тағанның әрбір элементінің функциялары нақты айқындалған: университеттің рөлі – білім, кадрлар мен технологияларды генерациялау; мемлекеттің міндеті – бірлескен қызмет жағдайларын және нормативтік-заңнамалық қамтамасыз ету, ал өнеркәсіп идеялар мен әзірлемелерді іске асыруы тиіс. Үш бірлік бір мақсатқа осылай жұмылады.

Кез келген елдің ұлттық инновациялық жүйесінде ғылыми ауқымды өндіріс үшін маңызды ресурсқа айналатын зерттеу университеттерінің орны ерекше. Барлық белгілі әлемдік жоғары технологиялық ареалдар зерттеу университеттері базасында дамуда және өз елдерінің инновациялық даму драйверлеріне айналып отыр. Сонымен қатар университеттерде жыл сайын жаңа идеяларды ойлап табуға қабілетті және елдің болашағын анықтайтын жаңа буын пайда болып, қалыптасатынын атап өткен жөн.

Сондықтан қазіргі таңда еліміздегі жетекші жоғары оқу орындарының көпшілігі коммерциялық емес акционерлік қоғамның нарықтық мәртебесін алғаны қуантады. Тиімді менеджментті енгізу арқылы олардың рөлі мен жұмыс істеу тиімділігін арттыру маңызды, бұл оларға нарықтық экономиканың нақты субъектілері болуға, өз бетінше әрекет етуге мүмкіндік береді. Мысалы, ҚазҰУ нәтижеге бағытталған процестерді басқаруды енгізіп, өз позициясын елеулі түрде ілгері жылжытып, алдыңғы қатарлы әлемдік зерттеу университеттеріне жақындай түсті. Біз Әл-Фараби университетін алдағы уақытта осы бағытта жаңаша жандандыратын боламыз.



Ғылыми-инновациялық инфрақұрылымы бар, республиканың басқа жоғары оқу орындарында баламасы жоқ зияткерлік корпорация болып табылатын және еліміздің жоғары білікті кадрлық әлеуетін даярлауды қамтамасыз ететін Әл-Фараби атындағы ҚазҒУ әлемнің жетекші университеттерінің «идеядан өнімді коммерцияландыруға дейін» қағидатын іске асыру үшін дамудың жаңа моделін пайдаланады. Университет технологиялық шешімдерді, бірегей технологиялар мен өнімдерді әзірлеу бойынша процестік инновациялар орталығын іске қосты. Жерді қашықтықтан зондтау деректерін алу, өңдеу және тарату, олардың негізінде халық шаруашылығының түрлі салалары үшін геоөнімдер жасау және т.б. үшін виртуалды қабылдау стансасы бар. Жерді қашықтықтан зондтау орталығы жұмыс істейтін мұндай бірегей технологияның болашағы зор.

Ұлттық экономика салаларының бәсекеге қабілеттілігін және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған механизмдерді іске асыру үшін ҚазҒУ заманауи ІТ-технологияларды қолдана отырып, қуатты, жоғары технологиялық цифрлы инфрақұрылым құру бойынша жұмыстар жүргізуде. Бейнеконференция, онлайн оқытуды жүргізу және т.б. үшін әзірленген Jinalys Room бейнеконференц-байланыс сервисі іске қосылған. Қазақстандық пікірлер мониторингінің ақпараттық жүйесі – OMSystem сынақтан өтуде. Ол проблеманың ауқымын және қоғамдық пікірді қалыптастыратын негізгі ықпалды тұлғаларды айқындай отырып, ақпараттық кеңістікте зерделеу (мониторинг) жүргізуге мүмкіндік береді.

Университет посткеңестік кеңістіктегі санаулы жоғары оқу орындарының бірі ретінде

алғашқы қазақстандық «Әл-Фараби – 1» және «Әл-Фараби – 2» наноспутниктерін ғарышқа ұшырды. Бұл бағыттың жалғасы ғарыштық техника және технологияларды әзірлеу бойынша ұлттық ғылыми мектеп құру болып табылады. Онда студенттер наноспутниктерді және олардың компоненттерін жобалау және құрастыру дағдыларын алып, жаңа ізденістерге жол ашады. Бұл болашақта оларға осы салада толыққанды маман болуға мүмкіндік жасайды. Мұндай мамандық игерген жастарға қай кезде де сұраныс жоғары.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында ҚазҒУ экономиканың нақты секторына енгізу үшін сынақтан өткізілген және дайын 30 ғылыми-инновациялық әзірлемелерді іске асыру және ілгерілету бойынша жұмыс жүргізуге кірісті. Университетте идеяларды коммерциялық өнімдер мен қызметтерге трансформациялайтын білікті зерттеушілер үшін барлық жағдай жасалған.

Қазіргі сәтте дайын өнімдердің бірі – нанобөлшектер негізінде жасалған қарқындылығы жоғары газ-разрядты шам болып табылады. Мұндай қарқындылығы жоғары энергия үнемдейтін газ-разрядты шамдардың құны төмен, жарық тиімділігі жоғары және қарапайым шамдармен салыстырғанда энергияны тұтынуды жеті есеге дейін төмендетеді.

Электромагниттік құбылыстарды зерттеуге арналған зертханалық қондырғы да орта және орта-арнаулы білім беру мекемелерінде қолдануға әзір. Физика курсы бойынша оқу процесінде ақпараттық технологияларды қолданатын инновациялық аппараттық-бағдарламалық кешен пайдалануға ыңғайлы әрі әмбебаптығымен ерекшеленеді. Ол бір мезгілде 20-дан астам зертханалық жұмыстарды атқара алады. Сырттан электр күшін



алмай-ақ дербес жұмыс істеуге қабілетті, аккумуляторлық батареямен жабдықталған.

ҚазҰУ ғалымдары әзірлеген инновациялық өнімдердің бірі – көміртекті наноқұрылымдардың 100 пайызы қазақстандық құрамымен температураны, ылғалдылықты, ауа қысымын және т.б. анықтауға арналған қабылдағыштар. Көміртекті наноматериалдар, олардың ерекше қасиеттеріне, мөлшеріне және төмен құнына байланысты әртүрлі салаларда, мысалы, бояулар мен лактарға, арматуралық материалдарға қоспалар ретінде қолданылады. Ол келешекте дәстүрлі материалдарды өмірдің барлық салаларынан ығыстырып, өндірістік болашағы зор болмақ.

ҚХР тарапынан 100 мың доллар көлемінде инвестиция берілген жоба аясында ҚазҰУ Дәрілік өсімдіктер орталығы ғалымдары әзірлеген инновациялық табиғи өнімдер де университет қызметкерлері мен қала тұрғындары арасында кеңінен танымал. Тұмау мен түрлі вирустарға қарсы жаңа табиғи қоспалар өсімдік шикізатынан жаңа табиғи қосылыстарды бөлу негізінде жасалған.

Жеке бизнес серіктес «KazEcoSolutions» ЖШС-мен бірлесіп, «Мико-Ойл» қазақстандық инновациялық биопрепаратын өнеркәсіптік өндіріске енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде. Тиімділігі жоғары препарат мұнаймен ластанған топырақты және құрамында мұнайы бар қалдықтарды тазартуға арналған. Оны мұнай өндіруші және мұнай өңдеуші кәсіпорындарға, экологиялық қызметтерге енгізуге болады.

«Ғылым қоры» АҚ қаржылық қолдауымен «ВАСТЕ» ЖШС жеке серіктесінің өндірістік алаңы базасында полиэфир шайырларының тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірісі тиімді жұмыс істеуде. Ол тек отандық өндірушіні құруға ғана емес, сонымен қатар шикізат

ретінде полиэфир шайырлары пайдаланылатын композиттік материалдар өндірушілерін де қолдауға бағытталған. Бұл ретте оның бағасы импорттық шикізат бағасынан 15-20 пайызға төмен. Бағасы арзан, тиімділігі жоғары мұндай жаңалықтар қашанда сұранысқа ие.

Сонымен қатар «Ғылым қоры» АҚ жобасы аясында университет төмен температурамен және синтездің қысқа кезеңімен ерекшеленетін, сондай-ақ оларды пайдалануды жеңілдететін еріткішсіз акрилат бояуларының өз өндірісін іске қосуды жоспарлап отыр.

ҚазҰУ-дың инновациялық әзірлемелері оның зияткерлік меншігі және әзірлеушілер үшін де, бизнес өкілдері үшін де құнды актив болып табылады. Алайда көбінесе өнертабыс зияткерлік меншік саласындағы нақты қолданыстағы заңнаманың болмауына және зияткерлік меншікті бағалау мен маркетинг саласында қажетті білімі бар кадрлардың жетіспеушілігіне байланысты сұранысқа толық сай болмай отыр. Бұл тұрғыда алдағы уақытта жүйелі ғылыми ізденістер жаңа белеске шығады деген үміттеміз.

Жаңа өнімді нарыққа шығару да күрделі процесс. Себебі кәсіпорындардың университеттік әзірлемелерді жүзеге асыруға қызығушылықтарының төмендігі, сондай-ақ шетелдік технологияларды пайдалану артықшылығы байқалады. Қалыптасып қалған шетелдік технологияға деген сұраныс бірте-бірте біздің жас ғалымдардың ізденістері арқылы табыс көзіне айналуы үшін оқу орны жағдай жасауға әрқашан дайын. Өкінішке қарай, осы уақытқа дейін елімізде ғылым мен инновацияларды басқарудың тиімді моделі жасалмаған. Бұдан бөлек, инновациялық процестің барлық қатысушыларының нақты өзара әре-



кеттестігі жоқ, венчурлық қаржыландыру кемшін дамыған, жоғары технологиялық әзірлемелерді енгізу бойынша жеке секторды тарту механизмі тиімсіз, қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстары нарық қажеттіліктеріне бағдарланбаған, қаржылық және құқықтық тұрақсыздық секілді кедергілер жетерлік. Мұның барлығы тұтас ұлттық инновациялық жүйенің тиімсіздігіне әкеледі, онсыз білім мен озық технологияларға негізделген жаңа экономика құру туралы сөз болуы мүмкін емес. Ғылыми ізденістердің заңдық иелікке жетуіне жағдай жасаған кезде ғана ол тиімді болмақ. Сондықтан бізге ғылым мен инновацияларға жеке капитал тарту үшін қолайлы жағдайлар мен механизмдер жасау керек. Мысалы, жер қойнауын пайдаланушылардың өндіру шығыстарының 1 пайызы көлемінде аударымдарын ғалымдардың қолданбалы және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер жүргізуге пайдалануының нақты тетігін дайындау қажет.

Зияткерлік меншік саласында елімізге білімге негізделген экономиканың серпінді өсуіне ықпал ететін материалдық емес активтерден мемлекетке үлкен пайда алуға мүмкіндік беретін пәрменді заңнамалық және институционалдық тетіктер жасай отырып, жүйелі мәселелерді шешуді жеделдетуді жолға қоямыз. Әрине, бұлар айтуға жеңіл, бірақ «көз – қорқақ, қол – батыр» деген қағиданы да естен шығармауымыз керек. Қол да, ой да батыл болса, ізденістің ізі ашыла береді.

Бизнесті ғылымға тарту үшін тікелей және жанама әдістерді қолдана отырып, салықтық ынталандыру механизмдерін енгізу тиімді. Білім мен ғылымды қолдауға және дамытуға бағытталған, оның ішінде шикізат, техноло-

гиялық жабдықтар, жинақтаушы және қосалқы бөлшектер импорты кезінде кедендік баж салудан босатуды көздейтін өндіру секторларындағы салықтық преференциялар мысалы бойынша жоғары оқу орындарының эндаумент-қорларының шоттарына түсетін қаражатқа салықтық ынталандыруды енгізу қажет. Елде венчурлық қаржыландыру жүйесін дамыту үшін инновациялық әзірлемелерді инвестициялау және оларды коммерцияландыру үшін венчурлық қорларды қалыптастыруға БЖЗҚ қаражатын тарту ұсынылады.

Осылайша ғылыми ауқымды экономикасы бар елдердің тәжірибесін негізге ала отырып, венчурлық капиталды пайдалану, тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерді іске асыру, университеттерді дербес зерттеу жоғары оқу орындарына трансформациялау механизмін заңнамалық деңгейде шешу арқылы университеттердің білімге негізделген инновациялық экономика субъектілері ретіндегі рөлін арттыру қажет.

Өзінің 90 жылдық тарихи кезеңіне жақындап келе жатқан ұлт білімінің ұстаханасы – Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғылым мен өндірістің, ғылым мен жаңа ізденістердің, ғылым мен әлемдік озық технологиялардың жаңа белестерін бағындыру жолында ізденіс үстінде. Бұған оқу ордасының материалдық-техникалық, ғылыми өміршеңдік мүмкіндігі толық сай келеді. Біз «ғылымда даңғыл жол жоқ» деген қағиданы «ғылымда даңғыл жол бар, ол – ізденіс пен білім жолы» деген қағидаға айналдыру үшін жүйелі жұмыстар жүргізе береміз. Уақыт бізден осыны талап етіп отыр.

*«Егемен Қазақстан» газеті,
9 сәуір 2021 жыл*





ҚҰРМЕТТІ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒАЛЫМДАРЫ, ЖАС ІЗДЕНУШІЛЕР!

Сіздерді 12 сәуір – Ғылым қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаев білім мен ғылымға ұдайы көңіл бөліп, отандық ғылымның дамуына қолайлы жағдай жасап келеді. «Инновация. Бұл тек экономиканы ғана емес, қоғамның басқа барлық салаларын да қамтитын тарихи жүйе. Бұл – ХХІ ғасырда әлемдік дамудан қалып қоймаудың бірден-бір амалы. Сондықтан мен «100 инновация» бағдарламасын – Қазақстанның инновациялық дамуының жол картасын әзірлеуді ұсындым. Инновациялық даму – Қазақстан Барысының болашаққа қарай жасаған зор секірісі», – деп атап өтіп, республика көлемінде ұлттық зертханалар мен ғылыми кешендердің ашылуына, қазақ ғылымының әлемдік деңгейде танылуына айрықша маңыз берген болатын.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Ісқимыл кезеңі» атты жолдауында ғылым саласына тың көзқарас пен жаңа тәсілдер керектігін алға тартып, әсіресе ірі бизнес өкілдеріне өңірлік университеттердің ғылыми қызметін қамқорлыққа алуды тапсырған еді. «Бізге елімізді ғылыми-технологиялық тұрғыдан дамыту жөніндегі арнаулы бағдарламалық құжат қажет. Оның басты міндеті ұлттық деңгейдегі нақты мәселелерді шешуге ғылымның әлеуетін пайдалану болмақ», – деп, ғылым мен әлемдік озық технологиялардың жаңа белестерін бағындыруды межелеп берді.

Осыған сәйкес, қазіргі таңда біздің университетімізде ғылымды дамытудың барлық жолдары қарастырылып, ғылым саласында бәсекеге қабілеттілікті арттыру жұмыстары қарқынды жүзеге асу үстінде. Білім ордасында 562 ғылым докторы, 887 ғылым кандидаты, 438 PhD докторы еңбек етіп, 1227 магистрант білім алуда.

ҚазҰУ ғалымдары бейнеконференция, онлайн оқытуды жүргізу үшін Jinalys Room бейнеконференц-байланыс сервисін іске қосып, «Әл-Фараби-1» және «Әл-Фараби-2» наноспутниктерін алғаш рет ғарышқа ұшырды.

Қазақстандық пікірлер мониторингінің ақпараттық жүйесі – OMSystem сынақтан өтуде. Бұдан бөлек, Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай, сынақтан өткізілген 30 ғылыми-инновациялық әзірлемелерді өндіріске енгізу бойынша жұмыс жүргізуге кірісті.

Құрметті әріптестер!

Академик Қаныш Сәтбаев дүниеге келген 12 сәуір – Ғылым қызметкерлері күні құтты болсын! Ғылыми жұмыстарыңыз бен зерттеушілік ізденістеріңізге шығармашылық табыс, тың жаңалық және жоғары жетістік тілеймін! Қазақ ғылымы әлемге танылып, дамудың жаңа сатысына көтеріле берсін!

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ



ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

12 сәуір – Ғылым қызметкерлері күні!





ҚАЗҰУ-ДА «СИВЕРС» АЛМА АҒАШЫ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қалашығында Ғылым қызметкерлері күніне орай, «Сиверс» алма ағашының көшеттері отырғызылды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев әріптестерін Ғылым қызметкерлері күнімен құттықтап, Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың ғылым саласын дамытуға арналған тапсырмаларына тоқталды. Сондай-ақ ҚазҰУ қалашығында отырғызылған «Сиверс» алмасының тарихы туралы баяндап, жаңа аумақты «Ғалымдар бағы» деп атауды ұсынды.

Мамандардың айтуынша, Қазақстанда күні бүгінге дейін сақталған «Сиверс» алмасының генетикалық қоры алма сорттарының өнімділігін арттырып, түрлі ауруларға қарсы тұрақты иммунитет қалыптастыруға жол ашады.





В КАЗНУ ПОСАЖЕНЫ САЖЕНЦЫ ЯБЛОНИ «СИВЕРС»



В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби ко Дню работников науки были высажены саженцы яблони «Сиверс». Председатель Правления-ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев поздравил всех присутствующих с Днем науки и остановился на поручениях Главы государства К.К. Токаева, посвященных развитию науки за 30 летний период Независимости страны. Также он рассказал об истории сорта яблонь «Сиверс», посаженных в городке КазНУ, и предложил назвать новую зеленую территорию – «Сад ученых».

По мнению экспертов яблони «Сиверс» отличаются разнообразием форм, размеров, цветов и вкусов плодов. Специалисты отмечают, что генетический фонд яблок «Сиверс», сохранившийся до наших дней в Казахстане, позволит повысить урожайность других сортов яблок и сформировать устойчивый иммунитет к различным заболеваниям.




ЖТЕКШІ ҒАЛЫМДАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Ғылым қызметкерлері күніне орай, университеттің жетекші ғалымдарымен онлайн кездесті. ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық қызметін одан әрі дамыту мақсатында ұйымдастырылған жүздесу ғылым мен технологияның басым бағыттарын талқылауға арналды.

Білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев бүгінде әлем бойынша адамзаттық өркениеттің түпқазығы – ғылымға ерекше басымдық беріліп отырғанын жеткізді. Сондай-ақ шетелдік тәжірибеде әлемдік деңгейдегі зерттеу университеттері жоғары білікті мамандар даярлауға ғана емес, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің кең спектрін іске асыруға және оларды одан әрі коммерцияландыруға бағытталғанын баса айтты.

«Дәл осы зерттеу университеттері болашақта даму нүктелеріне, ғылымды қажет ететін экономиканың қозғаушы күшіне айналатыны сөзсіз. Ұлттық инновациялық жүйенің даму дәрежесі өз кезегінде тұрақты экономикалық өсудің негізін құрайды. Осы орайда, ел білімі мен ғылымының қара шаңырағы – ҚазҰУ экономиканың дамуына нақты үлес қосатын жобаларды көптеп ұсынуы қажет», – деді ректор.

Сөз соңында ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Ж.Түймебаев университеттің ғылыми бағытын жетілдіру бойынша кездесулердің әлі жалғасатынын жеткізді. Пікірлесу алаңына шыққан ғылыми-зерттеу институттарының жетекшілері мен ғалымдарға нақты жобалар бойынша ұсыныстар дайындауды тапсырды.



ВСТРЕЧА С ВЕДУЩИМИ УЧЕНЫМИ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби в онлайн-формате прошел круглый стол «Перспективные направления науки и технологий» с участием руководства университета, директоров научно-исследовательских институтов, научных центров, ведущих ученых университета, деканов факультетов. Приветствуя участников мероприятия, Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев поздравил всех с профессиональным праздником работников науки и акцентировал внимание на вопросах дальнейшего развития науки в вузе.

Ректор отметил, что КазНУ имени Аль-Фараби взял курс на трансформацию в исследовательский университет мирового класса. Важную роль в интернационализации научно-исследовательской деятельности КазНУ играют системное расширение международных контактов, взаимодействие с зарубежными организациями.

Во время круглого стола для научного сообщества вуза была озвучена основная цель – признание научных школ в мировом научно-образовательном пространстве.



ҚАЗҰУ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ ЖАС ҒАЛЫМДАР КӨРМЕСІН ТАМАШАЛАДЫ

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ Директорлар кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, оқу ордасының қабырғасында ұйымдастырылған жас ғалымдардың жетістіктеріне арналған инновациялық жобалар көрмесімен танысты.

Көрмеге ҚазҰУ ғалымдарының әртүрлі ғылыми-зерттеу жұмыстары қойылды. Аталмыш ғылыми жобалардың көп бөлігі қазақстандықтардың өмір сүру сапасын жақсартуға және қазіргі күндегі өзекті мәселелерді шешуге бағытталған жоғары технологияларға арналған әзірлемелер. Мәселен, олардың қатарында инновациялық энергия үнемдейтін газ разрядты шамдар, кескінді танудың машиналық көрінісі, күкірті бар препаратты алудың жаңа технологиясы, антивирустық мульти-табиғи қоспа, «Golden Fly» құрамажем, ауаның ластану деңгейін өлшейтін құрылғы сынды басқа да жобаларды атап өтуге болады. Сондай-ақ аборигенді микроорганизмдерді ынталандыру әдісі арқылы дала жағдайында қабаттардан мұнай өндіруді арттыру, ЖОО, ғылыми-зерттеу институттарының қызметін кешенді автоматтандыру және цифрлық сервистерді енгізу жобалары да көрсетілді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің назарына бұдан бөлек, «ІВОХ – әмбебеп виртуалды құрылғы агенттігінің платформасы», «Qorgan» зияткерлік жүйесі», «Электромагниттік құбылыстардың негіздерін зерттеуге арналған инновациялық аппараттық-бағдарламалық кешен», «Күн жылу энергиясының маусымдық жинақталуы», «Ғарыштық мониторинг негізіндегі геоаппараттық жүйе» жобалары ұсынылды. Басқа да инновациялық жобаларды аса қызығушылықпен тамашалаған кеңес мүшелері жастардың ғылым саласындағы жетістіктері еліміздің өркендеуіне сүбелі үлес қосатындарына сенім білдіріп, жастардың жұмыстарына табыс тіледі.



ЧЛЕНЫ СОВЕТА ДИРЕКТОРОВ КАЗНУ ПОСЕТИЛИ ВЫСТАВКУ

Члены Совета директоров НАО «КазНУ им. Аль-Фараби» ознакомились с выставкой инновационных проектов, посвященной достижениям молодых ученых, которая была организована в стенах учебного заведения к 30-летию Независимости Республики Казахстан.

На выставке представлены различные научно-исследовательские работы ученых КазНУ. Большая часть данных проектов посвящена высоким технологиям, направленным на улучшение качества жизни казахстанцев и решение актуальных проблем современности. Внимание участников мероприятия привлекли такие передовые разработки, как: инновационные энергосберегающие газоразрядные лампы, машинный вид распознавания изображений, новая технология получения серосодержащего препарата, противовирусная мульти-натуральная добавка, комбикорма «Golden Fly», прибор для измерения уровня загрязнения воздуха и др. Также были продемонстрированы проекты по повышению добычи нефти из пластов в полевых условиях методом стимулирования аборигенных микроорганизмов, комплексной автоматизации деятельности вузов, научно-исследовательских институтов и внедрению цифровых сервисов.



ҚАЗҰУ – ӘЛЕМ УНИВЕРСИТЕТТЕРІ РЕЙТИНГІНДЕ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті QS, THE, ARES сияқты ең беделді халықаралық рейтингтерге қатысады. Оның нәтижесі бойынша университет қазақстандық жоғары оқу орындары арасында талассыз көшбасшы болып табылады.

Жоғары деңгейдегі сарапшылардың пікірлерін негізге алған тағы бір агенттік – Rank ProWorldwide Professional University Rankings (<https://www.cicerobook.com/en/>) ҚазҰУ-ды үздік деп таныды. «Rank Pro by Subjects 2021» пәндік рейтинг қорытындысы негізінде ҚазҰУ әлемдегі үздік ЖОО-лар арасында «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар» бағыты бойынша – 351-400, «Математика» бағыты бойынша – 401-500 көрсеткіштеріне ие болған қазақстандық жалғыз оқу орны.

Сонымен қатар Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Asia Pacific Rank Pro World Leading Universities рейтингінде ТОП-200 ішінде 176-орынға ие болып, Азия-Тынық мұхиты аймағындағы университеттер қатарына кірген қазақстандық ЖОО-лар арасында да алдыңғы орында.

Рейтингті ұйымдастырушылар – «Жаһандық әлемдік коммуникатор» (GWC) әлемдік жетекші университеттерге тиісті баға беру үшін объективті және сенімді жеті көрсеткішті пайдаланады: оқытушы-профессорлық құрамның сапасы; жоғары рейтингтік журналдардағы жарияланымдар; сапалы танымдық ғылыми мақалалардың саны; халықаралық патенттердің саны; әлемге танымал жетекші 2000 компанияда қызмет ететін университет түлектері; білім беру сапасы.



КАЗНУ В РЕЙТИНГЕ УНИВЕРСИТЕТОВ МИРА

Казахский национальный университет им. Аль-Фараби принимает участие в самых авторитетных международных рейтингах, таких как QS, THE, ARES и бесспорно занимает лидирующие позиции среди казахстанских вузов.

Еще одним агентством, признавшим первенство КазНУ, стал Rank Pro Worldwide Professional University Rankings, основанный на мнениях и оценках экспертов высочайшего уровня (<https://www.cicerobook.com/en/>). По итогам предметного рейтинга «Rank Pro by Subjects 2021» КазНУ – единственный казахстанский вуз, имеющий показатели по направлениям «Социально-гуманитарные науки» – 351-400 место, по направлению «Математика» – 401-500 место среди лучших вузов мира.

Кроме того, в рейтинге «Asia Pacific Rank Pro World Leading Universities» КазНУ им. Аль-Фараби также стал первым среди казахстанских вузов, заняв 176 место и вошел в ТОП-200 университетов Азиатско-Тихоокеанского региона.

Организаторы рейтинга – «Глобальный мировой коммуникатор» (GWC) используют семь объективных и надежных показателей для ранжирования ведущих мировых университетов: качество профессорско-преподавательского состава; публикации в высокорейтинговых журналах; количество высоко цитируемых научных статей; количество международных патентов; выпускники университета, которые занимают должности в 2000 ведущих мировых публичных компаниях; качество образования.



РЕКТОР ЖАС ҒАЛЫМДАРМЕН ОНЛАЙН ЖҮЗДЕСТІ

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ Басқарма Төрағасы – Ректор Ж.Түймебаев Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына арналған «Ақылды ұрпақ» жобасы аясында және Ғылым қызметкерлері күніне байланысты университеттің жас ғалымдарымен онлайн кездесу өткізіп, ғылыми-инновациялық қызметін дамыту жөніндегі олардың ұсыныстары мен идеяларын тыңдады. Кездесуге 200-ден астам жас ғалым қатысты.

Бүгінгі күні ҚазҰУ-да 40 жасқа дейінгі 300-ден астам жас ғалым жұмыс істейді. Олардың көпшілігі әлемнің жетекші университеттері мен орталықтарында тағылымдамадан өткен, ғылыми жетістіктері Қазақстанда және шетелдерде жоғары бағаланған ғалымдар. Ағымдағы жылы жас ғалымдарды гранттық қаржыландыру аясында 900 млн теңгеден астам 60-қа жуық жоба орындалуда. Бұл біздің жастарымыздың жоғары ғылыми-инновациялық әлеуетін көрсетеді. Жас ғалымдардың шығармашылық, ғылыми әлеуетін одан әрі ашу мақсатында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ басшылығы барлық қажетті жағдайларды жасауда. Университетте жас ғалымдарды қолдау мақсатында тұтас жүйе жұмыс істейді. Білім алушыларды гранттық қаржыландыру жобалар шеңберінде ақылы негізде Ғылыми-зерттеу жұмыстарын (ҒЗЖ) орындауға тарту механизмдері іске асырылуда.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Ж.Түймебаев сөз басында жас ғалымдарды Ғылым қызметкерлері күні – кәсіби мерекелерімен құттықтады. Жас ғалымдар ҚазҰУ мен Қазақстанның кадрлық резервінің негізі болып табылатынын және университет басшылығы олардың инновациялық ұсыныстарын қолдайтынын, жалпы, жас ғалымдарды қолдау жүйесін одан әрі жақсартудың тиімді механизмдері жасалатынын айтты.

Жыл сайын университетте Ғылым қызметкерлері күні қарсаңында «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың үздік жас ғалымы» байқауы дәстүрлі түрде өткізіледі. Онлайн-кездесу соңында байқаудың жеңімпаздарын, сондай-ақ «Фараби әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың конференциясы және инновациялық жобалар байқауының жеңімпаздары арнайы дипломдармен, ақшалай сыйлықтармен марапатталды.



«Фараби Әлемі»
атты студенттер мен жас ғалымдардың
жыл сайынғы халықаралық ғылыми
конференция
ЖЕҢІМПАЗДАРЫ



РЕКТОР ВСТРЕТИЛСЯ С МОЛОДЫМИ УЧЕНЫМИ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби в рамках проекта «Умное поколение», посвященного 30-летию Независимости Республики Казахстан и Дню работников науки, прошла онлайн-встреча молодых ученых с Председателем Правления – Ректором КазНУ имени Аль-Фараби Жансеитом Туймебаевым. В мероприятии приняли участие более 200 молодых ученых.

Приветствуя всех участников, ректор призвал молодых ученых к открытому диалогу, обмену мнениями и выразил готовность выслушать конкретные предложения и идеи по дальнейшему развитию научно-инновационной деятельности университета. В своем выступлении ректор КазНУ Ж.Туймебаев обратил внимание ученых на то, что в современном мире наиболее ценным активом любой страны является интеллектуальный, человеческий капитал. Сегодня в КазНУ имени Аль-Фараби работают более 300 молодых ученых в возрасте до 40 лет. Многие из них прошли обучение и научную стажировку в ведущих университетах и центрах мира и получили высокое признание как в Казахстане, так и за рубежом.

«Уважаемые молодые ученые, вы являетесь преемниками славных традиций научных школ КазНУ, уверен, есть среди вас и те, кто в будущем будут признаны как основатели новых научных направлений, школ. Вы активно участвуете в реализации научно-исследовательских программ и проектов в качестве руководителей. Публикуете результаты своих исследований в ведущих журналах мира, выстраиваете международное сотрудничество с передовыми научными центрами и университетами. Только в текущем 2021 году в рамках грантового финансирования молодые ученые выполняют около 60 проектов на сумму более 900 млн тенге. Это свидетельствует о высоком научно-инновационном потенциале нашей молодежи», – подчеркнул в своем выступлении ректор Ж.Туймебаев.

В завершение встречи прошла церемония награждения победителей международной научной конференции студентов и молодых ученых «Фараби әлемі», конкурсов инновационных проектов студенческих бизнес-инкубаторов и «Лучший молодой ученый».



ТӘУЕЛСІЗДІККЕ АРНАЛҒАН «30 ЖЫЛДЫҚҚА – 30 АПТАЛЫҚ» ЖОЛ КАРТАСЫ БЕКІТІЛДІ

Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоратының кезекті отырысында ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған университеттің «Отыз жылдыққа – отыз апталық» жол картасын жүзеге асыру, 2020/21 оқу жылындағы индикативтік көрсеткіштердің орындалуы және оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің 2021/22 оқу жылындағы бос жұмыс орындарына жарияланған байқау туралы мәселелер қаралды.

Жол картасына университет ғалымдарының жетістіктерін, отандық білім мен ғылымға қосқан үлестерін, ғылыми еңбектерін әлемдік деңгейде таныту мақсатында «Тәуелсіздікке тарту» сериясын шығару, Мәжіліс пен Сенаттың белгілі депутаттарын шақырып, студенттермен кездесулер өткізу, қазақстандықтардың тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін көрсету және кеңінен насихаттау үшін мұрағатта сақталған суреттерді сандық форматқа көшіру, егемендік кезеңдегі елеулі оқиғаларды баяндайтын «Тәуелсіздік – тәу етер киеміз» атты тақырыптық көрме ұйымдастыру, тәуелсіздік тақырыбында жазылған кітаптарды жастарға таныстыру сияқты жыл бойы атқарылатын жұмыстар кірген. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған іс-шаралардың жол картасы ректорат отырысында бекітілді.

УТВЕРЖДЕНА ДОРОЖНАЯ КАРТА К 30-ЛЕТИЮ НЕЗАВИСИМОСТИ

На очередном ректорате КазНУ имени Аль-Фараби обсудили ход реализации дорожной карты университета по празднованию 30-летия Независимости РК, а также ряд важных вопросов, включая выполнение индикативных показателей за текущий учебный год и подготовку к конкурсу ППС и научных работников на вакантные должности.

На совещании был представлен план мероприятий, посвященных празднованию 30-летия Независимости РК, отраженных в дорожной карте «Отыз жылдыққа – отыз апталық». Одно из первых и крупных событий, запланированных на май, – научно-деловая конференция «Исторические ценности Независимости» с участием Государственного секретаря К.Кушербаева, ученых из Турции, Кыргызстана, Узбекистана, России. Не менее масштабной будет и Международная конференция «Творчество Олжаса Сулейменова и проблемы национального сознания», приуроченная к 85-летию видного казахского поэта и общественного деятеля. С мая по октябрь запланированы открытые лекции в онлайн-формате на тему «Суверенный Казахстан в рамках мировой дипломатии», где основными лекторами выступят послы и руководители представительств Республики Казахстан. Другое крупное мероприятие направлено на создание партнерства между университетами тюркоязычных стран и проведение саммита «Роль университетов в тюркском мире».





ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САРАПТАМА НӘТИЖЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормативтік-құқықтық актілерге ғылыми сараптамалар бойынша «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама – сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың тиімді құралы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Конференция жұмысына Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, Нұрсұлтан Назарбаев қоры атқарушы директорының орынбасары, ҚР Конституциялық кеңесі жанындағы Ғылыми-консультативтік кеңестің мүшесі, АӘК қоғамдық кеңестің төрағасы Игорь Рогов, Нидерланды корольдігінің Қазақстан Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Андре Карстенс, «Қазақстанда парламентаризмді дамыту қоры» қоғамдық қорының президенті Зәуреш Батталова, мемлекеттік органдардың өкілдері, Молдова, Түркия және Орталық Азия елдерінің сарапшылары, сондай-ақ азаматтық қоғам институттарының өкілдері қатысты.

ҚР Президентінің саясатын жүзеге асыру аясында 2020 жылдың қарашасынан бастап Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті базасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормативтік-құқықтық актілерге ғылыми сараптамаларды үйлестіру жұмыстары жүргізіле бастады. Бес айдың ішінде 5016 нормативтік-құқықтық заң актілерінің жобаларына сараптама жүргізіліп, соның ішінде 13 430 сыбайлас жемқорлық факторларын жою туралы қорытынды жасалды.

Конференцияға қатысушылар сараптама жүргізудің өзекті мәселелерін, оның заң шығарудағы рөлін, түрлі салалардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, халықаралық тәжірибелерді салыстырмалы талдау қорытындыларын, сондай-ақ коррупцияға қарсы жұмысқа жұртшылықты жұмылдыру мәселелерін талқылады.

РЕЗУЛЬТАТЫ АНТИКОРРУПЦИОННОЙ ЭКСПЕРТИЗЫ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби прошла международная конференция по научной антикоррупционной экспертизе проектов НПА «Антикоррупционная экспертиза – эффективный инструмент превенции коррупции».

В работе конференции приняли участие Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Түймебаев, заместитель исполнительного директора Фонда Нурсултана Назарбаева, член научно-консультативного совета при Конституционном совете РК, председатель Общественного совета АПК Игорь Рогов, чрезвычайный и полномочный посол Королевства Нидерландов Андре Карстенс,



президент «Фонда развития парламентаризма в Казахстане» Зауреш Батталова, представители государственных органов, казахстанские и международные эксперты из Молдовы, Турции и стран Центральной Азии, а также представители институтов гражданского общества.

В рамках реализации политики Президента РК на базе КазНУ имени Аль-Фараби с ноября 2020 года осуществляется координация научной антикоррупционной экспертизы нормативно-правовых актов. За 5 месяцев было проведено 5016 экспертиз проектов нормативных правовых актов, на которые подготовлены заключения по устранению 13 430 коррупционных факторов.

Участники обсудили актуальные вопросы проведения экспертизы, ее роли в законотворчестве, итоги сравнительного анализа коррупционных рисков в различных сферах.



ҚАЗҰУ ҚАЛАШЫҒЫНА ТАҒЫ 120 ҚАРАҒАЙ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде экологиялық сенбілік ұйымдастырылып, оқу ордасының басшысы Жансейіт Түймебаевтың қатысуымен Ағаштар аллеясына 120 қырым қарағайы отырғызылды.

Студенттер қалашығын көркейту, сән-салтанатын арттыру жұмыстары наурыз айынан бастап қолға алынып келеді. Ұлыстың ұлы күні Ағаштар аллеясы ашылып, онда ұжыммен бірге 160-тан астам қырым қарағайы мен алтай шыршасы отырғызылған болатын.

Ғылым қызметкерлері күнінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы даланың жеті қырының» бірі ретінде атап өткен «Сиверс» алмасының 90 көшеті егіліп, ол «Ғалымдар бағы» деп аталды.

Игілікті іс бүгін жалғасын тауып, Ағаштар аллеясына тағы 120 түп қырым қарағайы қосылды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ел Президенті Қ.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» бағдарламалық мақаласындағы тапсырмаларға тоқтала келе, көзделген міндеттер ҚазҰУ қалашығында айқын көрініс табуы қажеттігін алға тартты. Сондай-ақ қалашықты жастардың жайлы, көпшіліктің көңіл қуантар мекеніне айналдыру үшін ауқымды жұмыстар жоспарланып, алдағы уақытта барлық жатақханалар маңын көріктендіру көзделгенін атап өтті.



НА АЛЛЕЕ ДЕРЕВЬЕВ 120 НОВЫХ СОСЕН

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби прошел экологический субботник, в ходе которого были высажены 120 саженцев крымских сосен на Аллее деревьев с участием руководителя вуза Жансеита Туймебаева.

Работа по благоустройству студенческого городка КазНУ ведется с марта. Накануне праздника Наурыз состоялось открытие Аллеи деревьев. Коллективом вуза было высажено более 160 крымских и алтайских сосен.

В День работников науки на территории университетского кампуса посадили 90 саженцев яблони сорта «Сиверс», которая была отмечена в статье Елбасы Нурсултан Назарбаев как одна из семи граней Великой степи. Участок плодовых деревьев назвали «Садом ученых». Во время экосубботника работа по озеленению кампуса территории продолжилась – на Аллее деревьев появилось еще 120 саженцев хвойных пород.

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, говоря о задачах в программной статье Президента страны К.Токаева «Независимость дороже всего», подчеркнул, что в работе по благоустройству и улучшению территории КазНУ отражены задачи, обозначенные Главой государства.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМГЕ ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев пен Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтының бас директоры Күнсұлу Закарья өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Келісімге сәйкес, алдағы уақытта ҚазҰУ аталған институтпен бірлесіп магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша вирусолог мамандар даярламақ. Коронавирус індеті кезінде Қазақстанда эпидемиология және вирусология саласындағы мамандар тапшылығы сезілгені жасырын емес. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында еліміздегі жетекші жоғары оқу орны Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтымен бірлесіп білікті мамандар даярлауды қолға алды.

Кездесу барысында тараптар осы бағыттағы ынтымақтастықты арттырудың маңызына тоқталып, алдағы жоспарларымен бөлісті.

– Елімізде алғаш рет ҚазҰУ-дың биология және биотехнология факультетінде вирусолог мамандары даярланатын болады. Сонымен қатар кадрларды даярлауға Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтының арнайы зертханалары да үлес қосады. Бұл бастама саладағы бірқатар түйткілді мәселелерді оңтайлы шешуге өз септігін тигізбек, – деп атап өтті ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев.

Осы орайда айта кетейік, «Вирусология» білім беру бағдарламасы практикалық оқуға басымдық береді. Оқу процесінің басым бөлігі зертханалық жағдайда жұмыс жасауға бейімделген. Болашақ мамандар білім алу барысында жаңа вирустардың түрлерін, оларды зерттеу әдістері мен түрлі сипаттарын анықтауға машықтанады. Сондай-ақ зертханада білімгерлер диагноз жасауға және зерттеуге дағдыланбақ.

Өз кезегінде Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институты түлектерді жұмыспен қамтамасыз етіп, жас мамандарды вирусология, биология және биотехнология салалары бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткізеді.



ПОДПИСАНО СОГЛАШЕНИЕ О СОТРУДНИЧЕСТВЕ

КазНУ имени Аль-Фараби совместно с Научно-исследовательским институтом проблем биологической безопасности будут готовить специалистов-вирусологов по программам магистратуры и PhD докторантуры. Об этом договорились стороны во время встречи Председателя Правления – Ректора ведущего вуза страны Ж.Түймебаева и генерального директора НИИ проблем биологической безопасности К.Закарья, подписав соглашение о сотрудничестве.

Для обсуждения важных вопросов сотрудничества встретились Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Ж.К.Түймебаев и генеральный директор НИИ проблем биологической безопасности К.Д.Закарья. В ходе встречи было подписано соглашение о сотрудничестве, которое определило направление дальнейшей работы в рамках данного проекта.

«Впервые в стране на факультете биологии и биотехнологии КазНУ будут готовить специалистов-вирусологов. Также вклад в подготовку кадров внесут специальные лаборатории Научно-исследовательского института проблем биологической безопасности. Эта инициатива будет способствовать оптимальному решению ряда проблемных вопросов отрасли», – отметил ректор КазНУ Жансеит Туймебаев.

Образовательная программа «Вирусология» предполагает делать упор на практическое обучение. Большое количество времени в процессе обучения будет посвящено получению навыков и умений в лабораторных условиях. Будущих специалистов научат тому, как проводить исследования и диагностику, идентифицировать новые виды вирусов, методам молекулярной биологии, биохимии, микробиологии и генетики и т.п.



ҚАЗҰУ РЕКТОРЫ ЮНИСЕФ БАСШЫСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ЮНИСЕФ ұйымының Қазақстандағы өкілдігінің басшысы Артур ван Дизенмен кездесті.

Жүздесу барысында тараптар ынтымақтастықты одан ары нығайту жолдарын талқылап, бірқатар мәселелерді ортаға салды.

Алғаш болып сөз алған ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев оқу орны Біріккен Ұлттар Ұйымының және оның еншілес ұйымдарымен тығыз қарым-қатынас орнатқанын атап өтті.

– Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – әлемдегі жетекші жоғары оқу орындарының бірі. Қара шаңырақ ҚазҰУ білім беру, ғылымды дамытуға ерекше маңыз береді. 2014 жылдан бері университет Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму бойынша «Академиялық ықпал» бағдарламасының жаһандық хабы болып табылады. Сонымен қатар білім ордасы көптеген халықаралық академиялық алаңдарда тұрақты даму мақсаттарын іске асыруға өз үлесін қосуда, – деп атап өтті Жансейіт Түймебаев.

Сондай-ақ ҚазҰУ ректоры оқу орны мен ЮНИСЕФ ұйымының арасындағы өзара серіктестік аясында атқарылған жұмыстарға да тоқталды.

– Сіздердің ұйымдарыңызбен бірлесіп университетте көптеген халықаралық деңгейдегі жиындар өтіп, бірнеше жоба сәтті жүзеге асырылды. Алдағы уақытта да осы тараптағы жұмыстарымызды жалғастыруға ниетті екенімізді жеткізгім келеді, – деді ҚазҰУ ректоры.



РЕКТОР КАЗНУ ВСТРЕТИЛСЯ С ГЛАВОЙ ЮНИСЕФ

В КазНУ имени Аль-Фараби состоялась встреча Председателя Правления – Ректора Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеита Туймебаева с руководителем организации ЮНИСЕФ в Казахстане Артуром ван Дизеном.

В ходе встречи стороны обсудили новые пути укрепления сотрудничества и рассмотрели ряд вопросов. В приветственной речи ректор КазНУ Жансеит Туймебаев отметил, что вуз на протяжении многих лет успешно и плодотворно сотрудничает с Организацией Объединенных Наций и ее дочерними организациями, реализуя масштабные совместные проекты.

«Казахский национальный университет имени Аль-Фараби – один из ведущих вузов мира. Особое значение КазНУ придает развитию образования и науки. С 2014 года университет является глобальным хабом программы ООН «Академическое влияние» по устойчивому развитию, кроме того, университет вносит свой вклад в реализацию целей устойчивого развития на многих международных академических площадках», – отметил Жансеит Туймебаев.

Ректор КазНУ также остановился на работе, проделанной в рамках сотрудничества между учебным заведением и организацией ЮНИСЕФ. «Совместно с вашей организацией в университете прошло множество международных встреч, успешно реализовано несколько проектов. Мы готовы и дальше взаимодействовать и продолжить совместную работу по данному направлению», – сказал ректор КазНУ.



КОРОНАВИРУСҚА ҚАРСЫ КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, Life after COVID-19 атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өз жұмысын бастады.

Жиынды ашқан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев COVID-19 пандемиясынан туындаған жаһандық өзгерістерге байланысты біздің елдің тиісті шараларды дер кезінде қабылдағанын және індетке қарсы күресті жалғастырып отырғанын атап өтті.

Университет басшысы сонымен қатар еліміздің жаңа геосаяси жағдайдағы ұзақ мерзімді дамуының маңыздылығына мән беріп, медицина саласында университет атқаруы тиіс нақты шараларға тоқталды.

«Университет дәрігерлерді даярлау сапасын арттыру, ҚазҰУ-дағы үздік ғылыми-зерттеулерді жүзеге асыру жұмыстарын табысты жүргізіп келеді және болашақта да жалғастыратын болады. Конференцияның басты мақсаты – COVID-19 бойынша тәжірибе мен білік алмасу. Конференция нәтижелері қазіргі Қазақстан медицинасы ғылымына пайдалы болады деп сенемін», – деді ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев.



ОБСУДИЛИ ВОПРОСЫ БОРЬБЫ С КОРОНАВИРУСОМ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби состоялась республиканская научно-практическая конференция с участием зарубежных специалистов Life after Covid-19.

В ходе конференции с приветственным словом выступил Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев. «Университет уделял и в дальнейшем будет уделять самое пристальное внимание повышению качества подготовки врачей, организации и выполнению прорывных научных исследований в нашем вузе. Нынешняя конференция является значимым событием в медицинской сфере Казахстана, затрагивающим многие актуальные вопросы современной медицины. И ее главная цель – обмен передовым опытом и знаниями в данной сфере. Надеюсь, что полученные результаты будут полезны всем участникам и, в первую очередь, медицинской науке современного Казахстана, а предложенные рекомендации действительно найдут применение в практической деятельности», – подчеркнул в своем онлайн выступлении ректор Ж.Туймебаев.



СМАРТ-ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕКТЕБІ АШЫЛДЫ

Бүгін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқытушы-ғалымдардың тәжірибе алмасуына арналған жазғы мектеп өз жұмысын бастады.

Erasmus SMARTCITY: «Ақылды қалалар технологиясының магистрлік бағдарламасына инновациялық тәсіл» жобасы аясындағы шараға Қазақстан, Германия, Грекия, Болгария, Латвия, Ресей, Моңғолия елдерінің беделді профессорлары қатысуда.

Басты мақсат – смарт-технологияларды дамыту мен смарт-университеттерді құру бағыттары бойынша өзара біліктілік алмасу. Сонымен қатар жоғары оқу орындарының сандық жүйеге көшу барысымен таныстыру.

Білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-дың смарт-университетке айналуының соңғы кезеңіне аяқ басқанын жеткізді. «Бүгінгі таңда жоғары оқу орнының техникалық жабдықталуы қарқынды жүргізілуде. Кампус студенттер мен қызметкерлер үшін толықтай қолайлы ортаға айналатын болады. Барлық бизнес-үдерістер мен байланыс жүйелерін оңтайландыру, жекелеген қызметтер желісін автоматтандыру қолға алынды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен түрлі автоматтандыру жүйелерін интеграциялау жүзеге асырылады», – деп атап өтті.

Қазіргі сәтте кампустың сандық қызметтері толығымен жаңғыртылу үстінде. Барлық ғимараттарды басқару үшін арнайы қабылдағыштар және ақылды технологиялар пайдаланылады.

Бұдан бөлек, білім ордасында сандық жүйеде оқытудың жаңа әдістері енгізілуде. Бұл пандемия жағдайында аса маңызды болып отыр. Университет «баршаны қолайлы оқытуды» кез келген уақытта және барлық құрылғыда қолжетімді етуге кірісті. Нәтижесінде оқытушы-профессорлар құрамы бағалау мен тиімділікті арттыру құралдарын қолдана отырып, жаңа педагогикалық мүмкіндіктерге жол ашуда.

Университеттің дәл осындай жетістіктері халықаралық әріптестер тарапынан мойындалып, ҚазҰУ СМАРТ-технологиялар мектебін ұйымдастыру мәртебесіне ие болды. Білім алаңында әлемнің жеті елінен, оның ішінде Еуропа мемлекеттерінен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және автоматтандыру саласының жетекші ғалымдары қатысып, өз тәжірибелерімен бөлісуде.

Мектеп жұмысында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың смарт-технологияларды қолданудағы үздік жобалары көпшілік назарына ұсынылды.



ОТКРЫЛАСЬ ШКОЛА СМАРТ-ТЕХНОЛОГИЙ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби начала работу летняя школа по обмену опытом между преподавателями и учеными. В проекте «Инновационный подход к магистерской программе технологий умных городов» Erasmus SMARTCITY участвуют ученые и профессора из Казахстана, Германии, Греции, Болгарии, Латвии, России и Монголии. Цель – обмен опытом в области разработки и создания умных технологий и университетов, а также представить процесс трансформации высшего образования.

Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев сказал, что на пути к SMART-университету КазНУ вступил в завершающую стадию перехода на цифровую систему. «В настоящее время техническое оснащение вуза идет полным ходом. Кампус станет полностью комфортной средой для студентов и сотрудников. Осуществляется оптимизация всех бизнес-процессов и систем связи, автоматизация отдельных сервисных сетей. Кроме того, Министерство образования и науки Республики Казахстан интегрирует различные системы автоматизации», – сказал ректор.

Глава вуза рассказал о переходе вуза на цифровую систему работы. В настоящее время все цифровые сервисы в кампусе обновляются. Для управления всеми зданиями используются специальные приемники и другие умные технологии. Кроме того, в стенах университета внедряются новые методы обучения с применением цифровых технологий. Это особенно важно во время пандемии. Университет начал внедрять «удобное обучение для всех» – доступное в любое время и на всех устройствах. В результате для преподавателей и профессоров открываются новые педагогические возможности с использованием инструментов оценки и эффективности.

Эти же достижения университета были признаны международными партнерами, и КазНУ был удостоен статуса школы смарт-технологий. Ведущие ученые в области информационных, коммуникационных технологий и автоматизации из семь стран, в том числе европейских, делятся своим опытом в сфере образования.

Во время работы школы широкой публике были представлены лучшие проекты КазНУ им. Аль-Фараби по использованию умных технологий.



ҚАЗҰУ РЕКТОРЫ ПОЛЬША ЕЛШІСІМЕН КЕЗДЕСТІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Польша Республикасының Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Селим Хазбиевичпен кездесті. Келіссөз барысында тараптар ұзақ мерзімді ынтымақтастық пен серіктестік мәселелерін талқылады.

Өз сөзінде ЖОО ректоры Ж.Түймебаев Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа ықпалдасуында Польшаның рөлі зор әрі маңызды екенін айтты. «Польша Республикасының Қазақстандағы елшілігі ғылым, білім және мәдениет саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға зор үлес қосуда. Екі ел арасындағы серіктестік қарқынды жалғасады», – деп атап өтті университет басшысы.

Бүгінгі таңда ҚазҰУ Польшаның 18 жоғары оқу орнымен тығыз байланыста. Олардың арасында Варшава университеті, Адам Мицкевич университеті, Торунь қаласындағы Николай Коперник университеті, Лодзь университеті, Г.Кошалин атындағы технологиялық университет, Ополь университеті бар.

Соңғы үш жылда ҚазҰУ-дың 150-ден астам студенті мен магистранты академиялық ұтқырлық бағдарламасымен Польшада білім алды. Сонымен қатар 44 докторант ғылыми-зерттеу тағылымдамадан өтті. «Қазақстанның жоғары оқу орындарына шетелдік ғалымдарды тарту» бағдарламасы аясында ҚазҰУ-ға Польшаның танымал профессорлары мен ғалымдары келуде. Олар PhD докторанттарға ғылыми жетекшілік жасайды және дәріс оқиды.



РЕКТОР ВСТРЕТИЛСЯ С ПОСЛОМ ПОЛЬШИ

Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев встретился с чрезвычайным и полномочным послом Республики Польша в Казахстане Селимом Хазбиевичем. В ходе переговоров стороны обсудили вопросы долгосрочного сотрудничества и партнерства.

В своей речи ректор вуза Ж.Туймебаев отметил, что в процессе продвижения Казахстана в мировое сообщество Польша играет значительную роль и является нашим важным партнером. «Большой вклад в развитие международного сотрудничества в сфере науки, образования и культуры вносит посольство Республики Польша в Казахстане. Партнерство между нашими странами подолжает активно развиваться», – подчеркнул руководитель вуза,

На сегодняшний день КазНУ тесно сотрудничает с 18 вузами Польши. Среди них – Варшавский университет, университет имени Адама Мицкевича, университет имени Николая Коперника в Торуне, университет Лодзь, технологический университет имени Г.Кошалина, Опольский университет и другие вузы. За последние три года по программе академической мобильности более 150 студентов и магистрантов КазНУ им. Аль-Фараби прошли обучение в университетах Польши, 44 докторанта – научно-исследовательскую стажировку у зарубежных руководителей. В рамках программы «Привлечение зарубежных ученых в вузы Казахстана» в КазНУ приезжают ведущие профессора и ученые зарубежных стран, в том числе и Польши. Они осуществляют научное руководство докторантами PhD и читают лекций.



ҚАЗҰУ РЕКТОРЫ ТҮРКОЛОГТАР ЖИЫНЫНА ҚАТЫСТЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Халықаралық түркі академиясының ұйымдастыруымен өткен «Ә.Тенишев. Түркі тіл білімінің сардары» атты халықаралық онлайн-конференцияда баяндама жасады.

Ауқымды шара татар халқының ұлы перзенті, танымал түрколог-ғалым Әдһәм Тенишевтің 100 жылдық мерейтойына арналды. ЖОО басшысы Жансейіт Түймебаев алдымен танымал ғалымның өнегелі өмір жолына тоқталып өтті. Әдһәм Рахымұлы Ресейде татар зиялылары отбасында дүниеге келген, Қырғыз жерінде өскен. Ғылым мен мәдениет ордасы болған Мәскеу мен Ленинградта жоғары білім алып, маман ретінде қалыптасқан. Саналы ғұмырын түркі халықтарының көне тілін, жазба ескерткіштерін зерттеуге, тарихы мен этнографиясын зерделеуге арнаған. «Әдһәм Тенишевтің жан-жақтылығы, ұжымдық жұмысты ұйымдастырудағы шеберлігі оның түркі ғылымының көрнекті көшбасшысына айналуына септігін тигізді», – деп пікір білдірді өз сөзінде Жансейіт Түймебаев.

Сонымен қатар ректор көрнекті ғалымның түркі халықтарының фольклорына, түріктердің материалдық және рухани мәдениетіне арналған этнографиялық еңбектерін саралады. Әдһәм Тенишевтің қытай тілінде шыққан «Түркі тілдерін зерттеуге кіріспе» және «Түрік тілінің грамматикасы» монографияларын түркітану ғылымына қосқан қомақты үлесі деп бағалады.

Халықаралық шараға өзге де түркі дүниесіне танымал ғалымдар және ғылыми ұйым басшылары қатысты.

РЕКТОР КАЗНУ ВЫСТУПИЛ НА КОНФЕРЕНЦИИ ТЮРКОЛОГОВ

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев выступил на международной онлайн-конференции «А.Тенишев. Сардар тюркского языкознания», который был организован Международной тюркской академией.

Масштабное мероприятие было посвящено 100-летию великого сына татарского народа, известного тюрколога-ученого Адхама Тенишева. Глава вуза Жансеит Туймебаев рассказал о яркой жизни и деятельности известного ученого. А.Тенишев родился в России, в семье татарской интеллигенции и вырос в Киргизии. Ученый получил высшее образование в Москве и Ленинграде, которые являлись центром науки и культуры. Он посвятил свою жизнь изучению древних языков, письменных памятников, истории и этнографии тюркских народов. «Широта и разнообразие научных интересов Адхама Тенишева, а также его знания в научных и человеческих аспектах организации коллективной работы, помогли ему стать выдающимся лидером тюркологии», – сказал Жансеит Туймебаев.



На конференции был озвучен анализ этнографических трудов ученого, посвященных фольклору тюркских народов, различным направлениям материальной и духовной культуры тюрков. Монографии Адхама Тенишева «Введение в изучение тюркских языков» и «Грамматика турецкого языка», изданные на китайском языке, были признаны весомым вкладом в развитие тюркологии. Адхам Рахимович является автором более 60 научных работ.

В международном мероприятии приняли участие известные ученые и руководители научных организаций тюркского мира.





THE IMPACT RANKINGS



ҚАЗҰУ КЕЗЕКТІ ЖЕТІСТІГІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Times Higher Education University Impact Rankings-2021 рейтингінде ең үздік әрі осындай межеге жеткен жалғыз қазақстандық ЖОО деп танылды.

Білім ордасы Біріккен Ұлттар Ұйымының 2030 жылға дейін тұжырымдаған тұрақты дамудың барлық 17 мақсаты бойынша басымдық көрсетіп, қазақстандық ЖОО-лар арасында ең жоғары нәтижеге қол жеткізді.

Times Higher Education University Impact Rankings (THE IR) рейтингінде әлемнің 1115 университетінің көрсеткіштері сарапталған. Әлемдік рейтинг жоғары оқу орындарының тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыру барысын бағалауға арналған.

БҰҰ айқындаған 17 мақсаттың қатарына кедейлікті жою; салауатты өмір салты; сапалы білім беру; гендерлік теңдік; су ресурстарын тиімді пайдалану және баршаға арналған тазалық; энергия көздеріне қолжетімділік; лайықты жұмыс және экономикалық өсу; өнеркәсіп, инновациялар және инфрақұрылым т.б. талаптар кіреді.

Нәтижесінде ҚазҰУ-дың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық тепе-теңдікті жоғары дәрежеде қамтамасыз етіп отырғанын дәлелдеді.

КАЗНУ ДОБИЛСЯ ОЧЕРЕДНОГО УСПЕХА

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби признан лучшим в рейтинге Times Higher Education University Impact Rankings-2021.

По всем 17 целям устойчивого развития (ЦУР), сформулированным Организацией Объединенных Наций до 2030 года, показатели вуза были доминантными. На сегодняшний день ни один казахстанский университет не достиг такого показателя.

Рейтинг Times Higher Education University Impact Rankings (THE IR) проанализировал деятельность 1115 университетов мира. Мировой рейтинг предназначен для оценки реализации целей устойчивого развития высших учебных заведений.

В список 17 целей, определенных ООН входят: ликвидация нищеты и голода; здоровый образ жизни; качество образования; гендерное равенство; рациональное использование водных ресурсов; чистая вода и санитария для всех; доступ к источникам энергии; достойная работа и экономический рост; промышленность, инновации, инфраструктура и другие требования.

Таким образом, что КазНУ обеспечивает экономическое, социальное и экологическое равновесие.



АКАДЕМИК ТӨЛЕГЕН ҚОЖАМҚҰЛОВ – 75 ЖАСТА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР ҰҒА академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, Әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Төлеген Қожамқұловтың 75 жылдық мерейтойы өтті.

Салтанатты жиынды ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ашып, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың құттықтау хатын оқып берді.

Сондай-ақ мерейтой иесінің атына Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан да құттықтау хат келіп түсті. Мемлекет басшысы: «Халқымыз өзіңізді белгілі қоғам қайраткері, көрнекті ғалым, іскер азамат ретінде жақсы біледі. Еліміздің іргелі жоғары оқу орындарын басқарып, жас ұрпақтың білікті маман болып шығуы үшін бар күш-қайратыңызды жұмсадыңыз. Жүйелі жұмыстың нәтижесінде игілікті істерді жүзеге асырдыңыз. Ғылым мен білім жолында қол жеткізген табыстарыңыз өте мол. Физика және математика саласын терең зерттеп, отандық ғылымның дамуына үлес қосып келесіз», – деп, алдағы уақытта да Отанымыздың өркендеуіне атсалысып, өмірде арман-мақсаттарға жете беруіне тілектестігін білдірген.



АКАДЕМИКУ ТОЛЕГЕНУ КОЖАМКУЛОВУ – 75 ЛЕТ

В КазНУ имени Аль-Фараби отметили 75-летний юбилей академика НАН РК, доктора физико-математических наук, профессора, заслуженного деятеля науки и техники Казахстана, лауреата Государственной премии в области науки и техники имени Аль-Фараби Толегена Абдисагиевича Кожамкулова.

Открывая торжественное мероприятие Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев зачитал поздравление от имени Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы Нурсултана Назарбаева.

В адрес юбиляра поступило поздравительное письмо от имени Президента Казахстана Касым-Жомарта Токаева. Глава государства высоко оценил заслуги известного общественного деятеля, выдающегося ученого, делового и деятельного человека, приложившего максимум усилий, чтобы достойно возглавлять фундаментальный вуз страны и взрастить не одно поколение квалифицированных специалистов. Президент страны выразил уверенность, что академик Толеген Кожамкулов продолжит научные исследования в области физики и математики и сделает немало для развития отечественной науки.





ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ҚАРАЛДЫ

Бүгін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ғылыми кеңес отырысы онлайн форматта өтті. Жиында алдымен 2021/22 оқу жылына арналған білім беру бағдарламалары талқыланды.

ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер бойынша проректор Фатима Жақыпова осы тақырыпта баяндама жасады.

ҚР Білім және ғылым министрлігі Болон үдерісі орталығының реестріндегі ҚазҰУ білім беру бағдарламаларының жалпы саны 2020/21 оқу жылында 533-ті құраған. Ағымдағы жаңа оқу жылында бакалавр, магистратура және докторантура сатылары бойынша барлығы 119 жаңа бағдарлама қосылмақ.

Бұл бағдарламаларды дайындау барысында қазақстандық және халықаралық заманауи талаптар мен сын-тегеуріндер ескеріліп отыр. Фатима Надырқызы өз сөзінде университеттің бәсекеге қабілеттілігі мен білім беру сапасын арттыру, бағдарламалардың пәнаралық негізде болуы да жіті назарда екенін тілге тиек етті. Осы бағытта факультет ұжымдарымен кездесулер ұйымдастырылып, серіктес жоғары оқу орындарымен келіссөздер жүргізілген.

Жаңа білім беру бағдарламалары инновациялық, пәнаралық, жұмыс берушілердің тапсырысы бойынша, жаңа кәсіптер атласы бойынша, қосдипломдық және бірлескен бағдарламалар сынды топтарға жіктелген. Оларды білім беру бағдарламалары қатарына енгізу ұсынысына Ғылыми кеңес мүшелері бірауыздан қолдау білдірді.

ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ПРОГРАММЫ НА НОВЫЙ УЧЕБНЫЙ ГОД

В КазНУ имени Аль-Фараби в онлайн-формате состоялось заседание Ученого совета, на котором обсудили вопросы разработки образовательных программ на новый учебный год, а также развития направления международных проектов.

Член Правления – проректор по академическим вопросам Ф.Жақыпова выступила с обстоятельным докладом о разработке образовательных программ (ОП) на новый учебный год. На сегодняшний день в реестре Центра Болонского процесса МОН РК зарегистрировано 113 новых программ на 2021/22 учебный год, из них: по бакалавриату – 19, по магистратуре – 63, по докторантуре – 31. Работа по созданию образовательных программ продолжается.

Участники заседания обсудили текущие вопросы работы по разработке ОП. В результате было принято решение всем деканам в срок до 7 мая 2021 г. завершить разработку образовательных программ для включения в Реестр Центра Болонского процесса, а также пересмотреть планы приема на 2021/22 уч.г. с учетом новых ОП. В период с мая по август текущего года организовать профориентационную работу по формированию контингента на новый учебный год; сформировать рабочие группы по аккредитации и назначить ответственных лиц за подготовку отчетов.



ТҮРКІ КЕҢЕСІНЕ МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕР ЖИЫНЫ ӨТТІ

Бүгін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев «Түркі кеңесіне мүше мемлекеттермен Өзбекстан ынтымақтастығы» атты халықаралық конференцияда баяндама жасады.

Ауқымды шараға Әзірбайжан, Венгрия, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия, Өзбекстан елдерінің мемлекет және қоғам қайраткерлері, ЖОО басшылары мен ғалымдары қатысып, пікір алмасты.

ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев өз сөзінде Түркі кеңесінің жаңа даму белестері жайлы ой өрбітті. Түркі мемлекеттерінің даму тарихына көз жүгірте отырып, түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы өзіндік даму жолынан өткенін тілге тиек етті. «Көпжақты ынтымақтастықтың алғашқы кезеңдерінде түркі мемлекеттері мәдени-гуманитарлық өзара іс-қимылмен шектелсе, кейінгі жылдары ынтымақтастықтың елеулі, практикалық бағыттарына өту басталды. Сауда және инвестиция, көліктік және транзиттік әлеуетін пайдалану сияқты түркі мемлекеттері прагматикалық ынтымақтастыққа бет бұрды», – дей келе, ректор халықаралық ынтымақтастық жүйесіндегі Түркі кеңесінің рөліне тоқталды.

Сөз соңында ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев «Түркі кеңесі өзінің он жыл ішінде ынтымақтастықтың түрлі салаларында түркітілдес елдердің өзара іс-қимылын орнатудың тиімді тетігі, сондай-ақ ортақ мүдделерді сақтаудың пайдалы құралы бар толыққанды жұмыс істейтін халықаралық ұйым ретінде қалыптасты» деген тұжырымымен бөлісті. Профессор Түркі кеңесінің жарқын болашағы үшін бірігіп жұмыс істеудің маңыздылығын да ерекше атап өтті.



МЕЖДУНАРОДНАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ ТЮРКСКИХ ГОСУДАРСТВ

Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев принял участие в международной конференции «Сотрудничество Узбекистана с государствами-членами тюркского совета».

Организаторами мероприятия выступили: Совет сотрудничества тюркоязычных государств, Министерство иностранных дел республики Узбекистана, Ташкентский государственный университет востоковедения, Министерство высшего и среднего специального образования республики Узбекистан. В своем докладе «Новые вехи в развитии Тюркского совета» ректор КазНУ Ж.Туймебаев остановился на исторических этапах становления единства тюркских народов, которые сохранили свою национальную идентичность и доказали свою состоятельность.

Было отмечено, что Тюркский совет не является политическим движением, пришедшим извне, а имеет глубоко гармоничную историческую логику своего развития. «За последние десять лет межгосударственное сотрудничество тюркоязычных стран претерпело определенную эволюцию, и сегодня страны обратились к прагматическому сотрудничеству. Создана новая площадка для сотрудничества, и Тюркский совет играет ключевую роль в установлении отношений между государствами», – сказал ректор КазНУ.



1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, студенттері, магистрант-докторанттары!

Сіздерді 1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын! «Бірлік болмай – тірлік болмас» деген қанатты сөз қағидасын берік ұстанған біздің ел үшін бұл мерекенің орны ерекше.

Жыл сайын атаулы күні Қазақстан аумағында тұрып жатқан 130-дан астам ұлт өкілдері достық пен ынтымақтың жарқын көрінісін паш етеді. Өйткені тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде Қазақстан қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты ту еткен рухы биік, қуатты ел атанды. Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Тағдыр табыстырған, тарих тоғыстырған түрлі этнос өкілдері азаттықтың арайлы таңында ортақ Отанымыздың іргесін бірге қаласты. Ынтымақты ырысқа, алуандықты байлыққа балаған біз бірліктің қазақстандық бірегей үлгісін қалыптастырдық», – деп, «татулық – басты байлық» екенін атап өткен болатын.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз жолдауында: «Әлеуметтік және этникалық топтар арасындағы келісім – бүкіл қоғамның бірлескен еңбегінің нәтижесі», – деп, бір мақсат, бір мүддеге жұмылған ел бірлігіне айрықша маңыз берді.

Мәдениетаралық диалог пен толеранттық көзқарастардың ілгерілеуіне ҚазҰУ ұжымы да өзіндік үлес қосып келеді. Бүгінгі таңда оқу ордасында 200-ден астам өзге ұлт өкілдерінен құралған оқытушы-профессорлар құрамы қызмет етеді. Олардың қатарында орыс, ұйғыр, кәріс, қырғыз, украин, өзбек, түрік, неміс, болгар, хахас, ингуш, еврей, дүнген, күрд азаматтары бар. Бұған қосымша, 2082 өзге ұлт студенттері білім алады. Олардың әрқайсысы бірлік пен тірлік ұштасып, татулық пен тыныштық қалыптасқан елдің берекесі мол, іргесі нық, болашағы бекем боларын жақсы түсінеді.

Құрметті әріптестер, білім алушылар!

«Ел дегенде емініп, жұрт дегенде жүгініп» қызмет етер Қазақстан халқының әл-ауқаты артып, достық қарым-қатынасы күшейе берсін. Орайлы сәтті пайдалана отырып, баршаңызға денсаулық, еңбектеріңізге табыс, әр шаңыраққа бақ-береке тілеймін! Мереке құтты болсын!

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**





ҚАЗҰУ ҚАЛАШЫҒЫНДА ЕЛБАСЫ САЯБАҒЫ АШЫЛДЫ

Бүгін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, «Елбасы саябағы» ашылды.

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың құрметіне бой түзеген ағаштар аллеясына 300-ге жуық алма, шие, өрік ағашы отырғызылды.

Елбасы білім ордасына келген сапарында «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – жаңа Қазақстанның білімі мен ғылымының алдыңғы шебі» деп атап өтіп, ұлттық университеттерге үлкен үмітпен қарайтынын білдірген еді. Сонымен қатар Тұңғыш Президент республикамыздың басқару жүйесінде отырған білікті мамандар мен талантты ғалымдардың, дарынды педагогтардың үлкен тобы осы киелі шаңырақтан шыңдалып шыққанын баса айтқан.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Тәуелсіздік бөрінен қымбат» бағдарламалық мақаласында: «Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекетінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Осынау толағай табыстардың бәріне Елбасының дара көшбасшылығының һәм халқымыздың даналығы мен парасатының, бірлігі мен ынтымағының, отандастарымыздың қажырлы еңбегінің арқасында қол жеткіздік», – деп Ұлт Көшбасшысының ерен еңбегіне лайықты баға берген болатын.

Сол себептен қазақ білімі мен ғылымының қара шаңырағы Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында Елбасыға айрықша тарту жасау туралы шешім қабылдады.

Ағаш отырғызу жұмыстарына карантиндік талаптарды сақтай отырып, арнайы қызметкерлер жұмылдырылды.

Естеріңізге сала кетсек, Ұлыстың ұлы күні қалашықта Ағаштар аллеясы ашылды. Онда ұжыммен бірге жалпы саны 300-ден астам қырым қарағайы мен алтай шыршасы отырғызылды.

Ғылым қызметкерлері күнінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы даланың жеті қырының» бірі ретінде атап өткен «Сиверс» алмасының 100-ге жуық көшеті егіліп, ол «Ғалымдар бағы» деп аталды.

Алдағы уақытта студент жастар үшін жеміс ағаштарын отырғызу және қалашықты көріктендіру мақсатында барлық ғимараттар мен жатақханалар маңын көріктендіру көзделіп отыр.



В КАЗНУ ОТКРЫЛАСЬ АЛЛЕЯ ИМЕНИ ЕЛБАСЫ

Сегодня в Казахском национальном университете имени Аль-Фараби в честь 30-летия Независимости РК открылся «Парк Елбасы». Около 300 саженцев яблони, вишни, абрикоса, сливы высадили на аллее деревьев в честь Первого Президента РК – Елбасы Нурсултана Назарбаева.

В один из своих визитов в КазНУ им. Аль-Фараби Первый президент Казахстана Н.А. Назарбаев отметил: «Казахский национальный университет имени Аль-Фараби является авангардом образования и науки нового Казахстана». Елбасы выразил надежду, что национальные университеты страны, во главе которых стоит КазНУ, станут конкурентоспособными и получат международное признание. Первый Президент также подчеркнул, что в системе республиканского управления работают много квалифицированных специалистов, талантливых ученых и преподавателей, окончивших КазНУ.

Президент Касым-Жомарт Кемелович Токаев в своей программной статье «Независимость – самое дорогое» сказал: «В этом году исполняется 30 лет нашей независимости. Это важная веха в истории возрожденного казахского государства, основа свободы, к которой стремились наши предки. Этих успехов мы добились благодаря грамотному руководству Президента, мудрости нашего народа, единству и солидарности, трудолюбию наших соотечественников».

Именно поэтому в рамках 30-летия независимости страны руководство флагмана науки и образования – КазНУ – приняло решение преподнести особый подарок Первому президенту Елбасы. Соблюдая все условия карантинных мер, работники высадили аллею парка плодовых деревьев с учетом всех агротехнических норм.

Следует отметить, что с начала весны в ходе работ по благоустройству студенческого городка было высажено около 300 саженцев крымских и алтайских сосен. В День работников науки на территории кампуса университета также высадили 100 саженцев яблони сорта «Сиверс», которая была отмечена в статье Елбасы Нурсултан Назарбаев как одна из семи граней Великой степи. Участок плодовых деревьев назвали «Садом ученых».

В целях благоустройства студенческого городка и здании планируется дальнейшая посадка плодовых деревьев.



7 МАМЫР – ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, студенттері, магистрант-докторанттары!

Сіздерді 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев саптағы сарбаздарға туған өлкенің тыныштығын тапсыра отырып, «Тәуелсіздік алған сәттен бастап біз еліміздің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, қарулы қақтығыстардың алдын алуға, қарулы күштерді дамыту мәселелеріне әрдайым ерекше мән бердік. Қуатты және қабілетті армия – егемен елдің маңызды атрибутының бірі», – деп атап өткен болатын.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Айбынды армиямыздың даңқты дәстүрі кең-байтақ жерімізді жанқиярлықпен қорғап қалған батыр бабаларымыз бен Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің өшпес ерлігінен бастау алады. Бүгінде әскеріміз тәуелсіз Қазақстанның берік қалқаны ретінде жауынгерлік шеберлік пен асқақ рухтың озық үлгісін көрсетіп келеді. Бұл мерекеде біз өз өмірін Отан қорғауға арнаған, антына адал жандарға ерекше құрмет көрсетеміз», – деп, азаматтық борышын адал өтеп жатқан барлық әскерилерге айрықша сенім артқан еді.

Осы орайда, мемлекетіміздің даңқын арттырып, ел іргесін берік етіп, халқымыздың тыныштығын нығайтуға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті де қомақты үлес қосып отыр. Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Әскери кафедрасы 10 мыңнан астам офицер мен запастағы сержанттарды дайындады. Профессорлық-оқытушылық құрам «полковник», «подполковник», «майор» әскери атақтарына ие запастағы және отставкадағы 62 тәжірибелі офицерден тұрады. Олар 30 жылдан астам әскери қызмет етілі бар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің еңбек сіңірген ардагерлері.

Әскери кафедрада 1140 студент білім алууда. Білім алушылар 18 әскери-есептік мамандықтар бойынша жүзеге асырылады. Атап айтсақ: әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерінің, мотоатқыштар әскерінің болашақ офицерлері, барлаушылар, байланысшылар, тәрбие құрылымдарының офицерлері, денешынықтыру және спортты ұйымдастыру офицерлері, метеорологиялық қызметтің мамандары. Халық қаһарманы, Кеңес Одағының Батыры, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов, Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлы аудиториялары жұмыс істейді.

Құрметті әріптестер, білім алушылар!

Сіздерді 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнімен құттықтай отырып, патриоттық рухтарыңыз күшейіп, елге, жерге деген махаббаттарыңыз бен сүйіспеншіліктеріңіз арта берсін деп тілеймін!

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ





ҚАЗҰУ-ДА ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВТІҢ 85 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ, ВОЛЕЙБОЛДАН ТУРНИР БАСТАЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде көрнекті ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің 85 жылдығына орай әуесқойлар арасында жағажай волейболынан халықаралық турнир басталды.

Спорттық шараны Алматы қаласы әкімдігі, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және қалалық Волейбол федерациясының қолдауымен «Буревестник-Алматы» спорт клубы ұйымдастырды.

Алаңға Өзбекстан, Қырғызстан және ел аймақтарынан келген 60 жасқа дейінгі жас санаттары бойынша әуесқой ерлер, әйелдер және аралас 60-тан астам команда жиналды.

Салтанатты рәсімді Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы-Ректоры Жансейіт Түймебаев ашып, бірегей тұлғаны мерейтойымен құттықтады.

Сондай-ақ жиында Олжас Сүлейменов Қазақстан ұлттық лигасының волейболдан Чемпион кубогын «Буревестник» аға командасына салтанатты түрде табыстады. Ал Қазақстан жоғары волейбол лигасындағы «Буревестник» жасөспірімдер командасына ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев Чемпион кубогын ұсынды.

Айта кетсек, Олжас Сүлейменов – ҚазҰУ-дың танымал әрі құрметті тұлғасы. Университетте «Олжас Сүлейменов лингвистикалық ғылыми-зерттеу орталығы» жұмыс істейді. Онда тың ғылыми жобалар табысты жүзеге асырылуда.

Шара аясында қонақтар ҚазҰУ-да ашылған Елбасы саябағына көшеттер отырғызды.



ДАН СТАРТ ТУРНИРУ ПО ПЛЯЖНОМУ ВОЛЕЙБОЛУ, ПОСВЯЩЕННОМУ 85-ЛЕТИЮ ОЛЖАСА СУЛЕЙМЕНОВА

На стадионе Казахского национального университета имени Аль-Фараби дан старт международному турниру по пляжному волейболу среди любительских женских и мужских команд. Спортивное мероприятие посвящено 85-летию выдающегося поэта и общественного деятеля РК Олжаса Сулейменова.

Организаторами выступили КазНУ имени Аль-Фараби, ВК «Буревестник-Алматы» при поддержке Акимата и федерации волейбола г. Алматы. На спортивной площадке собрались более 63 любительских мужских, женских и смешанных команд в возрастных категориях до 60 лет из Узбекистана, Кыргызстана и с разных регионов страны.

Открывая торжественную церемонию Председатель Правления-Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев поздравил выдающегося поэта и уникальную личность с юбилеем.

Следует отметить, что в КазНУ функционирует Научно-исследовательский лингвистический центр Олжаса Сулейменова, где осуществляются многие научные проекты. О. Сулейменов является выпускником географического факультета КазНУ и принимает активное участие в деятельности альма-матер.

Олжас Сулейменов во время церемонии открытия поздравил спортсменов-участников и в торжественной обстановке вручил кубок чемпиона Казахстана по волейболу национальной суперлиги старшей команде «Буревестник». В свою очередь ректор КазНУ Жансеит Туймебаев передал Кубок чемпионов в Высшей волейбольной лиге Казахстана молодежной команде «Буревестник».

В завершение торжественной части в Парке Елбасы на территории кампуса КазНУ имени Аль-Фараби участники и гости мероприятия посадили деревья.



9 МАМЫР – ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, студенттері, магистрант-докторанттары!

Сіздерді 9 Мамыр – Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Соғыс ардагерлері біздің бақытты өмірімізге, тәуелсіздігімізге және аспанымыздың ашық болуына жол ашты. Біз бүгін «Отан қорғаушылар» монументіне гүл шоғын қойып, халқымыздың майдандағы және тылдағы қаһармандығы мен еңбегіне деген зор құрметімізді білдіреміз», – деп атап өткен еді. Сондай-ақ «Біздің ардагерлерге деген құрметіміз олардың ұлы ерлігінен кем түспеуге тиіс. Жеңіске ең алдымен еліміздегі барлық халықтың бірлігінің, бауырмалдығының және достығының нәтижесінде қол жетті. Біз қазір де осы ұранмен өмір сүріп келеміз», – деп, майдангерлер мен тылдағы еңбеккерлерге зор ілтипатын білдірген.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Мерейлі мереке қанқұйлы жауды күйрете жеңіп, туған жерін қорғап қалған әкелеріміз бен аталарымыздың өшпес ерлігін дәріптейтінін» айта келе, «Біз ержүрек аға буынның алдында мәңгі қарыздармыз. Олардың қайсарлығы мен төзімділігінің, табандылығы мен патриоттығының арқасында бейбіт заманда өмір сүріп, жарқын болашағымызға жол аштық», – деген болатын.

Шындығында, қан майданда қаза тапқан, ортамызда жүрген ержүрек батырлардың ерлігі – елге мұра, ұрпаққа ұран. Егін алқаптарында бел жазбай еңбек еткен тыл еңбеккерлерінің жеңісті жақындатуға қосқан үлесі де ешқашан ұмытылмақ емес.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бабалар ерлігі дәріптелетін мемлекеттік мерекеге сәйкес, «Ардагерге құрмет» қайырымдылық акциясын ұйымдастырды. Іс-шара аясында екі соғыс ардагеріне, 88 тылдағы еңбеккерге, 13 Ауған соғысының жауынгеріне, 20 университет Ақсақалдар кеңесінің мүшелеріне азық-түлік себеттері таратылып, қаржылай көмек көрсетілді.

Құрметті әріптестер, білім алушылар!

Жеңіс туы желбіреген қастерлі мереке құтты болсын! Төрткіл әлемге танылған айбынды елімізде бейбітшілік мәңгі салтанат құрып, абырой-даңқы арта берсін! Жерімізге тыныштық, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін!

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**





ҚАЗҰУ-ДА «НЕЙРОҒЫЛЫМ» МАМАНДЫҒЫ АШЫЛАДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев әлемге танымал нейробиолог-ғалым, Шеффилд университетінің (Ұлыбритания) профессоры Базбек Дәулетовпен кездесті. Өңгіме барысында ғылыми ынтымақтастықты орнату, өзара байланысты нығайту мәселелері талқыланды.

Жүздесуде ЖОО басшысы Жансейіт Түймебаев шетелден үздік ғалымдарды тартудың ел ғылымы үшін маңыздылығына тоқталып, осы салада мемлекет тарапынан қабылданған тиісті шараларды атап өтті. Ректор өз сөзінде: «Сіз Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Техас университеті, Кембридж университетінде білім алып, жұмыс істедіңіз. Күрделі нейробиология ғылымындағы тәжірибеңіз біздің студенттер үшін өте құнды», – дей келе, Дәулет Әбубәкірұлына ҚазҰУ-да дәріс беру туралы ұсынысын қабыл алғаны үшін алғыс білдірді. Бұл шешім университет үшін үлкен мәртебе екенін және бірлескен ғылыми зертхана құруға дайындығын жеткізді.

Профессор Б.Дәулетов өз кезегінде ҚазҰУ жанындағы Когнитивті нейроғылым орталығының зерттеулеріне қызығушылық танытып, «Мидың, эмоционалды-когнитивті функциялардың дамуын және олардың әртүрлі жас топтарындағы генетикалық маркерлерін МРТ/ЭЭГ зерттеу» жобасы жайлы пікірімен бөлісті.

Нәтижесінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Биофизика, биомедицина және нейробиология кафедрасында «Нейроғылым» жаңа мамандығын ашу туралы келісім жасалды. Бұл мамандық елімізде және бүкіл Орталық Азия өңірінде тұңғыш рет оқытылатын болады.

Кездесуде нейроғылым саласы бойынша гранттық қаржыландыруға бірлескен ғылыми жобаларды дайындау мәселесі де кеңінен қаралды.



В КАЗНУ ОТКРЫВАЕТСЯ СПЕЦИАЛЬНОСТЬ «НЕЙРОНАУКА»

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев встретился с всемирно известным ученым, профессором в области нейронауки Базбеком Давлетовым, профессором Шеффилдского университета, почетным ученым-нейробиологом Великобритании.

В ходе мероприятия обсуждались важные аспекты тесного сотрудничества в связи с созданием в университете нового направления «нейронаука». Эта специальность будет преподаваться впервые в стране и во всем Центрально-Азиатском регионе.

В ходе встречи глава вуза Жансеит Туймебаев отметил важность привлечения лучших зарубежных ученых для развития науки страны, подчеркнув, что в этом направлении государством принимаются соответствующие меры. «Огромный опыт вы приобрели, обучаясь и работая в таких университетах, как: МГУ им. Ломоносова, университет Техаса, Кембриджский университет. Очень важно, что вам довелось поработать с учеными мирового уровня. Ваши знания и опыт в такой сложной дисциплине, как нейронаука, просто бесценны», – сказал ректор. Также он выразил готовность создать все необходимые условия для работы и оборудовать новую научную лабораторию.

Согласие профессора Б.Давлетова работать в КазНУ является большой честью для университета. Данное сотрудничество предполагает развитие таких направлений, как: подготовка специалистов по нейронауке; совместная подготовка докторов PhD по актуальным направлениям; содействие в обмене студентами, стажировках магистрантов и докторантов в университетах Шеффилда, Кембриджа; подготовка совместных образовательных проектов с перспективной возможностью выхода на двудипломную программу.



ҚАЗҰУ РЕКТОРЫ ОЛИМПИАДА ЧЕМПИОНЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев олимпиада чемпионы Дмитрий Баландинмен жүздесті.

2016 жылы Рио-де-Жанейрода өткен XXXI жазғы олимпиада ойындарының жеңімпазы өзі түлеп ұшқан білім ордасына ат басын бұрып, алдағы жоспарларымен бөлісті.

Білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев бірлесе атқаратын жұмыстар жайлы әңгіме өрбітіп, спорт шеберіне шетелде жинаған тәлім-тәжірибесін университет қабырғасында қолдану туралы ұсыныс айтты.

Өз кезегінде жүзу спортының шебері өз атындағы бассейнге арнайы жаттықтырушылар шақырып, болашақ олимпиада жүлдегерлерін дайындауға және Баландин мектебін қалыптастыруға ниетті екенін жеткізді.





РЕКТОР ВСТРЕТИЛСЯ С ОЛИМПИЙСКИМ ЧЕМПИОНОМ



Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев встретился с олимпийским чемпионом Дмитрием Баландиным.

Победитель XXXI олимпийских игр в Рио-де-Жанейро 2016 года, посетил свою альма-матер и поделился планами на будущее.

Глава вуза Жансеит Туймебаев рассказал о предстоящей совместной работе и предложил мастеру спорта использовать свой опыт и потенциал в университете полученные за рубежом.

В свою очередь, чемпион по плаванию выразил готовность пригласить сильных тренеров и подготовить будущих олимпийских призеров, а также создать плавательную школу Д.Баландина, используя ресурсы бассейна, названного его именем.



АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІНІҢ ҰЛЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Бүгін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қабырғасында көрнекті саяси және қоғам қайраткері, Алаш қозғалысының негізін салушылардың бірі Мұхамеджан Тынышбаевтың ұлы – ғалым, Башқұртстан Республикасының ғылымы мен техникасына еңбек сіңірген қайраткер Дәулет Шейх-Әли-Тынышбаевпен кездесу өтті.

Мәртебелі мейманды білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев қарсы алып, 90 жылдық мерейтойымен құттықтады. Тарихи тұлғаның ұлт алдындағы жанкешті еңбегін айта келе, ректор қазақтан шыққан тұңғыш теміржол қатынастарының инженері Мұхамеджан Тынышбаевтың есімі ел тарихында алтын әріптермен жазылғанын атап өтті.

Дәулет Шейх-Әли-Тынышбаев әке рухына тағзым ету үшін туған жері – Жетісуға жиі ат басын бұратынын жеткізді.

Дәл бүгін, 12 мамыр күні бірегей тұлғаның туғанына 142 жыл толды. ЖОО басшысы М.Тынышбаевтың 150 жылдығы елімізде еш талассыз, жоғары деңгейде және кең көлемде аталарына сенім білдірді.

Әке нұсқауымен анасы жағынан туыс арғы атасының тегін алған Дәулет Мұхамеджанұлы өзінің өмір жолы жайлы айтып, Воронеж облысында айдауда болған ауыр жылдардағы естеліктерімен бөлісті. 1931 жылы өмір есігін ашқан қария әкесімен өткен жарқын сәттерді, оған орыс тілін үйретіп, инженер болатынына сенім артқанын сағынышпен еске алды.

Кездесу соңында 90 жасқа толған қарияның иығына шапан жабылып, сый-құрмет көрсетілді.



СЫНУ ДЕЯТЕЛЯ АЛАШ ВЫРАЗИЛИ ПОЧТЕНИЕ

В стенах университета КазНУ имени Аль-Фараби прошла встреча Председателя Правления – Ректора КазНУ имени Аль-Фараби Жансеита Туймебаева с доктором технических наук Даулетом Шейх-Али-Тынышпаевым – сыном одного из основателей «Алаш Орды», историка, активного участника проектирования и строительства Туркестано-Сибирской магистрали Мухамеджана Тынышпаева.

Приветствуя почетного гостя, ректор вуза поздравил его с 90-летним юбилеем. Отмечая заслуги Мухамеджана Тынышпаева перед Отечеством, он подчеркнул, что имя первого казахского инженера и общественного деятеля вписано в историю Казахстана золотыми буквами. 12 мая исполняется 142 года со дня рождения видного общественного и политического деятеля Мухамеджана Тынышпаева. Даулет Шейх-Али-Тынышпаев часто приезжает на родину своего отца – Жетысу, чтобы почтить его память.

Глава вуза подчеркнул, что 150-летний юбилей М. Тынышпаева будет отмечен на высоком уровне и широко освещен. В свою очередь, Даулет Шейх-Али-Тынышпаев, по наставлению отца взявший фамилию своего прадеда по линии матери, рассказал о своей жизни и поделился воспоминаниями о голодоморе в Воронежской области, куда был сослан его отец.

В завершение встречи 90-летнему имениннику был надет чапан и вручены подарки и памятные сувениры.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ ЖАСАЛДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығының басқарма төрағасы Болат Сәрсенбаевты қабылдады.

Қадірменді қонақ ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың халықаралық бастамаларын ілгерілетуге бағытталған орталық жұмысы туралы кеңінен әңгімеледі. Сонымен қатар көрнекті қоғам қайраткері ҚазҰУ-да дін саласы мамандарының даярланатынына тоқталып, ел игілігі жолындағы қызметте бірлесе жұмыс істеу ниетін жеткізді.

Оқу орнының басшысы өз кезегінде дінтану саласы ғана емес, халықаралық қатынастар бойынша да өзара әрекеттестік орнатудың зор әлеуетін атап өтті.

Тараптар мәдениеттер мен өркениеттердің рухани бірлігі мәселелерін талқылай келе, өзара ынтымақтастық туралы келісімге келді.



ЗАКЛЮЧИЛИ СОГЛАШЕНИЕ О СОТРУДНИЧЕСТВЕ

Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев встретился с Председателем Правления Назарбаев Центра по развитию межконфессионального и межкультурного диалога Булатом Сарсенбаевым.

Почетный гость рассказал о работе центра, направленной на продвижение международных инициатив Первого Президента РК – Елбасы Н.Назарбаева. Видный общественный деятель отметил, что в КазНУ ведется подготовка специалистов в сфере религии и выразил желание работать вместе на благо страны.

Обсудив вопросы духовного единства культур и цивилизаций, стороны договорились о взаимовыгодном сотрудничестве. Участие в переговорах принял также руководитель Института анализа религиозной ситуации Ержан Байбол, который работает в Центре Н.Назарбаева.

В рамках встречи были обсуждены такие вопросы сотрудничества, как: взаимный обмен информацией по религиозным исследованиям, стажировка студентов в Центре по развитию межконфессионального и межкультурного диалога.



ОРАЗА АЙТ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, студенттері, магистрант-докторанттары!

Сіздерді қасиетті Ораза айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Жақсылықты дәріптеп, ізгілікті насихаттайтын мейірімділікке толы мейрам мүбарак болсын!

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Біздің елімізде Ораза айт діни сеніміне қарамастан, күллі қазақстандықты біріктіре түседі. Осы дәстүрлерді одан әрі нығайту, адамгершілік құндылықтарды бағалай білу маңызды. Бұл – Қазақстанның тұрақты және сенімді дамуының негізі», – деп атап өткен болатын.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Адамгершілікке, мейірім мен қайырымдылыққа үндейтін қасиетті Рамазан айының аяқталуы – күллі мұсылман үмбеті үшін маңызды мереке. Ораза айт күндері әр мұсылман туған-туыстары мен бауырларына қамқорлық көрсетіп, мұқтаж жандарға қол ұшын созып, өзінің рухани дамуына зор мән береді», – деп, игі істер адамдарды ортақ мақсатқа жетелейтінін жеткізді.

Ендеше отыз күннің берекесі халқымыздың ырыс-несібесін арттырып, жүректеріне шуақ сыйлағай! Тәуелсіздік алғанына 30 жыл толған еліміздің ынтымақ-бірлігі нығайып, әрбір отбасында қуаныш пен шаттық орнасын. Сынақ тапсыруды бастаған барлық студенттерге сәттілік және жоғары көрсеткіш тілеймін!

**Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы –
Ректоры Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**





ҚАЗҰУ-ДА ЗАМАНАУИ ТЕННИС ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің спорт кешенінде «Жан досым» заманауи теннис орталығы ашылды.

Жоба Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Қазақстан теннис федерациясының қолдауымен «Жан досым» теннис клубының бастамасы негізінде жүзеге асырылып отыр.

Салтанатты іс-шараға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, «Жан досым» клубының президенті Есет Ешпанов, ҚР мәдениет және спорт вице-министрі Ерлан Қожағапанов, Қазақстан теннис федерациясының вице-президенті Юрий Польских, жоба инвесторы Ерлан Қожасбай, кәсіпкер Арманжан Байтасов қатысып, құттықтау сөз сөйледі.

Орталық аумағында ҚР теннис федерациясының қолдауымен 300 орындық балалар теннис мектебі ашылмақ. Бұл жайлы жиында спорт жанашыры, кәсіпкер Ерлан Сәдуақасұлы хабарлап, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан балалар үшін орталықтың қолжетімді болуы қамтамасыз етілетінін жеткізді.

Жаңа нысанда кәсіби және әуесқой тенниспен айналысу үшін барлық жағдай жасалған: жаттығу залы, медициналық қызмет, киім ауыстыратын және жуынатын бөлмелер, дәмхана мен спорт дүкені, ондағы санитарлық талаптардың сақталу жайы да қарастырылған.



В КАЗНУ ОТКРЫЛСЯ СОВРЕМЕННЫЙ ТЕННИСНЫЙ ЦЕНТР

В Спортивном комплексе Казахского национального университета имени Аль-Фараби открылся современный теннисный центр «Жан досым».

Крытый центр новейшего типа включает шесть кортов и трибуну на 165 зрителей. Качественное покрытие площадок соответствует мировым требованиям, утвержденным Международной федерацией тенниса. Проект реализуется по инициативе теннисного клуба «Жан досым» при поддержке КазНУ им. Аль-Фараби и федерации тенниса Казахстана.

В торжественном мероприятии, посвященном знаменательному событию, приняли участие: Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, президент клуба «Жан досым» Есет Ешпанов, вице-министр культуры и спорта РК Ерлан Кожасаганов, вице-президент Федерации тенниса Казахстана Юрий Польских, инвестор проекта Ерлан Кожасбай, предприниматель Арманжан Байтасов.

«Новый теннисный центр позволит студентам все двенадцать месяцев в году заниматься полезным, развивающимся видом спорта. И я надеюсь, молодежь сможет тренироваться в прекрасных условиях и достигнуть больших высот в этом виде спорта», – подчеркнул ректор КазНУ Ж.Туймебаев.

Теннисный центр в окружении живописной природы станет любимым местом не только профессиональных спортсменов, но и молодежи, а также горожан.



ҚАЗҰУ РЕКТОРЫ ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВТИҢ 85 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСТЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев «Танып-біліп өзімізді өзгеден, біз көшеміз өзімізге бет алып: Олжас және мәдениеттерді жақындастыру» атты халықаралық ғылыми конференцияға қатысты.

Алқалы жиын көрнекті ақын және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің 85 жылдық мерейтойына арналды. Оған Қазақстан және алыс-жақын шетелдердің мемлекет және қоғам қайраткерлері, ЖОО басшылары мен ғалымдары, БАҚ өкілдері қатысты.

Білім ордасының басшысы Олжас Омарұлын мерейлі жасымен құттықтай отырып, ақынның шығармашылығы мен әлемдік мәдениетке қосқан үлесі жайында ой толғады. Дара тұлғаның өз өлеңдері арқылы әлемдік руханият ауқымын қамтып, халықаралық мінберлерде адамзатқа ортақ мәселелерді көтергенін атап өтті. Өз сөзінде ректор: «Әлем азаматы деңгейіне көтеріліп, рухты жырларыңызбен миллиондаған оқырманның жүрегіне жол таптыңыз», – дей келе, Францияның экс-президенті Жак Ширактың Елбасымен кездесуінде ақын өлеңін оқып, қазақ халқына айрықша құрмет көрсеткенін еске алды.



МЕЖДУНАРОДНАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ, ПОСВЯЩЕННАЯ 85-ЛЕТИЮ ОЛЖАСА СУЛЕЙМЕНОВА

В Алматы прошла международная научная конференция, посвященная 85-летию Олжаса Сулейменова «Мы кочуем навстречу себе, узнаваясь в другом: Олжас и сближение культур».

Выступая на пленарном заседании, Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев сказал: «Духовный феномен Олжаса Сулейменова уникален, он как номад-пассионарий. Его творчество, вобрав в себя лучшие традиции казахской культуры, стало общечеловеческим. Оставаясь плоть от плоти казахом, Олжас Омаринович творит на русском языке, избрав тем самым путь обогащения своей национальной культуры и литературы».

Глава вуза подчеркнул, что Олжас Сулейменов в своих произведениях раскрывает вклад и роль тюркских народов в развитие мировой культуры и истории. Он создает образ казахского народа, воспекает степные просторы Казахстана, но вместе с тем не умаляет величие гор. Олжас Омаринович – глубокий, оригинальный мыслитель, а также человек решительных действий. «Мировая интеллектуальная элита знает Олжаса Сулейменова как государственного и политического деятеля. Неоценима его деятельность в качестве дипломата в статусе постоянного представителя Республики Казахстан при ЮНЕСКО», – сказал Ж.Туймебаев в своем выступлении.



ҚАЗҰУ-ДА О.СҮЛЕЙМЕНОВТІҢ 85 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫ АТАП ӨТІЛДІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ақын Олжас Сүлейменовтің 85 жылдық мерейтойы кең көлемде атап өтілді.

Алқалы жиын ақын білім алған ҚазҰУ-дың география және табиғатты пайдалану факультетінде оқу аудиториясының ашылуымен басталып, «О.Сүлейменов – ақын және азамат» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференцияға ұласты.

Салтанатты шараны Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ашып, жауһар жырларымен әлемге танылған тұлғаның өмір жолының ҚазҰУ-мен тығыз байланысты екенін атап өтті. Олжас Сүлейменов, ең алдымен, университеттің 1959 жылғы түлегі әрі құрметті профессоры екенін айта отырып, ректор ақынның тәуелсіздіктің беки түсуіне қосқан зор үлесіне тоқталды.

Жиын барысында О.Сүлейменовке арналған «Әлемдік руханият қайраткері» атты бейнеролик көпшілік назарына ұсынылды. Университет мұражайына өзі тұтынған заттар қойылып, «Құрлықтар құрметтеген қаламгер» атты жеке экспозициясы мен кітап көрмесі ашылды. Сондай-ақ ҚазҰУ жанындағы Халықаралық Абай орталығының ұйытқы болуымен О.Сүлейменовтің «Арғымақ» кітабының тұсауы кесілді.

Жиын соңында ақын барша құттықтаушыларға ыстық ықылас пен тамаша тілектері үшін алғыс білдіріп, шығармашылық шабыт тіледі.





В КАЗНУ ОТМЕТИЛИ 85-ЛЕТНИЙ ЮБИЛЕЙ ОЛЖАСА СУЛЕЙМЕНОВА



В рамках празднования 30-летия Независимости РК в библиотеке Аль-Фараби состоялась Международная научно-практическая онлайн-конференция «О.Сулейменов – поэт и гражданин», посвященная 85-летию видного государственного и общественного деятеля, поэта Олжаса Сулейменова.

Мероприятие, организованное КазНУ имени Аль-Фараби, началось с открытия учебной аудитории имени Олжаса Сулейменова на факультете географии и природопользования, который он окончил в 1959 году. В музее истории КазНУ им. Аль-Фараби была представлена экспозиция книжной выставки «Поэт планетарного масштаба», включающая уникальные фотодокументы, первое собрание сочинений, награды, поздравительные адреса и личные вещи поэта.

Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, открыв работу конференции, в своей речи отметил яркую и неповторимую творческую и общественную деятельность юбиляра.



ДІНИ САУАТТЫЛЫҚ – ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Мәскеу ислам институтының ректоры, Ресей Федерациясы мұсылмандары діни басқармасы төрағасының бірінші орынбасары Дамир Мухетдиновпен кездесті. Әңгіме барысында тараптар ұзақ мерзімді ынтымақтастық пен серіктестік бағыттарын талқылады.

Оқу орнының басшысы алдымен дін саласындағы өзекті мәселелерге тоқталды. Көрнекті мемлекет қайраткері ретінде ол конфессияаралық және өркениетаралық диалогты жүргізу тәжірибесімен бөлісіп, діни-ағарту жұмыстарының маңыздылығына мән берді. Сонымен қатар ректор білім ордасының философия және саясаттану факультетінде Дінтану және мәдениеттану кафедрасы жұмыс істейтінін тілге тиек ете келе, мәдениет, ғылым мен білім беру салаларындағы өзара ынтымақтастықтың зор әлеуетін атап өтті.

Қадірменді қонақ өз кезегінде Ресей Федерациясы мұсылмандары діни басқармасының бітімгершілік қызметі туралы әңгімеледі. Дамир Мухетдинов діни алауыздықтың алдын алу, лаңкестікке қарсы күрес шаралары жайлы айта келе, жастардың діни сауаттылығын арттыру бағытында ары қарай бірлесе жұмыс істеуге ниеттестігін жеткізді.



РЕЛИГИОЗНАЯ ГРАМОТНОСТЬ – ЗАЛОГ БЕЗОПАСНОСТИ

Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев встретился с ректором Московского исламского института, первым заместителем председателя Духовного управления мусульман Российской Федерации Дамиром Мухетдиновым. В ходе беседы стороны обсудили направления долгосрочного сотрудничества и партнерства.

В ходе переговоров глава вуза затронул актуальные вопросы в области религии. Как видный государственный деятель, он поделился своим опытом межконфессионального и межцивилизационного диалога и подчеркнул важность работы по религиозному просвещению.

Ректор КазНУ также отметил, что на факультете философии и политологии университета функционирует кафедра религиоведения и культурологии, которая имеет большой потенциал сотрудничества в области культуры, науки и образования.

Высокий гость, в свою очередь, рассказал о миротворческой деятельности Духовного управления мусульман Российской Федерации. Говоря о мерах по предотвращению религиозного экстремизма и борьбе с терроризмом, Дамир Мухетдинов выразил намерение продолжить совместную работу по повышению религиозной грамотности молодежи.



АЛЛА ЕЛШІННІҢ ЖҰМБАҒЫ АШЫЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Алла – Диордың шығыс маржаны» деректі фильмінің бас продюсері, экономика ғылымының докторы, дипломат Берлин Иришевтің «ДИОР музасы. Алла Елшіннің ашылмаған жұмбағы» (L'Enigme d'ALLA. Muse de DIOR) кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

«Париждің сәні мен әсемдігі» деп аталған онлайн шарада Басқарма Төрағасы – ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев, Францияның Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Дидье Канесс, саясаттанушы Досым Сәтпаев, белгілі қоғам қайраткерлері, мәдениеттанушылар, оқытушылар және студенттер қатысты.

Білім ордасының басшысы өз сөзінде автор ұсынып отырған кітапта бір ғана кейіпкердің тағдыры емес, ХХ ғасырдағы тарихи оқиғалар кезіндегі әйелдердің рөлі мен үлесі қамтылғанын атап өтті. Соғыстан кейінгі жылдары жоғары сән әлемін бағындырған Алла Елшінмен жан-жақты таныстырған Берлин Иришевке алғыс білдіріп, автордың қоғамдық-саяси ортадағы сіңірген еңбегіне тоқталды.

Берлин Кенжетайұлының өз Отанының нағыз патриоты екенін айта келе, ғылым және жоғары білім саласының дамуына сіңірген еңбегі үшін «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрметті профессоры» атағы берілетінін жеткізді. Сондай-ақ «Ерен еңбегі үшін» медалін табыстады.

Ұйымдастырылған шараға ризашылық білдірген Берлин Иришев: «Жалпы, әлемде сән падишалары туралы аңыз көп. Бірақ халық тек деректі құжаттарға ғана сенеді. Біз тарихи мәліметтерге назар аудардық. Алланың өмірі туралы фактілерді жинау оңай болған жоқ. Соған қарамастан, зерттеуді тоқтатпаған шығармашылық топ Алла Елшін туралы естеліктер мен ақпараттарды іздеп табуда қыруар жұмыс атқарды», – деді.



РАСКРЫТА ЗАГАДКА АЛЛЫ ИЛЬЧУН

Настоящим событием культурной жизни южной столицы и КазНУ им. Аль-Фараби стала презентация книги «Муза ДИОРА. Загадка Аллы Ильчун» (L'Enigme d'ALLA. Muse de DIOR) с участием автора – доктора экономических наук, дипломата Берлина Иришева, генерального продюсера документального фильма «АЛЛА – восточная жемчужина DIOR», которая состоялась в Научной библиотеке ведущего вуза страны.

Книга Берлина Иришева посвящена легендарной парижской манекенщице казахско-русского происхождения Алле Ильчун. Она «взорвала» мир высокого подиума в середине 20 века, произведя неизгладимое впечатление на великого кутюрье Кристиана Диора.

В мероприятии «Сквозь шик и флэр парижский» приняли участие: Председатель Правления – Ректор КазНУ Жансеит Туймебаев, чрезвычайный и полномочный посол Франции в РК Дидье Канесс, известные общественные деятели, культурологи, преподаватели и студенты. В качестве ведущего выступил казахстанский политический и общественный деятель, политолог к.п.н. Досым Сатпаев.

С приветственным словом к участникам мероприятия обратился Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев. Подчеркнув, что впервые в учебном заведении проводится презентация книги, посвященной истории моды, он отметил, что событие это совсем неслучайно, поскольку речь пойдет о непростых перипетиях истории и культуры двадцатого века. «КазНУ им. Аль-Фараби является ведущим центром развития человеческого капитала страны. Наша задача – не только обеспечивать молодежь качественными знаниями, но и формировать эстетический вкус, развивать музыкальные таланты, учить разбираться в искусстве», – сказал в своем выступлении глава вуза.

Руководитель вуза отметил, что представленная автором книга охватывает не только судьбу одного персонажа, но и раскрывает роль и вклад женщины в исторические события XX века. Поблагодарив Берлина Иришева за презентацию книги о мире высокой моды, руководитель вуза рассказал о вкладе автора в общественно-политическую жизнь общества и отметил его патриотизм и большую любовь к своей Родине.



ТҮЛЕКТЕР КҮНІ ТӘРБИЕЛІК МӘНІМЕН ЕСТЕ ҚАЛУЫ ТИІС

Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, бітіруші түлектері, магистрант-докторанттары!

Қазақ білімі мен ғылымының қара шаңырағында жеті жыл бұрын қалыптасып, әр жылы мамырдың соңғы сенбісінде атап өтілетін Түлектер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Білім ордасын бітіріп кеткен және енді ғана қолына диплом алғалы отырған түлектер үшін бұл күннің маңызы – алдыңғы толқынды үлгі ете отырып, кейінгі буынды бір мақсатқа жұмылдыру деп білемін.

Біздің басты міндетіміз – университет қабырғасында алған іліміміз бен кәсіби білігімізді ел дамуына жұмсау, қазақ білімі мен ғылымын әлемдік қауымдастық алдында таныту.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, «Тұғырлы мемлекетімізді ғұмырлы ету – біздің ортақ мүддеміз» болуы тиіс.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында көрсетілгендей, «Қуатты мемлекет және бәсекеге қабілетті ұлт» дәрежесіне көтерілу.

«Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деп ойланатын уақыт.

Сондықтан Түлектер күні – ағымдағы өте шығар бір күндік шара емес, салтанатты сәнімен қоса, тәрбиелік мәнімен есте қалуы керек деп ойлаймын.

Құрметті әріптестер, түлектер!

Біз биылғы оқу жылында әлемдік пандемияның түрлі кедергілеріне қарамастан, 7000-ға жуық түлекті өмір жолына үкілеп шығарып салмақпыз. Оның 5000-ға жуығы білім алушы студенттер болса, қалғаны магистрант, докторанттар. Оқу орнынан қанат қаққалы отырған жас мамандардың көп ұзамай қоғамда өз орнын тауып, өз сүрлеуін саларына сенімім мол.

Түрлі салада еңбек етіп, қайраткер тұлғаға айналып, мерейтойлық кездесуге онлайн қатысып отырған азаматтарға ыстық ықыласым мен арнайы құттықтауымды жеткіземін.

ҚазҰУ-дың атын шығарып, мерейін тасытып жүргендеріңіз үшін мың алғыс! ҚР Конституциялық Кеңесінің төрағасы Қайрат Мәми басқаратын Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Түлектер қауымдастығына альма-матерге деген жанашырлығы мен қолдаулары үшін ерекше ризашылығымды білдіремін.

Жолың болсын, жас маман!

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**





ЕГИПЕТПЕН ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ КЕҢЕЙЕДІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Манал Ехия Эль Шиннави бастаған Мысыр Араб Республикасының делегациясымен кездесу өтті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев екі ел арасындағы ынтымақтастық экономика, ғылым, білім, мәдениет және басқа да салалардың дамуына оң ықпал ететінін атап өтті. Египет университеттерімен тығыз байланыс орнатуға және жаңадан келетін студенттерді қабылдауға дайын екенін жеткізді. Мысыр Араб Республикасының Каир университетінде Әл-Фараби ғылыми-білім беру орталығының ашылғанына ризашылық білдірді. Мамандарды бірлесіп даярлау, академиялық алмасу бағдарламаларын іске асыру, оқытушылардың біліктілігін арттыру бойынша әріптестікті жалғастыруды ұсынды. Бұдан бөлек, бірлескен халықаралық конференциялар мен симпозиумдарды өткізу және қосдипломды білім беру бағдарламасын жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар жасалды.



РАСШИРЯЕТСЯ СОТРУДНИЧЕСТВО С ЕГИПТОМ

В КазНУ имени Аль-Фараби состоялась встреча с делегацией Арабской Республики Египет во главе с Послом АРЕ в Республике Казахстан г-жой Манал Ехия Эль Шиннави.

Во время встречи обсуждались вопросы развития взаимовыгодного сотрудничества в области науки и образования. Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев отметил, что между двумя странами существуют давние дружеские отношения, которые способствуют развитию экономики, науки, образования, культуры и других сфер. Глава вуза подчеркнул, что КазНУ стремится развивать тесное сотрудничество с университетами Египта и готов принять в своих стенах новых студентов.

Ректор вуза выразил благодарность за открытие в Арабской Республике Египет Научно-образовательного центра Аль-Фараби в Каирском университете. Также было предложено проводить совместные международные конференции и симпозиумы в онлайн-формате и осуществлять программу дудипломного образования.



ТҮЛЕКТЕР КҮНІ ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЙЫНА АРНАЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Түлектер күні атап өтілді. Аталмыш шара мамыр айының соңғы сенбісінде жыл сайын жүзеге асып келеді. Биылғы кездесу ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналды.

Салтанатты қақпа алдына жиналған әр жылғы танымал түлектерді Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев қарсы алды.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің төрағасы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Түлектер қауымдастығының президенті Қайрат Мәми, ақын Олжас Сүлейменов, көрнекті мемлекет қайраткері Игорь Рогов, «Тұран» университетінің ректоры Рахман Алшанов, академик-ғалым Төлеген Қожамқұлов, «Экомед» емханасының жетекшісі Салтанат Байқошқарова, «Восточное рудоуправление» ЖШС Бас директоры Зелина Катрановалар түлектер атынан әл-Фараби және Ө.Жолдасбеков ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

Жиынды ҚР Конституциялық Кеңесінің төрағасы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Түлектер қауымдастығының президенті Қайрат Мәми ашып, меценат-түлектердің демеушілігімен атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Алқалы жиында сөз алған білім ордасының ректоры Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-дың ел тәуелсіздігін құру және нығайтуға қосқан түлектерінің үлесі жайлы «Қайраткерлер қолтаңбасы» кітабының жазылып жатқандығына тоқталды.

Сондай-ақ Түлектер күні қарсаңында атқарылған маңызды шараларға да маңыз бере келе, биология ғылымдарының докторы Салтанат Байқошқароваға «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың құрметті профессоры» атағын табыстады. Ал техника ғылымдарының кандидаты Зелина Катранова «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың құрметті докторы» атанды.

Бұдан бөлек, барлық факультеттер де әр жылғы түлек өкілдерімен онлайн-кездесулер ұйымдастырды.



ДЕНЬ ВЫПУСКНИКОВ ПОСВЯТИЛИ НЕЗАВИСИМОСТИ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби отметили День выпускника. Это мероприятие проводится ежегодно в последнюю субботу мая. В этом году встреча была посвящена 30-летию Независимости Казахстана.

У Тримфальной арки «Мәңгілік ел» собрались известные выпускники разных лет, которых приветствовал Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев.

Председатель Конституционного Совета Республики Казахстан, Президент Ассоциации выпускников КазНУ Кайрат Мами, поэт Олжас Сулейменов, видный государственный деятель Игорь Рогов, ректор университета «Туран» Рахман Алшанов, академик Тoleген Кожамкулов, руководитель поликлиники «Экомед» Салтанат Байкошкарлова, генеральный директор ТОО «Восточное рудоуправление» Зелина Катранова от имени выпускников возложили цветы к монументу академика У. Жолдасбекова и памятнику аль-Фараби.

Торжественное заседание открыл Председатель Конституционного Совета Республики Казахстан, Президент Ассоциации выпускников Кайрат Мами, который рассказал о работе, проводимой выпускниками-меценатами.

Выступая на заседании, ректор вуза Жансеит Туймебаев рассказал о готовящейся к изданию книге «Қайраткерлер қолтаңбасы».

Также были отмечены значимые мероприятия, проведенные накануне Дня выпускников.

Также руководитель вуза Жансеит Туймебаев провел торжественную церемонию награждения, где доктор биологических наук Салтанат Байкошкарлова и кандидат технических наук Зелина Катранов были представлены к званиям «Почетный профессор КазНУ им. Аль-Фараби» и «Почетный доктор КазНУ им. Аль-Фараби».

На всех факультетах прошли онлайн-встречи с выпускниками.



БҰҰ-МЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ БЕРЕДІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев БҰҰ-ның Қазақстандағы тұрақты үйлестірушісі Микаэла Фриберг-Стори ханымды қабылдады.

Қадірменді қонақ халықаралық ұйым қызметі аясында Қазақстанда қолға алынған шаралар жайлы әңгімеледі. Жаһан жұртын бейбітшілік пен қауіпсіздікке шақырған ұйым миссиясын орындауда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен бірге атқарылып жатқан ортақ жобаларға тоқталып, журналистика және халықаралық қатынастар факультеттерінің белсенділігі, оқу орны студенттерінің жоғары білім деңгейі мен қызығушылығын ерекше атап өтті. БҰҰ-ның халықаралық мәртебеге ие білім ордасымен ұзақ мерзімді ынтымақтастық орнатуға ниеттестігін жеткізді.

Университет басшысы өз кезегінде БҰҰ-ның құрылғаннан бастап жаһандық мәселелерді кең көлемде жедел әрі нақты шешуге үлес қосып келе жатқанына назар аударды. Мәртебелі мейманға университет жайлы жылы лебізі үшін ризашылық білдіре отырып, қара шаңырақтың білім және ғылым саласындағы халықаралық қызметі мен жетістіктері туралы айтып берді.



УКРЕПЛЕНИЕ СОТРУДНИЧЕСТВА С ООН

Постоянный координатор ООН в РК Михаела Фриберг-Стори посетила КазНУ имени Аль-Фараби. Во время встречи Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев рассказал о международной деятельности и достижениях университета в области науки и образования.

В своем выступлении ректор Ж.Туймебаев отметил, что все 16 факультетов и кафедры вуза готовы присоединиться к проектам ООН по охране окружающей среды, чтобы внести вклад в программу устойчивого развития. Ученые КазНУ, в частности, факультетов биологии, физики и химии давно работают в этом направлении, демонстрируя конкретные результаты исследований, которые могли бы быть полезными для общества.

В свою очередь, постоянный координатор ООН в Казахстане Михаэла Фриберг-Стори поблагодарила руководство университета за поддержку и продвижения проектов ООН. Высокая гостья выразила заинтересованность в тесном сотрудничестве с учеными КазНУ. Она предложила использовать специализированные агентства по техническим вопросам, которые будут способствовать продвижению значимых проектов по устойчивому развитию.



ҚАЗҰУ РЕКТОРЫ БРИФИНГ ӨТКІЗДІ

2 маусым күні сағат 16:00-де Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Алматы қаласының өңірлік коммуникациялар қызметінде онлайн режимде брифинг өткізді.

БАҚ өкілдерінің қатысуымен өткен кездесуде жетекші университеттің 2020-2022 жылдардағы басты нәтижелері мен жетістіктері және алдағы даму жоспары таныстырылды.

Ректордың айтуы бойынша, бүгінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – әлемдегі 200 үздік ЖОО қатарына енген Қазақстан мен Орталық Азиядағы жалғыз университет. QS жаһандық рейтингі бойынша білім ордасы 165-орында. Ұлттық рейтингтерде де үнемі көш бастап келеді.

Университет мемлекеттік және халықаралық стратегиялық міндеттерді шешуде айтарлықтай әлеуетке ие. 500-ден астам, оның ішінде алыс және жақын шетелдердің жетекші университеттерімен бірлесіп әзірленген білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда.

Іске асырылып жатқан жобалардың жалпы бюджеті 7,7 млрд теңгеден асады. Ғылыми мақалалар бойынша да көшбасшы болып табылады және рейтингтік басылымдардағы әрбір бесінші қазақстандық жарияланым ҚазҰУ ғалымдарына тиесілі. 2020 жылы университет беделді «Вэб оф Сайнс» деректер қорының «Ғылым көшбасшысы» сыйлығының үш номинациясына ие болды.

Университет жаһандық трендтерді ескере отырып, жаңа бағдарламаларды енгізуде. Атап айтқанда, Нейроғылым, Креативті индустрия, Цифрлық экономика, Экологиялық инжиниринг, Медиакоммуникациялар, Деректер туралы ғылым, Цифрлық мұрағаттану және құжаттану, Басқарудың интеллектуалды жүйелері, Наноматериалдар және нанохимия.

Оқу орнында оқытушылардың халықаралық қауымдастыққа енуіне де үлкен көңіл бөлінеді.

Мемлекет басшысының бастамасы бойынша жыл сайын 500 қазақстандық ғалым шетелдік тағылымдамадан өтетін болады.

ҚазҰУ ректоры сөз соңын: «Жалпы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ білім және ғылым саласында айтарлықтай нәтижеге ие. Біз университетте 2021-2025 жылдарға арналған негізгі басымдықтарды кеңінен талқылаудан өткіздік. Ұжым ел ауқымында стратегиялық міндеттерді шешуге және университетті одан әрі дамытуға ниетті», – деп түйіндеді.



РЕКТОР КАЗНУ ПРОВЕЛ БРИФИНГ

2 июня, в 16.00 ч, в Алматы на площадке Службы центральных коммуникаций состоялся онлайн-брифинг Председателя Правления – Ректора КазНУ имени Аль-Фараби Жансеита Туймебаева. Вниманию СМИ были представлены основные результаты и достижения ведущего университета страны и планы его дальнейшего развития на 2020-2022 годы.

По словам ректора, сегодня КазНУ им. Аль-Фараби является единственным в Казахстане и Центральной Азии вузом, который вошел в топ-200 лучших университетов мира. Согласно глобальному рейтингу QS университет занимает 165 место, – подчеркнул глава вуза. – В национальных рейтингах мы также постоянно занимаем лидирующие позиции. Конечно же, это благодаря истории нашего университета, высокому уровню конкурентоспособности наших преподавателей, ученых и студентов».

В классическом многопрофильном университете, сочетающим образование, науку и инновации, ежегодно выполняются более 500 научных проектов по наиболее важным приоритетам научно-технического развития страны. Общий бюджет реализуемых проектов по грантовому и программно-целевому финансированию за три года составляет более 7,7 млрд тенге.

КазНУ традиционно является лидером по научным статьям, каждая пятая казахстанская публикация в рейтинговых изданиях принадлежит ученым ведущего вуза страны. В 2020 году университет был удостоен трех номинаций премии «Лидер науки» авторитетнейшей базы данных «Web of Science».

Университет, учитывая глобальные тренды, внедряет новые программы: «Нейронаука», «Креативные индустрии», «Цифровая экономика», «Экологический инжиниринг», «Медиа-коммуникации», «Наука о данных», «Цифровое архивоведение и документоведение», «Интеллектуальные системы управления», «Наноматериалы и нанохимия».

Большое внимание в университете отводится интеграции преподавателей в международное сообщество.

«В целом, КазНУ имени Аль-Фараби имеет значительные результаты в образовательной и научной сферах. В настоящее время идет работа по определению основных приоритетов на 2021-2025 годы. Коллектив настроен на решение стратегических задач в масштабах страны и дальнейшее развитие университета», – резюмировал ректор КазНУ.



СҰРАНЫСТАҒЫ МАМАНДАР БІРЛЕСІП ДАЯРЛАНАДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев «ҚазМұнайГаз инжиниринг» институтының бас директоры Бақытжан Хасанов пен кеңесшісі Жақсыбек Құлекеевті қабылдады.

Кездесу барысында заманға сай маман даярлау мен ғылым саласындағы өзара тиімді ынтымақтастық мәселелері кеңінен талқыланды.

Қадірменді қонақтар «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының ірі ғылыми инжинирингтік бөлімшесі болып табылатын институт қызметі жайлы әңгімелей келе, «АВАІ» заманауи ақпараттық жүйесінің жобасымен таныстырды.

Институттың бас директоры алдымен қазіргі трендтегі «АВАІ» жобасын жүзеге асыру бағытында ҚазҰУ-мен бірлесіп қажетті мамандар даярлауды ұсынды. Атап өтсек, ақпараттық технологиялар, есептеу техникасы, басқаруды автоматтандыру, математика, механика, қолданбалы математика, информатика мамандықтары бойынша қызметкерлер тапшы. Бақытжан Кеңесұлы студент-магистранттар тобын құрып, білімгерлерді нақты бағыттар бойынша тереңнен және жан-жақты оқытудың қажеттігін алға тартты. Ынтымақтастықта білім бағдарламаларын дайындауға және оқыту үрдісіне кәсіби тәлімгерлерді шақыруға дайын екенін жеткізді.

Өз кезегінде ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев бәсекеге қабілетті маман даярлау, ғылым мен өндірісті ұштастыру, отандық ғылымның прогрессивті шешімдерін өндірістік секторға енгізу Президент алға қойған маңызды міндеттер қатарында екенін баса айтты. Ректор іргелі оқу орнының зерттеу университетіне айналу жолына түскенінен хабардар етіп, ғылым саласындағы өзара әрекеттестіктің зор мүмкіндігін атап өтті.

Институт өкілдері ҚазҰУ технопаркін аралап, жерді қашықтықтан зондтау, «Al-Farabi-1» және «Al-Farabi-2» наноспутниктері және мұнай өнімдеріне қатысты ғалымдардың озық инновациялық жобаларына үлкен қызығушылық танытты.



ВОСТРЕБОВАННЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ БУДУТ ГОТОВИТЬ СОВМЕСТНО

В КазНУ состоялась встреча Председателя Правления – Ректора Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеита Туймебаева с генеральным директором института «КазМунайГаз-Инжиниринг» Бакытжаном Хасановым и советником Джаксыбеком Кулекеевым.

В ходе встречи обсуждались вопросы взаимовыгодного сотрудничества в области современного обучения и науки. Бакытжан Хасанов рассказал о деятельности института, который является крупнейшим научно-техническим подразделением Национальной компании «КазМунайГаз», а также представил проект современной информационной системы «АВАІ».

Генеральный директор института предложил совместно с КазНУ подготовить специалистов для реализации текущего направления проекта «АВАІ». В частности, ощущается нехватка специалистов в области информационных технологий, вычислительной техники, автоматизации управления, прикладной математики, информатики. Создав группу студентов бакалавриата, Бакытжан Кенесович подчеркнул необходимость углубленной и комплексной подготовки студентов по конкретным направлениям.

В свою очередь, глава КазНУ Жансеит Туймебаев подчеркнул, что подготовка конкурентоспособных специалистов – одна из важных задач, поставленных Президентом. Сегодня университет обладает значительным потенциалом для решения национальных и международных стратегических задач. Ученые классического многопрофильного университета, сочетающего образование, науку и инновации, активно работают не только в Казахстане, но и участвуют в крупных международных проектах. Ректор сообщил, что фундаментальный университет преобразовывается в исследовательский и отметил большой потенциал сотрудничества двух сторон в области науки.

Представители института посетили технопарк КазНУ и проявили большой интерес к передовым инновационным проектам ученых в области дистанционного зондирования земли, нефтепродуктов, наноспутников «Аль-Фараби-1» и «Аль-Фараби-2».




БЕРЛИН ИРИШЕВ ДӘРІС ӨТКІЗДІ

Университетімізде белгілі дипломат және экономист Берлин Иришев «Әлемдік экономика: эгоцентризмнен – дезинтеграцияға дейін» атты тақырыпта дәріс өткізді. Ол – Франциядағы қазақстандықтар қауымдастығының президенті, экономика ғылымының докторы.

Әлемдік экономикадағы жаһандық тенденциялар жай ғана болжам деуге келмейді. Бұл қазіргі уақытта болып жатқан жайттардың көрінісі. Бүгінде халықаралық ұйымдар мен үкіметтер халықаралық бәсекеге қабілеттілік пен экономикалық тиімділікті арттыру стратегиялары туралы маңызды шешімдер қабылдауда. Мұның бәрі ұлтшылдықтың белең алуы мен дезинтеграция, яғни ыдырау процестерінің өсуі аясында жүзеге асырылып келеді.

Білім ордасының студенттері мен профессорлық-оқытушылық құрамы осындай мәселелер талқыға түскен қызықты дәріске қатысты. Дәріс ZOOM платформасының көмегімен қашықтан оқыту форматында өтті. Шара барысында Берлин Кенжетайұлы әлемдік экономика және Қазақстан Республикасының халықаралық экономикалық қатынастары бойынша қатысушылардың көкейде жүрген сауалдарына жауап берді.



ДИПЛОМАТ БЕРЛИН ИРИШЕВ ПРОВЕЛ ЛЕКЦИЮ

В университете прошла лекция известного дипломата и экономиста, Берлина Иришева на тему: «Мировая экономика на перепутье: от эгоцентризма к дезинтеграции». Лектор является президентом Ассоциации казахстанцев во Франции, доктором экономических наук.

Глобальные экономические тенденции мировой экономики – это не прогнозы. Это заявление о том, что происходит в настоящее время. Сегодня международные организации и правительства принимают важные решения о конкурентоспособности и стратегиях повышения экономической эффективности. Все это происходит на фоне роста национализма и дезинтеграционных процессов.

Студенты и профессорско-преподавательский состав вуза приняли участие в лекции, в ходе которой были обсуждены актуальные темы мировой экономики. Встреча прошла в дистанционном формате с помощью платформы ZOOM. Во время лекции Берлин Кенжеттаевич ответил на вопросы участников на тему мировой экономики и международных экономических отношений.



ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БАНКПЕН СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ АЙҚЫНДАЛДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Дүниежүзілік банктің Қазақстандағы тұрақты өкілі Жан-Франсуа Марто бастаған делегация құрамымен кездесті. Жүздесу барысында тараптар өзара ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Білім ордасының басшысы алдымен Қазақстан мен Дүниежүзілік банк арасындағы өзекті жобалардың нәтижелеріне тоқталды. «Университетімізде соңғы 10 жылда Дүниежүзілік банктің технологияларды коммерцияландыруға арналған гранттары бойынша 5 миллион доллардан астам қаржы игеріліп, 10-нан астам шағын инновациялық кәсіпорын құрылды. Әлемдік банк гранты бойынша 10 шетелдік студент білім алуда. Университет қызметкерлері әртүрлі курс, тағылымдамалардан өтіп, Вашингтондағы банк семинарларына қатысты», – деп атап өтті ректор.

Сондай-ақ жүздесуде ортақ ғылыми-инновациялық жобаларды гранттық қаржыландыруға өтінімдер санын арттыру, банк құрылымдарында және серіктестерінде тағылымдадан өту мен тәжірибе алмасу мүмкіндігі, ғылым мен техниканың өзекті бағыттары, әлеуметтік және гуманитарлық мәселелер бойынша бірлескен ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу бойынша стратегиялық әріптестік орнату бағыттары кеңінен қарастырылды.



ОБСУЖДЕНЫ ВОПРОСЫ СОТРУДНИЧЕСТВА СО ВСЕМИРНЫМ БАНКОМ

В КазНУ им. Аль-Фараби состоялась встреча Председателя правления – Ректора университета Жансеита Туймебаева с постоянным представителем Всемирного банка в Казахстане г-ом Жан-Франсуа Марто. В ходе встречи стороны обсудили перспективы плодотворного сотрудничества.

Приветствуя г-на Жан-Франсуа Марто, Председатель Правления – Ректор КазНУ Жансеит Туймебаев подчеркнул, что стратегическое партнерство Казахстана с Всемирным банком позволило добиться положительных результатов по актуальным для нашей страны проектам и улучшить тем самым социально-экономическую и экологическую ситуацию в стране.

По словам главы вуза, в университете уделяется особое внимание вопросам повышения конкурентоспособности, улучшения системы государственного управления, активизации работы по охране окружающей среды. Создано более 10 малых инновационных предприятий, привлечших более 5 миллионов долларов за последние 10 лет в виде грантов Всемирного банка на коммерциализацию технологий. Успешно реализовали свои проекты, благодаря участию банка, механико-математический, физико-технический, химический факультеты вуза. Кроме того, по гранту Всемирного банка в КазНУ обучаются 10 иностранных студентов. Сотрудники университета проходили курсы, стажировки, принимали участие в семинарах банка в Вашингтоне.

Далее стороны обсудили вопросы: возможности увеличения количества заявок на грантовое финансирование научно-инновационных проектов, стажировок и практик студентов и магистрантов в структурах и у партнеров Всемирного банка, налаживания обмена научными материалами и получения дополнительной возможности публикаций для ученых вуза.



«БОЛАШАҚТЫҢ» ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Халықаралық бағдарламалар орталығының президенті Айнұр Кәрібозованы қабылдады. Тараптар тиімді ынтымақтастық бастамаларын көтеріп, әрі қарай дамыту жолдарын қарастырды.

Жүздесуде білім ордасының басшысы қара шаңырақтың жетістіктері мен даму келешегіне тоқталды.

Университетте сегіз ғылыми-зерттеу институты мен 30-ға жуық ғылыми орталық бар. Мұндағы Жерді қашықтықтан зондтау орталығының мамандары ғарыштық технологияларды меңгеріп, бәсекеге қабілетті жобалар жасауда. ҚазҰУ басшысы жаһандық білім беру кеңістігінде көшбасшылық позициясын дәлелдеген іргелі білім ошағының өзге де толағай табыстарын атап өтіп, «Болашақ» бағдарламасы арқылы бакалавр, магистратура мен докторантура деңгейлерінде ғана емес, ғалымдар мен оқытушылардың шетелдік тағылымдамадан өтуіне мүдделілік танытты.

Орталық басшысы өз кезегінде Президент тапсырмасымен биылдан бастап 500 қазақстандық ғалым мемлекет есебінен шетелде тағылымдамадан өтетінін айтты. Сондай-ақ кездесу аясында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылып, орталық президенті халықаралық бағдарламаның іске асырылуы шеңберіндегі жаңа талаптар мен шарттар жөнінде толыққанды ақпарат беру мақсатында офлайн және онлайн режимде брифинг өткізді.



НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ ПРОГРАММЫ «БОЛАШАҚ»

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев принял Президента АО «Центр международных программ» Айнура Карбозову. Стороны обсудили вопросы эффективного сотрудничества и рассмотрели пути его дальнейшего развития.

В ходе встречи руководитель вуза рассказал о достижениях и перспективах развития университета.

В КазНУ работают восемь научно-исследовательских институтов и около 30 исследовательских центров. Специалисты Центра дистанционного зондирования Земли осваивают космические технологии и разрабатывают конкурентоспособные проекты. Глава КазНУ отметил и другие достижения учебного заведения, доказавшего свою лидирующую позицию в мировом образовательном пространстве, и выразил заинтересованность в обучении не только бакалавров, магистров и докторантов, но и ученых и преподавателей за рубежом по программе «Болашақ».

В свою очередь, руководитель центра сообщила, что по поручению Президента страны с этого года 500 казахстанских ученых будут проходить стажировку за рубежом за счет государства.

В ходе встречи стороны подписали меморандум о сотрудничестве, а президент Центра провела онлайн-брифинг, чтобы подробно проинформировать о новых требованиях и условиях международной программы «Болашақ».



ТҮРКИЯМЕН ҮНТІМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Түркия Республикасының Қазақстандағы Бас консулы Али Риза Акынжымен жүздесті.

Кездесуде ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев тәуелсіздігімізді алғашқы болып мойындаған Түркия бүгінде еліміздің маңызды әрі сенімді әріптесі екенін тілге тиек етіп, бауырлас елдің көптеген университеттерімен тығыз қарым-қатынас орнатып, екі ел арасындағы мәдени және рухани байланыстардың кеңінен дамуы әлі де арта түсетінін атап айтты. Сондай-ақ университет басшысы ҚазҰУ-дағы ғылыми институттар мен орталықтар, ондағы ғалымдардың ғылыми жаңалықтары мен жобаларын таныстырып, қос мемлекеттің өндірісіне қажетті жобаларды бірлесе жасауға және танымал түрік ғалымдарын ҚазҰУ-да дәріс оқуға шақырды.

Өз кезегінде Түркияның Қазақстандағы Бас консулы Али Риза Акынжы Орталық Азиядағы жетекші жоғары оқу орны саналатын ҚазҰУ-мен әріптестік байланыс орнатуға қолдау көрсететінін айта келе, әл-Фараби, Абай, Қожа Ахмет Ясауи еңбектерін түрік тіліне аудару бойынша бірлесіп шаралар ұйымдастыруды ұсынды.





СОТРУДНИЧЕСТВО С ТУРЦИЕЙ УКРЕПИТСЯ

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев встретился с Генеральным консулом Турецкой Республики в Казахстане Али Ризой Акинджи.

Открывая встречу, ректор КазНУ Жансеит Туймебаев отметил, что Турция, первой признавшая независимость нашей страны, сегодня является важным и надежным партнером Казахстана. «Сотрудничество и прочные связи между двумя государствами основываются на многовековых узах братства и являются ярким примером дружбы и стратегического партнерства», – сказал ректор.

Было отмечено, что КазНУ установил тесные отношения со многими турецкими университетами, и общность истории, культурных и духовных связей между странами стала толчком для стремительного развития отношений во всех сферах. Во время беседы глава вуза рассказал о работе научных институтов и центров КазНУ, инновационных проектах ученых, а также пригласил известных турецких ученых в университет для чтения лекций.

В свою очередь, Генеральный консул Турецкой Республики в Казахстане Али Риза Акинджи выразил заинтересованность в более тесном сотрудничестве с ведущим университетом в Центральной Азии и предложил организовать совместные проекты по переводу произведений аль-Фараби, Абая, Ходжи Ахмед Ясави на турецкий язык. Кроме того, в ходе встречи стороны обсудили вопросы сотрудничества по многим направлениям.



ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ҚАРАСТЫРЫЛАДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Ғылым қорының басқарма төрағасы Арын Орсариевпен кездесті. Тараптар ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға бағытталған ұзақ мерзімді ынтымақтастықтың тиімді бағыттарын талқылады.

Оқу орнының ректоры университет ғалымдары Ғылым қоры желісі бойынша қаржыландыру алған 10 жобаның жұмыс барысына тоқталды. Оның аясында нанобөлшектер негізінде энергия үнемдейтін шамдар өндіру, бағдарламалық кешендер құру, полиэфир шайырларын бөлу және өзге де ғылымды көп қажетсінетін технологиялар шығару бойынша шағын сериялы өндірістер іске қосылғанын айтты.

Келіссөз нәтижесінде университеттің ғылыми әзірлемелерін өндіріске енгізу үшін материалдық-техникалық базасы бар бизнес-серіктестерді тарту басты межеге алынды. Сондай-ақ стартап-компанияларды қаржыландыру, зияткерлік меншік объектілерінің лицензия алуына қолдау көрсетуге қажетті инвестициялар табу және ынтымақтастықты одан әрі дамыту қадамдары кеңінен қаралды.



РАССМАТРИВАЕТСЯ ФИНАНСИРОВАНИЕ НАУЧНЫХ ПРОЕКТОВ

На двусторонней встрече Председателя Правления – Ректора КазНУ Ж.Туймебаева и Председателя Правления АО «Фонд науки» А.Орсариева были озвучены конкретные шаги для дальнейшего развития долгосрочного и взаимовыгодного сотрудничества сторон. В ходе переговоров было акцентировано внимание на вопросы коммерциализации результатов научной и научно-технической деятельности.

Намечены планы коллаборации с целью привлечения бизнес-партнеров с необходимой материально-технической базой для внедрения научных разработок университета. Также были рассмотрены вопросы дополнительных инвестиций для финансирования стартап-компаний, оказания содействия в заключении лицензионных соглашений по передаче прав на объекты интеллектуальной собственности.

Во время переговоров была отмечена готовность АО «Фонд науки» оказать содействие в организации программы бизнес-акселерации для подготовки коммерчески привлекательных научных проектов ко встречам с потенциальными бизнес-партнерами.



ҒАЛЫМДАР ЕҢБЕГІН ЖАРИЯЛАУ ЖОЛҒА ҚОЙЫЛАДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев «Эльзивер» (Elsevier) компаниясының Орталық Азия мен Өзірбайжан бойынша аймақтық басшысы Дамир Рахметовті қабылдады. Әңгіме барысында өзара ынтымақтастықтың жаңа міндеттері талқыланды.

Негізі 1880 жылы қаланған «Эльзивер» компаниясы – 2000-нан астам ғылыми журнал шығаратын әлемдегі ең ірі баспалардың бірі. Ең танымал өнімі – Scopus зерттеу рефераттары мен дәйексөздер туралы мәліметтер базасы.

Кездесуде аймақ жетекшісі компания бүгінгі таңда қызмет аясын кеңейтіп, ақпараттық талдау жүйесіне бет бұрғанын мәлімдеді. Ол ҚазҰУ мен «Эльзивер» компаниясы арасындағы стратегиялық әріптестіктің зор мүмкіндіктеріне тоқтала отырып, білім ордасының ғылыми жарияланымдар бойынша қазіргі таңдағы көрсеткіштерінен хабардар етті. Университет ғалымдарының жаратылыстану ғылымы бойынша басымдықтарын атап көрсетіп, компания инженерлік шешімдерді табу, мақалаларды сараптау және нақты бағыттар бойынша бірлесіп жұмыс істеуге дайын екенін жеткізді.



БУДЕТ НАЛАЖЕНА ПУБЛИКАЦИЯ ТРУДОВ УЧЕНЫХ

В КазНУ имени Аль-Фараби состоялась встреча Председателя Правления – Ректора КазНУ имени Аль-Фараби Жансеита Туймебаева с региональным руководителем компании Elsevier по Центральной Азии и Азербайджану г-ном Дамиром Рахметовым. Во время переговоров стороны обсудили перспективы дальнейшего плодотворного сотрудничества в сфере науки и образования.

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби и компания Elsevier являются стратегическими партнерами на протяжении 10 лет. Самый известный продукт одного из крупнейших издательств мира, выпускающего более 2000 научных журналов, – крупнейшая в мире база данных научных рефератов и цитирования Scopus, которая индексирует 24 тыс. научных изданий. Это один из главных источников получения наукометрических данных для проведения оценочных исследований на государственном или корпоративном уровне во многих странах мира.

Приветствуя почетного гостя, Председатель Правления – Ректор КазНУ Жансеит Туймебаев подчеркнул значимость многолетнего плодотворного сотрудничества университета с компанией Elsevier.

Поблагодарив руководство компании за высокую оценку достижений КазНУ, ректор Ж.Туймебаев выразил уверенность в успешном продолжении сотрудничества и реализации совместных проектов.



РЕКТОРҒА УНИВЕРСИАДА КУБОГЫ ТАПСЫРЫЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде XI жазғы универсиада ойындарының жеңімпазы – ҚазҰУ командасының спортшылары мен жаттықтырушыларын марапаттауға арналған салтанатты жиын өтті.

Шараны ашқан оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаев спортшы жастарды үлкен жетістіктерімен құттықтады. Биыл жетінші жыл қатарынан командалық есепте алға шыққан ҚазҰУ командасы мен жаттықтырушылардың жоғары кәсіби деңгейі мен ерен еңбегін атап өтіп, алғыс білдірді.

Өз сөзінде ректор қара шаңырақтың ұлттық және QS, Times сынды әлемдік рейтингтердегі биік жетістіктерін жастарға жеткізе отырып, спортпен қатар, оқуда да озық болуға, өзгелерге үлгі болуға үндеді. «Спорт – университеттің ғана емес, елдің де мерейі. Сондықтан универсиадамен қатар, олимпиада және өзге де әлем чемпионаттарында әрқашан жеңіске жете беріңіздер», – дей келе, білім ордасында спорттың бұқаралық сипат алуын, ол үшін жан-жақты жұмыс жүргізуді тапсырды.

Айта кетсек, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ командасы жазғы универсиадаға спорттың жалпы 35 түрі бойынша қатысып, 60 университет арасынан үздік шықты. Оның ішінде 19 спорт түрінен жеңіске жетті. Спорттың жеті түрі бойынша 2-орын және алты түрі бойынша 3-орын алды.



РЕКТОРУ ВРУЧИЛИ КУБОК УНИВЕРСИАДЫ

В стенах Казахского национального университета имени Аль-Фараби прошло чествование победителей XI-летней универсиады среди вузов Республики Казахстана.

Сильнейших спортсменов XI-летней универсиады вуза поздравил Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев.

Сегодня КазНУ является одним из лучших университетов среди стран СНГ и Центральной Азии. Это результат совместной кропотливой работы всего коллектива университета не только в научно-образовательной сфере, но и в спорте. Благодаря усиленному труду и профессионализму тренеров и наставников, было подготовлено не одно поколение спортсменов.

Многие наши студенты-спортсмены добились высоких спортивных результатов на олимпийских играх, универсиадах и чемпионатах мира и Азии и вошли в список спортсменов мирового уровня.

Напомним, в соревнованиях приняли участие сборные команды из 60 университетов страны.

КазНУ имени Аль-Фараби уверенно победил в общекомандном зачете и занял 1-е место, значительно опережая своих соперников по набранным очкам. Также наши спортсмены по семи видам спорта заняли 2-е и по шести – завоевали 3-е места. В целом наши спортсмены приняли участие в состязаниях по 35 видам спорта.



КӨПЖАСАР НӘРІБАЕВ АТЫНДАҒЫ АУДИТОРИЯ АШЫЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Академик К.Н.Нәрібаевтың еңбектеріндегі Қазақстан Республикасы экономикасының инновациялық дамуы мен жоғары білім беру жүйесінің қазіргі мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Көрнекті ғалым және қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы ҰҒА академигі, экономика ғылымының докторы, профессор, халықаралық және шетелдік ғылым академияларының мүшесі, жоғары мектептің білікті ұйымдастырушысы Көпжасар Нәрібаевты еске алуға арналған шараны Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Абай атындағы ҚазҰПУ бірлесіп ұйымдастырды.

Конференцияны білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев ашып, Көпжасар Нәрібайұлының еліміздің жоғары білім беру жүйесін дамытуға және білікті мамандарды даярлауға елеулі үлес қосқанын айта келе, 20 жылдан астам уақыт бойы білім саласында еліміздің жоғары және орта білім министрінің орынбасары, министр және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры болып жемісті жұмыс атқарғанын тілге тиек етті.

Алқалы жиын Нәрібаев Көпжасар Нәрібайұлы атындағы атаулы аудиторияның ашылуымен бастау алды. Салтанатты рәсімге қатысқан қонақтар ғалым есімін ұлықтаған игі істі елі үшін ерен еңбек сіңірген танымал тұлғаға және ғылымға деген құрмет ретінде бағалады.



ОТКРЫЛАСЬ АУДИТОРИЯ ИМЕНИ КОПЖАСАРА НАРИБАЕВА

В КазНУ им. Аль-Фараби прошла Международная научно-практическая конференция «Современные проблемы инновационного развития экономики и системы высшего образования Республики Казахстан в трудах академика К.Н.Нарибаева», организованная совместно с КазНПУ им. Абая.

Конференция стартовала с торжественной церемонии открытия аудитории имени академика НАН РК К.Н.Нарибаева.

Пленарное заседание конференции открыл Председатель Правления – Ректор КазНУ Аль-Фараби Ж.К.Туймебаев. Приветствуя участников конференции, глава вуза подчеркнул актуальность масштабного мероприятия, которое проводится в преддверии празднования 30-летия независимости Казахстана – рубежа, который определяет видение будущего.

В работе конференции приняли участие: научные работники, ученые-экономисты, руководители и специалисты высшего образования, преподаватели вузов, докторанты, магистранты, руководители органов государственной власти и управления, специалисты финансовой сферы.



АҚШ СТУДЕНТЕРІ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ БОЙЫНША БІЛІМ АЛАДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне америкалық 13 студент «Орыс тілі, халықаралық қатынас және дипломатия» бағдарламасы бойынша оқуға қабылданды. Студенттерді қабылдау туралы бұйрыққа ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев қол қойды.

Академиялық ұтқырлық шеңберінде студент алмасу Қазақстан мен АҚШ арасындағы ғылым мен білім саласындағы екіжақты байланыстардың дамуына ықпал етеді. Бұл бағдарлама Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Америкалық білім беру және зерттеу орталығы арасындағы келісім аясында жүзеге асырылады. АҚШ студенттері ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультетінде онлайн форматта оқитын болады.

Бүгінгі таңда ҚазҰУ Батыс және Шығыс Еуропа, Солтүстік Америка, Азия, Тынық мұхиты аймағының 460-тан астам жоғары оқу орны және ұйымдарымен тығыз серіктестік байланыс орнатты. Ынтымақтастық орнату барысында негізінен ғылыми зерттеулерге ден қойған жоғары рейтингтегі университеттерге басымдық берілуде.

Соңғы бес жыл ішінде білім ошағының 2500 бакалавры мен 5000 магистранты шетелде оқып, тағылымдамадан өтті. Сондай-ақ ынтымақтастық туралы университетаралық келісімдер аясында 1900 докторант Еуропа, Солтүстік Америка, Азия, Түркия және т.б. елдердегі шетелдік ғылыми жетекшілермен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді.



СТУДЕНТЫ США ОБУЧАЮТСЯ ПО ПРОГРАММЕ АКАДЕМИЧЕСКОЙ МОБИЛЬНОСТИ

Тринадцать американских студентов были приняты на обучение в КазНУ имени Аль-Фараби по программе «Русский язык, международное отношение и дипломатия». Приказ о зачислении студентов был подписан Председателем Правления – Ректором КазНУ Жансеитом Туймебаевым.

Обмен студентами в рамках академической мобильности способствует развитию двусторонних связей в области науки и образования между Казахстаном и США. Данная программа осуществляется в рамках соглашения между КазНУ имени Аль-Фараби и Американским центром образования и исследований. Студенты из США будут обучаться на факультете международных отношений в формате онлайн.

На сегодняшний день КазНУ установил тесные партнерские связи с более чем 460 высшими учебными заведениями и организациями Западной и Восточной Европы, Северной Америки, Азии и Тихоокеанского региона.

В связи с трансформацией КазНУ в исследовательский университет, в процессе налаживания сотрудничества в приоритете – высокорейтинговые университеты, ориентированные, в основном, на научные исследования.



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры

Тәуелсіздік жаңа ізденістерге жол ашты

Биыл мемлекетіміз үшін маңызды мереке – ел тәуелсіздігіне 30 жыл толып отыр. Бұл – өткенге есеп беріп, келешекке нақты жоспар жасайтын үлкен белес. Ғасырлар бойы бодандықтың бұғауында болған ел үшін осы жылдардың әрбір сәті ұлттық маңызға ие.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, «Тәуелсіздіктің туын қолда берік ұстау – әрбір қазақтың, Қазақстанды өз Отаным деп санайтын әр адамның басты борышы, биік мақсаты» болды.



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлары азаттықтың ақ таңында өздеріне артылған осы міндетті айқын түсініп, сенім үдесінен шығуға жұмыла кірісті. Мемлекет міндеттеген білім беру жүйесін сапалық жағынан жақсартуға, ғылымды басқару мен қаржыландырудың құқықтық-заңнамалық базасын қалыптастыруға күш салды. Уақыт көшінен қалмай, жаңа заманның талаптарына сай қалыптасу кезеңінен өтті, жаңа ізденістерге жол ашты.

Егемен ел болып, елдің рухы көтерілген шақта университетке ұлы энциклопедист-ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің аты берілді. Жылдар бойы іргелі оқу орнында еңбек етіп, шәкірт тәрбиелеген білікті ұстаздар өз ғылыми мектебін қалыптастырды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бір сөзінде: «Ұлы бабамыз әл-Фараби есімімен аталатын бұл университет – еліміздегі жоғары оқу орындарының көшбасшысы. Осы жылдарда тамаша ұстаздар шоғырының бірнеше буыны жемісті еңбек еткен бұл университетті мыңдаған білікті мамандар бітіріп шықты», – десе, енді бірде: «Сіздер университет қабырғасында тек білікті маман ғана емес, уақыт талабына жауап беретін тұлға дайындауларыңыз қажет», – деп, оқу орнына зор жауапкершілік жүктеген болатын.

Бүгінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – әлемдік топ-200 үздік университеттердің қатарына енген Қазақстан мен Орталық Азиядағы жалғыз университет. Стратегиялық мемлекеттік және халықаралық міндеттерді шешуде айтарлықтай әлеуетке ие. Жақында

ғана QS жаһандық рейтингі бойынша университет 175-орынға шықты. Бұл оқу орнының Тәуелсіздік тойына қосқан өзіндік үлесі және алдағы жетістіктердің барлығы айтулы мерекеге арналады.

Қазақ білімі мен ғылымының қарашаңырағында бүгінгі күні 2000-нан астам оқытушы жұмыс істейді, олардың ғылыми дәрежелігі 81 пайызды құрайды. 500-ден астам, оның ішінде алыс және жақын шетелдердің жетекші университеттерімен бірлесіп әзірленген білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда.

Университет ғаламдық өзгерістерді ескере отырып, нейроғылым, креативті индустрия, цифрлық экономика, экологиялық инжиниринг, медиакоммуникациялар, деректер туралы ғылым, цифрлық мұрағаттану және құжаттану, басқарудың интеллектуалды жүйелері, наноматериалдар және нанохимия саласында жаңа бағдарламалар енгізуде. Мұнда еліміздің басқа университеттерінде кездеспейтін бірегей ғылыми-техникалық парк құрылған. Онда Қазақстанда атқарылып жатқан ғылыми-зерттеу жобаларының басым бөлігін жүзеге асырып отырған 30-дан астам ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтары жұмыс істейді. Hewlett Packard компаниясының заманауи оқу ғылыми орталығы ашылып, Konica Minolta компаниясы университетте озық технологиялар лабораториясын құрды.

Әлемнің ең ірі 400 университетімен әріптестік орнатылған, Шанхай ынтымақтастық ұйымы университеті мен Тәуелсіз мемлекеттер достастығы университетіне



магистратураға қабылдау жүргізіледі. Студенттердің академиялық ұтқырлығы белсенді дамып келеді. 25 мыңнан астам студент, магистрант және докторанттар білім алуға, олардың 10 пайызы – әлемнің 50 елінен келген шетелдік азаматтар. 2025 жылы шетелдік студенттердің үлесін 25 пайызға дейін арттыру міндетін қойып отырмыз. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия елінде үш филиал ашу жоспарланған. Жыл сайын еліміздің ғылыми-техникалық дамуының маңызды басымдықтары бойынша 500-ден астам ғылыми жоба орындалады. Жалпы, бағдарламалық-мақсатты және гранттық қаржыландыру бойынша үш жылда жүзеге асырылып жатқан жобалардың бюджеті 7,7 млрд теңгеден асады.

ҚазҰУ дәстүрлі түрде ғылыми мақалалар бойынша көшбасшы болып табылады, рейтингтік басылымдардағы әрбір бесінші қазақстандық жарияланым ҚазҰУ ғалымдарына тиесілі. 2020 жылы университет беделді «Вэб оф Сайнс» деректер қорының «Ғылым көшбасшысы» сыйлығының үш номинациясына ие болды. Университеттің бес ғылыми журналы халықаралық деректер қорына енгізілген. Біздің ғалымдардың жиынтық Хирш индексі 2700-ден асты.

Жас ғалымдарды қолдау жүйесі жұмыс істейді, «ҚазҰУ-дың үздік жас ғалымы» байқауы және «Фараби әлемі» студенттер конференциясы өткізіледі. Жыл сайын 15-ке жуық қызметкер жас дарынды ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияның иегері атанады. «Фараби әлемі» халықаралық ғылыми конференциясы аясында

студенттік бизнес-инкубаторлардың үздік студенттік инновациялық жобаларының байқауына студенттердің 60-тан астам инновациялық жобалары ұсынылды. Байқау қорытындысы бойынша тоғыз жоба іріктеліп, дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Инновациялық жобалар табысты іске асырылуда және шағын сериялы өнімдер шығару бойынша 10-нан астам ғылыми ауқымды өндірістер құрылды. Біздің ғалымдар COVID-19-дың алдын алуға да белсенді қатысып, жергілікті өсімдік шикізаты негізінде дәрілік препараттардың шағын тонналық өндірісі және дезинфекциялық жуу құралдарын шығару өндірісі ұйымдастырылды.

Британдық AVEVA Group plc компаниясымен бірлесіп Инженерлік жобалау орталығы құрылды. Бұл – компанияның Орталық Азия өңіріндегі алғашқы өкілдігі.

Ағымдағы жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ коммерциялық емес акционерлік қоғамға өтті. Білім және ғылым министрі бастаған Директорлар кеңесі құрылды. Оның құрамына экономика, ғылым, саясаттану, әлеуметтану және медиа саласындағы танымал мамандар кірді. Корпоративтік басқарудың ең озық технологиялары енгізілу үстінде. Корпоративтік басқарудың перспективалық моделі құрылуда, сондай-ақ оларды кейіннен цифрландыру үшін бизнес процестерді оңтайландыру басталды. Бұл үдерістер академиялық қауымдастық пен Білім және ғылым министрлігінің бірлескен жұмысының заңды нәтижесі. Тұтастай алғанда, елімізде жоғары оқу орындарының



академиялық еркіндігі дәйекті түрде кеңейіп келеді, бұл академиялық саясатты дербес айқындауға, білім беру сапасын және түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін инновациялық білім беру технологияларын енгізуге мүмкіндік береді.

Биылдан бастап еліміздің барлық жоғары оқу орындары өз үлгісіндегі дипломдарды беретін болады. Әрине, бұл әр университеттің жауапкершілігін талап етеді және дипломдарымыздың танымалдығын арттырады.

Оқытушылардың мәртебесі және олардың университеттің дамуына қосқан үлесі арта бастайды. Ол үшін әріптестерімізді алдыңғы қатарлы білім беру технологияларын пайдалануға, іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізуге және қала мен мемлекет деңгейінде қоғамдық маңызы бар іс-шараларға қатысуға бағыттаймыз. Біздің оқытушылардың халықаралық қауымдастыққа бірігуіне де үлкен көңіл бөлінеді. Мемлекет басшысының бастамасы бойынша Білім және ғылым министрлігі тарапынан жыл сайын 500 қазақстандық ғалым шетелдік тағылымдамадан өтетін болады. Бұл біздің оқытушылар үшін де бірегей мүмкіндік, сондықтан университет белсенді қатысатын болады. АҚШ-тың Уейн университетінің профессоры, математик ғалым Уалбай Өмірбаев пен Ұлыбританиядағы Кембридж университетінің профессоры, нейробиолог Базбек Дәулетов сияқты профессорлар шақырылып, олар өз дәрістерін бере бастады.

Университеттің 400-ден астам оқытушысы «ЖОО-ның үздік оқытушысы» грантының иегері, бұл елдегі гранттардың жалпы саны-

ның 20 пайызын құрайды. Бұл өз кезегінде әлемнің жетекші жоғары оқу орындарында – Гарвард, Йель, Стэнфорд, Берклиде ғылыми тағылымдамадан өтуге; халықаралық конференцияларға қатысуға, іргелі ғылыми-зерттеулер жүргізуге және монографиялар мен оқулықтар жариялауға мүмкіндік берді.

Материалдық-техникалық базаны жаңғырту – университет қызметінің басты бағыттарының бірі. Университетте 6000 орындық 17 студенттік жатақхана және 18 оқу-зертханалық корпус бар. Көптеген ғимараттар жаңартуды қажет етеді. Оқытушылар мен студенттердің қазіргі заманғы әрі қолайлы жағдайларда жұмыс істеп, оқу керек екенін түсінеміз. Сондықтан тек бюджеттік қаражатқа ғана бағдарланбай, оқу корпусарын, жатақханаларды (800-1000 орын) және қызметкерлерге арналған тұрғын үйлерді салу жоспарлануда.

Қаңтардың алғашқы аптасында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Тәуелсіздіктің 30 жылдығын жариялап, «Тарихы бай, тамыры терең Қазақ елі үшін бұдан асқан қастерлі құндылық жоқ. Оны ең қымбат қазынаға, ең асыл аманатқа балаймыз. Сондықтан бабалар аңсаған Тәуелсіздіктің қадірін жан-жүрегімізбен сезінеміз. Егемендік – әр халыққа бұйыра бермейтін баға жетпес бақыт», – деп атап өткен болатын.

Осыған сәйкес, қоғамдық және әлеуметтік-мәдени белсенділікті арттыру мақсатында және карантиндік шараларды ескере отырып, шетелдік және отандық жетекші ғалымдардың қатысуымен ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған 20-ға жуық республикалық және халықаралық іс-шаралар өткізілді.



Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ақын Олжас Сүлейменовтің 85 жылдық мерейтойына арналған «О.Сүлейменов – ақын және азамат», «Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігі қалыптасуының саяси-құқықтық және экономикалық мәселелері: тарихы және қазіргі кезеңі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы ұйымдастырылды.

Тәуелсіздік жылдарындағы ҚазҰУ ұжымының ауыз толтырып айтатын жетістіктері жетерлік. Мұның бәрі оңайлықпен, өзімен-өзі келген жоқ. Бұл тек бір ұрпақтың ғана еңбегі емес, бұл сонау өткен ғасырдың 30-жылдары осы университеттің іргетасын қалап, жоғары оқу орны ретінде тұсауын кескен тұлғалардың еңбегі. Содан бері – 87 жыл бойы осы ұжымда аянбай қызмет еткен мыңдаған ғұлама ғалымдар ізденісінің нәтижесі. Сол ұстаздардың қазіргі толқынының мәртебесін арттырып, «ҚазҰУ оқытушысы», «ҚазҰУ профессоры» деген ардақты аттың статусын көтеру қолға алынды. Бұл орайда, ұстаз ғалымдардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, оқытушы мамандығының беделін арттыруға көңіл бөлу қажет. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында сөйлеген сөзінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жоғары оқу орындары оқытушыларының жалақысын арттыруды тапсырды. Осыған сәйкес, наурыз айында оқу ордасындағы қызметкерлердің жалақысы 20 пайызға өсті. Бұл қолдау алда да жалғасын таба береді.

Университет ғалымдары тәуелсіздік кезіндегі құқық, түркология, шығыстану, тарих

және басқа салалардың дамуына арналған кітаптар дайындауда. Тәуелсіздікке үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткерлерімен «Отыз жылдыққа – отыз апталық» жобасы жоспарланып, танымал тұлғалардың лекциялары өтуде.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және Қазақстанның Тұңғыш Президентінің құрметіне «Елбасы саябағы» ашылып, 300-ге жуық алма, шие, өрік ағашы отырғызылды.

Бұдан бөлек, қалашықта Ағаштар аллеясы бой көтерді. Онда ұжыммен бірге жалпы саны 300-ден астам қырым қарағайы мен алтай шыршасы студенттер игілігіне тарту етілді. Ғылым қызметкерлері күнінде «Сиверс» алмасының 100-ге жуық көшеті егіліп, ол «Ғалымдар бағы» деп аталды.

Қазіргі сәтте оқу ғимараттарында, жатақханаларда күрделі жөндеу жұмыстары басталды. Бұйыртса, оқу жылы басталған сәтте оқытушыларымыз бен білім алушыларды заманауи аудиторияларда қарсы алуды көздеп отырмыз.

Ұжымның бұрынғы тамаша дәстүрін сақтай отырып, оларды жаңа ұстанымдармен, озық талаптармен ұштастырып, университеттің жақсы атын алыс-жақын шетелге таныту – басты мақсаттарымыздың бірі. Сондықтан Елбасы, Мемлекет басшысы алдымызға қойған міндеттерді өз дәрежесінде атқарып, Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесіне лайықты тарту жасаймыз деген ойдамыз.

*«Qazaq universiteti» gazeti,
19 mausym 2021 жыл*





ҒҰБАЙДУЛЛА АЙДАРОВ МҰРАСЫ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде белгілі түрколог ғалым Ғұбайдолла Айдаровтың туғанына 100 жыл толуына орай, «Түркітану және Ғұбайдолла Айдаров» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференция өтті.

Білім ордасы және Халықаралық түркі академиясы бірлесе өткізген ауқымды шара аясында ғалымның осыдан 50 жыл бұрын басылып, қазіргі таңда табыла бермейтін сирек кітапқа айналған «Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века» атты кітабының тұсауы кесілді. Жаңа басылым Орхон өзені аңғарынан табылған көне түркі жазба ескерткіштері тілін фонетикалық, лексикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан жан-жақты талдап, қазіргі түркі халықтары тілдерімен сабақтастығын ашып көрсетеді.

Алқалы жиында сөз алған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев негізінен түркі жазба ескерткіштерін зерттеген ғалым еңбектерінің мәні мен маңыздылығына тоқталды.



ВОЗРОЖДЕННОЕ НАСЛЕДИЕ ВЫДАЮЩЕГОСЯ ТЮРКОЛОГА ГУБАЙДУЛЛЫ АЙДАРОВА

В научной библиотеке Казахского национального университета имени Аль-Фараби прошла международная научно-практическая онлайн-конференция «Тюркология и Губайдулла Айдаров», посвященная 100-летию великого тюрколога.

Труды заслуженного деятеля науки Казахстана, доктора филологических наук Г.Айдарова, посвященные памятникам письменности Тоникука и Куль-тегина, Бильге-кагана, включая «Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века», сегодня являются настольными книгами молодых ученых, которые изучают руническую письменность и историю казахского языка.

Мероприятие было организовано КазНУ имени Аль-Фараби и Международной тюркской академией. Приветствуя гостей и участников конференции, глава вуза Жансеит Туймебаев отметил огромный вклад Губайдуллы Айдарова в становление и развитие тюркологии. Ученый изучал историю казахского языка в Институте языкознания Академии РК и участвовал в создании тюркологии как научного направления в Казахстане. Он был первым казахстанским ученым, изучившим ранее нетронутую отрасль казахского языкознания, открывшим секреты древнетюркского письменного наследия.

В рамках мероприятия прошла презентация труда Г.Айдарова «Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века», который вышел 50 лет назад и успел попасть в разряд книжных раритетов.



БІЛІМ ОРДАСЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Халықаралық түркі академиясы мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Салтанатты рәсімге ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, Халықаралық түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі, көрнекті түрколог Осман Фикри Серткая, Әзірбайжан Республикасының танымал ғалымы Абулфаз Кулиев, университет жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры Жанғара Дәдебаев және басқа да белгілі ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Салтанатты жиында сөз алған білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев: «Бүгінде елімізде түркология мамандарының легін даярлайтын ҚазҰУ-мен әріптестік орнату Еуразия кеңістігінде түркология ғылымының серпінді дамуына негіз болады», – дей келе, Халықаралық түркі академиясының ерекше маңыздылығына тоқталып, атқарып отырған ауқымды жұмыстарына үлкен баға берді.

Тараптар ғылым саласында өзара тиімді әріптестік байланыстарды нығайтуға уағдаласып, түркітану саласын бірлесіп дамыту бойынша арнайы келісімге келді. Меморандум қос тарапқа ғылым саласында келісілген тақырыптар бойынша ортақ іс-шаралар ұйымдастыруға, қызметкерлердің өзара тәжірибе алмасуына, ғылым саласындағы маңызды ақпараттар мен жарияланымдарды бөлісіп отыруға, бірлескен семинарлар мен тренингтер өткізуге мүмкіндік береді.

Аталған меморандум аясында алдағы уақытта ҚазҰУ студенттері мен ізденушілері Халықаралық түркі академиясында ғылыми тағылымдамадан өтетін болады.

**УНИВЕРСИТЕТ ПОДПИСАЛ МЕМОРАНДУМ О СОТРУДНИЧЕСТВЕ С МЕЖДУНАРОДНОЙ ТЮРКСКОЙ АКАДЕМИЕЙ**

Международная тюркская академия и Казахский национальный университет имени Аль-Фараби подписали меморандум о взаимовыгодном сотрудничестве.

В торжественной церемонии приняли участие Председатель Правления – Ректор КазНУ Жансеит Туймебаев, президент Международной тюркской академии Дархан Кыдырали, видный тюрколог Осман Фикри Серткая, известный ученый из Азербайджанской Республики Абулфаз Кулиев, директор Научно-исследовательского института Абая при университете Жангара Дадебаев и другие известные ученые и представители интеллигенции.

Выступая на торжественном собрании, руководитель вуза Жансеит Туймебаев отметил: «Сотрудничество Международной тюркской академии с КазНУ, который сегодня готовит специалистов тюркологов в нашей стране, станет основой для динамичного развития тюркологии на евразийском пространстве».

Стороны договорились укреплять взаимовыгодные партнерские связи в области науки и достигли соглашения по совместным проектам, направленным на развитие тюркологии.

Меморандум позволит сторонам инициировать совместные мероприятия по согласованным темам в области науки, обмениваться опытом, делиться важной информацией и научными публикациями, проводить семинары и тренинги.

По условиям данного меморандума в дальнейшем студенты и соискатели КазНУ будут проходить научную стажировку в Международной тюркской академии.



АМЕРИКАЛЫҚ КЕҢЕСПЕН ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ КЕҢЕЙДІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Халықаралық білім беру жөніндегі америкалық кеңестердің құрметті президенті Дэн Дэвидсонмен кездесті.

Тараптар ғылым мен білім саласындағы ынтымақтастықтың жаңа бағыттарын сөз етіп, ортақ жобалар бойынша қол жеткен жетістіктер мен алдағы жоспарларды талқылады.

Білім ордасының Америкалық кеңеспен әріптестігі 2014 жылдан бастау алады. Өзара қол қойылған келісім шеңберінде «Флагман» және «Орыс тілі мен халықаралық дипломатия» бағдарламалары бойынша 340 америкалық студент ҚазҰУ-да білім алды. Орыс тілін тереңдетіп оқудан бөлек, білімгерлер қазақ тілін үйренді, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрі, Қазақстанның көрікті жерлері, тарихи ескерткіштері және табиғатымен танысты. Соңғы үш жылда ҚазҰУ-дың 159 оқытушысы мен студенті АҚШ университеттерінде оқып, тағылымдамадан өтті.

Бүгінгі таңда 20-дан астам студент пен оқушы қара шаңырақтың халықаралық қатынастар факультеті ұйымдастырған онлайн жазғы мектеп аясында білім алуда.

Келіссөз соңында тараптар ынтымақтастық бойынша жаңа жоба дайындауға уағдаласты.



СОТРУДНИЧЕСТВО С АМЕРИКАНСКИМИ СОВЕТАМИ БУДЕТ РАСШИРЯТЬСЯ

В КазНУ имени Аль-Фараби прошла встреча Председателя Правления – Ректора университета Ж.К.Туймебаева с почетным Президентом Американских Советов по международному образованию Дэном Дэвидсоном.

Участники встречи, отметив положительные результаты по реализованным совместным проектам, обсудили актуальные вопросы взаимодействия и наметили новый вектор сотрудничества в области науки и образования.

Сотрудничество КазНУ с Американскими Советами началось в 2014 году. В рамках подписанного соглашения по программам «Флагман» и «Русский язык и международная дипломатия» в университете прошли обучение 340 американских студентов. Кроме углубленного изучения русского языка обучающиеся по данным программам дополнительно осваивают казахский язык, знакомятся с культурой и традициями казахского народа, достопримечательностями, историческими памятниками и природой Казахстана.

На сегодняшний день более 20 студентов и школьников проходят онлайн-обучение в рамках летней школы, организованной факультетом международных отношений КазНУ. За последние три года в вузах-партнерах США обучались и стажировались 159 преподавателей и студентов КазНУ.

В завершение стороны приняли решение подготовить новый проект-план, обозначив направления дальнейшего сотрудничества.



КЕЛЕШЕГІ МОЛ МЕМОРАНДУМ

ҚР ТЖМ «Қазселденқорғау» мемлекеттік мекемесі мен Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Құжатқа ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев және «Қазселденқорғау» ММ төрағасы Кәрім Көкірекбаев қол қойды.

Тараптар өзара идея, ақпарат және технологиялармен алмасу үшін қолайлы жағдайлар жасау, келісілген басым бағыттар мен бағдарламалар шеңберінде бірлескен зерттеулер мен әзірлемелерді ұйымдастыру бойынша екіжақты ынтымақтастықтың негізгі міндеттерін атап өтті. Бұл меморандум білім беру, ғылыми-зерттеу қызметінде және қызметкерлердің біліктілігін арттыруда бірлескен қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ жаңа әзірлемелер мен жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді.

ЖОО басшысы университеттің Жерді қашықтықтан зондтау орталығының кең мүмкіндіктерін пайдалана отырып, мамандар нақты деректер алып, барлық салаларда қауіпті табиғи және техногендік құбылыстардың алдын алатын және төтенше жағдайлар кезінде тәуекелдерді барынша азайта алатынын атап өтті. Меморандум аясында қашықтықтан зондтау арқылы мамандар «Ауылды, сел мен көшкін қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2020-2022 жылдарға арналған кешенді жоспары» жол картасы жобасымен жұмыс істейтін болады.

Кездесу барысында ГАЖ-технологияларды қолдана отырып, қауіпті учаскелер мен мореналық-мұздық көлдерге автоматтандырылған мониторинг жүйесін ұйымдастыруға баса назар аударылды.



ПЕРСПЕКТИВНЫЙ МЕМОРАНДУМ

В КазНУ был подписан меморандум о сотрудничестве между ГУ «Казселезащита» МЧС РК и НАО «Казахский национальный университет им. Аль-Фараби». Документ был подписан Председателем Правления – Ректором КазНУ Ж.Туймебаевым и председателем ГУ «Казселезащита» Каримом Кокрекбаевым.

Стороны отметили основные задачи двустороннего сотрудничества – создание благоприятных условий для обмена идеями, информацией и технологиями, организация совместных исследований в рамках согласованных приоритетных направлений и программ. Данный меморандум даст возможность осуществлять совместную деятельность в образовательной и научно-исследовательской видах деятельности и повышения квалификации работников, а также реализовывать новые разработки и проекты.

Руководитель вуза подчеркнул, что, используя широкие возможности Центра дистанционного зондирования Земли университета, специалисты смогут получать точные данные и предупреждать опасные природные и техногенные явления во всех отраслях, тем самым минимизируя риски при чрезвычайных ситуациях. С помощью дистанционного зондирования специалисты в рамках меморандума будут работать над проектом Дорожной Карты «Комплексный план по обеспечению селе, оползне- и лавинной безопасности 2020-2022 гг.».

Во время встречи также был сделан акцент на организации системы автоматизированного мониторинга за опасными участками и моренно-ледниковыми озерами с применением ГИС-технологий.



ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ АЙШЫҚТАЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жылдарындағы ақпараттық кеңістік» атты халықаралық ғылыми онлайн-форум өтті. «Айқап» журналының – 110, «Ақиқат» журналының – 100, «Жас Алаш» газеті мен Қазақ радиосының 100 жылдығына орайластырылған ауқымды шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, танымал БАҚ өкілдері қатысты.

Алқалы жиынды ашқан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев қазақ журналистикасының бай тарихына тоқталды. XIX ғасырдың соңында пайда болған ол дәуірмен бірге өсіп-жетілді. Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ғани Мұратбаев, Ілияс Жансүгіров, Ахмет Байтұрсынов сынды қазақ журналистикасының майталмандары мен мақтаныштарын, көрнекті редакторлар мен журналистерді еске алды.

Шарада қазіргі журналистиканың қоғамдағы орны кеңінен талқыланды. Пандемияға қарамастан, тікелей эфирде жұмыс істеп, оқырмандар мен көрермендерге шынайы ақпарат беріп жатқан журналистер қауымының жанкешті еңбегі де ерекше аталып өтті.

Сондай-ақ қатысушылар ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің кәсіби маман даярлаудағы үлесін атап өтіп, сол журналистердің отандық БАҚ-та және ел атынан шетелдерде абыроймен қызмет етіп жүргенін тілге тиек етті.



ДВИГАТЬСЯ ВПЕРЕД, СОХРАНЯЯ ТРАДИЦИИ

В Казахском национальном университете им. Аль-Фараби состоялось заседание международного научного онлайн-форума «Информационное пространство в годы независимости» в честь 30-летия Независимости Республики Казахстан, посвященное 110-летию журнала «Айқап», 100-летию журнала «Ақиқат», 100-летию газеты «Жас Алаш» и Қазақ радиосы.

Открывая форум, Жансеит Кансеитулы Туймебаев – Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби, отметил, что казахстанская журналистика имеет богатую историю. Зародившись в конце XIX века, она росла и совершенствовалась вместе с эпохой. Вспомнили выдающихся редакторов и журналистов, внесших колоссальный вклад в историю печати: Алихана Букейханова, Миржакыпа Дулатова, Гани Муратбаева, Ильяса Жансугурова, Ахмета Байтурсунова и многих других. Это честь и гордость казахской журналистики.

Выступающие говорили о месте современной журналистики в обществе, о том, что несмотря на пандемию, журналисты работают в прямом эфире, донося до читателей и зрителей правдивую информацию.

Участники форума подчеркнули также и значение факультета журналистики КазНУ в подготовке профессиональных кадров, включая тех специалистов, которые сегодня работают в СМИ страны и достойно представляют Казахстан за рубежом.



КӘСІБИ МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗБЕН, ҚҰРМЕТТІ БАҚ ӨКІЛДЕРІ!

Тәуелсіз еліміздің журналистика саласында аянбай адал қызмет атқарып жүрген сіздерді 28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күнімен шынайы ықыласпен құттықтаймын! Қазіргі ақпараттық қоғамда журналистер қауымына артылар жауапкершілік жүгі айрықша.

Өздеріңіздей кәсіби мамандар мемлекет жүктеген міндеттерді іске асыруда, елімізде тұрақтылық пен келісімді нығайтуда, жас ұрпақтың интеллектуалды өсуі мен ұлттық сананы қалыптастыруда маңызды рөл атқаруда.

Қазақ журналистикасының ұстаханасына айналған қара шаңырақ – Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің күнделікті тыныс-тіршілігі мен рухани өмірін, әлемдік білім-ғылым кеңістігіндегі жетістіктерінің сіздер арқылы жиі көрініс табуы – біздің әріптестік қарым-қатынасымыздың жоғары деңгейде екенінің айғағы.

Университет басшылығының, оқытушы-ғалымдары мен студенттерінің атынан кәсіби мерекелеріңізде сіздерге мықты денсаулық, шығармашылық табыс, отбасыларыңызға бақыт-береке тілеймін! Жағымды жаңалықтарыңыз көп болсын! Жауапкершілігі мол еңбектеріңіздің жемісін көріп, әрдайым абырой биігінен көрініңіздер!

**Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**





ҚЫРҒЫЗ УНИВЕРСИТЕТТЕРІМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АРТАДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев бастаған делегация Қырғыз Республикасына жұмыс сапары барысында Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетінде болды. Тараптар бауырлас екі ел арасындағы достық қарым-қатынасты нығайта отырып, білім мен ғылым саласында өзара тиімді ынтымақтастық орнату туралы меморандумға қол қойды.

Кездесуде білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ қызметінің бағыт-бағдары туралы әңгімелеп, жетістіктерімен бөлісті. Өз кезегінде Қырғыз ұлттық университетінің ректоры Қанат Садықов әріптестік шеңберіндегі ұсыныстарға қолдау білдірді. Жетекші білім ошақтарының ынтымақтастығы жастардың сапалы білім алуына және ел дамуына ықпал етер ауқымды жобаларды жүзеге асыруға жол ашатынын жеткізді.

Сонымен қатар меморандум аясында магистратураның «Филология» бағытында қосдипломды білім беру бойынша келісім жасалды. Түрік тілі мен әдебиетін оқытуға бағытталған оқу бағдарламасын ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінің деканы Ықтияр Молдатөреұлы мен ТҮРКСОИ кафедрасының меңгерушісі Үміт Қыдырбаева және қырғыз филологиясы факультетінің деканы Бақтыбек Жайлобаев, түркітану және аударматану бөлімінің меңгерушісі Бурул Элебесовалар әзірледі.

Келіссөзге Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Рәпіл Жошыбаев та қатысып, көршілес қазақ-қырғыз қарым-қатынасын дамытудың маңыздылығына мән берді.

Сондай-ақ ҚазҰУ ректоры К.Қарасаев атындағы Бішкек мемлекеттік университеті басшылығымен кездесіп, ЖОО басшылары екіжақты ынтымақтастық туралы меморандумды қабылдады. Бұл құжат оқыту, зерттеулерді жүзеге асыру және тәжірибе алмасу мақсатында студенттер, оқытушы-профессорлар алмасуды, бірлескен конференциялар мен семинарлар өткізуді көздейді.



СОТРУДНИЧЕСТВО С УНИВЕРСИТЕТАМИ КЫРГЫЗСКОЙ РЕСПУБЛИКИ

Подписан меморандум о сотрудничестве между Казахским национальным университетом им. Аль-Фараби и Кыргызским национальным университетом имени Ж.Баласагуна (КНУ). Соглашение было подписано в ходе встречи Председателя Правления – Ректора Жансеита Туймебаева и ректора КНУ имени Ж.Баласагуна Канатом Садыковым в г. Бишкеке (Республика Кыргызстан).

Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев поблагодарил своего коллегу за теплый прием и выразил уверенность, что подписанное двустороннее соглашение будет способствовать расширению партнерства между двумя вузами. В ходе встречи стороны обсудили актуальные вопросы двустороннего сотрудничества в области науки и образования, а также возможность открытия филиала КазНУ имени Аль-Фараби в Бишкеке.

Ректор КНУ Канат Садыков отметил символичность визита делегации КазНУ, который открывает новую страницу партнерских отношений между двумя вузами.

В рамках данного меморандума руководители двух вузов также подписали соглашение о реализации магистерской программы двойного диплома по специальности «Филология» (турецкий язык и литература). Учебная программа была разработана деканом факультета востоковедения КазНУ имени Аль-Фараби Палторе Ыктияр Молдатореулы, заведующей кафедрой ТЮРКСОИ КазНУ Умут Кыдырбаевой и деканом Кыргызской филологии КНУ Бактыбеком Жайлообаевым. Таким образом, обучающимся магистрантам будут выдаваться двойные дипломы.

Следует отметить, что в мероприятии также принял участие чрезвычайный и полномочный посол Республики Казахстан в Кыргызской Республике Рапиль Жошыбаев.

Кроме того, Ж.Туймебаев также посетил Бишкекский государственный университет имени К.Карасаева, где встретился с руководством вуза и подписал меморандум о сотрудничестве между двумя учебными заведениями. Документ предусматривает обмен студентами, представителями профессорско-преподавательского состава с целью обучения, осуществления исследований и обмена опытом, а также проведения совместных конференций, семинаров в области науки и образования.



БІШКЕКТЕ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ ФИЛИАЛЫ АШЫЛАДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев бастаған делегация арнайы жұмыс сапарымен Қырғыз Республикасына барды.

Сапар аясында Қазақстан-Қырғыз үкіметаралық кеңесінің 9-шы отырысы өтті. Отырыста екіжақты қарым-қатынас бағыттары талқыланып, Қырғыз Республикасының астанасы Бішкек қаласында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филиалын ашу жөнінде келіссөздер жүргізілді.

Іссапар барысында білім ордасының басшысы Жансейіт Қансейітұлы Қырғыз Республикасы министрлер кабинеті төрағасының орынбасары Жылдыз Бақашова, Қырғыз Республикасының Білім және ғылым министрі Болотбек Купешевпен кездесулер өткізді. Кездесуге Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Рәпіл Жошыбаев та қатысып, тараптар қос елдің жоғары білім беру саласындағы ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Жұмыс сапары барысында Жансейіт Түймебаев Бішкек әкімінің м.а. Бақтыбек Құдайбергеновпен кездесіп, сапар соңында халқымыздың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы аясында Бішкекте ашылған Абай атындағы қырғыз-қазақ мәдени орталығында болды.



В БИШКЕКЕ ОТКРОЮТ ФИЛИАЛ КАЗНУ

Делегация КазНУ имени Аль-Фараби во главе с Председателем Правления – Ректором Жансеит Туймебаевым совершили рабочий визит в Кыргызскую Республику.

В ходе визита на правительственном уровне состоялись встречи главы ведущего вуза страны с заместителем председателя кабинета министров Кыргызской Республики Ж.Бакашовой, министром образования и науки Кыргызской Республики Б.Купешевым при поддержке чрезвычайного и полномочного посла Республики Казахстан в Кыргызской Республике Рапиля Жошыбаева. Стороны обсудили вопросы сотрудничества в области высшего образования и научно-исследовательской деятельности между двумя странами.

Необходимо отметить, что по итогам работы 9-го заседания Казахстанско-кыргызского межправительственного совета было принято решение о разработке проекта филиала КазНУ имени Аль-Фараби в Кыргызской Республике.

В ходе рабочего визита также состоялась встреча ректора КазНУ Ж.Туймебаева с и.о. мэра Бишкека Бактыбеком Кудайбергеновым. Стороны обсудили вопросы открытия филиала Казахского национального университета имени Аль-Фараби в Бишкеке. Глава КазНУ рассказал о деятельности и достижениях университета и проинформировал о том, что учебное заведение вошло в топ-200 университетов мира.

В свою очередь Бактыбек Кудайбергенов отметил важность данного проекта для столицы, который откроет новые возможности для студенческой молодежи.

В завершение визита делегация КазНУ им. Аль-Фараби посетила Кыргызско-казахский центр культуры имени Абая, основанный в рамках юбилейного празднования 175-летия великого казахского поэта и мыслителя.



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры

Елбасы туын тіккен елорда

Ұлы даланың төсінде алты қанатты Ақордасын тігіп, Алаштың айбынын асырған Нұрсұлтан қаласының биылғы туған күні ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келіп отыр.

Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев әрбір ғимаратын қолымен сызып, жүрегінен өткізген бас шаһардың төл мерекесі әдеттегіден тым өзгеше, айрықша ыстық көрінеді. Сонау 1997 жылдың 10 желтоқсанында қарлы боранға қарамай, арман арқалап Арқаға бет түзеген Ұлт көшбасшысының ізгі мақсатының орындалғанын көру шын бақыт екені ерекше әсер сыйлайды.



Елбасының «Бұдан былай және ғасырдан-ғасырға осында – ұлан-байтақ елдің кіндігінде халық тағдыры үшін өмірлік маңызы бар шешімдер қабылданатын болады. Отанымыздың жүрегі енді осы жерде соғады. Осы жерден Қазақстан үшінші мыңжылдықтың табалдырығында өзінің тарихи тағдырын айқындайтын болады» деген сенімді сөзінің ақиқатқа айналғаны тіпті қуантады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Елордамыз – Нұр-Сұлтан қаласы Қазақстанның жарқын жетістіктерін айшықтайды. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың астананы көшіру туралы бірегей шешімі халқымыз үшін аса маңызды тарихи оқиға болды», – деп, халқымыздың мәртебесін асқақтатып жібергені қуанышымызды ұлғайтып, елдіктің маңызын еселей түседі.

Қазақстан Президенті жыл басында «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында Елбасының басшылығымен атқарылған ауқымды істерді таразыға сала келе, «Осынау толағай табыстардың бәріне Елбасының дара көшбасшылығының һәм халқымыздың даналығы мен парасатының, бірлігі менынтымағының, отандастарымыздың қажырлы еңбегінің арқасында қол жеткіздік. Сондықтан Елбасы тәуелсіздігіміздің мәңгі символына айналды десек, ақиқатты айтқан болар едік», – деп жазды.

Үш онжылдық белеске елмен бірге көз жүгірте отырып, шын мәнінде кеудемізді мақтаныш сезімі билеп, жүрегімізге шаттық орнайды. Өйткені біздің буын «Мәскеу – Отанымыздың жүрегі» деп ұрандатқан уақытты бастан өткерді. Кез келген мәселе Кремль арқылы шешіліп, тек қана Мәскеумен

келісілетінін көзіміз көрді. Сонда ғасырлар бойы қалыптасқан өзінің тілі, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі, жер аумағы бола тұра, елімізге ең жетіспейтіні тәуелсіздік екенін жан-жүрегімізбен сезінуші едік.

Университетті аяқтап, ғылым жолына түскен уақытта жетекші Мәскеу қаласында тұратын. Одақтас республикалардан жиі жиналатын жас ғалымдардың кешкілік кездесіп, әңгіме-дүкен құратын әдеті бар-ды. Сол орталарда ең бірінші көтерілетін тақырып – тәуелсіз ел атану еді. Өйткені күн өткен сайын социалистік жүйенің кемшіліктерін айқын байқай бастадық. Сондықтан менің қатарластарым үшін, әсіресе КСРО кезеңінде өмір сүрген азаматтар үшін тәуелсіздік алу теңдесі жоқ басты оқиға болды. Ал оның астанасының бекітілуі және ұлт ретінде әлемдік қауымдастыққа енуі ұмытылмас ғажап сәттер еді. Аталарымыз, ағаларымыз ғасырлар бойы жете алмаған «тәуелсіздік» деген ұғымның біздің кезеңімізге тап келгенінде төбеміз көкке екі елі жетпей қалды.

Қазақстан үшін ғана емес, оның әрбір азаматы үшін дүниенің қақпасы ашылды. Жаңа мемлекетті, жас астананы көруге ынтық болғандар да аз емес-тін. Солардың әрқайсысы сынай келіп, қимай кетіп жатты. Елбасы қай мемлекетке бармасын – келелі келіссөздер жүргізіп, салмақты ұсыныстар жасады. Кездесулер барысында жан-жақты терең білімділігі, шешендігі, іскерлігі сияқты азаматтық, тұлғалық қасиеттері үлкен рөл атқаратын.

Әлемдегі ең ықпалды мемлекет басшылары мен беделді саясаткерлер лайықты пікірлерін білдіріп, ықыласқа толы жеделхат-



тар жолдап жататын. Соның ішінде АҚШ президенті Джордж Буш Қазақстан Президентіне құрметін жеткізе келе, «Сіздің жетекшілігіңізбен Қазақстан соңғы жылдары саяси және экономикалық реформаларда үлкен ілгерілеуге қол жеткізді. Осындай қиын жағдайда жеткен жетістіктер қажырлы еңбегіңіздің ақталғанын көрсетеді», – деп ағынан жарылғаны есімізде.

БҰҰ Бас хатшысы Кофи Аннан еліміздің аяқ алысына қарап алғашқы жылдары-ақ «Қазақстан – ТМД мемлекеттерінің ішінде ауызбірлігімен, татулығымен ерекшеленеді. Сондай-ақ бұл мемлекетте экономикалық өсу байқалады. Қазақстан түрлі ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүретін мемлекеттің үлгісіне айнала алады. 1991 жылы Қазақстанның ядролық қарудан өз еркімен бас тартуы және сынақ полигонын жабуы ядролық қарусыздандыру мен оны таратпау бойынша жаһандық талпыныстарға елеулі үлес қосты», – деп болашағымызды бірден болжады. Сол айтқаны айдай келді де, кеңестік жүйе ыдырағаннан кейін одақтас республикаларда әртүрлі жағдайлар, тіпті азаматтық соғыстар орын ала бастады. Ішкі-сыртқы жағдайлары шиеленісіп, бір-біріне қырғи-қабақ танытты. Барлығы бір мезетте нарықтық экономикаға көшкенімен, бірі озып, бірі орта жолда қалып, енді бірі мүлде тұралап жатты. Ал біздің елімізде мұның бірі де болған жоқ, Елбасы қантөгіссіз, бейбіт жолмен қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманға жеткізді. Мұндай ерлікті ердің ері, нағыз жүректі азамат, кемеңгер басшы ғана жасай алады.

Тарих беттеріне үңілсек, халықтың болашағы мен геосаяси мүддесіне сәйкес, біз сияқты саяси орталығын ауыстырған әлем

елдері жеткілікті. Себебі жаңа астана – мемлекеттің жүрегі, елдіктің басты тірегі іспетті. Мәселен, алпауыт Америка Британия империясы құрамынан бөлінгелі өз астанасын тоғыз рет өзгертіпті. Тіпті бұл сұрақ XIX ғасырда АҚШ қоғамында талқыланып, жаңа астананы Миссисипи өзенінің жағасына, Сент-Луис қаласына көшіру мәселесі қойылған. Ал іргемізде жатқан Ресей бас қаласын төрт рет ауыстырған.

Жалпы, әлемде жаңа астаналар үздіксіз пайда болып, ауысып, өзгеріп жататыны үйреншікті құбылыс. Орыс географы С.Тархановтың есебі бойынша, XVIII-XXI ғасырлар аралығында дүниежүзіндегі 69 мемлекет өз астаналарын ауыстырған екен. Өз кезегінде ірі мегаполистер тұрмыстың түзеліп, экономиканың өрлеуіне, ғылым-білімнің дамуына мұрындық болды. Біздің ұлы ұстазымыз әл-Фарабидің өмір сүрген заманында шығыс әлеміндегі ғылыми орталық Бағдат қаласы еді. Бүкіл әлемнің озық ойшылдары, түркі әлемінің дара тұлғалары осы өркениет ошағында дәріс алды, ілімін толықтырды.

Қазақ елінің астаналар тарихы да біздің ұзақ өрі күрделі жолымызды, даму сатыларымызды, қалыптасу кезеңдерімізді бейнелейді. Әр замандарда тілі бір, ділі бір туыс тайпалар әртүрлі атпен қағанаттар мен хандықтар құрып, болашақта «Қазақ елі» деген атпен тарих сахнасына енетін халықтың өсімі мен таралуын сақтаған. Жаңакент – Оғыз мемлекетінің, Тараз – Қараханидтердің, Қойлық – Қарлұқ хандығының, Сарайшық – Ноғай хандығының, Созақ – Қазақ хандығының астанасы болды. Сығанақ – Ақ Орда, одан кейін Түркістан, Ташкент, Семей, Орынбор,



Қызылорда, Алматы – бас қала мәртебесін иеленді.

Елордамыздың өзі әу баста Ақмолинск, Целиноград, Ақмола, кейіннен Астана атанды. Ең бастысы, тәуелсіздік жылдары Қазақстан да өз астанасын ауыстыру тәжірибесін абыроймен атқарып шықты.

Әл-Фараби бабамыз өзінің «Қайырымды қала» туралы әйгілі трактатында жазғанындай, Нұр-Сұлтан қаласы ізгілікті идеялар төңірегінде қайта өрлеу сатысына қадам жасады. Қазақ халқының бейбітсүйгіш

бейнесін жан-жақты танытып, аймақтық шиеленістерді оң шешуге ықпал ете алды. Елімізде осы 30 жылда өткен құрылтайлар, форумдар, кеңестер, конференциялар Қазақ елінің елордасын әлемдік өркениетке кеңінен танытып, Еуразия құрлығында ықпалды геосаяси орталық орныққанын білдірді.

Елбасымыз Қазақстанның жаңа астанасының жобасы кездейсоқ пайда болмағанын айта келе, «Болашақ астанада (Ақмолада) салынатын кез келген үй мен өзге де құрылыс объектілері түптеп келгенде халықтың, елдің



байлығы екенін естен шығармауға тиіспіз. Бұл жан-жақты ойластырылған Қазақстан өміріндегі жауапты да шешуші кезеңнің мәселесі» дегенді жиі еске салатын. Жаңа қаланың рахатын қазірдің өзінде ел көріп отыр, ертеңгі ұрпаққа да қалатын бағасыз сыйлық деп есептеймін.

Астана туралы сөз қозғағанда Елбасының айтпай кетуге болмайтын бір қасиетіне тоқталғым келеді. Ол – Нұрсұлтан Әбішұлының адамдармен жұмыс істеу қабілеті. Көреген басшының ерекшелігі – адамдарды тани білуі, әрбір маманның қай салаға бейім екенін дөп басып, соны лайықты орынға тағайындауы. Егемендік алғаннан кейін ел басшылығына әртүрлі саладағы мамандардың біліктілігі, тәжірибесі қажет болды. Әр саладағы азаматтар іздестіріле бастады. Көптеген оқытушылар, жас мамандар, зиялы қауым өкілдері Президент әкімшілігіне, Жоғарғы Кеңеске, Үкіметке қызметке алынды. Бір ғана мысал: Сыртқы істер министрлігінде 12 адам ғана жұмыс істейтін, олардың кеңестік кезеңде келген делегацияны күтіп алып, шығарып салудан басқа жұмысы болған жоқ. Ал өз деңгейіндегі жеке құзыреті бар ресми органға нағыз кәсіби дипломаттар қажет болды. Елбасымыз Кеңестер Одағында түрлі елшілікте жұмыс істеп жүрген азаматтарды елге шақырды. Алғашқы келгендердің қатарында қазіргі Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев та бар еді. Жаңадан қалыптасқан Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне, тәуелсіз Қазақ еліне қызмет етуге қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен Мұхтар Тілеуберді, Қайрат Әбдірахманов, Қайрат Әбусейітов, Бағдат Әміреев, Константин

Жигалов, Алексей Волков сияқты азаматтар бел буып, сап түзеді.

Қазіргі қызметімде Тұңғыш Президентіміздің «Ел болашағының баянды болмағы баста бұлықсыған білім мен қолда ойнаған еңбекке байланысты», сондай-ақ «Беталысы күнде өзгерген алмағайып дүниеде адамзат үшін ешқашан өзгермеген, өзгермейтін темірқазықтар бар. Ол – білім. Ол – еңбек» деген сөздерінің маңызы ашыла түсетіндей. Ендігі жерде тәуелсіздікті сақтап қалу білімді ұрпақпен саналы жастардың міндеті екені анық. Әсіресе ел руханиятын көтеріп, ұлттық экономиканы алға сүйрейтін білікті мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарына ерекше талаптар жүктелері сөзсіз. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті өз кезегінде мемлекет жүктеген межені мінсіз бағындыратын болады.

Осы ретте тәуелсіздік жылдарында оқу ордасына Әбу Насыр әл-Фарабидің есімі беріліп, ескерткіші орнатылғанын айта кеткеніміз жөн болар. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қалашыққа жасаған сапары барысында: «Ұлы бабамыз әл-Фараби есімімен аталатын бұл университет – еліміздегі жоғары оқу орындарының көшбасшысы. Осы жылдарда тамаша ұстаздар шоғырының бірнеше буыны жемісті еңбек еткен бұл университетті мыңдаған білікті мамандар бітіріп шықты», – дей келе, «Сіздер университет қабырғасында тек білікті маман ғана емес, уақыт талабына жауап беретін тұлға даярлауларыңыз қажет», – деп зор жауапкершілік жүктеген болатын.

Әлемдік үздік 200 университет қатарына кіретін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ биыл



7000-ға жуық білім алушыны түлетіп ұшырып, жаңа үлгідегі дипломдар табыстамақ.

Күні кеше Бішкек қаласында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филиалын ашу жөнінде келіссөздер жүргізілді. Алдағы уақытта Өзбекстан, Түркия елінде де филиал ашу жоспарланған. Халықаралық деңгейдегі ғалымдар, АҚШ және Еуропа университеттерінде, оның ішінде Кембридж университетінде сабақ беру тәжірибесі бар Уалбай Өмірбаев және Базбек Дәулетов сияқты профессорлар дәріс беруді бастап кетті.

Бүгінгі таңда білім ордасында тәуелсіз мемлекетіміздің құрылуы мен нығаюы тарихынан сыр шертетін Тұңғыш Президент – Елбасы залы жұмыс істейді. Еліміздің астанасы туралы материалдар да осы орталықта кеңінен қамтылған.

Айтулы ғалымдарымыз тәуелсіздік кезінде жаңадан пайда болған түркология, Қазақстан тарихы, шығыстану сияқты салалардың дамуына арналған топтамалар әзірлеу үстінде. Сонымен қатар жас ғалымдардың еңбегін насихаттап, жаңалықтарын таныстыруға арналған «Жастар инновациясы», оқытушы-профессорлар құрамының Тәуелсіздіктің 30 жылдығына қосқан үлесін қамтитын «Маңызды мезет» жинақтары дайындалуда.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және Қазақстанның Тұңғыш Президентінің құрметіне көктемде Елбасы саябағы ашылып, жеміс ағаштары отырғызылды. Үш жүз түпке жуық алма, шие, қара өрік ағашы биыл гүл ашып үлгерді, бұйыртса, келесі жылы жеміс бермек. Қазіргі сәтте оқу ғимараттарында, жатақханаларда күрделі жөндеу жұмыстары жүруде.

«Отыз жылдыққа – отыз апталық» жобасы

қолға алынып, республикалық және халықаралық деңгейде 30-ға жуық конференция мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Атап айтсақ, Олжас Сүлейменовтің 85 жылдық мерейтойына арналған «О.Сүлейменов: ақын және азамат»; «Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігі қалыптасуының саяси-құқықтық және экономикалық мәселелері: тарихы және қазіргі кезеңі»; «Тәуелсіздік жылдарындағы ақпараттық кеңістік»; Алтын Орданың құрылғанына 750 жыл толуына орай, «Алтын Орда: өркениеттер тоғысында»; «Академик К.Н.Нәрібаевтың еңбектеріндегі Қазақстан Республикасы экономикасының инновациялық дамуы мен жоғары білім беру жүйесінің қазіргі мәселелері» сияқты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциялар өткізілді.

2 шілде күні «Елін сүйген, елі сүйген – Елбасы» деген тақырыппен «Болашақ» халықаралық білім бағдарламасының түлектерімен онлайн кездесу өтті. 28 жыл ішінде әлемнің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында білім алған жастар «Қырандар түлегін қияға самғатып баулитыны аян. Біз де жеткіншек ұрпағымызды босбелбеу тірлікке емес, басқалармен бірдей бағын сынап, есесін жібермейтіндей нартәуекел мен іскерлікке тәрбиелегеніміз лазым» деген Елбасының дана саясатына бас иіп, алғыстарын жеткізді.

Бір сөзбен айтқанда, Елорда күні – жыл сайын Елбасының саяси феномені мен қайраткерлік тұлғасын халық арасында, жастар ортасында айшықтай түсері сөзсіз.

*«Айқын» газеті,
6 шілде 2021 жыл*



ТҮЛЕКТЕР ЖАҢА ҮЛГІДЕГІ ДИПЛОМ АЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлектері алғаш рет жаңа үлгідегі диплом алды. Биыл қара шаңырақты 6600 студент тамамдады. Оның ішінде 4798-і – бакалавр, 1611 жас ғылым магистрі атағын иеленді.

Салтанатты жиынды Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ашты.

Ректор әлемдік 200 үздік университет қатарына енген оқу орнының жыл сайын биік белестерді бағындырып, интеллектуал жастар легін тәрбиелеп келе жатқанын атап өтті. Үлкен өмірге жолдама алған жастарға қашанда ізденімпаз әрі бәсекеге қабілетті болуды нұсқап, ел игілігі жолындағы еңбекте сәттілік тіледі.

Салтанатты жиында білім ордасының басшысы құттықтаудан кейін ең үздік түлектерге диплом табыстады. Бітірушілер өз кезегінде ҚазҰУ дипломын алу үлкен жетістік екенін мақтанышпен айтып, мемлекетіміз бен қоғамды дамытуға белсене еңбек ететіндерін мәлімдеді. Университет басшылығы мен оқытушыларға сапалы білім мен тағылымды тәрбие бергені үшін шексіз алғыс білдірді.



ВЫПУСКНИКИ ПОЛУЧИЛИ ДИПЛОМЫ НОВОГО ОБРАЗЦА

В Казахском национальном университете им. Аль-Фараби состоялось торжественное вручение дипломов с участием руководства, преподавателей и выпускников вуза, которые впервые получили диплом нового образца. Праздничное мероприятие подвело итог обучения в вузе, дав путевку в жизнь специалистам разных профессиональных сфер.

В этом году ведущий университет страны окончили 6600 студентов, из них 4798 – бакалавры, а 1611 выпускников получили звание магистров наук.

Торжественное собрание открыл Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев.

Ректор особо отметил, что учебное заведение, вошедшее в топ-200 лучших университетов мира, ежегодно осваивает новые, высокие рубежи и воспитывает интеллектуальную молодежь.

На церемонии, которая прошла в онлайн формате, руководитель вуза после поздравления вручил дипломы лучшим выпускникам. А они, в свою очередь, с гордостью отметили, что диплом КазНУ – это большое достижение, и заявили, что активно будут работать над развитием нашего государства и общества. В заключение они поблагодарили руководство университета и преподавателей за качественное образование и достойное воспитание.



ҚАЗҰУ КІТАПХАНАСЫ 246 ӨТЕ ҚҰНДЫ СИРЕК КІТАППЕН ТОЛЫҚТЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Әл-Фараби кітапханасы қорына белгілі ғалым Бақытжан Дүйсенбеков ғылыми-әдеби мазмұны бай, мағынасы терең, сирек кездесетін көне кітаптарды тапсырды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев бұл рухани мұраның ерекше құндылығына тоқталып, «Бақытжан Әлішерұлы бүгін бізге үлкен миссиямен келіп, ата-бабасынан қалған және өзінің зерттеушілік қабілетімен өмір бойы жинаған әдебиет, дін, тарих, тіл, география салаларын қамтыған жинақтарды Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің кітапханасына арнайы тапсырып отыр. Өте сирек кездесетін жәдігерлер араб, парсы, шағатай тілдерінде жазылған, көне ғасырлардан бүгінгі дәуір аралығын қамтиды. Бұл еңбектердің арасында Орта Азия ғана емес, ерте кездерде дүниежүзінде жарық көрген құнды кітаптардың үлгілері бар. Біз бұл рухани қазынаны кітапханамызға қабылдап қана қоймай, шығыстанушы, лингвист, тарихшы ғалымдарымыздан жұмыс тобын құрып, арнайы сараптама жасап, оларды сұрыптап, тақырыптық бағыттарына байланысты салаларға бөліп, нақты зерттеулер жүргізетін боламыз», – деді.

Университет кітапханасына тапсырылған кітаптардың ішінде 1324 жылы Мысыр баспасынан шыққан Құран Кәрімнен бастап, Пәкістан, Үндістан, Түркия, Қазан баспаларында басылған әдеби, тарихи, діни кітаптар бар.



БИБЛИОТЕКА КАЗНУ ПОПОЛНИЛАСЬ НА 246 ОЧЕНЬ ЦЕННЫХ И РЕДКИХ КНИГ

Известный ученый Бакытжан Алишерович Дуйсенбеков передал в фонд библиотеки Аль-Фараби КазНУ архив с книгами богатого научно-литературного содержания, глубокого смысла и старинными изданиями большой ценности.

Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Кансеитович Туймебаев отметил особую ценность духовного наследия, подчеркнув: «Бакытжан Алишерович сегодня посетил нас с важной миссией – он передает в дар библиотеке Казахского национального университета им. Аль-Фараби книги, оставленные ему предками и накопленные за всю жизнь в ходе исследовательской работы в области литературы, религии, истории, языка, географии. Сколько историй содержат эти редкие книги и рукописи на арабском, персидском, шагатайском языках, охватывающие период с древнейших веков до наших дней?! Среди этих трудов – образцы ценных книг, изданных не только в Средней Азии, но и во всем мире в древние времена».

«Мы не только примем этот бесценный дар, но и создадим рабочую группу из ученых-востоковедов, лингвистов, историков, проведем специальную экспертизу книг, разберем их по тематическим направлениям и проведем серьезные исследования», – поделился своими дальнейшими намерениями руководитель университета Жансеит Туймебаев.

В этот фонд входят литературные, исторические, религиозные книги, начиная с Корана, изданного египетским издательством в 1324 году, и заканчивая изданиями Пакистана, Индии, Турции и Казани.



ОҚУ ЖЫЛЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті биылғы оқу жылын қорытындылады. Осыған байланысты өткен жиында білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев биылғы жетістіктерді саралап, маңызды міндеттемелерге назар аударды.

Оқу орны отандық және әлемдік рейтингтерде алдыңғы орыннан көрініп, жетекші позициясын нығайта түсті. Университет ғалымдары инновация мен ғылым саласында биік белестерді бағындырып, ауқымды жобаларды іске асырды. Ректор бұл білімі мен білігі астасқан үлкен ұжымның ерен еңбегінің жемісі екенін атап өтті. ҚазҰУ аталатын құт мекеңде бүгінде 27 мың студент білім нәрінен сусындап, 6 мыңға жуық оқытушы қызмет етуде.

Басты міндет – сапалы білім беруді жетілдіре отырып, ғылым мен инновацияны көтерудің, университет ғалымдарының ғылыми жұмыстарын Қазақстан және халықаралық деңгейде танытудың өзектілігін де баса айтты. Сол себептен студенттер мен оқытушы-профессорларға, қызметкерлерге жан-жақты жағдай жасау жолдары қарастырылып отырғанын жеткізді. Қордаланған мәселелерді шешіп, алға жылжу үшін бірлескен белсенді жұмыс қажет екенін нықтады.

Жиын соңында ҚазҰУ басшысы алдағы басты мәселелер мен міндеттерді жіті талдап, ұжымға жаңа оқу жылында тың күш, жаңа қарқынмен жұмысқа оралуға тілектестік білдірді.



ПОДВЕЛИ ИТОГИ УЧЕБНОГО ГОДА

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби подвели итоги учебного года. Руководитель вуза Жансеит Туймебаев проанализировал достижения этого года и акцентировал внимание на важных задачах.

Университет сегодня занимает лидирующие позиции в отечественном и мировом рейтингах. Ученые вуза достигли больших высот в области инноваций и науки, реализовали масштабные проекты. Ректор отметил, что это результат кропотливого труда большого коллектива, каждый сотрудник которого вложил свои знания и умения в общий результат. В КазНУ сегодня обучаются 27 тысяч студентов, работают около 6 тысяч преподавателей.

Главная задача, которая стоит перед коллективом, – совершенствование процесса обучения, повышение качества научных исследований, развитие инноваций, популяризация научной работы ученых университета на казахстанском и международном уровнях. Он отметил, что рассматриваются пути создания всесторонних условий как для студентов, так и для профессоров и преподавателей вуза. Для решения накопившихся проблем и продвижения вперед необходима совместная активная работа.

В завершение встречи глава КазНУ подробно проанализировал основные проблемы и задачи, пожелал коллективу в новом учебном году новых сил и энергии, а также не сбавляя темпов, вернуться к работе.



ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ҚЫЗА ТҮСТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қабылдау комиссиясының жұмысы қарқынды жүргізілуде. Биыл білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаевтың бастама-сымен комиссия құжат қабылдаудың жаңа деңгейіне көшті.

2021 жылдың 1 маусымында жұмысын бастаған қабылдау комиссиясы заманауи құрылғылармен жабдықталған ғимаратқа көшіп, талапкерлер үшін электронды кезек жүйесін іске қосты. Ең қажет әрі маңызды ақпараттар жастар назарына әлеуметтік желілер арқылы сәт сайын ұсынылуда.

Мамандар мәліметінше, қазіргі таңда Microsoft Team, WhatsApp және өзге де әлеуметтік желілер бойынша онлайн режимде 3514 талапкерге, офлайн режимде 5305 талапкерге жан-жақты кеңес берілген.



ПРИЕМНАЯ КОМИССИЯ РАБОТАЕТ В ИНТЕНСИВНОМ РЕЖИМЕ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби кипит работа в приемной комиссии. В этом году по инициативе руководителя вуза Жансеита Туймебаева комиссия перешла на новый формат приема документов.

Работа приемной комиссии стартовала 1 июня. После переезда в здание, оснащенное современным оборудованием, для абитуриентов запустили систему электронной очереди. Наиболее актуальная информация относительно условий приема доносится до молодежи через социальные сети.

По данным специалистов, в настоящее время по Microsoft Team, WhatsApp и другим социальным сетям в режиме онлайн проконсультировано 3514 абитуриентов, офлайн – 5305.



ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНДЫҚ КҮШЕЙТІЛДІ

Бүгін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ғылыми кеңес пен ректорат отырысы өтті. Университет ұжымы онлайн бас қосқан жиынды ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ашып, күн тәртібінде жаңа оқу жылына дайындық шаралары қаралды.

Бұл тақырыпта алдымен ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер бойынша проректор Фатима Жақыпова баяндама жасады. Ол ҚР БҒМ тапсырмасына сәйкес, білім ордасы дәстүрлі форматта білім беруге 100 пайыз дайын болуы тиіс екенін жеткізді. Осы мақсатта университетте оқу жылына дайындық алгоритмі әзірленіп, ғимараттар мен жатақханалар санитарлық-эпидемиологиялық талаптар бойынша жабдықталуда. Сонымен қатар бағдар беру апталығының бағдарламасын бекіту, жүктемені есептеу және ОПҚ штатын анықтау, аудиториялық қорды тексеру әрі кесте жасау, декандар мен кафедра меңгерушілерінің білім алушылармен онлайн кездесулері сынды ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Жиын соңында оқу орнының ректоры факультет басшыларына студенттерді жатақханаға орналастыру жұмыстарына жіті көңіл бөлуді және еліміздің басты мерекесі – ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына жоғары деңгейде дайындалуды тапсырды.



УСИЛЕНА ПОДГОТОВКА К НОВОМУ УЧЕБНОМУ ГОДУ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби на заседании Ученого совета и ректората обсудили вопросы готовности университета к новому учебному году.

Основным докладчиком выступила член Правления – проректор по академическим вопросам Фатима Жакыпова. Спикер представила общий план подготовки к новому учебному году и рассказала об основных подготовительных мероприятиях. До нового учебного года предстоит разработать алгоритм подготовки к учебному году, инструктивное письмо, акты готовности факультетов, программу ориентационной недели. Также прорабатывается расчет нагрузки и определение штата ППС, проведена ревизия аудиторного фонда и составлено расписание.

Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Туймебаев Жансеит Кансеитұлы поручил деканам тщательно проработать вопрос заселения студентов и запланировать мероприятия, посвященные 30-летию Независимости, где должна быть отражена роль вуза в становлении и развитии суверенного Казахстана.



ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАЙТА ЖАҢАРҒАН ҒИМАРАТТА БАСТАЛАДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңа оқу жылында заманауи үлгіде күрделі жөндеуден өткен оқу ғимараттары мен жатақханаларды пайдалануға бермек. Білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев құрылыс барысымен танысып, әлі де қалпына келтіру жұмысы аяқталмаған нысандарды жоспарға сәйкес аяқтауға тапсырма берді.

Қазіргі сәтте университет аумағында орналасқан 14 жатақхана студенттердің қоныстануына әзірленіп, 25 тамызда студенттер игілігіне ұсынылады. Оның ішінде №6 студенттер үйіндегі жөндеу жұмыстары бітуге жақын, №4 және №7 жатақханалардағы күрделі жөндеу жұмысы қыркүйектің соңына дейін жалғасады. Өзге жатақханалар 25 тамызда келген студенттерді қабылдауға сақадай-сай.

Бұған қосымша, үш оқу ғимаратында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл ғимараттардың есік-терезелері және едені толығымен ауыстырылған. Бұрын линолеум болса, қазір сапалы жаңа ламинаттар төселіп, аудиториялар жаңа үлгідегі заманауи дизайнмен әрленіп, безендірілуде.

Айта кетерлік жайт, жөндеу барысында тек сапалы құрылыс материалдары қолданылады. Ректор тапсырмасымен жаңа оқу жылында студенттерді қабылдауға дайын болу үшін жұмысшылар саны арттырылды.

Одан бөлек, бірінші, екінші, үшінші оқу ғимараты мен ректораттың сырты да күрделі жөндеуден өтпек. Бұл мақсатта сұйық травертин деп аталатын жаңа технология қолданылады. Бұл жұмыстар екі ай мерзімде аяқталмақ. Болашақта Студенттер сарайын да осы секілді жөндеуден өткізу жоспарлануда. Салынғалы бері ғимараттардың ішкі-сыртқы бөлігіне мұндай күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмегендіктен, көптеген материалдардың тозығы жеткен. Алдағы уақытта бұл олқылықтардың орнын толтыру жоспарда бар.

Масанчи көшесінде орналасқан төртінші оқу ғимаратына да косметикалық жөндеу жұмыстары жасалды. Қазір студенттерді қабылдауға толығымен дайын. Мұнда философия және политология факультеті, колледж және оқу ордасының лицейі орналасқан. Университет аумағында орналасқан Жас ғалымдар үйінің де сыртқы бөлігі жөндеу жұмыстарын қажет етеді. Саин көшесінің бойындағы Біліктілікті арттыру институтының жатақханасындағы жұмыстар да қазір аяқталып, оқу жылын бастауға әзір тұр.

Кейбір жатақханаларға 15-20 жылдың көлемінде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмегендіктен, едендегі линолеумдардың тозығы жетіп, сантехникалардың көпшілігі істен шыққан. Сол себепті алдағы екі жылда барлық жатақханаға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Тек қана қабырғасын қалдырып, есік-терезе, құбыр жүйелері, тіпті шатырына дейін ауыстырылатын болады.

Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Қансейітұлы ғимараттардың әрқайсысын жіті аралап шығып, әрбір жатақхананың жертөлесінде, айналасында химиялық тазалау, аяқкиім жөндеу секілді студенттердің қажеттіліктеріне жарайтын орындар ашып, спорттық тренажер орнату туралы нақты тапсырмалар берді.



УЧЕБНЫЙ ГОД НАЧНЕТСЯ В КАПИТАЛЬНО ОТРЕМОНТИРОВАННЫХ ЗДАНИЯХ

В КазНУ им. Аль-Фараби в новом учебном году будут сданы в эксплуатацию отремонтированные учебные корпуса и общежития. Руководитель вуза Ж.К.Туймебаев ознакомился с ходом ремонтных работ и поручил завершить их в соответствии с утвержденным планом.

В настоящее время 14 общежитий, расположенных на территории вуза, готовят к заселению студентов с 25 августа. В частности, завершаются ремонтные работы в общежитии №6, а капитальный ремонт в общежитиях №4 и №7 продлится до конца сентября. Остальные дома студентов будут готовы принять прибывших студентов с 25 августа.

Кроме того, проводится капитальный ремонт трех учебных корпусов университета. В этих зданиях полностью заменены двери, окна и полы. Старый линолеум, заменяется качественным новым ламинатом, а аудитории оформляются современным дизайном.

Стоит отметить, что при ремонте используются только качественные строительные материалы. По поручению ректора для своевременного окончания ремонта и принятия студентов в новом учебном году, было увеличено количество рабочих.

Кроме того, будут отремонтированы внешние фасады ректората и трех учебных корпусов. Для этого используется новая технология – жидкий травертин. Эта работа будет завершена через два месяца. В будущем аналогичным образом планируется отремонтировать Дворец студентов. Из-за отсутствия капитального ремонта на протяжении многих лет, многие здания и корпуса вуза сильно изношены. Эти вопросы запланировано решить в ближайшем будущем.

В четвертом учебном корпусе по улице Масанчи также был произведен косметический ремонт. Теперь он полностью готов к приему студентов. Здесь расположены – факультет философии и политологии, колледж и лицей университета. Внешний вид Дома молодых ученых, расположенный на территории кампуса, также требует ремонта. В общежитии Института повышения квалификации по улице Саина завершены ремонтные работы и готовы к началу учебного года.

Некоторые общежития не ремонтировались на протяжении 15-20 лет, что сказалось на его внешнем виде. Изношен линолеум, а большая часть сантехники вышла из строя и требует замены. Поэтому в ближайшие два года все общежития кампуса будут отремонтированы. Двери, окна, системы трубопроводы, а также кровля наджежат замене.

Председатель Правления – Ректор Жансеит Кансеитович внимательно осмотрел все корпуса и подвалы каждого общежития и дал конкретные поручения по запуску в них объектов услуг по ремонту обуви, химчистки и установке спортивных тренажеров для досуга студенческой молодежи.



АЛТЫ АЙДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев «Алматы» телеарнасының тікелей эфирінде өткен «Басты назарда» бағдарламасына қатысып, бірқатар сұрақтарға жауап берді. Әңгіме барысында жетекші университеттің соңғы алты ай ішіндегі қол жеткізген жетістіктері, атқарылған шаруалар, жаңа оқу жылына дайындық, оқу ғимараттары мен жатақханаларға жүргізіліп жатқан кешенді жөндеу, студенттер мен оқытушыларға жасалған жағдай, пандемия кезіндегі оқу процесі және тағы басқа мәселелер талқыланды.

Еліміздің жетекші білім ордасында пандемия мен карантинге қарамастан, белсенді жұмыс жалғасуда: оқу үдерісі заманауи талаптарға сай жолға қойылған, ҚазҰУ-ды зерттеу университетіне трансформациялау жұмыстары атқарылуда. Соңғы жарты жылда университеттің тыныс-тіршілігінде айтарлықтай оң өзгерістер орын алды. Атап айтсақ, биыл ҚазҰУ-ға мемлекеттік грант алуға үміткерлер саны үш еседей өсті. Магистратураға қабылданғандар саны – 1598 адам. Бұл көрсеткіш те өткен жылмен салыстырғанда анағұрлым артық. Жалпы, білім ордасы биыл, шетелдік азаматтар мен докторантураны қоспағанда, 6440 студентті оқуға қабылдады. «Алтын белгі» иегерлерінің саны да көңіл қуантарлық, өткен жылы 508 үздік мектеп бітіруші, биыл 737 озат оқушы ҚазҰУ студенті атанды.

Университет жаңа оқу маусымына шетелдік серіктес университеттермен бірлесіп бакалавриат, магистратура және докторантура үшін 119 жаңа білім беру бағдарламасын әзірледі. Жаңа мамандықтар қазақстандық студенттер арасында ғана емес, шетелдік студенттер ішінде де үлкен сұранысқа ие. ҚазҰУ-дың шетелде филиалдарын ашу жұмыстары да жүргізілуде (Армения, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия).

Университет ректоры студент жастардың спорттық өмірі, оқытушы-профессорлар құрамының әлеуметтік жағдайын жақсарту, жас мамандарға көңіл бөлу т.б жоспарларымен бөлісті.



ОБСУДИЛИ ИТОГИ РАБОТЫ ЗА ШЕСТЬ МЕСЯЦЕВ

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев принял участие в прямом эфире передачи «Басты назарда» на телеканале «Алматы» и ответил на ряд вопросов. В ходе передачи обсуждались достижения ведущего вуза страны за последние полгода, результаты проделанной работы, ход подготовки к новому учебному году, текущий ремонт зданий и общежитий, особенности организации учебного процесса в период пандемии и многое другое.

В ведущем вузе страны, не смотря на пандемию и карантин, продолжается активная деятельность, налажен учебный процесс с учетом современных требований, идет работа по трансформации КазНУ в исследовательский университет. За последние полгода в работе университета произошло множество позитивных изменений. В этом году количество поступающих в КазНУ на государственные гранты возросло в 3 раза. В магистратуру поступило – 1598. Этот показатель выше по сравнению с прошлым годом в разы. В целом в университет было принято 6440 студентов. Увеличилось число обладателей знака «Алтын белгі», в прошлом году – 508 лучших выпускников школ выбрали КазНУ, в этом году – 737. Вуз совместно с зарубежными партнерами-университетами разработал 119 новых образовательных программ для бакалавриата, магистратуры и докторантуры. Новые специальности очень востребованы не только среди казахстанских, но и иностранных студентов. Ведется подготовка к открытию четырех филиалов КазНУ за рубежом (Армения, Кыргызстан, Узбекистан, Турция).

Ректор вуза также рассказал о спортивной жизни студенческой молодежи, об улучшении социального положения профессорско-преподавательского состава, молодых ученых, а также поделился другими планами.



АРМАНЖАН БАЙТАСОВ ҚАРА ШАҢЫРАҚТА ҚОНАҚТА БОЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Директорлар кеңесінің мүшесі Арманжан Байтасов қара шаңырақта қонақта болып, ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаевпен кездесті.

Білім ордасының басшысы Директорлар кеңесінің мүшесі, танымал журналисті оқу аудиториялары мен студенттер үйіне алып барып, жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарымен таныстырды.

Құрметті мейман әуелі жақын күндері су жаңа жиһаздар кіргізіле бастайтын заң факультетінде болып, құрылысшылар еңбегін жоғары бағалады. Одан кейін өзі білім алған журналистика факультетіне қадам басып, жанына ыстық алтын ұяның жаңарып жатқанына қуаныш білдірді. Әсіресе еңсені басып тұратын және созған қолың емін-еркін жететін дәліз төбелерінің жарты метрге жоғары көтеріліп, бұрынғыдан әлдеқайда биіктеп қалғанына таңданысын жасыра алмады.

Филология, тарих факультеттерінің іші ғана емес, ғимарат сыртының, қасбеттерінің қайта қалпына келтіріліп жатқаны да жағымды жаңалық ретінде қабылданды.

Арманжан Мерекеұлы аудиториялармен шектеліп қана қоймай, қалашық аумағындағы жатақханаларға да арнайы ат басын тіреді.

Ректор Жансейіт Қансейітұлы орын санының шектеулігіне (5434) байланысты аймақтардан келетін 3000 білімгерді оқу орны маңындағы хостелдерге қоныстандыру қарастырылып жатқанын да атап өтті.

Сондай-ақ А.Байтасовқа қалашыққа келіп, студенттер өміріне қызығушылық танытқаны үшін ризашылығын жеткізді.



АРМАНЖАН БАЙТАСОВ ПОБЫВАЛ В ГОСТЯХ В АЛЬМА-МАТЕР

Член Совета директоров Казахского национального университета имени Аль-Фараби Арманжан Байтасов посетил альма-матер и встретился с Председателем Правления – Ректором Жансеитом Туймебаевым.

Руководитель вуза, член Совета директоров, провел экскурсию и показал известному журналисту учебные корпуса и студенческие дома, где провели капитальный ремонт. Почетный гость сначала посетил здание юридического факультета, который в ближайшие дни будет укомплектован новой мебелью. Осмотрев все аудитории, выпускник КазНУ высоко оценил работу строителей.

Он также посетил свой родной факультет журналистики, где учился и получил путевку в жизнь. Увидев обновленные аудитории, коридоры и потолок поднятый на пол метра, он выразил искреннее удивление и радость.

Следует особо обратить внимание, что раньше до потолка можно было легко дотянуться рукой, а теперь совершенно другой дизайн и интерьер коридора будет радовать глаз и притягивать положительную энергетику. Приятным открытием стало то, что реконструируются не только внутренние аудитории исторического и филологического факультетов, но и фасады зданий. Арманжан Мерекеевич осмотрел все лекционные аудитории и залы, общежития на территории кампуса.

Ректор Жансеит Кансеитович также отметил, что из-за ограниченного количества мест (5434) в общежитиях университета планируется разместить три тысячи студентов из регионов в ближайших хостелах и гостиничных учреждениях для молодежи.

В завершение ректор вуза поблагодарил А.Байтасова за поддержку и интерес к студенческой жизни университета.



РЕКТОР МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ СӨЙЛЕУГЕ МІНДЕТЕДІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің кезекті Ғылыми кеңесінің отырысы мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне және жаңа оқу жылына дайындық мәселесіне арналды.

Отырысты ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ашты. Алдағы мемлекеттік мереке – Конституция күнінің маңыздылығына мән бере отырып, университет басшысы: «Әр мемлекет үшін Конституциядағы негізгі қағида – тіл мен жердің сақталуы және Ата заңның бұлжытпай орындалуы. Мемлекеттік тілімізде сөйлесек, онда біздің ана тілімізді, Ата заңымызды қолдамағанымыз, қорғамағанымыз. Әрбір патриот осыны терең ойлануы қажет. Тілдің арқасында біз жеке мемлекетпіз. ҚазҰУ-дағы барша басшылар мен қызметкерлер мұны есте сақтап, өзгелерге үлгі болуы тиіс», – деп, барлық қызметкерлерді мемлекеттік тілде сөйлеуге міндеттеді.

ЖОО басшысы Жансейіт Түймебаев биыл оқытушылар мен қызметкерлер жалақысының 20 пайызға көтерілгенін тілге тиек ете отырып, жаңа оқу жылынан бастап түрлі бонустар есебінен оқытушы – 200 000, аға оқытушы – 280 000, доцент – 330 000, профессор 500 000 теңге жалақы алатынын хабарлады. Сонымен қатар Президент тапсырмаларына сәйкес, білім сапасын жақсарту, ғылымды дамыту және университет жұмысының басқа да бағыттары бойынша ауқымды жұмыстар орындалып жатқанын атап өтті.

Жиында жаңа оқу жылындағы ұжым алдында тұрған міндеттер нақтыланды: ел дамуының басым бағыттарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларын өзектендіру; білім алушылардың білімі мен құзыреттілігін бағалаудың ең заманауи технологияларына көшу; диплом жұмыстарының тақырыбын қайта қарау және жобалық тәсілді енгізу; білім берудің барлық деңгейлерінде оқытудың күрделі сандық технологияларын енгізу; профессор-оқытушылар құрамының кадрлық әлеуетін түбегейлі арттыру және тағы басқа міндеттерге басымдық берді.

Сондай-ақ мәжілісте ЖОО-да қабылданған санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік шаралары сөз болып, өзге де өзекті мәселелер қаралды.



РЕКТОР ПРИЗВАЛ ГОВОРИТЬ НА ГОСУДАРСТВЕННОМ ЯЗЫКЕ

Заседание Ученого совета было посвящено праздничной дате – Дню Конституции Республики Казахстан, а также самому актуальному вопросу дня – подготовке к новому учебному году, который начинается в традиционном формате.

Заседание открыл Председатель Правления КазНУ им. Аль-Фараби – Ректор Жансеит Туймебаев. Подчеркнув важность приближающегося национального праздника – Дня Конституции, глава вуза сказал: «Главный принцип Конституции для каждого государства – сохранение языка, территории и неукоснительное соблюдение основного закона страны. Если мы не говорим на государственном языке, то мы не поддерживаем и не защищаем свой родной язык, закон. Об этом должен глубоко задуматься каждый патриот. Благодаря языку мы – отдельное государство. Все руководители и сотрудники КазНУ должны помнить об этом и подавать пример другим».

Глава вуза Жансеит Туймебаев подчеркнул, что в этом году состоялось повышение заработной платы преподавателям и сотрудникам вуза на 20%, выполняются поручения Президента по улучшению качества образования, развитию науки и другим направлениям работы университета. Ректор подчеркнул, что с начала нового учебного года преподаватель будет получать 200 000 тенге, старший преподаватель – 280 000 тенге, ассоциированный профессор – 330 000 тенге, профессор – 500 000 тенге. Кроме того, устанавливается доплата за степень доктора философии (PhD), кандидата наук, доктора наук, уровень квалификации. Также дважды в год предусмотрены бонусные выплаты.

На заседании также обсуждались меры санитарно-эпидемиологической безопасности, принятые в университете и другие актуальные вопросы.



ҚАЗҰУ – ЖЫЛ УНИВЕРСИТЕТІ

Канаданың Халықаралық жетістіктерді зерттеу комитеті мен Шығыс Еуропа және Азия аймақтық орталығы (International Achievements Research Center) өткізген «Жыл университеті – 2021» халықаралық байқауының қорытындысы бойынша Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жеңімпаз деп танылды. Байқау директоры – доктор Майкл Финнен жолдаған хатқа сәйкес, ҚазҰУ білім мен ғылымдағы үздік жетістіктері үшін «Басқару және көшбасшылық» аталымы бойынша халықаралық сертификатқа ие болды.

Жеңімпаздар БАҚ пен интернет-дереккөздерін зерттеу және тұрақты мониторинг, контент-талдау жасау негізінде сарапталады. Сондай-ақ университеттердегі, ғылыми-білім беру орталықтарындағы әріптестердің, тәуелсіз ғалымдардың, зерттеушілердің, оқытушылардың ұсыныстары ескеріледі.

Халықаралық конкурс жоғары оқу орындарының жетістіктерін әлемдік қоғамдастыққа көрсету мен насихаттауға мүмкіндік береді. ҚазҰУ алғаш рет бақ сынап, жоғары академиялық бәсекеге қабілеттілік, университеттің тартымдылығы, жаһандық білім беру кеңістігіндегі стратегиялық серіктестікті нығайту талаптары бойынша жарқын нәтиже көрсетті.



КАЗНУ – УНИВЕРСИТЕТ ГОДА

По итогам международного конкурса «Университет года – 2021», проводимого Канадским комитетом по исследованию международных достижений и региональным центром Восточной Европы и Азии (International Achievements Research Center), победителем признан КазНУ им. Аль-Фараби. В письме директора конкурса – доктора Майкла Финнена отмечено, что университет получил международный сертификат в номинации «Управление и лидерство» за выдающиеся достижения в образовании и науке.

Данный конкурс основан на исследовании и постоянном мониторинге, контент-анализе СМИ и интернет-источников, а также рекомендациях коллег из университетов, научных и образовательных центров, независимых ученых, исследователей и преподавателей. Международный конкурс предоставляет высшим учебным заведениям возможность продемонстрировать свои достижения мировому сообществу.

Впервые поучаствовав и заняв почетное место в этом конкурсе, КазНУ имени Аль-Фараби продемонстрировал яркую и уверенную победу, высокую академическую конкурентоспособность, привлекательность университета и результаты в деле укрепления стратегического партнерства в глобальном образовательном пространстве.



ELSEVIER
Scopus



234 ҚАЗҰУ ҒАЛЫМЫ 74,8 МЛН ТЕҢГЕ СЫЙАҚЫ АЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары Scopus деректер базасының халықаралық рейтингтік басылымдарында жарияланған мақалалары үшін қаржылай сыйақымен марапатталды.

Білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаевтың шешімімен арнайы сыйақыға Scopus мәліметтер базасының журналдарында мақала жариялаған 234 автор ие болды. Жалпы сомасы 74,8 млн теңгені құраған сыйақы мөлшері CiteScore рейтингтік журналдарының STR, квантиль және процентиль көрсеткіштеріне байланысты тағайындалды.

Бұл ҚазҰУ авторларын материалдық тұрғыдан ынталандыру және білім алушылар мен оқытушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартудың ең тиімді құралдарының бірі болып табылады. Сондай-ақ ҚазҰУ-дың университеттердің әлемдік рейтингінде ілгерілеуіне айтарлықтай әсер етпек.

Қаржылай сыйақы алдағы уақытта да Scopus деректер базасына кіретін журналдарда жарияланған рейтингтік мақалалардың авторларына беріледі. Олардың арасында дәйексөзділігі жоғары рейтингтік мақалалар басымдыққа ие болады. Университеттің оқытушы-профессорлық құрамы мен ғылыми қызметкерлері, сонымен қатар білім алушыларының мақалалары үшін де берілетінін атап өткен жөн.

Scopus – ғылыми басылымдардың мақалаларынан дәйексөз алу деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін әлемдегі ең ірі рефераттық дерекқор. Әлемдік базаны университеттер де, ғылыми-зерттеу институттары да қызметкерлердің жарияланым стратегиясын анықтауға, ал рейтингтік агенттіктер жоғары оқу орындарының әлемдік рейтингтерін құру үшін пайдаланады.



234 УЧЕНЫХ КАЗНУ ПОЛУЧИЛИ ВОЗНАГРАЖДЕНИЕ - 74,8 МЛН ТЕНГЕ

По решению Председателя Правления – Ректора НАО «Казахский национальный университет имени Аль-Фараби» Ж.К.Туймебаева ученые университета награждены денежными премиями за статьи, опубликованные в международных рейтинговых изданиях базы данных Scopus.

Общая сумма премии авторам 234 статей, опубликованных в журналах базы данных Scopus за 6 месяцев 2021 года, составила 74,8 млн тенге. Размер денежного вознаграждения авторам зависит от показателя SJR, квартиля и процентиля по CiteScore рейтинговых журналов.

Следует отметить, что премия выдается как членам профессорско-преподавательского состава и научных сотрудников университета, так и обучающимся.

Материальное стимулирование авторов КазНУ является одним из наиболее эффективных инструментов по привлечению обучающихся и преподавателей к научно-исследовательской деятельности. Премируются высокорейтинговые статьи, имеющие высокий потенциал цитируемости, что существенно отразится на продвижении КазНУ в мировых рейтингах университетов.

Scopus – крупнейшая в мире реферативная база данных, которая позволяет определять уровень цитируемости статей научных изданий. Эта база используется как университетами, НИИ для выстраивания публикационной стратегии сотрудников, так и рейтинговыми агентствами для составления мировых рейтингов университетов.



ҚҰРМЕТТІ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ОҚЫТУШЫ-ПРОФЕССОРЛАРЫ, СТУДЕНТТЕРІ, МАГИСТРАНТ-ДОКТОРАНТТАРЫ!

Сіздерді 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Биыл Ата заңымыздың төл мерекесі Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы аясында атап өтілуде. Конституциямыздың негізін қалаған Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз сөзінде: «Қазіргі кезеңдегі қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың конституциялық нормалары – бүкіл Қазақстан халқы үшін сенімді болашақты қамтамасыз ететін дәйекті даму мен жаңғыру үдерістерінің негізі», – деп атап өткен болатын.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Конституциямызда белгіленген адам құқығы мен бостандығы, саяси және әлеуметтік-экономикалық құрылым қағидаттары әділетті қоғам мен қуатты мемлекеттің айнымас тұғырына айналды», – дей келе, елдегі келісім мен саяси тұрақтылықты сақтап, азаматтық қоғаммен сындарлы байланысты жалғастыруға сенім білдірген еді.

Тәуелсіз мемлекетіміздің Ата заңы – елдік пен егемендіктің алтын темірқазығы, жарқын болашағымыздың кепілі. Мемлекетіміздің тарихи дамуының іргетасы ғана емес, ол барлық заңдардың бастауы, тәуелсіздігіміздің басты тірегі екені сөзсіз.

Осы ретте Салық Зиманов, Сұлтан Сартаев бастаған ҚазҰУ-дың заңгер-ғалымдары ел егемендігінің заңды негіздерін қалауға тікелей қатысқанын айта кеткеніміз жөн. Сондай-ақ танымал түлегіміз Иван Рогов ұзақ жыл ҚР Конституциялық Кеңесінің төрағасы ретінде Ата заңымыздың мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етуге атсалысты. Қазір бұл жауапты қызметті Түлектер қауымдастығының төрағасы, заң ғылымының докторы Қайрат Мәми жоғары деңгейде атқарып отырғаны білім ордасы үшін айрықша мақтаныш.

Бүгінгі күні біздің университетіміз Конституция аясында мемлекет жүктеген міндеттемелерді тиімді іске асырып, заман талабына сай жаңа бағытта даму үстінде. Тағылымы мол, терең тарихы бар оқу орнымыз уақыт өткен сайын биік белестерді бағындырып, білім, ғылым кеңістігінде өз орнын айшықтай түсуде. Алдағы уақытта да халықаралық байланыстарын күшейтіп, әлемдік рейтингте алдыңғы қатардан көрініп, ел болашағына қызмет ететін интеллектуал жастарды тәрбиелеу ісінде іргелі қадамдар жасай бермек.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш, Ата заңымыз мәңгілік болсын!

**Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**



FARABI UNIVERSITY

Қазақстан
Республикасының
Конституциясы
күні!
День **30 тамыз**
августа
Конституции
Республики
Казахстан!

www.kaznu.kz





ҚАЗҰУ ПРОФЕССОРЛАРЫНЫҢ АЙЛЫҒЫ 163 ПАЙЫЗҒА ӨСТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқытушы-профессорлар құрамының жалақысы айтарлықтай өсті. Атап айтсақ, жаңа оқу жылынан бастап оқытушы жалақысы – 38%, аға оқытушыныкі – 75%, доценттікі – 88%, профессордың жалақысы 163%-ға артты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жоғары оқу орындары оқытушыларының жалақысын арттыру туралы тапсырмасына сәйкес, білім ордасының Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаевтың шешімімен ендігі жерде оқытушы – 200 000, аға оқытушы – 280 000, доцент – 330 000, профессор 500 000 теңге жалақы алады.

Бұдан бөлек, ректор нұсқауымен ҚазҰУ-да әр жарты жыл сайын Scopus мәліметтер базасының журналдарында мақала жариялаған авторларға қомақты қаржылай сыйақы берілетін болды. Республикалық беделді ғылыми танымдық газет-журналдарда мақаласы жарық көрген оқытушыларға да жылына екі рет арнайы бонустар төленеді.

Сондай-ақ ғалым-оқытушылардың жарық көрген оқу құралдары, монографиялары мен кітаптары үшін де университеттегі индикативтік жоспар бойынша балл беріліп, сыйақы тағайындау жолдары қарастырылып отыр.

Еңбекақыны өсіру бәсекелестікті арттырып, университетке мықты мамандардың келуіне жол ашпақ. Сол себептен ҚазҰУ-да жалақының артуымен қатар, оқытушы-профессорлық құрамның кәсіби біліктілігін көтеру, талантты жастарға қолдау көрсету жұмыстары жүйелі жолға қойылуда. Оқытушылық қызметке конкурстық негізде ең білікті әрі білімді мамандар іріктеліп алынады.

Бұл шаралар білім беру сапасын арттыруға, оқытушыларды әлеуметтік қолдауға және оқытушы беделін арттыруға бағытталған. Ғалым-оқытушылардың артық жүктемеден арылып, оқу үдерісіне, зерттеу жұмыстарына және сабақтың сапасына көңіл қоюы үшін барлық жағдай жасалуда.

Айта кетсек, ағымдағы жылдың ақпан айында ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаевтың бұйрығымен оқу ордасындағы барлық қызметкерлердің жалақысы 20 пайызға өскен болатын. Күні кеше Scopus деректер базасының халықаралық рейтингтік басылымдарында мақала жариялаған 234 ғалым 74,8 млн қаржылай сыйақымен марапатталды.



ЗАРАБОТНАЯ ПЛАТА ПРОФЕССОРОВ КАЗНУ УВЕЛИЧИЛАСЬ НА 163%

Согласно поручению Президента РК Касым-Жомарта Токаева о повышении заработной платы преподавателям, по решению Председателя Правления – Ректора КазНУ имени Аль-Фараби Жансеита Туймебаева, была повышена заработная плата преподавателям и ученым вуза.

С начала нового учебного года преподаватели будут получать заработную плату в размере 200 000 тенге, что на 38% выше по сравнению с прошлым годом. Старшим преподавателям будут выплачивать 280 000 тенге, доцентам – 330 000 тенге, профессорам – 500 000 тенге, показатели увеличились на 38% и 163% соответственно. Следует отметить, что университеты несут прямую ответственность за подготовку профессиональных кадров, и с повышением заработной платы усилится конкуренция, что позволит вузу привлекать на работу более сильных преподавателей и специалистов. Помимо конкурентной заработной платы, в КазНУ действует система повышения профессиональной квалификации и проводится работа по поддержке талантливой молодежи. Сегодня в преподавательский коллектив вуза на конкурсной основе отбираются наиболее квалифицированные и сильные кадры.

По распоряжению ректора КазНУ, авторам, публикующим статьи в журналах базы данных Scopus два раза в год, будут присуждаться денежные вознаграждения. Так, за шесть месяцев 2021 год 234 таким авторам было выплачено в виде вознаграждения 74,8 млн тенге. Также преподавателям, размещающим статьи в престижных республиканских научно-популярных газетах и журналах, будут выплачиваться специальные бонусы два раза в год.

Кроме того, согласно индикативному плану университета, за изданные учебные пособия, монографии и книги ученых-преподавателей предусмотрены баллы и рассматриваются способы присуждения премий. При этом ученым и преподавателям созданы все условия, принимаются меры по устранению перегруза, делается все, чтобы они смогли сконцентрироваться на учебном процессе, уделяли больше внимания исследовательской работе и качеству знаний студентов.

Напомним, что в феврале этого года по распоряжению ректора КазНУ Жансеита Туймебаева заработная плата всех преподавателей и сотрудников вуза увеличилась на 20%. Все эти меры направлены на улучшение качества образования, социальную поддержку преподавателей и повышение престижа вуза.



ТҮРІК ПРОФЕССОРЛАРЫ ТӘЖІРИБЕСІМЕН БӨЛІСЕДІ

Бүгін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Директорлар кеңесінің төрағасы, Мармара университетінің профессоры Мухиттин Шимшекпен кездесті. Жүздесу барысында өзара ынтымақтастықтың маңызды мәселелері талқыланды.

Мәртебелі мейман университет басшысына қонақжайлығы үшін ризашылық білдіріп, Халықаралық қазақ-түрік университетінде атқарылып жатқан жаңа жобалар жайлы әңгімеледі. Қазіргі уақытта оқу орнының қызметі негізінен білім, ғылым және жергілікті тұрғындар үшін біліктілік курстарын дамытуға бағытталғанын айта келе, оның ішінде әйелдерге кәсіптік білім беруге жіті көңіл бөлінетінін жеткізді. Жуырда аграрлық факультет ашылып, аймаққа қажет ауыл шаруашылығы мамандарын даярлау да қолға алынған. Сонымен қатар профессор түркиялық танымал мамандарды тарту арқылы медицина факультетінің әлеуетін көтеру және университетті әлем бойынша түркология орталығына айналдыру мақсаттарымен бөлісіп, оларды жүзеге асыруда өзара тиімді әріптестікті ұсынды.

Ректор Халықаралық қазақ-түрік университетінің аймақ халқына арналған игілікті істеріне қолдау білдіріп, ҚазҰУ мамандарының өзара тәжірибе алмасуға даяр екенін жеткізді.

Сондай-ақ кездесуде білім саласындағы Қазақстан – Түркия қарым-қатынасы және өзге де өзекті тақырыптар қозғалып, тараптар екіжақты әріптестік байланыс орнатуға уағдаласты.



ПРОФЕССОРА ТУРЦИИ ПОДЕЛЯТСЯ ОПЫТОМ

Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев принял Председателя попечительского совета Международного казахско-турецкого университета имени Ахмеда Ясави, профессора университета Мармара Мухитдина Шимшека.

Во время встречи ректор отметил, что в силу исторически близких культур и традиций Турции и Казахстана, КазНУ готов к дальнейшему развитию сотрудничества между университетами.

Высказав слова приветствия и благодарности за теплый прием, профессор Мухитдин Шимшек рассказал о деятельности и планах университета Ахмеда Ясави. По его словам, в университете были введены новые специальности, открыты курсы для женщин, программистов и получающих знания в сфере производства и предпринимательства. В Университете Ахмеда Ясави в этом году открыт аграрный факультет, большое внимание уделяется оснащению медицинского факультета. Лучшие профессора медицины из Турции были приглашены в качестве лекторов и практиков в Туркестанский вуз. При университете работает клиника, в которой турецкие врачи делятся опытом, проводят операции и другие лечебные манипуляции. Почетный гость также отметил большие заслуги и вклад ректора Ж.Туймебаева в бытность его акимом Туркестанской области, который дал импульс развитию науки и образования вузов области.

В ходе встречи руководитель КазНУ предложил двустороннее сотрудничество в области развития медицины, усилить коллаборацию между преподавателями и студентами. Также стороны обсудили ряд других вопросов плодотворного сотрудничества.



БІЛІМГЕ ҚҰШТАР ЖАСТАРҒА ЕСІГІМІЗ АШЫҚ

Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, магистрант-докторанттары, студенттер!

Баршаңызды 1 қыркүйек – Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен құттықтаймын!

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы қарсаңында оқуға қабылданған 1-курс студенттері, отандық білім мен ғылымның қара шаңырағына қош келдіңіздер! Магистратура, докторантураға құжат тапсырып, ғылымға қол созған жастарға да зерделі ізденіс, қайтпас жігер, мол табыс тілеймін.



Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Бірлесе білген ел бәрін жеңеді» атты мақаласында жас ұрпаққа айрықша қайырылып: «Еліміздегі ең қуатты күш – өздеріңсіңдер. Аға ұрпақ сендер үшін қолдан келгеннің бәрін жасады, енді сендердің де күш-қайрат жұмсайтын кездерің келді. Жамандықтан, жат әдеттен сақтанып, игі істер жасауға ұмтылыңдар. Үлкенге – ізетті, кішіге – қамқор, бір-біріңе дос болыңдар. «Біріңді қазақ бірің дос, Көрмесең – істің бәрі бос», – деген Абай аталарыңның өсиетін ешқашан естен шығармаңдар», – деп зор сенім артқан еді. Білім мен ғылымға бет бұрған жастар осы ғибратты әрдайым жадында ұстайды деген үміттемін. Өздеріңізге белгілі, биылғы маусым ерекше, өйткені барлығымыз осы күнді асыға күттік.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев пандемия кезіндегі қашықтан оқу білім сапасына кері әсерін тигізгендіктен, оқушылар мен студенттерді дәстүрлі оқу жүйесіне қайтаруды тапсырған болатын. Оқытудың дәстүрлі форматына көшу барлығымыздан үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Биылғы оқу жылынан бастап біз университетіміздегі оқытушы-профессорлар құрамының жалақысын айтарлықтай өсірдік. Атап айтсақ: оқытушы жалақысы – 38 пайызға, аға оқытушыныкі – 75 пайызға, доценттікі – 88 пайызға, профессордың жалақысы 163 пайызға артты. Бұдан былай ҚазҰУ оқытушысы – 200 000 теңге, аға оқытушы – 280 000 теңге, доцент – 330 000 теңге, профессор 500 000 теңге жалақы алатын болады.

Бұдан бөлек, менің нұсқауыммен ҚазҰУ-да әр жарты жыл сайын Scopus мәліметтер базасының журналдарында мақала жариялаған авторларға қомақты қаржылай сыйақы берілетін болды. Республикалық беделді ғылыми танымдық газет-журналдарда мақаласы жарық көрген оқытушыларға да жылына екі рет арнайы бонустар төленеді. Қазіргі уақытта Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қоғамның әр саласына бәсекеге қабілетті білікті мамандар даярлап қана қоймай, әлемдік деңгейдегі ұлттық зерттеу университеті деңгейіне көтерілу мақсатын алға қойып отыр. Кемел келешекке жол ашып, бұл межені сіздер мен біз бірге бағындыратын боламыз.

Биыл ҚазҰУ-ға мемлекеттік грант алуға үміткерлер саны үш еседей өсті. Магистратураға қабылданғандар саны – 1598 адам. Бұл көрсеткіш те өткен жылмен салыстырғанда анағұрлым артық. Жалпы, білім ордасы биыл шетелдік азаматтар мен докторантураны қоспағанда, 6440 студентті оқуға қабылдады. «Алтын белгі» иегерлерінің саны да көңіл қуантарлық, өткен жылы 508 үздік мектеп бітіруші, биыл 737 озат оқушы ҚазҰУ студенті атанды. 119 жаңа білім беру бағдарламасы ашылды.

Жаңа оқу жылындағы айта кетер жаңалығымыз – бірқатар оқу ғимараты мен жатақханаларға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Құрылысы аяқталмаған нысандар жоспарға сай пайдалануға берілетін болады. Университет оқытушы-профессорлар құрамына қолдау көрсетіп, әр студенттің өрісін ашып, қабілетін шыңдау үшін бар мүмкіндікті жасайды. Жаңа оқу жылы құтты болсын! Ұлы мақсаттар жолында табысты болыңыздар!

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**



ҚАЗҰУ ҰЖЫМЫ ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына жолдауын талқылады.

Жиында университеттің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында жарияланған жолдаудың еліміздің алдағы даму стратегиясын айқындаудағы маңыздылығына мән берді.

Білім ордасының басшысы ел Президентінің «Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс» деген сөзін мысалға ала отырып, «Бұл тапсырманы айтпай-ақ түсініп жасау – біздің міндетіміз. Қасым-Жомарт Кемелұлы алғашқы жолдауында да «Қазақ тілі ұлтаралық қатынас тілі болуы қажет» деп баса айтқан болатын. Себебі мемлекеттің мемлекет болуының басты белгісі, ол – тіл. Біздің тіліміз бүгінге дейін қандай функцияларды атқарды? Негізгі функциясы онсыз да белгілі. Алайда әлі ғылым тіліне айнала алған жоқ. Қазақ тілі – ғылым тілі деңгейіне жету үшін барлығымыз жұдырықтай жұмылып жұмыс істеуіміз қажет», – деп атап өтті.

Сондай-ақ білім мен ғылым саласына қатысты басты мәселелерге тоқтала келе, жолдау жүктеген жаңа жауапкершілік пен міндеттердің орындалуына белсене атсалысуға шақырды. Жолдауда аталған оқу бағдарламаларын жаңа жағдайға бейімдеу, сапалы кадр даярлау, цифрландыру, ғылымды дамытуға байланысты міндеттерді жүзеге асырумен қатар, ҚазҰУ-дың халықаралық және республикалық рейтингтегі орнын нығайту қажеттігін жеткізді.

Соңынан ҚазҰУ ректоры Ж.Түймебаев Президенттің «Еліміздің білім беру және ғылым саласының алдында кезек күттірмес ауқымды міндет тұр. Бұл уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу» деген сөзіне басымдық беріп, осы межеден шығу үшін бірлесе жұмыс істеп, айқын нәтижелерге қол жеткізу қажеттігін тапсырды.



КОЛЛЕКТИВ КАЗНУ ОБСУДИЛ НОВОЕ ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА

Коллектив КазНУ имени Аль-Фараби обсудил послание Президента Республики Казахстан К.Токаева народу Казахстана «Единство народа и системные реформы – прочная основа процветания страны».

На заседании Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев отметил важность послания, озвученного в преддверии 30-летия Независимости Казахстана, в котором определена дальнейшая стратегия развития страны. Касаясь основных вопросов сферы образования и науки, он отметил, что послание несет новые задачи, усиливая ответственность тех, кто задействован в этих областях. Глава государства поручил укрепить позиции высших учебных заведения страны в международных и республиканских рейтингах, реализовать задачи, связанные с адаптацией учебных программ в новых условиях, подготовкой качественных кадров, цифровизацией, развитием науки, которые были озвучены в послании.

Член Правления – проректор по академическим вопросам КазНУ Фатима Жакыпова рассказала об особенностях традиционного формата обучения. Декан факультета информационных технологий Байдаулет Урмашев поделился мнением о повышении качества информационных систем.

И.о. проректора по научно-инновационной работе Тлеккабыл Рамазанов отметил, что в послании сделан важный акцент на развитие науки и с воодушевлением принял предложение продлить сроки гранта на развитие фундаментальной науки с трех до пяти лет.

Ректор КазНУ Ж.Туймебаев отметил: «Перед образовательной и научной сферой страны стоят огромные задачи. Мы должны не только соответствовать требованиям времени, но и уметь быть на шаг впереди, предлагать идеи и новшества», – подчеркнул глава вуза. Для решения озвученных задач необходимо работать сообща и добиваться четких результатов.



ВЕНГРИЯ УНИВЕРСИТЕТТЕРІМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АРТАДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Венгрияның Алматыдағы бас консулы Ференц Блауманмен кездесті.

Оқу орнының басшысы кездесуде ҚазҰУ-дың бүгінгі таңда Венгрияның жеті университетімен, Яноша Кодолани атындағы қолданбалы ғылымдар, Обуда, Сегед, Батыс Венгрия, Эстерхази Карой, Питер Пазман католиктік және Шопрон университеттерімен ынтымақтастықта екенін атап өтті.

Сонымен қатар ректор білім ордасындағы ғылыми-инновациялық және білім беру қызметі мен студент жастардың жетістіктері туралы да кеңінен әңгімеледі.

Бас консул өз кезегінде университет қалашығының әсемдігі мен жайлылығын, жоғары деңгейде жабдықталуын ерекше атап өтіп, қазақстандық жетекші университеттің білім және ғылым саласындағы әлеуетін жоғары бағалады. Екі ел арасындағы өзара сенім мен ықпалдастықтың келешегіне сенім білдіріп, әріптестік аясын кеңейтуді ұсынды.

Кездесу барысында тараптар білім, ғылым және мәдениет саласындағы екіжақты қарым-қатынастың жаңа мүмкіншіліктерін талқылады. Қазақстан мен Венгрия жоғары оқу орындары арасындағы байланысты нығайтуға ықпал ететін қос диплом және академиялық ұтқырлық бағдарламаларын дамытудың маңыздылығына мән берді. Сондай-ақ түркология, археология, медициналық білім бағыттары бойынша ғылыми байланыстарды күшейту турасында өзара пікір алмасып, ынтымақтастықтың өзге де басым бағыттарын дамытуға уағдаласты.



УКРЕПЛЯЕТСЯ СОТРУДНИЧЕСТВО С ВУЗАМИ ВЕНГРИИ

Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев встретился с генеральным консулом Венгрии в Алматы Ференцом Блауманом, обсудив перспективные направления сотрудничества стран в области науки и образования.

Приветствуя дипломата, глава вуза Ж.К.Туймебаев отметил давнюю связь между Казахстаном и Венгрией, которую необходимо укреплять и развивать. КазНУ на сегодняшний день сотрудничает с семью вузами Венгрии, включая университеты – прикладных наук им. Яноша Кодолани, Обуда, Сегеда, Западной Венгрии, Шоппона, католический имени Петера Пазманя, а также колледж им. Эстерхази Карой. В ходе встречи ректор вуза рассказал о научно-инновационной и образовательной деятельности и достижениях студенческой молодежи вуза.

Во время встречи, обсуждая двустороннее сотрудничество в области образования, науки и культуры, стороны пришли к единому мнению о важности дальнейшего развития дудипломных программ и образовательного обмена между университетами Венгрии и КазНУ, которое будет способствовать укреплению связей между вузами двух стран.

В свою очередь генеральный консул Венгрии в Алматы Ференц Блауман поблагодарил руководство КазНУ за гостеприимство. Высоко оценив уровень комфорта и оснащенности кампуса университета, генеральный консул выразил заинтересованность в развитии взаимовыгодного сотрудничества с ведущим вузом страны, имеющим большие возможности и перспективы развития.

Стороны также обсудили вопросы укрепления научных связей в области тюркологии, археологии, медицинского образования, обменялись мнениями и договорились развивать другие приоритетные направления сотрудничества.



ДИПЛОМАТ КӨШБАСШЫЛЫҚ ДӘРИС ОҚЫДЫ

Бүгін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев белгілі мемлекет қайраткері, дипломат, ҚР Тұңғыш Президенті қорының Халықаралық бағдарламалар орталығының жетекшісі Қайрат Әбусейітовпен кездесті.

Оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаев ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, туған университетіне дәріс оқу үшін арнайы келген танымал тұлғаға алғыс білдірді. Тәуелсіз ел тарихын жастарға насихаттаудың маңыздылығына мән бере отырып, ректор университет түлектерінің елімізде ғана емес, халықаралық деңгейде түрлі салаларда еңбек етіп жүргенін тілге тиек етті. Ұлттық дипломатияның алдыңғы қатарында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ түлектері тұрғанын мақтанышпен жеткізіп, қара шаңырақтың тарих факультетінің даңқты түлегі, бүгінде көрнекті тұлға Қайрат Қуатұлының тәуелсіз Қазақстанның дербес дипломатиясының қалыптасуындағы елеулі үлесін атап өтті.

Дипломат өз кезегінде қара шаңырақ ұжымына қонақжайлылығы үшін ризашылық білдіріп, бүгін ерекше толқынысты сезгенін айтты. Қазақстан Республикасының сыртқы істер вице-министрі және бірінші вице-министрі болған, әр жылдары Швейцария Конфедерациясы, Ұлыбритания Біріккен Корольдігі, Швеция, Ирландия Республикасы, Исландияда төтенше және өкілетті елші қызметтерін атқарған және Кембридж университетінде бесжылдық профессор тәжірибесі бар қабырғалы қайраткер қара шаңырақпен ортақ бағдарламаларды жүзеге асыруға, түйген-білгенімен бөлісуге дайын екенін мәлімдеді.



ЛИДЕРСКАЯ ЛЕКЦИЯ ДИПЛОМАТА

Сегодня Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев встретился с известным государственным деятелем, дипломатом, руководителем Центра международных программ фонда Первого Президента РК Кайратом Абусейтовым.

Руководитель вуза поблагодарил известного деятеля, который приехал в родной университет для чтения лекций в честь 30-летия Независимости РК. Подчеркнув важность пропаганды истории независимой страны среди молодежи, ректор отметил, что выпускники университета трудятся в различных сферах не только в стране, но и за ее пределами.

С гордостью подчеркнув, что в авангарде национальной дипломатии стоят выпускники КазНУ им. Аль-Фараби, он высоко оценил значительный вклад известного выпускника исторического факультета, выдающегося деятеля Кайрата Абусейтова в становление самостоятельной дипломатии независимого Казахстана. В разные годы он занимал должности вице-министра иностранных дел и первого вице-министра Республики Казахстан, а также чрезвычайного и полномочного посла в Швейцарской Конфедерации, Соединенном Королевстве Великобритании, Швеции, Ирландской Республике, Исландии. Имеет 5-летний профессорский опыт в Кембриджском университете.

Дипломат в свою очередь поблагодарил коллектив родного университета за гостеприимство и сказал, что взволнован встречей с альма-матер. Гость выразил готовность поделиться своими знаниями и опытом с руководством и преподавателями вуза в реализации общих программ.

Встреча продолжилась лекцией на тему «Становление и развитие казахстанской дипломатии: модель Н.Назарбаева», в которой профессорско-преподавательский состав и обучающиеся приняли участие в офлайн и онлайн форматах.



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры

Жолдау өзегі – ел үшін еңбек ету

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты жолдауында, ең алдымен, Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесіне тоқталып, береке-бірлік пен тату тірлік арқылы қол жеткізген ең қастерлі құндылығымызға айрықша мән берді.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген саясаты мен көшбасшылық қасиетінің арқасында бүкіл әлемге танымал, іргесі біртұтас, жаңа



мемлекет құрылғанын тілге тиек ете келе, «Егемендік дегеніміз – жалаң ұран мен жалынды сөз емес. Біз үшін ең маңыздысы – әр азаматтың тәуелсіздік игілігін сезіне алуы. Оның басты көрінісі – елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық. Сондай-ақ халықтың тұрмыс сапасының жақсаруы және жастардың болашаққа нық сеніммен қарауы», – деп, алдағы уақытта да барлық бастаманың осы бағытта жалғасатынын атап өтті.

Әр азамат тәуелсіздік игілігін сезінуі үшін біздің мемлекетіміз үш онжылдық белесте егемендіктің әр сәтін қалт жібермей, әр қадамын мұқият ойластырып әрекет етті. Елбасының көреген саясатымен әр жылға, әр мақсатқа нақты жоспарлар құрылып, даму бағдарламалары жасалды. Көзделген жеженің барлығы уақытынан бұрын еңсеріліп, азғана уақыт ішінде Қазақстан әлемдегі орнықты, беделді мемлекетке айналды.

Бүгінгі таңда ел билігін қолына алған Қасым-Жомарт Кемелұлы стратегиялық жобалар мен жүйелі реформаларды жаңа саяси бағытта лайықты жалғастырып келеді. Демек, біздің елдегі табыс пен жетістік кілті – Елбасының келешекті көре білген кемеңгерлігінен және Мемлекет басшысы жүргізіп отырған саяси сабақтастықтың беріктігінен деп тұжырымдауға болады.

Тәуелсіздік жылнамасының төртінші онжылдығында баршамызға жүктелген жауапкершілік пен көтерілген мәселелер Мемлекет басшысының жыл басындағы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласымен үндесіп жатқаны да көңіл қуантады.

Президент: «Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз

күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады. Біз қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде жер бетінде сақталамыз. Осы айнымас ақиқатты берік ұстануымыз қажет. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымыз болуға тиіс», – деген еді.

Әр қазақстандық үшін тәуелсіздік жолындағы күрес – өз қызмет орнында, қоршаған ортасында, отбасында адал еңбек етіп, өзі жауапты саланың дамуына аянбай үлес қосуы деп білемін. Президент айтқандай, жалаң ұран мен жалынды сөз емес, нақты іспен нәтиже көрсету. Ұлт болып ұйысып, жұрт болып жұмылу арқылы пандемиядан кейінгі кезеңдегі экономикалық және әлеуметтік ахуалды заман талабына сай жандандырып, Орталық Азиядағы, әлемдік аренадағы көшбасшылық рөлімізді нығайтуға күш салу. Қасым-Жомарт Кемелұлы өз сөзінде «Қарапайым заттар экономикасы», «Бизнестің жол картасы» бағдарламасының мерзімін 2022 жылға ұзартып, Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу мен дамыту агенттігінен аталған мәселе бойынша нақты шешімдер күтетінін жеткізді. Сонымен қатар азық-түлік бағасы, мал шаруашылығы, ауыл шаруашылығын технологиямен жабдықтау мәселесін де айналып өтпеді. Соның ішінде цифрландыру жүйесін жолға қойып, IT-секторды дамытуды тапсырды.

Осы орайда, қазақ білімі мен ғылымының қара шаңырағы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Президент тапсырмаларын кезең-кезеңімен жүзеге асыруға әзір. Мәселен, 100 мың жоғары білікті IT маманын даярлау үшін ақпараттық технологиялар факультетінде жаңа оқу бағдарламалары қарастырылып, студенттер саны жыл сайын



көбейтіледі. Биыл жеті мамандық ашылып, 400 студент, 200-ге жуық магистрант, 34 докторант қабылданды. Алдағы жылы 900-ге жуық бакалавр, 150-ден астам магистр, 35 докторант – барлығы 1000-нан астам ІТ маманы қолына диплом алады. Жаңа технологияларды меңгерген, бәсекеге қабілетті, білікті ІТ мамандарын оқыту аясын кеңейту Президент талабына сай күшейтілетін болады.

Президент жолдауында денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру, індетпен күрес шараларын күшейту, медицина өнімдерін зертханалық және техникалық сынақтан өткізетін орталық құру, еліміздің биологиялық қауіпсіздігін болжаумен айналысатын ұлттық жүйе жасақтау мәселесі де күн тәртібіне қойылды. Осыған сәйкес, ҚазҰУ-дың медицина, биология және химия факультеттері мен кафедралары бірлесе отырып, жаңа ғылыми әзірлемелер дайындап, іргелі зерттеулер жүргізіп, талдамалар жасауға, аталған саладағы білікті мамандардың тәжірибесін жетілдіруге басты назар аудармақ.

ҚазҰУ мамандары мен ғалымдарының БҒМ комитетінің жұмыс тобының құрамында ДДҰ-ның QazCovid-19 вакцинасын сертифицикаттауға құжаттарды дайындауға сарапшы ретінде қатысқанын атап өткім келеді. Сонымен қатар ҚазҰУ мен Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты (БҚПҒЗИ) вирусолог-мамандарды бірлесе даярлау туралы келісімге келді. Елімізде алғаш рет ҚазҰУ биология және биотехнология факультетінің және Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ҒЗИ BSL-2 және BSL-3 зертханаларының базасында вирусолог-мамандарды даярлап шығарады. Алдағы

жылы Биотехнология кафедрасының меңгерушісі Аида Қыстаубаева вирусология бойынша қос диплом бағдарламасын ашуды жоспарлап отыр. Paris Saclay университетімен алдын ала келісім бар, студенттер екі семестр бойы Париж университетінің үздік зертханаларында білім алады. Биология факультетінде биоэнергетика лабораториясын ашу көзделуде.

Мемлекет басшысы жаңа оқу жылының басында педагогика саласы қызметкерлерінің айлығын өсіру үшін алдағы үш жылда 1,2 триллион теңге жұмсалатынын жариялап, ұстаздар қауымын ерекше қуантты. Соның ішінде жетекші ғалымдарымызға тұрақты және өз еңбегіне лайықты жалақы төлеу мәселесін шешуді міндеттеді.

1 қыркүйектен бастап ҚазҰУ-да оқытушылардың жалақысы ұлттық оқу орындары арасындағы ең төменгі деңгейден алдыңғы қатарға шықты. Ендігі жерде оқытушы – 285 мың теңге, аға оқытушы – 312 мың теңге, қауымдастырылған профессор – 389 мың теңге, профессор – 500 мың теңге алады. Бұдан басқа, философия докторы (PhD), ғылым кандидаты, ғылым докторы дәрежесі, біліктілік деңгейі үшін қосымша ақы белгіленді. Сондай-ақ жоғары рейтингті шетелдік басылымдарда ғылыми мақалалар жариялаған оқытушылар мен профессорларға жылына екі рет сыйақы төлеу қарастырылды. Жақында Scopus деректер базасында мақала жариялаған 234 ғалым 74,8 млн теңге қаржылай сыйақымен марапатталды.

Қазақстан Президентінің іргелі ғылымды дамыту үшін грант мерзімін қазіргідей үш жылмен шектемей, бес жылға дейін қарастыру ұсынысын да ғалымдарымыз қуана қабыл алды. Сөзсіз, бұл бірінші кезекте ғылыми



ізденістердің нәтижелі болуына үлкен септігін тигізеді.

Жерасты қазба байлықтарын игеріп, өнеркәсіпте жарату мақсатында Президент елімізде Бірыңғай ұлттық геологиялық қызметі құрылатынын айтты. Бұл экономика мен ғылымды біріктіретін үлкен құрылым болмақ. Біз университетіміздегі география және табиғатты пайдалану факультеті базасында осы бағытта терең ғылыми талдамалар мен зерттеулер жүргізуге дайынбыз.

Жолдауда жұрт көңілінен шыққан тағы бір тақырып – мемлекеттік тіл. Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Ата заң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Бұл – қазақ тілі. Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс. Бұл отаншылдықтың басты белгісі деуге болады», – деді.

Мемлекет басшысы бұған дейін де қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлін күшейтіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналдыру қажеттігін мәлімдеген. Сондай-ақ «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында: «Қазақ тілінің жағдайы туралы айтқанда, мемлекетіміздің негізін қалаған Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың айрықша еңбегін атап өтуге тиіспіз. Ол елімізде мемлекетқұрушы ұлттың саны едәуір аз болғанына қарамастан, Қазақстанның тәуелсіздігін жариялады. Сондай аумалы-төкпелі кезеңнің өзінде Нұрсұлтан Әбішұлының тікелей ықпал етуімен Парламент қазақ тілін мемлекеттік тіл деп жариялады. Мемлекеттік қызметке, оның ішінде халықпен тығыз жұмыс істейтін лауазымға тағайындау кезінде кәсіби біліктілігіне қоса, қазақ тілін жақсы білетін азаматтарға басымдық беру керек. Парламентте

немесе баспасөз мәслихаттарында мемлекеттік тілде сөйлеп, пікір алмаса алмайтын мемлекеттік қызметкер ұғымы, ең алдымен, қазақ азаматтарының арасында анахронизмге айналуға тиіс», – деп нақтылап өткен.

Бұл тапсырмаларды бұлжытпай орындау және айтпай-ақ түсініп жасау – біздің міндетіміз. Өйткені мемлекеттік тіл – тәуелсіздіктің басты белгісі. Талай тарихты бастан кешірсек те, ана тіліміз өзінің қадір-қасиетін жоғалтпай келеді. Дегенмен қазақ тілі жазба әдебиетте көрініс тауып қана қоймай, толыққанды ғылым тіліне айналуы тиіс. Ол деңгейге жету үшін ұлттық намыспен, жігермен қоса, ғалымдарымыздың ізденіске толы ерен еңбегі мен терең білімі керек. ҚазҰУ ғалымдары мемлекеттік тілді ғылым тіліне айналдыруды қолға алып, ғылыми жаңалықтардың қазақ тілінде жазылуына басымдық береді.

Қазақстан Президенті сөз соңын: «Мықты мемлекет болу үшін ұлттың ұйыса білуі айрықша маңызды. Шын мәнінде ұйымдасқан ұтады. «Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді» деп халқымыз бекер айтпаған. Біздің күш-қуатымыз – берекелі бірлікте. Ендеше бірлігімізді бекемдеп, ел үшін еңбек етейік. Қасиетті Отанымыз мәңгі жасай берсін!» – деп аяқтады.

Ендігі жерде әрқайсымыз Мемлекет басшысы жүктеген жауапкершіліктерді сезініп, барлық бастамаларды лайықты жүзеге асыруға міндеттіміз. Өйткені жолдау тұжырымы – тәуелсіздікті сақтау, ел үшін еселі еңбек ету.

*«Егемен Қазақстан» газеті,
9 қыркүйек 2021 жыл*



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры

ҚазҰУ профессорының айлығы 500 мыңға көтерілді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – әр қазақ үшін аяулы мекен. Мұнда талай жақсының ізі қалған, талай қазақ білім алған, талай адам арманымен кездескен, мақсатына жеткен. Бұл оқу орнының бары мен жоғы қазақ білімінің де бары мен жоғына айналып шыға келетіні жасырын емес. Ендеше бүгінгі сұхбатта осы бір жайттар сөз болады.



– Жансейіт Қансейітұлы, еліміздегі жетекші жоғары оқу орнына басшылыққа келгелі жарты жыл болыпты. Бүгін алты айда атқарылған басты шаруалар төңірегінде әңгіме қозғасақ дейміз. ҚазҰУ-дың қазіргі таңдағы жетістігі қандай?

– Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – еліміздегі тарихы терең, ерекше мәртебеге ие жоғары оқу орны және QS WUR бойынша әлемнің ең үздік 200 университетінің тобына кіреді. Посткеңестік аумақта мұндай екі ЖОО ғана бар: М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті – 78-орында және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – 175-орында. ҚазҰУ – QS Stars Rating System халықаралық рейтингінде «Бес жұлдыз» басымдық белгісіне ие болған Орталық Азиядағы алғашқы және жалғыз жоғары оқу орны. Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігінің IAAR Eurasian University Ranking – 2021 халықаралық рейтингінің қорытындысы бойынша ҚазҰУ Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Беларусь, Украина, Әзірбайжан және Молдова жоғары оқу орындарының арасында үздік университет атанды. Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттік 2021 жылы ҚазҰУ-дың Қазақстанның көпсалалы үздік жоғары оқу орны екенін жариялады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында

білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», – деп атап өткен болатын.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ұлттық тәрбие мен заманауи білімді ұшастыра отырып дамытуға қатысты: «Тәрбие – сапалы білімнің негізгі арқауы, діңгегі. Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген сөзі барша білім саласы қызметкерлерінің бой түзер бағдары болуы тиіс. Еліміздің жастары өзін жеке тұлға ретінде дамытумен қатар, мемлекеттің озық инновацияларға сай өркендеуіне зор үлес қосуы қажет. Бұл – қазіргі білім және тәрбие беру үдерісінің алдында тұрған маңызды міндет», – деп айрықша жауапкершілік жүктеді. Осы мақсатта университетте 16 факультет, 67 кафедра, 8 ҒЗИ, 29 ғылыми орталық жұмыс істейді. 3000-нан астам оқытушы дәріс береді. Оқу ордамызда 25 мыңнан астам студент, магистрант, докторанттар білім алуда, олардың 10 пайызы – әлемнің 42 елінен келген шетелдік азаматтар. 2025 жылға қарай олардың үлесін 15 пайызға дейін арттыру көзделуде. Бүгінде бірқатар шет мемлекеттерде, атап айтсақ: Армения, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркияда ҚазҰУ филиалдарын ашу мақсатында жұмыс жүргізілуде. 2021-25 жылдарға арналған дамудың негізгі басымдықтары айқындалды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымы оқу орнын ел және әлем ауқымында одан әрі ілгерілетуге негізделген стратегиялық міндеттерді тиімді іске асыруға ниетті.



– Жаңа оқу жылы басталды. Биыл ҚазҰУ-ға мемлекеттік грантпен оқуға түсушілер саны қаншалықты болды? Өткен жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш аз ба, көп пе?

– Биыл ҚазҰУ-ға мемлекеттік грантпен оқуға түсушілер саны бакалавриат бойынша – 4220, бұл өткен жылмен салыстырғанда үш есе көп, магистратура бойынша – 1598, өткен жылы 1247 болған, ал докторантураға биыл 417 грант беріліп, 343 докторант грант иегері атанды. Қазір университет жалпы саны 7108 білім алушыны оқуға қабылдады. Ал 2020/21 оқу жылы бойынша қара шаңырақты жалпы саны 6505 түлек бітіріп шыққан болатын. «Алтын белгі» иегерлерінің саны да өсіп отыр, былтыр 508 үздік түлек ҚазҰУ-ды таңдаса, биыл олардың саны 1058-ге жетті.

Шетелдік студенттерге келсек, ҚазҰУ-да әлемнің 50-ге жуық елінен жастар білім алады. Жаңа оқу жылына қазіргі уақытта 155 шетел азаматы ақылы бөлімге қабылданды. Сонымен қатар халықаралық шарттар шеңберінде бакалавр бойынша Тәжікстан, Қырғызстан, Вьетнам, Моңғолия, Ауғанстаннан талапкерлер студенттер қатарына қабылданатын болады.

Талапкерлерді оқуға қабылдау барысында еліміздегі мектеп оқушыларының онлайн форматта білім алғанын назарға ала отырып, шекті балл 100-ден кейбір мамандықтар бойынша 85, 80, 75-ке төмендетілді.

Ал грант байқауына ҚР БЖҒМ тарапынан бірқатар жеңілдіктер қосылды. Бұл жеңілдіктер көпбалалы отбасылар, толық емес отбасылар және мүгедек балаларды тәрбиелеп

отырған отбасылардағы балалар үшін қарастырылды.

– Биыл білім алушылар арасында қандай мамандықтарға ерекше сұраныс артты?

– Университетке түсушілер арасында жаратылыстану-ғылыми және техникалық бағыттағы мамандықтарды таңдау басым болып тұр. Көптеген үміткерлер ақпараттық технология, биотехнология, наноматериалдар, робототехника мен мехатроника, ғарыштық инженерияны таңдады. Қазіргі заманауи сын-қатерлерді ескере отырып, жаратылыстану факультеттерінің білім беру бағдарламаларына тұрақты сұраныс байқалады. Олардың қатарында физика, химия, математика, жер және қоршаған орта туралы ғылымдар саласындағы мамандарды даярлау бағдарламаларын атауға болады. Сонымен қатар медицинаға деген қызығушылық сақталып отыр. Жастар арасында батыс және шығыс тілдерінің филологтары мен аудармашылары, туризм саласындағы мамандарды даярлау бағдарламалары да үлкен сұранысқа ие.

Ұлттық және халықаралық құқық, экономика, халықаралық қатынастар саласындағы білім беру бағдарламаларына дәстүрлі түрде жоғары сұраныс бар екенін атап өткен жөн. Ал магистратура және докторантурада физика, биотехнология, ақпараттық технологиялар, химия педагогтарын, филология, қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын және шетел тілі педагогтарын даярлау, математика білім беру бағдарламалары топтарына байқау айтарлықтай жоғары болды.



– ҚазҰУ-да уақыт талабына сай ашылған жаңа мамандықтар бар ма?

– Халықаралық және ұлттық рейтингтерде көш басында болу бізді экономика мен қоғам дамуының перспективалық бағыттарын ескере отырып, ғылыми-білім беру қызметін үнемі жетілдіруге және жақсартуға міндеттейді. Сондықтан биыл біз алыс-жақын шетелдердің университеттерімен серіктес болып, бірлесе әзірленген білім беру бағдарламаларының санын кеңейттік.

Осыған дейін оқу орнында 533 білім беру бағдарламасы бойынша сабақ беріліп келді. Жаңа оқу жылынан бастап заманауи талаптарға жауап беретін жаңа мамандықтар енгізіп отырмыз. Атап айтсақ: «Нейроғылым», «Вирусология», «Киберфизика», «Цифрлық экономика», «Биологиялық инженерия», «Робототехникалық жүйелер», «Экологиялық инженерия», «Креативті индустрия», «Табиғи-техногендік тәуекелдер», «Медиакоммуникациялар», «Деректер туралы ғылым», «Цифрлық мұрағаттану және құжаттану», «Зияткерлік басқару жүйелері», «Наноматериалдар және нанохимия» т.б. инновациялық және пәнаралық білім беру бағдарламалары.

Жалпы, 119 жаңа білім беру бағдарламасы әзірленді, оның ішінде бакалаврларда – 17, магистратурада – 70, PhD докторантурада – 32. Жаңа оқу жылынан бастап студенттер 652 білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын болады. Жаңа мамандықтар тек қазақстандық қана емес, сондай-ақ шетелдік студенттер арасында да жоғары сұранысқа ие.

– Қазіргі пандемия жағдайында білім беруді ұйымдастырудың өзіндік талап-ережелері бар. Студенттерді арақашықтық сақтап отырғызған жағдайда аудиториялар қажеттігі туындайтыны белгілі. Санитарлық нормаларды сақтай отырып, оқу кабинеттерін жасақтау, жатақханаға орналастыру мәселесі қалай шешілмек?

– Қазіргі сәтте университет аумағында орналасқан 14 жатақхана студенттердің қоныстануына әзірленуде, рет-ретімен студенттер игілігіне ұсынылады. Осы сәтте №6 студенттер үйіндегі жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын, №4 және №7 жатақханалардағы күрделі жөндеу жұмыстары қыркүйектің соңына дейін жалғасады.

Сонымен қатар үш оқу ғимаратында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл ғимараттардың есік-терезелері және едені толығымен ауыстырылған. Бұрын линолеум болса, қазір сапалы жаңа ламинаттар төселіп, аудиториялар жаңа үлгідегі заманауи дизайнмен әрленіп, безендірілуде. Екінші және үшінші оқу ғимараттары оқу жылын бастауға әзір. Ал бірінші оқу ғимаратындағы жұмыстар айдың аяғына дейін созылады.

Медициналық бетперделер сатып алынып, санитарлық құралдар, термометрлер, ауа рециркуляторлары орнатылды. Күзгі-қысқы жылыту маусымына дайындық жұмыстары аяқталды.

Оқу корпустарын салу, жұмыс істеп тұрғандарын реконструкциялау (14 жатақхананың жобалық қуатын 2500 орынға дейін ұлғайта отырып) және жаңа жатақханалар тұрғызу (құрылыстың I кезегі – 6000 орын) көзделуде.



Сондай-ақ қызметкерлерге жайлы қызметтік тұрғын үй салу үшін инвесторлар іздестіріліп, келіссөздер жүргізілуде.

– Қазіргі уақытта ҚазҰУ халықаралық деңгейдегі зерттеу университетіне трансформациялануды қолға алып отырғанын білеміз. Бұл бағытта қандай жобалар іске асырылуда?

– ҚазҰУ классикалық зерттеу университеті ретінде білім, ғылым және инновацияларды табысты үйлестіреді: жыл сайын еліміздің ғылыми-техникалық даму басымдықтары бойынша 500-ден астам ғылыми жобаны жүзеге асырады. Соңғы үш жыл ішіндегі ғылыми жобалардың жалпы бюджеті 7,7 млрд теңгені құрады, ғалымдар 400-ден астам патент пен авторлық куәлік алды. ҚазҰУ ғылыми мақалалар бойынша көшбасшы, рейтингтік басылымдардағы әрбір бесінші қазақстандық жарияланым біздің ғалымдарға тиесілі. Ғалымдардың Хирш жиынтық индексі 2700-ден астам, ал университеттің бес ғылыми журналы Халықаралық деректер қорына кіреді. Инновациялық жобалар табысты іске асырылуда және аз сериялы өнімдер шығару бойынша 10-нан астам ғылымды қажетсінетін өндірістер құрылды. Қазіргі таңда ҚазҰУ-ды ұлттық экономикадағы инновациялық хаб және «Әлемдік деңгейдегі университет» дәрежесіне жеткізу – негізгі мақсатымыз. Әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне трансформациялау тәсілі аясындағы жұмыстар үш бағытта жүзеге асырылады:

- таланттардың басын қосу және шығармашылық ізденіске жол ашу;

- зерттеулер жүргізу үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз ету;
- инновациялық тәсілдердің пайда болуына және қолданылуына ықпал ететін университетті басқарудың икемді құрылымы.

ҚазҰУ – дамыған ғылыми-инновациялық инфрақұрылымы бар жоғары оқу орны. Мұнда кластерлік тәсіл негізінде «идеяны генерациялаудан бастап, оны коммерцияландыруға дейін» тиімді технологиялық дәліз құрылған. Университеттің тиімді жұмысының арқасында бизнестен және түрлі халықаралық көздерден инвестициялар тартылады.

Университет ғалымдарының ғылыми жобалары Дүниежүзілік банктің және «Ғылым қорының» гранттық қаржыландыру бағдарламалары арқылы коммерцияландырылуда. Бүгінгі таңда 10-нан астам инновациялық жобаның нәтижелері Қазақстан экономикасының нақты секторында ойдағыдай жүзеге асырылуда. Мәселен, ғалымдар нанотехнология көмегімен энергия үнемдегіш газ-разрядты шамның жаңаша үлгісін ойлап тапты. Бүгінде университеттің Эксперименттік және теориялық физика ғылыми-зерттеу институты жылына 3000 шамға дейін шығаруға қауқарлы. Сонымен қатар көпшілік жиналатын әуежай, вокзал және т.б. орындардың қауіпсіздік саласына цифрлық технологияларды енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде. Адамның бет әлпетін тану ақпараттық-бағдарламалық кешені жарық аз болса да, объектіні бірнеше секунд ішінде 90 пайыздан жоғары дәлдікпен анықтауға көмектеседі.

ҚазҰУ Ғылыми-технологиялық паркінің жас



ғалымдары мектеп бағдарламасына бейімделген EdTech Alfasat робототехника бойынша білім беру конструкторын әзірледі. Оқушылар ғарыш объектісін жобалау, әзірлеу, құру, іске қосу және одан әрі пайдалану сынды ғарыш жүйесін құрудың барлық кезеңдерінен өтеді. Конструктор ғарыштық робототехника бойынша тұңғыш отандық оқыту өнімі болып табылады.

Пандемия кезінде ғалымдар медициналық мақсатта пайдалануға рұқсат етілген, киюге ыңғайлы және «Жеке қорғаныс құралдарының қауіпсіздігі туралы» мемлекеттік стандарттың барлық талаптарына сәйкес келетін материалдардан жасалған AlfaShield қорғаныс шлемдерін жасап шығарды. Өндірістік қуаты күніне 100 дана шлем дайындауға мүмкіндік береді және 200-ден астам шлем Алматы қаласының медициналық мекемелері арасында тегін таратылды.

Кампус аумағында күшті, аз уытты дәрілік және қоректік өсімдік қоспаларынан тұратын тұмау вирусына және коронавирусқа қарсы жаңа биологиялық белсенді қоспалар өндірісі жолға қойылған. ҚазҰУ дәрілік өсімдіктер орталығының қызметкерлері әзірлеген бұл қоспалар университет қызметкерлері мен қала тұрғындары арасында кеңінен танымал.

Ғалымдарымыздың тағы бір ғылыми жобасы негізінде құс, балық және жануарлар үшін құнды қоректік өнім (Golden Fly), сондай-ақ органикалық тыңайтқыш (Golden Soil) ала отырып, тамақ қалдықтарын қайта өңдеу цехын салу жоспарда бар. Бүгінде «жасыл» технологиялар аймағында орнатылған биогаз қондырғысы күніне 100 келі тамақ қалдығын өңдейді, алдағы бірнеше айда бұл

көрсеткішті 1000 келіге дейін жеткізуді жоспарлап отыр. Университет ғалымдары мен оқытушыларының үздік инновациялық жобалары «ҚазҰУ-дың инновациялық технологиялары мен ғылымды қажетсінетін өнімдері» каталогына енді. Бұл кітап Тәуелсіздіктің 30 жылдығын мерекелеуге орай, екі бөлім болып басылып шықты.

– Еліміздің Білім және ғылым министрлігі оқытушы-профессорлар құрамы еңбекақысының өскенін мәлімдеді. ҚазҰУ-да еңбекақыны өсіруде қандай ерекшеліктерге басымдық берілді? Бекітілген жалақыдан бөлек, оқытушылар мен қызметкерлерді ынталандыру қарастырылған ба?

– Наурыз айында оқытушылар мен қызметкерлердің жалақысы 20 пайызға өсті. Бүгінгі таңда оқытушы – 285 000 теңге, аға оқытушы – 312 000 теңге, қауымдастырылған профессор – 389 000 теңге, профессор – 500 000 теңге алады. Бұдан бөлек, философия докторы (PhD), ғылым кандидаты, ғылым докторы дәрежелері, біліктілік деңгейі үшін де қосымша ақы белгіленеді. Сондай-ақ рейтингі жоғары шетелдік басылымдарда ғылыми мақалалар жариялаған оқытушы-профессорлар үшін жылына екі рет бонустық төлемдер қарастырылған.

Қай ұжымда болсын еңбек белсенділігін ынталандыру мәселесі бірінші кезекте тұруы тиіс. Бұл ретте біз жалақыны өсіріп қана қоймай, қызметкерлердің жігерін арттыруға барынша көңіл бөліп келеміз. Өйткені ұжымдық қолдауға ие болған, мотивациясы айқын оқытушы-профессор мен қызметкер университет дамуына ықпал жасап, кәсіби



тұрғыдан өсіп, бәсекелестікті күшейтуге мүмкіндік береді.

– Жалақы өскеннен кейін ҚазҰУ-да сабақ беруге ниет танытып, бос лауазымдарға өтініш білдірушілер саны артты ма?

– Өткен оқу жылында арнайы шарт негізінде 42 шетелдік оқытушы университетте қызмет етіп, студенттерге дәріс оқып, докторанттарға ғылыми жетекшілік жасады. Шетелдік оқытушыларды тарту мәселесі биыл да көзделген. Қазірдің өзінде университетке АҚШ пен Еуропаның университеттерінде, оның ішінде Кембридж университетінде дәріс берген профессорлар Уалбай Өмірбаев пен Базбек Дәулетов сияқты халықаралық ғалымдар шақырылды. Оларға жалақы төлеу мәселесі ғалымдардың әлеуетіне қарай жеке шарт негізінде айқындалады. Биылғы профессор-оқытушылар құрамына жарияланған бос орындар конкурсына Қазақстанның басқа оқу орындарынан 41 оқытушы қатысуға ниет білдірді. Қазіргі таңда олардың құжаттары конкурстық комиссияның қарауында. Білім ордасының 400-ден астам оқытушысы – «ЖОО-ның үздік оқытушысы» грантының иегері, олар әлемнің жетекші жоғары оқу орындары – Гарвард, Йель, Стэнфорд, Берклиде ғылыми тағылымдамадан өтті.

– Мемлекет басшысының оқушылар мен студенттерді дәстүрлі оқу форматына қайтару тапсырмасы сіз басқаратын оқу ордасында қаншалықты орындалды?

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2021/22 оқу жылында барлық

санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып, дәстүрлі білім беру жүйесі қамтамасыз етіледі. Білім алушылар мен оқытушылардың қауіпсіздігі үшін барлық қажетті шаралар жасалды және жұмыс алгоритмінің нақты жоспары әзірленді. Жүктеме есептеліп, оқытушы-профессорлар штаты анықталды, аудиториялық қорға ре-визия жүргізілді.

Университет оқу ғимараттарында, жатақханаларда, кітапханада санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша тиісті шараларды қабылдады. Барлық корпусстар мен ғимараттарда санитартайзерлер, пайдаланылған маскаларға арналған жәшіктер, дезинфекциялық аркалар, жылу түсіргіштер орнатылған. ЖОО мамандары әртүрлі уақыттағы үзілістерді, студенттерді аудиторияларға шахмат тәртібімен отырғызуды және аудиториялар мен спортзалдардың 50 пайыз толтырылуымен әлеуметтік арақашықтықты ескере отырып, барлық курстар үшін оқу сабақтарының икемді кестесін жасады. Студенттер жеке баспалдақтарды пайдаланады. Жаңа оқу жылының басынан бастап кампустағы барлық оқу ғимараттары мен жатақханаларға кіру «Ashyq» жүйесі арқылы жүзеге асырылатын болады. Сондай-ақ Студенттер сарайы ғимаратында екпе салу пункті жұмыс істеп тұр.

Мамандар карантиндік режимді күшейту немесе бәсеңсу кезіндегі іс-қимылдардың балама бағдарламаларын ұсынды. Мысалы, карантиндік талап күшейген жағдайда және Денсаулық сақтау министрлігінің шешіміне қарай онлайн оқытуға көшіру жоспары да жүзеге асырылатын болады. Мемлекет



басшысының тапсырмасы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да кешенді және толық көлемде орындалуда. Барлық факультеттерде студенттермен онлайн кездесулер өткізілуде, онда елдегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты жүзеге асырылатын оқу тәртібінің жаңа ережелері түсіндірілуде.

– Студенттер офлайн оқуға қаншалықты дайын? Вакцина алу мәселесі қандай қарқынмен жүзеге асуда?

– Вакцина мәселесіне келсек, қазіргі сәтте университеттегі оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлердің 80 пайызы (5073 адам), 18 жастан асқан студенттердің 79 пайызы (14 445 адам) екпе алды. Білім алушылар, оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлер арасында екпе алуды ынталандыру үшін ақпараттық және ұйымдастыру жұмыстары белсенді жүргізілуде. Коронавирускқа қарсы екпе алуды ынталандыру акциясымен 40 оқытушы-қызметкер мен студенттер Ыстықкөл жағалауындағы спорттық-сауықтыру лагеріне тегін жолдама алды; TOEFL сертификаттау емтиханын тапсыру үшін докторантураға түсушілерге арналған тегін интенсивті курстар берілді; оқытушы-профессорлар құрамы мен қосалқы персоналға әртүрлі деңгейдегі әлеуметтік қолдау көрсетілді. Алдағы уақытта ынталандырудың басқа да түрлері қарастырылатын болады.

– Биыл ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына әртүрлі арнаулы шаралар ұйымдастырылып жатыр. Осы айтулы датаға ҚазҰУ-дың қосар үлесі қандай?

– Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кеңесінде ағымдағы жылдың басында ел

Тәуелсіздігіне арналған «Отыз жылдыққа – отыз апталық» жол картасы бекітілді. Жоспарға сәйкес, университетте тәуелсіздік тарихы және Қазақстан тарихындағы ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ерен еңбегін айшықтауға арналған іс-шаралар өтті.

Елбасы саябағы, Ғалымдар бағы, Ағаштар аллеясы ашылып, 1000-ға жуық көшет отырғызылды. «Атаулы аудиториялар – құрмет мектебі» жобасы аясында география және табиғатты пайдалану факультетінде О.Сүлейменов атындағы, Экономика және бизнес жоғары мектебінде К.Нәрібаев атындағы дәрісханалар ашылды. Онлайн форматта қоғамдық дәрістер өткізіліп, еліміздің саяси қайраткерлері, ғалымдар, елшілер дәріс оқыды. «Отыз жылдыққа – отыз апталық» жобасының қорытындысы ретінде кітаптар мен жинақтар, бейнероликтер, деректі фильмдер және т.б. шығарылады.

– Токио олимпиадасында ҚазҰУ студенті топ жарды. Студенттік универсиадада да көшбасшы. Спорттағы жетістіктер кілті неде?

– Біздің университет студенттері спорттағы жеңістері және үлкен жетістіктерімен қуантуда. Токиода өткен олимпиадада жарыстың қола медалін ҚазҰУ түлектері – дзюдошы Елдос Сметов және еркін күрестен Нұрислам Санаев, медицина факультетінің 1-курс студенті Игорь Сон жеңіп алды. Олар еліміздің намысын абыроймен қорғап шықты, бұл бізге үлкен қуаныш сыйлады. Бұл, сөзсіз, студент жастар үшін жарқын үлгі. Олимпиаданың ұлттық құрамасына жүзу, дзюдо, еркін күрес, ауыр және жеңіл атлетика сияқты



спорт түрлерінен ҚазҰУ-дың 10 түлегі мен студенті қатысып, бақ сынады.

Күні кеше ғана университеттің 2-курс студенті Нұрдәулет Жұмағали Токиода өтіп жатқан жазғы паралимпиада ойындарында 100 метрге брасс әдісімен жүзуде қола медаль алып, баршамызды айрықша қуанышқа бөледі.

ҚазҰУ құрамасы студенттік универсиадада әрдайым табысты өнер көрсетуде. ҚазҰУ командасы 2009 жылдан бері теңдессіз чемпион. Ешкімге дес бермей, көш басында келеді. Биыл Түркістан қаласында өткен Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары арасындағы XI жазғы универсиадада біздің құрама жалпыкомандалық есепте жеңіске жетті. Өз қарсыластарынан айқын басымдықпен озып, I орынға ие болды. Айтулы спорттық жетістіктер – білім ордасының спорт пен денешынықтыруды дамыту бағытындағы жан-жақты және жүйелі жұмысының нәтижесі. Университетте спортпен шұғылдануға және жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға барлық жағдай жасалған. ЖОО-да спорт кешені, футбол алаңы және жаттығу залдары салынып, заманауи жабдықтармен жарақтандырылған. Дене тәрбиесі және спорт кафедрасы осы саланың мамандарын даярлайды. Білім ордасында спорттық-бұқаралық бағытты және кәсіби спортты дамытатын

спорт клубы мен «Салауатты өмір салтын ұстану» орталығы құрылды. Студенттер 15 спорт түрін таңдау мүмкіндігіне ие, олардың ішінде: жеңіл атлетика, баскетбол, волейбол, атлетикалық гимнастика, үстел теннисі, шахмат, тоғызқұмалақ, бадминтон, дзюдо күресі, футбол, бокс, самбо күресі, қазақ күресі, аэробика бар.

ҚазҰУ құрама командалары спорттың 30 түрі бойынша түрлі деңгейдегі жарыстарға тұрақты түрде дайындық жүргізеді. Ең бастысы, денсаулықтары нашар студенттер немесе ауыр сырқаттан соң оңалтудан өтетіндер тәжірибелі оқытушылармен арнайы медициналық немесе емдік денешынықтыру топтарында жұмыс істей алады. Университет оқытушылары оқу бағдарламаларына денсаулық сақтаудың заманауи (инновациялық) технологияларын енгізуде студенттер үшін жетекші мамандарды тарта отырып, салауатты өмір салтын, ұтымды және дұрыс тамақтануды насихаттауға бағытталған дәрістер өткізеді. Спорт Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері мен оқытушы-профессорлар құрамы өмірінің ажырамас және маңызды бөлігі болып қала бермек.

– **Өңгімеңізге рақмет.**

Сұхбаттасқан Әсел САРҚЫТ
«Ana tili» газеті,
9 қыркүйек 2021 жыл





ИНДОНЕЗИЯ УНИВЕРСИТЕТТЕРІМЕН БАЙЛАНЫС КҮШЕЙДІ

Бүгін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Қазақстандағы Индонезия Республикасы елшілігінің кеңесші-уәкілі Иман Прарахадян Хавидпен кездесіп, екіжақты ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Оқу орнының басшысы Индонезия университеттерімен қалыптасқан өзара әріптестік барысына шолу жасай отырып, ынтымақтастықты одан әрі жандандыру жолдарын ұсынды. Бұл ретте ректор Индонезияның өзге де жетекші университеттерімен стратегиялық әріптестік орнатуға мүдделі екенін жеткізді. Оқытудың озық әдістерін енгізу, ғылыми зерттеулерді дамыту бағытында тәжірибе алмасу үшін бірлескен офлайн және онлайн конференциялар, семинарлар мен симпозиумдар өткізудің қажеттігіне тоқталды. Сонымен қатар жоғары оқу орындарында жүргізіліп жатқан зерттеулер туралы материалдарды жариялау және тәжірибе алмасу, ғылым мен инновацияларды дамытудың басым бағыттары бойынша бірлескен ғылыми зерттеулер ұйымдастырудың маңыздылығына назар аударды.

Елшілік өкілі өз кезегінде әсем Алматы мен бірегей студенттік қалашықтың көркем келбетін ерекше айтып өтті. Өзара ынтымақтастық аясын кеңейтудің өзектілігіне мән беріп, ұсыныстарға қолдау білдірді. Білім, ғылым және мәдениет саласындағы жобаларды жүзеге асыру академиялық орта ғана емес, жалпы, Қазақстан мен Индонезия халқының игілігі үшін де пайдалы боларын атап өтті.



УСИЛИТСЯ СОТРУДНИЧЕСТВО С ВУЗАМИ ИНДОНЕЗИИ

Сегодня Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев принял советника-посланника посольства Республики Индонезия в городе Нур-Султан Имана Прарахадиана Хавида. На встрече были обсуждены вопросы двустороннего сотрудничества.

Глава вуза ознакомил гостя с историей и основными вехами сотрудничества КазНУ с индонезийскими вузами и предложил пути его дальнейшей активизации. В то же время ректор выразил заинтересованность в установлении стратегических партнерских отношений с другими ведущими университетами Индонезии.

Он подчеркнул необходимость проведения совместных офлайн- и онлайн-конференций, семинаров и симпозиумов для обмена передовым опытом в развитии науки, внедрении передовых методов обучения. Он также подчеркнул важность публикации материалов и обмена опытом в сфере высшего образования, организации совместных исследований в приоритетных областях науки и инноваций.

Представитель посольства, в свою очередь, особо отметил живописный облик Алматы и уникального студенческого городка.

Он подчеркнул актуальность расширения сферы сотрудничества и поддержал предложения главы вуза. Отметил также, что реализация проектов в области образования, науки и культуры пойдет на пользу не только академической среде, но и на благо жителей Казахстана и Индонезии в целом.



ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛТАРАЛЫҚ ТІЛІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан халқының тілдері күніне орай, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұовтың өмірі мен шығармашылығына арналған «Ұлы даланың ұлтаралық тілі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференция жұмысына Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары, ғалымдар мен белгілі қоғам қайраткерлері, оқытушылар және студенттер қатысты.

Жолдауды университет ұжымымен талқылау барысында және «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген мақаласында университет басшысы: «Қазақ тілі ғылым тіліне айналуы тиіс», – деді. «Ол үшін жас ғалымдарымыз ғылыми жаңалықтарын қазақ тілінде жазуды қолға алуы қажет. Бұл маңызды миссияға білім алушы жастарымыз түгел атсалысады деп сенемін», – деді ректор.

Конференция жұмысын қорытындылай келе, оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаев: «Келесі жылы ұлт ұстазының туғанына 150 жыл толады. Университет ұжымы бұл елеулі датаға биылдан бастап үлкен дайындық жұмыстарын бастап, ауқымды іс-шараларды қолға алады», – деп атап өтті.



МЕЖНАЦИОНАЛЬНЫЙ ЯЗЫК ВЕЛИКОЙ СТЕПИ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби прошла республиканская научно-методическая конференция «Международный язык великой степи», посвященная Дню языков народа Казахстана, жизни и творчеству «учителя нации» Ахмета Байтурсынова. В ее работе приняли участие депутаты Мажилиса Парламента Республики Казахстан, ученые и известные общественные деятели, преподаватели и студенты.

В ходе обсуждения послания в коллективе университета и в статье ректора КазНУ, опубликованной в газете «Егемен Қазақстан», было отмечено, что казахский язык должен стать языком науки. И именно его должны использовать молодые ученые в своей практике, исследованиях и новых проектах. В популяризации государственного языка должна участвовать и студенческая молодежь. В целях реализации задач, возложенных Посланием Президента РК, КазНУ организует мероприятия, посвященные празднику языков.

По мнению выступавших спикеров, каждый гражданин Казахстана обязан знать казахский язык. Судьба языка – судьба всего государства. Так как все народы и этносы живут под мирным небом Казахстана, под одной крышей, все должны общаться между собой на государственном языке, который должен стать и языком межнационального общения.



СТУДЕНТЕР ҚАТАРЫНА ҚАБЫЛДАНДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде білім ордасының табалдырығын алғаш аттаған 1-курс білімгерлерін студенттер қатарына қабылдау рәсімі өтті.

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында үлкен өмірге қадам басқан жас өрендерді ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев салтанатты жағдайда құттықтады.

Сондай-ақ оқу орнының басшысы қара шаңырақта білім, ғылым, өнер және спортпен айналысу үшін заман талаптарына сай барлық жағдай жасалғанын айтып, 1 қыркүйектен бастап шәкіртақының 20 пайызға өскенін хабарлады.

Студенттер өз кезегінде елге, жерге, тілге деген құрметті биік ұстап, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенті деген атқа лайық болуға және бәсекеге қабілетті маман болып, еліміздің көркеюі үшін адал қызмет етуге ант берді.





ПОСВЯЩЕНИЕ В СТУДЕНТЫ



Сегодня в Казахском национальном университете имени Аль-Фараби прошла традиционная церемония посвящения в студенты первокурсников.

В канун 30-летия Независимости страны в торжественной обстановке новоиспеченных студентов вуза поздравил Председатель Правления – Ректор КазНУ Жансеит Туймебаев. Руководитель вуза отметил, что в университете созданы все условия для получения достойного образования, занятий наукой, искусством и спортом. Особо хочется отметить что по поручению Президента с 1 сентября выросла на 20% стипендия.

Студенты, в свою очередь, высказали слова глубокого уважения и любви родной стране, земле и языку, поклялись быть достойными звания студента КазНУ им. Аль-Фараби, конкурентоспособными специалистами и добросовестно служить на благо процветания страны.

В завершение праздничного мероприятия студенты хором исполнили гимн «Гаудеамус» и сфотографировались на память.



БЕЛЬГИЯДА ФАРАБИ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛАДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Таяу Шығыс мәселелері бойынша сарапшы-маман, саясаттанушы, тарихшы, EObserver интернет-басылымының бас редакторы Курт Дибофпен кездесті.

Әңгіме барысында ректор оқу орнының тарихына тоқталып, ҚазҰУ-дың ұлы философ-ғалым Әбу Насыр әл-Фараби есімімен аталатын әлемдегі бірден-бір университет екенін атап өтті. «Бұл біз үшін ерекше мақтаныш әрі үлкен жауапкершілік. Ұлы ойшыл заманынан бері 11 ғасыр өтсе де, әл-Фараби ілімі бүгінгі қоғамда да мәні мен мағынасын жойған жоқ», – дей келе, ректор ғұлама ғалымның еңбектерін жан-жақты зерттеу, талдау, кейінгі жастарға насихаттау бағытында атқарылып жатқан ауқымды шараларды тілге тиек етті.

Университетте 1993 жылы құрылған Әл-Фараби орталығы фарабитану мен жалпы қазақстандық ғылымның дамуына қомақты үлес қосып келеді. Орталық жыл өткен сайын шетелдік зерттеу орталықтарымен байланысты нығайтып, Фараби мұраларын түпнұсқа араб тілінен қазақ тіліне аударып, арнайы кітаптар шығаруда. Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдық мерейтойына орай, әлем ғалымдарының қатысуымен конференциялар ұйымдастырылды.

Сондай-ақ университет басшысы ҚазҰУ базасында халықаралық фарабитанушылар орталығын құру жоспарланғанын хабарлап, өзара ынтымақтастыққа шақырды.



В БЕЛЬГИИ ОТКРОЕТСЯ ЦЕНТР ФАРАБИ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби прошла встреча Председателя Правления – Ректора КазНУ имени Аль-Фараби Жансеита Туймебаев с доктором философии (PhD), главным редактором интернет-издания EUobserver (Бельгия) Куртом Дибом.

Известный историк, арабист К.Дибом является автором множества статей и книг, посвященных теме конфликтов на Ближнем Востоке. В качестве эксперта по региону г-н К.Дибом посвятил 15 лет международной политической деятельности.

Поприветствовав гостя, ректор вуза рассказал об истории и становлении университета и отметил, что это единственный вуз в мире, названный в честь великого философа и ученого Абу Насра аль-Фараби. Для вуза это особая гордость и большая ответственность, ведь со времен великого мыслителя прошло 11 веков, но учение аль-Фараби не утратило своей актуальности и значения в современном обществе.

Поблагодарив за теплый прием, Курт Дибом выразил желание сотрудничать с ведущим университетом Казахстана и попросил оказать поддержку в его работе по исследованию трудов Второго учителя Востока.

Стороны также наметили планы на будущее по дальнейшему сотрудничеству и открытию Центра Аль-Фараби в Бельгии. Ректор ведущего вуза страны выразил готовность оказать всяческую поддержку в дальнейшей исследовательской деятельности зарубежного гостя.



ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАҢДАРЫ АҚТАЛАДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі Алматы қалалық мемлекеттік комиссия құрамындағы университет ғалымдарымен кездесті. Басқосуда зерттеу барысы сөз болып, ғалымдардың ғылыми жұмысына жан-жақты қолдау көрсету жолдары талқыланды.

Оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаев алдымен ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, мемлекеттік деңгейде қолға алынған жобаның маңыздылығына айрықша мән берді. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын саяси ақтау арқылы тарихтағы ақтаңдақтардың орнын толтыру жұмыстарының ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында өзектілігі артқанын атап өтті. Бұл ретте ректор ҚазҰУ ғалымдарының мүмкіншіліктерін жоғары бағалап, университет тарапынан толыққанды жағдай жасалатынын мәлімдеді.

Жиын соңында ректор зерттеушілерге сәттілік тілеп, ғалым еңбектері отандық тарих ғылымына тың серпіліс әкелеріне зор сенім білдірді. Комиссия мүшелері өз кезегінде университет басшылығына қосымша оқу жүктемелерінен босатып, ғылыммен айналысуға жан-жақты жағдай жасағаны үшін алғыстарын жеткізді.



ЖЕРТВЫ РЕПРЕССИЙ БУДУТ РЕАБИЛИТИРОВАНЫ

Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев встретился с учеными университета, вошедшими в состав Государственной комиссии по реабилитации жертв политических репрессий г. Алматы. На заседании обсуждали ход исследования, а также пути оказания всесторонней поддержки ученым в их научной работе.

Руководитель учебного заведения Жансеит Туймебаев особо подчеркнул важность проекта, который реализуется на государственном уровне в соответствии с поручением Президента РК Касым-Жомарта Токаева. Он отметил, что в преддверии 30-летия независимости страны возросла актуальность работы по восполнению «белых пятен» в истории путем политической реабилитации жертв политических репрессий. При этом ректор высоко оценил возможности ученых КазНУ и отметил, что со стороны университета будут созданы полноценные условия.

В завершение встречи ректор пожелал исследователям удачи и выразил уверенность в том, что труды ученых – это настоящий прорыв отечественной исторической науки. Члены комиссии, в свою очередь, поблагодарили руководство университета за предоставленную возможность углубленно заниматься наукой, освободив от дополнительных учебных нагрузок.

В состав комиссии г. Алматы отобраны 10 экспертов гуманитарного профиля, имеющих опыт работы в архивах из КазНУ им. Аль-Фараби.



ДИПЛОМАТ ДАРА ЖОЛЫМЕН БӨЛІСТІ

Бүгін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат, төтенше және өкілетті елші Дулат Қуанышевпен кездесті. Қайраткер ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, көшбасшылық дәріс оқу үшін білім ордасына арнайы келді.

Оқу орнының басшысы алдымен егемен Қазақстанның қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосқан мәртебелі мейманға дәріс оқу ұсынысын қабыл алғаны үшін алғыс айтты. Тәуелсіздік тойына арналған университеттегі «30 жылдыққа – 30 апталық» бағдарламасының оқытушылар мен білім алушылар үшін тиімді тәжірибе алаңына айналғанын хабарлай келе, ректор жас мемлекеттің алғашқы қадамдарының куәгері әрі сол оқиғалардың бел ортасында жүрген тұлғалардың еңбегін ерекше атап өтті.

Дипломат өз кезегінде білім беру мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының қара шаңырағына деген зор құрметін білдірді. Университет бастамасының жастар үшін мәні мен маңызына тоқталды.

Кездесу соңында білім алушылар Қазақстанның халықаралық беделді ұйымдардағы іс-қимылдары және дипломат қызметінің ерекшелігіне қатысты түрлі сұрақтар қойып, өз пікірлерін ортаға салды.



ДИПЛОМАТ ПОДЕЛИЛСЯ ОПЫТОМ

Сегодня Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев встретился с видным государственным и общественным деятелем, дипломатом, чрезвычайным и полномочным послом Дулатом Куанышевым, посетившим вуз в год празднования 30-летия Независимости РК, чтобы прочесть лидерскую лекцию.

Руководитель учебного заведения поблагодарил высокого гостя, внесшего весомый вклад в становление и развитие суверенного Казахстана, за содержательную лекцию. Подчеркнув, что программа «30 недель к 30-летию Независимости» в университете стала эффективной площадкой для преподавателей и обучающихся, ректор особо отметил заслуги тех, кто является свидетелем первых шагов молодого государства и находится в центре событий.

Дипломат, в свою очередь, выразил глубокое уважение в адрес университета, в котором активно реализуются образовательные и научно-исследовательские проекты. Он остановился на значении инициатив, которые сегодня воплощаются в жизнь, для молодежи.

Лекция о лидерстве освещала темы достижений государства в области международных отношений и внешнеполитических связей за годы независимости.

В ходе лекции студенты задавали различные вопросы, связанные с деятельностью Казахстана в авторитетных международных организациях и спецификой профессии дипломата.



ҮЗДІК ЖОБАЛАР ӨНДІРІСКЕ ЕНЕДІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев оқу орнындағы ғылыми-зерттеу институттарының, ғылыми-білім беру орталықтары мен зертханаларының директорларымен кездесу өткізді. Дөңгелек үстелде ғалымдар зерттеуі мен әзірлемесінің экономикалық тиімділік мәселелері талқыланды.

Ғалымдармен кездесуге еліміздің ғылымы мен білімінің дамуы үшін табыс әкелетін ҚазҰУ-дың үздік жобаларын коммерцияландыру идеясы арқау болды. Ректор білім ордасының зор әлеуетін атап өтіп, жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін оны дұрыс бағыттауды тапсырды. Университетте коммерцияландыру орталығы құрылды, оның қызметін ЖОО ғалымдары дайындаған инновациялық әзірлеме мен жобалар арқылы жандандыру қажет. Жақын арада ҚазҰУ әлі күнге дейін толық зерттелмеген ежелгі қалалардың орнында қазба жұмыстарын жүргізу үшін әлемдік сарапшыларды тарта отырып, Археология орталығын ашуды жоспарлап отыр.

Кездесу барысында Әлмира Мәлсқызы, Олег Лаврищев, Жұмаділ Байгүншеков сынды ғалымдар сөз сөйлеп, зерттеу әзірлемелерін жақсарту және оларды өндіріске енгізу тәсілдері бойынша өз пікірлерімен бөлісті.

Кездесу соңында оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаев ғылыми-зерттеу институттарының басшыларына өндіріске енгізуге қолайлы барлық ғылыми-инновациялық әзірлемелерге терең талдау жасап, нақты ұсыныстар беруді тапсырды.



ЛУЧШИЕ ПРОЕКТЫ ВНЕДРЯТСЯ В ПРОИЗВОДСТВО

Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев провел встречу с директорами научно-исследовательских институтов, научно-образовательных центров и лабораторий вуза. За круглым столом обсуждались вопросы экономической целесообразности научных исследований и разработок ученых.

Во время встречи с учеными основным рефреном прозвучала идея коммерциализации лучших проектов КазНУ, которые приносили бы доход во благо развития науки и образования страны. Ректор отметил, что у вуза есть большой потенциал, который следует направить в нужное русло, чтобы добиться весомых результатов. В университете создан центр коммерциализации, деятельность которого необходимо активизировать с помощью инновационных разработок и проектов ученых вуза. В ближайшем будущем КазНУ планирует открыть Центр археологии с привлечением мировых экспертов для ведения раскопок древних городов, которые до сих пор остаются не изученными и покрыты завесой тайны.

Во время встречи выступили ученые и профессора Альмира Кустубаева, Олег Лаврищев, Жумадил Байгунчечков и многие другие, которые поделились своим мнением и внесли конкретные предложения по улучшению исследовательских разработок и способам внедрения их в производство.

В завершение встречи глава вуза Жансеит Туймебаев дал поручение всем руководителям НИИ проанализировать все научно-инновационные разработки, которые действительно можно будет внедрить в производство и получать от них дивиденды для развития науки.



КОМПАНИЯ БАСШЫСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Директорлар кеңесінің мүшесі, білім ордасының 1990 жылғы түлегі, Astana Group компаниясының басшысы Нұрлан Смағұловпен кездесті.

Құрметті қонақтың сапары университет тарихына арналған ҚазҰУ мұражайымен танысудан басталды. Нұрлан Смағұлов оқу орнындағы биология факультетін «Биология және химия» мамандығы бойынша бітірген. Танымал кәсіпкер университет мұражайынан факультеттер тарихына арналған экспозиция ашып, құнды мұралар мен қолжазбалар және фотосуреттерді орналастыруды ұсынды.

Кездесуде ректор Жансейіт Түймебаев ЖОО-ның қызметі, жоспарлары, ғылыми зерттеулері мен техникалық әзірлемелердің жаңа бағдарламалары туралы әңгімеледі.

Нұрлан Смағұлов күрделі жөндеу жүргізілген ғимараттарды аралап, биология және биотехнология факультетінде, жас ғалымдар мен студенттердің тәжірибелері жүргізілетін ғылыми зертханаларда болды.



ВСТРЕТИЛСЯ С РУКОВОДИТЕЛЕМ КОМПАНИИ

Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев встретился с членом Совета директоров, главой компании Astana Group Нурланом Смагуловым – выпускником университета, окончившим вуз в 1990 году.

Визит почетного гостя начался с ознакомления с экспозицией музея КазНУ, посвященной истории вуза. Нурлан Смагулов окончил биологический факультет по специальности «Биология и химия».

Отечественный предприниматель предложил открыть в музее экспозицию, посвященную истории факультетов, куда вошли бы самые интересные фотографии, рукописи и ценные архивные данные.

На встрече ректор Жансеит Туймебаев рассказал о деятельности и планах вуза, новых программах научных исследований и технических разработок.

Нурлан Смагулов посетил здания общежитий, в которых был сделан плановый капитальный ремонт, а также факультет биологии и биотехнологии, научные лаборатории, где проводятся опыты молодыми учеными и студентами.



РЕСЕЙ УНИВЕРСИТЕТТЕРІМЕН БАЙЛАНЫС АРТАДЫ

Ресей Федерациясы университеттерінің бір топ өкілі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне ресми іссапармен келді. Кездесуде ынтымақтастық, екіжақты қарым-қатынастарды дамыту және бірлескен жобаларды ұйымдастыру мәселелері талқыланды. Сапар барысында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев пен Калашников атындағы Ижевск мемлекеттік техникалық университеті ректорының міндетін атқарушы Александр Губерт кездесті.

Сонымен бірге шараға Ижевск мемлекеттік техникалық университеті Халықаралық білім беру бағдарламалары институтының директоры А.В.Рябчиков пен Новосибирск мемлекеттік университеті білім экспорты бөлімінің басшысы Е.И.Сагайдак қатысты.

– Бүгінде ҚазҰУ әртүрлі салалар бойынша Ресейдің жоғары оқу орындарымен ғылыми-білім беруде өзара байланыс орнатқан. Қазіргі таңда 140 ресейлік жоғары оқу орнымен 195 ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды, – деп атап өтті ректор.

Екіжақты басқосуда қазақстандық және ресейлік тараптар білім экспортына мүдделі екенін ескере отырып, Ресей Федерациясының басқа да жетекші жоғары оқу орындарымен стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қою ұсынылды. Сонымен бірге инновациялық бағытта бірлескен ғылыми зертханалар мен онлайн және офлайн конференциялар ұйымдастыру жайы сөз болды.



РАСШИРИТСЯ СОТРУДНИЧЕСТВО С ВУЗАМИ РОССИИ

В КазНУ им. Аль-Фараби состоялась встреча Председателя Правления – Ректора Жансеита Туймебаева с представителями российских вузов – Ижевского государственного технического университета (ИжГТУ) и Новосибирского государственного университета (НГУ). Стороны обсудили перспективы сотрудничества и реализации совместных проектов в области образования и науки.

Сотрудничество с ведущими российскими вузами для КазНУ – одно из перспективных направлений, благодаря которому воплощаются в жизнь масштабные совместные проекты. В ведущем вузе страны этой области уделяется пристальное внимание.

Приветствуя почетных гостей, ректор КазНУ поблагодарил за визит и выразил уверенность в том, что встреча принесет реальные плоды заинтересованным сторонам. Жансеит Кансеитович подчеркнул важность давних и прочных отношений университета с ведущими российскими вузами.

В свою очередь, участники встречи – и.о. ректора Ижевского государственного технического университета А.В.Губерт, директор Института международных образовательных программ ИГТУ А.В.Рябчиков, а также заведующий кафедрой экспорта образования Новосибирского государственного университета Е.И.Сагайдак – поблагодарили ректора КазНУ за теплый прием и выразили уверенность, что в будущем обе стороны будут работать в тесном сотрудничестве. В рамках встречи состоялся обмен мнениями и обсуждение актуальных вопросов, а также определение дальнейших планов и перспектив взаимовыгодных отношений.



КАМПУСТЫ ЖАҢҒЫРТУ ЖОСПАРЫМЕН ТАНЫСТЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Директорлар кеңесінің мүшесі Арманжан Байтасов пен Гүлмира Елеуова қонақта болып, кампусты дамыту жоспарымен танысты.

Оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаев ғимараттарды жаңғырту жоспарымен бөлісті. Оның ішінде жатақханалар, оқу корпустары және оқытушылар мен қызметкерлерге арналған тұрғын үй құрылысы, реконструкциялау жұмыстары жайлы кеңінен әңгімеледі.

Директорлар кеңесінің мүшелері жоғары оқу орнының даму стратегиясының негізгі бағыттарымен, ғылыми-инновациялық әлеуетімен және ҚазҰУ кампусын дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған жұмыс жоспарымен жан-жақты таныса келе, университет қызметіне сәттілік тіледі.





ОЗНАКОМИЛИСЬ С ПЛАНом МОДЕРНИЗАЦИИ КАМПУСА



В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби члены Совета директоров Арманжан Байтасов и Гульмира Елеуова побывали в гостях и ознакомились с планом развития кампуса.

Председатель Правления – Ректор вуза Жансеит Туймебаев представил план модернизации зданий университета. В частности, он рассказал о строительстве и реконструкции общежитий, учебных корпусов и жилья для преподавателей и сотрудников.

Члены Совета директоров ознакомились с основными направлениями стратегии развития университета, научным и инновационным потенциалом и планом работы по развитию кампуса КазНУ на 2021-2025 годы и пожелали университету успехов в дальнейшей работе.



ҚАЗҰУ РЕКТОРЫ ЕСЕП БЕРДІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев онлайн және офлайн форматта есептік кездесу өткізді. Ректор жоғары оқу орнының білім беру және ғылыми-зерттеу жұмысы, инфрақұрылымын жаңғырту және әлеуметтік мәселелері туралы баяндады. Сондай-ақ 2020/21 оқу жылындағы негізгі нәтижелерді талдап, көшбасшы университеттің алдағы даму жоспарын таныстырды.

Жиынға ҚР Президенті Әкімшілігі, Парламент депутаттары, Үкімет мүшелері, мемлекеттік құрылымдар мен елшіліктер, ЖОО ректорлары, ҚазҰУ Директорлар кеңесінің мүшелері, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, жергілікті қала, аудан әкімдіктері, ақсақалдар кеңесінің мүшелері, мектеп ұстаздары мен университеттің профессорлық-оқытушылар құрамы, білім алушылар, жұмыс берушілер, ата-аналар мен БАҚ өкілдері қатысты.

ҚазҰУ ректоры Ж.Түймебаев «университет тарихының, оқытушылардың, ғалымдардың және студенттердің кәсіби деңгейінің жоғарылығының арқасында университет жаһандық бәсекеге қабілеттілікке ие» екенін атап өтті.

Университет ректоры сөзін қорытындылай келе: «Қазіргі уақытта университет ұжымы жоғары білім мен ғылымның сапасын арттыру бойынша стратегиялық міндеттерді шешуге ұмтылуда. ҚазҰУ-дың одан әрі дамуы еліміздің адами капиталы мен ғылыми-технологиялық әлеуетін күшейтуге ықпал ететін болады», – деп атап өтті.

Университет басшысының баяндамасынан соң, студенттер, оқытушылар мен БАҚ өкілдері өздерін толғандырған сауалдарына жауап алды. Кездесу қорытындысы бойынша бірқатар мәселелерді басшылық бақылауына алды және келіп түскен барлық ұсыныстар өз деңгейінде қаралатын болады.



РЕКТОР КАЗНУ ПРОВЕЛ ОТЧЕТНУЮ ВСТРЕЧУ

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансейит Кансеитұлы Түймебаев провёл отчетную встречу в онлайн и офлайн-формате, озвучив итоги образовательной, научной и социально-воспитательной деятельности университета за 2020/21 учебный год.

Во встрече приняли участие представители Администрации Президента РК, акимата г. Алматы и Бостандыкского района, депутаты Парламента, члены Правительства, госструктур и посольств, ректоры вузов, члены Совета директоров КазНУ, видные государственные и общественные деятели, члены Совета аксакалов, профессорско-преподавательский состав и обучающиеся университета, работодатели, а также родители студентов и представители СМИ.

Отчет ректора перед населением содержал полный и обстоятельный обзор его деятельности, а также анализ основных результатов за отчетный год и программу дальнейшего развития.

Сегодня университет является лидером по количеству научных проектов и научных публикации в нашей стране.

После выступления ректор КазНУ ответил на вопросы преподавателей, студентов и общественности. По итогам встречи решение ряда вопросов взято руководством под контроль, все предложения, поступившие в ходе встречи, будут рассмотрены.



ҚазҰУ ректорының есептік баяндамасы

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ-ДЫҢ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ – РЕКТОР
Ж.Қ.ТҮЙМЕБАЕВТЫҢ 2020/21 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
ЕСЕПТІК КЕЗДЕСУІ**

**Құрметті есепке қатысушылар, алыс-жақыннан ZOOM-ға қосылып отырған
әріптестер, зиялы қауым өкілдері, оқытушы-профессорлар құрамы,
ата-аналар, білімгерлер!**

Университет ұжымы 2020/21 оқу жылында халықаралық және республикалық деңгейде жоғары маңызды бірқатар жұмыс атқарды. Барлық іс-шаралар жыл бойы республикалық



БАҚ-та жарияланып отырды. Атап айтсақ: «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Айқын», «Литер», «Ана тілі», «Түркістан», «Хабар», «Қазақстан», «Алматы» телеарнасы және т.б. Сондай-ақ университеттің фейсбук, инстаграм, ютуб, телеграм парақшаларында күн сайын бөлісілді. Университеттің барлық жұмысын қысқа уақытта толық айтып шығу мүмкін емес. Сондықтан білім ордасының басты бағыттарына тоқталып өтпекпін.

Құрметті қауым!


Бүгінгі күні білім және ғылым саласы қоғамның алдында тұрған түбегейлі жаңа міндеттерді шешуі қажет. Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ағымдағы жылы өткен Қауіпсіздік кеңесінің отырысында «Білім алдағы онжылдықтағы біздің ұлттық идеямыз болуы тиіс» деп баса айтқан болатын.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жыл сайынғы жолдауында: «Қазақстандық білім мен ғылымның алдында ауқымды, кезек күттірмейтін міндет тұр – тек жаңа тенденцияларға ілесіп қана қоймай, сонымен қатар бір қадам ілгерілеп, тенденциялар қалыптастыру қажет», – деген болатын. Қойылған міндеттерді шешу жаһандық пандемия мен елде және жалпы әлемде болып жатқан өзгерістерді ескере отырып, жүзеге асырылуы керек. Бұл жағдайда қазақстандық жоғары оқу орындары жоғары даму қарқынын көрсетіп, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосуы тиіс.

Уважаемые участники!

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби является одним из старейших вузов страны и обладает особым статусом. Университет существенно наращивает научно-образовательный потенциал и становится драйвером интеллектуального роста не только в масштабах страны, но и на международном уровне.

Сегодня мы являемся многопрофильным университетским комплексом из 16 факультетов естественно-научного, инженерно-технического и социально-гуманитарного направлений. Научная система включает 8 научно-исследовательских институтов и 29 научных центров. Действуют свыше 140 научных и учебно-исследовательских лабораторий. Функционирует Медицинский диагностический центр, Дворец студентов им. О.Джолдасбекова, Центр обслуживания студентов «Керемет», Спортивно-оздоровительный лагерь на озере Иссык-Куль. Совместно с научно-исследовательскими институтами, подведомственными Министерству образования и науки, реализуется проект «Интеграция образования и науки».



Университет имеет более 500 международных соглашений с зарубежными вузами и научными центрами.






ГЛОБАЛЬНАЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ





Благодаря истории, высокому уровню профессионализма преподавателей и ученых университет имеет глобальную конкурентоспособность. На постсоветском пространстве только два университета входят в топ-200 лучших университетов мира, это МГУ им. М.Ломоносова (78-е место) и КазНУ им. Аль-Фараби (175-е место).

Университет является первым и единственным вузом в Центрально-Азиатском регионе, получившим «Пять звезд» превосходства в международном рейтинге «QS Stars Rating System». Также университет входит в топ лучших по 17 направлениям подготовки, что доказывает конкурентоспособность образовательных программ.

По оценке Европейской научно-промышленной палаты, университет получил в этом году высокую оценку «АА+» и стоит в одном ряду с ведущими университетами Европы. В национальных рейтингах КазНУ имени Аль-Фараби постоянно занимает лидирующие позиции.



ГЛОБАЛЬНАЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ

НАЦИОНАЛЬНЫЕ РЕЙТИНГИ	МЕЖДУНАРОДНЫЕ РЕЙТИНГИ
<div style="display: flex; align-items: center; margin-bottom: 10px;">  <div style="margin-left: 10px;"> <p>ПОСТОЯННЫЙ ЛИДЕР СРЕДИ ВУЗОВ РК</p> </div> </div> <div style="display: flex; align-items: center; margin-bottom: 10px;">  <div style="margin-left: 10px;"> <p>ПОСТОЯННЫЙ ЛИДЕР СРЕДИ ВУЗОВ РК</p> </div> </div> <div style="margin-bottom: 10px;"> <p>1 МЕСТО - 7 ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ</p> </div> <div style="margin-bottom: 10px;"> <p>2 МЕСТО - 9 ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ</p> </div> <div> <p>3 МЕСТО - 3 ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ</p> </div>	<div style="display: flex; align-items: center; margin-bottom: 10px;">  <div style="margin-left: 10px;"> <p>QS WORLD UNIVERSITY RANKINGS - 175 МЕСТО</p> </div> </div> <div style="display: flex; align-items: center; margin-bottom: 10px;">  <div style="margin-left: 10px;"> <p>ЗНАК ПРЕВОСХОДСТВА - 5 ЗВЕЗД QS STARS</p> </div> </div> <div style="display: flex; align-items: center; margin-bottom: 10px;">  <div style="margin-left: 10px;"> <p>EMERGING EUROPE & CENTRAL ASIA - 19 МЕСТО</p> </div> </div> <div style="display: flex; align-items: center; margin-bottom: 10px;">  <div style="margin-left: 10px;"> <p>QS GRADUATE EMPLOYABILITY RANKINGS # 201-250 МЕСТО</p> </div> </div> <div style="display: flex; align-items: center; margin-bottom: 10px;">  <div style="margin-left: 10px;"> <p>13 НАПРАВЛЕНИЙ В ТОП ЛУЧШИХ</p> </div> </div> <div style="display: flex; align-items: center; margin-bottom: 10px;">  <div style="margin-left: 10px;"> <p>ACADEMIC RANKING EUROPIAN STANDART «АА+»</p> </div> </div> <div style="display: flex; align-items: center; margin-bottom: 10px;">  <div style="margin-left: 10px;"> <p>BUSINESS ECONOMICS # 501-600 МЕСТО</p> </div> </div> <div style="display: flex; align-items: center; margin-bottom: 10px;">  <div style="margin-left: 10px;"> <p>ENGINEERING TECHNOLOGY # 601-800 МЕСТО</p> </div> </div> <div style="display: flex; align-items: center; margin-bottom: 10px;">  <div style="margin-left: 10px;"> <p>PHYSICAL SCIENCES # 800-1000 МЕСТО</p> </div> </div> <div style="display: flex; align-items: center; margin-bottom: 10px;">  <div style="margin-left: 10px;"> <p>SOCIAL SCIENCE -# 601+ МЕСТО</p> </div> </div> <div style="display: flex; align-items: center; margin-bottom: 10px;">  <div style="margin-left: 10px;"> <p>THE EMERGING ECONOMIES RANKINGS # 251-300 МЕСТО</p> </div> </div> <div> <p>THE BY SUBJECT ASIA UNIVERSITY RANKINGS # 301-350 МЕСТО</p> </div>



ОҚЫТУШЫ-ПРОФЕССОРЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Біз университеттің кадрлық және интеллектуалдық әлеуетін дамытуға ерекше назар аударамыз. Оқу процесін 2800-ге жуық білікті оқытушылар жүргізеді, олардың 70 пайыздан астамының докторлық, кандидаттық және PhD ғылыми дәрежелері бар. Университет оқу орнының кадрлық әлеуетін дамытуға ерекше назар аударады. Оқытушы-профессорлық құрамның штат саны шамамен 2,9 мыңды құрайды. Оның ішінде 1,2 мыңнан астам докторлар мен ғылым кандидаттары және 350-ге жуық PhD докторлары еңбек етеді. Университет профессорларының арасында Ұлттық ғылым академиясының 10 академигі мен жеті корреспондент-мүшесі, ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлықтың 14 лауреаты бар. Университеттің 400-ден астам оқытушысы «ЖОО-ның үздік оқытушысы» грантының иегерлері болып табылады. Бұл республика бойынша алғанда 20 пайызды құрайды. Грант аясында оқытушылар әлемнің жетекші университеттері – Гарвард, Йель, Стэнфорд, Берклиде біліктілік арттырды. Халықаралық конференцияларға қатысып, монографиялар мен оқулықтар шығарды.

Оқытушылардың халықаралық қауымдастыққа бірігуіне үлкен көңіл бөлінеді. 100-ден астам ұстаз әлемдегі үздік 300-ге кіретін университеттерде тағылымдамадан өтті. Сондай-ақ біздің оқытушылар «Болашақ» бағдарламасы бойынша тағылымдамаға белсенді қатысады (27 қыркүйекке дейін 21 адам).

Университеттің 40-тан астам профессоры Венгрия, Германия, Моңғолия, Франция, АҚШ, Ресей, Түркия, Өзбекстан және басқа елдердің университеттерінде дәріс оқыды. Біз жетекші шетелдік ғалымдарды университетімізде дәріс оқуға шақырдық. Олар:

Уэйн Детройт (АҚШ) университетінде жұмыс істейтін белгілі математик Уәлібай Өмірбай;
Кембридже жұмыс істеген белгілі нейробиолог Базылбек Дәулетов.

Ағымдағы жылдың қазан-қараша айларында Еуропа, АҚШ, Ресей, Түркия университеттерінің 35 профессоры шетелдік ғалымдарды тарту бағдарламасы бойынша университетте дәріс беретін болады.

Оқытушыларды материалдық ынталандыру мәселелеріне көп көңіл бөлінеді. Мәселен, ағымдағы жылдың өзінде жалақы екі рет өсті. Бірінші рет ақпан айында 20 пайызға көбейттік. Екінші мәрте Білім және ғылым министрінің нұсқауына сәйкес, 1 қыркүйектен бастап белгіленді. Енді мұғалімнің ең төменгі жалақысы – 285 мың, аға оқытушы үшін – 312 мың, доцент үшін – 389 мың, профессор үшін – 500 мың. Жалақының бұл деңгейі бізге білім сапасын арттыруға үлкен мүмкіндік береді.

Біз сондай-ақ оқытушылардың есеп беру жұмыстарын қысқарту бойынша жұмысты бастадық. Оқытушылардың мәртебесі мен олардың университеттің дамуына қосатын үлесі де артып келеді. Біз әріптестерімізді алдыңғы қатарлы білім беру технологияларын қолдануға,



іргелі және қолданбалы зерттеулермен айналысуға бағдар береміз. Сондай-ақ қала және жалпы ел деңгейінде әлеуметтік маңызы бар іс-шараларға атсалысып, белсенді қатысуларын ескереміз.



БІЛІМ АЛУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ

Университетте шамамен 25,9 мың студент бар, оның ішінде: грант негізінде – 80 пайыз, келісімшарт бойынша – 20 пайыз білім алады.

Анықтама үшін: бакалавриатта – 21 294, магистратура мен докторантурада – 4642.

Биыл шамамен 7,7 мың студент оқуға қабылданды:

Анықтама үшін:

бакалавриатқа – 5,6 мың (73 пайыз);

магистратураға – шамамен 1,7 мың (22 пайыз);

докторантураға – 361 (5 пайыз).



Бакалавриатта өткен жылмен салыстырғанда 2,6 есе көп. Сондай-ақ магистратурадағы грант иегерлерінің саны 1,2 есеге өсті. Жалпы алғанда, университет елдегі грант иегерлерінің жалпы санының шамамен 7 пайызын қабылдады. Сондай-ақ біздің университетте оқуды талантты жастар көбірек таңдауда. Егер өткен жылы «Алтын белгі» иегерлерінің саны 508 болса, биыл – 1058, яғни екі есеге көбейді. Халықаралық және республикалық пәндік олимпиадалар жеңімпаздарының саны 2,6 есеге өсті. Сонымен қатар Назарбаев зияткерлік мектептерінің түлектері үш есеге артты. Жалпы, өткен жылмен салыстырғанда дарынды жастарды тарту көрсеткіші 2,2 есеге өсті.

Әлемнің 50 елінен 2,4 мыңға жуық шетелдік студент білім алуда. Біз 2025 жылы шетелдік студенттердің үлесін 25 пайызға дейін жеткізу міндетін қойдық. Бірқатар шетелдерде филиалдар ашамыз: Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан, Армения. Бұл қазақстандық білім беруді халықаралық аренада ілгерілетуге қосқан елеулі үлес. Биыл «Академиялық ұтқырлық» бағдарламасы бойынша университеттің 70 студенті Еуропа, АҚШ және Оңтүстік-Шығыс Азия университеттерінде бір семестр бойы оқитын болады.





ТҮЛЕКТЕРДІ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ

Біздің түлектер еліміздегі ең көп сұранысқа ие түлектер қатарында.

Анықтама үшін: түлектердің жұмысқа орналасуы орта есеппен 94 пайызды құрайды. Университет түлектері барлық салада табысты еңбек етіп, қазіргі студенттерге және жалпы университетке ауқымды қолдау көрсетуде.



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қазақстандық ЖОО-лар арасында көшбасшы болып табылады. 2021 жылы біз әлемдегі ең жақсы университеттердің QS рейтингінде түлектердің жұмысқа қабілеттілігі бойынша үздік 201-250-ге кірдік. «Жұмыспен қамтылған түлектердің үлесі» көрсеткіші бойынша университет әлемде 55-орында.

Биыл біз алғаш рет халықаралық стандарттарды ескере отырып әзірленген өз дипломдарымызды бердік. Бұл қадам университеттің беделі мен имиджін одан әрі арттырады.



ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ПРОГРАММЫ

Реализуется более 650 образовательных программ:

- 120 – программы двойного диплома совместно с вузами США, Европы, Юго-Восточной Азии, Российской Федерации.
- 92 – программы реализуются на английском языке.

Порядка 35% преподавателей ведут занятия на английском языке, свыше 2 тысяч студентов обучаются в английских группах.

В этом году мы существенно актуализировали программы и запустили свыше 100 новых по самым актуальным и перспективным сферам. Это нейронаука, киберфизика, биологическая инженерия, робототехнические системы, природно-техногенные риски по естественно-научному и инженерно-техническому направлению.



ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ПРОГРАММЫ

90% АККРЕДИТОВАНЫ

ACQUIN

120 ДВОЙНОГО ДИПЛОМА

- Гентский университет, Бельгия
- Университет Осака, Япония
- Hokkaido University, Япония, г. Саппоро
- Университет Кангнам, Южная Корея
- Университет Кадиса, Испания
- University of Lorraine, Франция
- Университет Ла-Салиенца, Италия
- Национальный исследовательский ядерный университет "МИФИ", Россия
- Каунасский университет, Литва



17 ИННОВАЦИОННЫХ

- Естественные науки, математика и статистика
- Инженерные, обрабатывающие и строительные отрасли
- Бизнес, управление и право
- Информационно-коммуникационные технологии
- Социальные науки, журналистика и информация
- Здравоохранение
- Услуги
- Педагогические науки



3 ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

- Информационно-коммуникационные технологии
- Педагогические науки



4 СОВМЕСТНЫХ

- Санкт-Петербургский государственный университет
- Северо-Восточная педагогический университет Китая
- КазНМУ им.С.Д. Асфендиярова



92 НА АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ

- 6B04 - Бизнес, управление и право
- 6B11 - Услуги
- 7M01 - Педагогические науки
- 7M03 - Социальные науки, журналистика и информация
- 7M04 - Бизнес, управление и право
- 7M11 - Услуги
- 8D01 - Педагогические науки
- 8D05 - Естественные науки, математика и статистика
- 8D06 - Информационно-коммуникационные технологии
- 8D07 - Инженерные, обрабатывающие и строительные отрасли
- 8D04 - Бизнес, управление и право



По социально-гуманитарному направлению: госуправление и общественная безопасность, цифровая экономика, креативные индустрии, медиакоммуникации, экономика умного города. Особое внимание уделено подготовке специалистов-вирусологов.

Совместно с разработчиком казахстанской вакцины Научно-исследовательским институтом проблем биологической безопасности запущена образовательная программа «Вирусология».

Справочно: для повышения практико-ориентированности обучения сотрудничество с более чем 3 тысячами организаций и предприятий, среди которых: Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына», «Казахтелеком», «КазМунайГаз», «Казатомпром», «Казпочта» и др.

Программы разрабатываются совместно с индустрией, бизнес-средой, научными организациями.

Также повышаем практико-ориентированность через приглашение практиков с реально-



го сектора и бизнеса. Обучение выстраиваем на основе комплексного использования современных технологий.

С IT-сферой активизируем разработку сложных цифровых образовательных ресурсов и виртуальных тренажеров.

Для преподавателей и обучающихся уже разрабатываются программы по развитию цифровых компетенций и навыков проектного управления.

НОВЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ПРОГРАММЫ
ЗАПУЩЕНЫ СВЫШЕ 100 НОВЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ

ПО ЕСТЕСТВЕННО-НАУЧНОМУ И ИНЖЕНЕРНО-ТЕХНИЧЕСКОМУ НАПРАВЛЕНИЮ:

- нейронаука
- киберфизика
- цифровая экономика
- биологическая инженерия
- робототехнические системы
- интеллектуальные системы управления
- экологическая инженерия, природно-техногенные риски и др.

ПО СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНОМУ НАПРАВЛЕНИЮ:

- государственное управление и общественная безопасность
- креативные индустрии
- медиадизайн
- медиакоммуникации
- экономика умного города

Совместно с Научно-исследовательским институтом проблем биологической безопасности запущена образовательная программа «ВИРУСОЛОГИЯ»

НАУЧНО-ИННОВАЦИОННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

КазНУ имени Аль-Фараби является классическим многопрофильным университетом, сочетающим образование, науку и инновации. Сегодня университет является лидером по количеству научных проектов и публикации в нашей стране. Каждая пятая казахстанская публикация в рейтинговых изданиях принадлежит университету. Пять научных журналов входят в международные базы данных. Суммарный индекс Хирша наших ученых составляет более 3100.

Справочно: Количество ученых и преподавателей, имеющих ненулевой индекс Хирша, достигло почти 1400 человек.



Достижения по публикационной активности отмечены тремя номинациями «Лидер науки» базы данных «Вэб оф Сайнс». Это подтверждает лидирующие позиции среди казахстанских вузов и НИИ.

Реализуется порядка 500 научных проектов с общим бюджетом более 7,7 млрд тенге по наиболее важным приоритетам научно-технического развития страны.

Нашими учеными получено более 400 патентов и авторских свидетельств.

Университет активно участвует не только в казахстанских, но и в крупных международных проектах.

Ученые-физики выполняют совместные международные научные проекты с крупнейшей в мире лабораторией физики высоких энергий Европейской организации по ядерным исследованиям (CERN), Институтом ядерной физики и Национальным ядерным центром.

В рамках таких проектов преподаватели и студенты имеют возможность пройти стажировки, выполнить свои экспериментальные работы на базе этих лабораторий.

Имеется очень серьезный проект по разработке искусственного спутника земли. Уже запущены два наноспутника в открытый космос, которые содействуют решению актуальных вопросов сельского хозяйства и экологии.

Выполняются научные проекты по наночастицам и имеются весомые результаты.

Продолжаем программу постдокторантуры и активно участвуем в национальном проекте по развитию науки. В настоящее время 35 постдоков формируют научные группы из числа молодых ученых, докторантов и магистрантов, работают в рамках научных проектов.

НАУЧНО-ИННОВАЦИОННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ



- 435 научных проектов
- 106 грантов международных фондов и организаций
- 15% от грантового финансирования научных проектов РК

- 175 млн тенге - объем премирования авторов статей
- 20% от общего количества публикаций казахстанских авторов в изданиях базы Scopus
- 57,4% публикаций в базе Scopus в соавторстве с зарубежными учеными
- Суммарный h-index Scopus ученых - более 3100.
- 1 400 - ученых имеют ненулевой h-index
- 5 научных журналов Университета на платформе Web of Science
- 35 постдокторантов

- Более 2 млрд тенге в виде грантов на коммерциализацию технологий
- Порядка 100 запатентованных изобретений на национальном и международном уровне
- Более 10 действующих инновационных производств
- Более 70 реализуемых студенческих инновационных проектов в рамках студенческого бизнес инкубатора



ҚҰРМЕТТІ ЖИЫНҒА ҚАТЫСУШЫЛАР!

Университетте инновациялық жобалар іске асырылуда және аз сериялы өнімдер шығару бойынша 10-нан астам ғылымды қажетсінетін өндірістер құрылды.

Біздің ғалымдар COVID-19-дың алдын алуға белсенді қатысады. Осылайша жергілікті өсімдік шикізаты негізінде дәрілік препараттардың аз тонналық өндірісі және дезинфекциялық жуу құралдарын шығару ұйымдастырылды. Жалпы, мұндай 100-ден астам жоба бар. Біз аталған жобалар сипатталған екі томдық кітапты шығарып, нақты сектормен, агроөнеркәсіптік кешенмен және индустриямен ынтымақтастықты күшейту мақсатында әкімдіктер мен министрліктерге жібердік.



ЖАС ҒАЛЫМДАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ СТУДЕНТТІК ҒЫЛЫМ

Жас ғалымдарды қолдау жүйесі жұмыс істейді, «ҚазҰУ-дың үздік жас ғалымы» конкурсы өткізіледі. Жыл сайын 15-ке жуық қызметкер жас талантты ғалымдар үшін мемлекеттік ғылыми стипендияның иегері болады. Университетте студенттік ғылым дамып келеді. 2021 жылы «Фараби әлемі» конференциясы аясында студенттік үздік инновациялық жобалар (60-тан астам) байқауы өткізілді. ЖОО-ның 200 студенті Республикалық студенттік пәндік олимпиаданың дипломына ие болды.



НАУЧНО-ИННОВАЦИОННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ



- Более 2 млрд.тенге в виде грантов на коммерциализацию технологий
- Около 100 запатентованных изобретений на национальном и международном уровне
- Более 10 действующих инновационных производств

МАЛЫЕ ИННОВАЦИОННЫЕ ПРЕДПРИЯТИЯ



ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ЖАСТАР САЯСАТЫ

Біздің студенттер әрқашан назарда. Университет басымдықтарының бірі білім алушыларды әлеуметтік қолдау болып табылады. 1000-нан астам студент оқу ақысына 10-25 пайыз жеңілдік алады. Бұл – әлеуметтік осал санаттағы және жоғары спорттық жетістіктері бар спортшылардың арасынан «өте жақсы» және «жақсы» оқитын студенттер, жоғары спорттық жетістіктері үшін оқу ақысына 10-25 пайызға дейін жеңілдік алады.

Біз дарынды студенттерді қолдау үшін демеушілерді белсенді түрде тартамыз. Демеушілеріміздің қатарында 650 білім алушыға стипендия төлейтін 50-ден астам ұйым мен компаниялар бар.



Анықтама үшін:

Мемлекеттік стипендия	Үлгерімі «жақсы», «жақсы және өте жақсы»	Үлгерімі тек «өте жақсы» (белгіленген мемлекеттік стипендия дан 15% үстемеақы)	Көру және есту бойынша мүгедектерге	ҚР Президенті тағайындаған стипендия
Студенттерге	26 186,00	30 114,00	45 826,00	52 372,00
Педагогикалық бағыттағы студенттерге	42 000,00	48 300,00	73 500,00	52 372,00
Интердерге	47 431,00	47 431,00	83 004,00	
Магистранттарға	66 913,00	76 950,00	117 098,00	133 826,00
Докторанттарға	150 000,00	150 000,00	262 500,00	

Мүмкіндігі шектеулі студенттер жоғары стипендия алады. Денсаулығына байланысты проблемалары бар студенттерге тегін тамақтану талондары беріледі. Жетім балалар қатарындағы білім алушыларға материалдық көмек көрсетіледі және жатақханаларда тегін тұру ұсынылады.

Университетте студенттердің өзін-өзі басқару жүйесі дамыған, студенттердің 40 пайызға жуығы қатысатын 30-дан астам студенттік ұйым бар. Жастар ұйымдары әртүрлі бағытта жұмыс істейді:



- Жоғары студенттер кеңесі
- Болон процесі бойынша студенттер бюросы
- «Көмек» еріктілер қозғалысы
- «Алтын сапа» пікірсайыс клубы және 15 студенттік деканат.



Студенттердің белсенді позициясын қалыптастыруға ықпал ететін инновациялық жобалар кешені іске асырылуда: «Мен жастарға сенемін!», «100 кітап», «Жасыл кампус». Бұл студенттердің маңызды әлеуметтік құзыреттіліктерін қалыптастыру мүмкіндіктерін арттырады.





Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері қазақстандық және халықаралық спорт аренасында белсенді өнер көрсетуде. Токио олимпиадасында біздің студенттер мен түлектер төрт қола медаль алып келді (ауыр атлет Игорь Сон, суда жүзуші Нұрдәулет Жұмағали, дзюдошы Елдос Сметов, еркін күрескер Нұрислам Санаев).

СПОРТИВНЫЕ ДОСТИЖЕНИЯ
ПРИЗЕРЫ ОЛИМПИЙСКИХ ИГР, 2021, ТОКИО



<p>ИГОРЬ СОН тяжелая атлетика, бронза, 2 курс, факультет медицины и здравоохранения</p>	<p>СМЕТОВ ЕЛДОС дзюдо, бронза, выпускник юридического факультета (2016г.)</p>	<p>ЖУМАГАЛИ НУРДАУЛЕТ плавание (параолимпийские игры), бронза, 2 курс, факультет медицины и здравоохранения</p>	<p>САНАЕВ НУРИСЛАМ вольная борьба, бронза, выпускник юридического факультета (2019г.)</p>
--	--	--	--

КОРПОРАТИВНОЕ УПРАВЛЕНИЕ

В 2020 году казахстанские госвузы были трансформированы в некоммерческие акционерные общества. Мы формируем эффективную модель корпоративного управления. Повышаем участие ППС, обучающихся и сотрудников в принятии решений по основным направлениям университета.

Справочно: планируем увеличить с 9% до 20% долю сотрудников, участвующих в системе корпоративного управления.

Будут функционировать комитеты по академическому, научному и общественному направлениям на уровне факультетов и университета. Это обеспечит единую систему корпоративного управления во главе с Советом директоров во главе с Министром образования и науки. Членами Совета являются известные представители образования и науки, бизнеса, социологии и медиа.



ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ

В университете имеется разветвленная система компьютерных платформ и программ. Все это способствует организации учебного процесса в традиционном и онлайн формате. Вместе с тем, в стране задан новый вектор цифровизации. Поэтому мы создаем единую цифровую архитектуру вуза.



ПОКАЗАТЕЛИ ФИНАНСОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Главная цель финансовой деятельности вуза – создание максимально благоприятных условий для обучающихся и преподавателей. На 2021 год планируемый доход составит 150 млн. При этом выручка от государственного заказа составляет 19,3 млрд тг, от коммерческой деятельности – 6,7 млрд тг. Итого 27 млрд тг, что на 10% больше, чем за прошлый год.

Заметно выросли расходы за 2021 год, в том числе из-за повышения заработной платы сотрудникам Университета и проведенного текущего ремонта учебных корпусов и общежитий. Наряду с этим, выявляются и минимизируются непродуктивные затраты. Проводятся мероприятия по увеличению доходной и оптимизации расходной части.



Мы планируем аутсорсинг непрофильных бизнес-процессов по эксплуатации объектов инфраструктуры.

Все это позволит сконцентрироваться на решении первостепенных задач по повышению качества образования и науки, а также дальнейшему стимулированию сотрудников.



ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖАҒЫРТУ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – студенттер қаласы. Мұнда республиканың барлық өңірлерінен келген жастар оқиды.

Университет кампусы бірыңғай кешенді ұсынады және 54 жылжымайтын мүлік объектісін қамтиды. Оның ішінде: 18 оқу-зертханалық корпус және 5,4 мың орындық 17 студенттік жатақхана бар.

Ғимараттардың жалпы ауданы 311,9 мың ш.м. құрайды, оның ішінде:

- оқу-зертханалық корпустар – 221,2 мың ш.м.;
- жатақхана – 90,6 мың ш.м.

Стадион және тоғыз спортзал бар.



Университетте жалпы ауданы 17 846,1 ш.м. және қоры 2 млн томнан астам әдебиет бірліктері жеке орналасқан кітапхана бар.



Студенттер мен қызметкерлердің қауіпсіздігіне де ерекше көңіл бөлінеді.

Барлық оқу корпустары мен жатақханаларда электрондық өткізу жүйелері енгізілді. Заманауи бейнебақылау жүйесі орнатылды. Интернетке қолжетімділік бар. Кампус аумағында толыққанды білім беру мен бос уақытты өткізуге арналған тұтас кешен жұмыс істейді:

- жаттығу залы, спорт алаңдары және секциялары бар спорт кешені;
- студенттерге арналған білім беру, медициналық және әлеуметтік-тұрмыстық қызметтердің кең спектрі бар «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы;
- сондай-ақ жеке кинотеатр бар.

1 қыркүйектен бастап дәстүрлі форматтағы сабақтар басталғандықтан, оқу корпустары санитарлық-эпидемиологиялық режим талаптарын толық сақтау үшін қажетті жабдықтармен және құралдармен жабдықталған. Биыл біз инфрақұрылымды айтарлықтай жаңартамыз:



- косметикалық жөндеу жеті оқу ғимаратында жүргізілді;
- үш оқу ғимаратында күрделі жөндеу жұмыстары аяқталуда;
- 14 жатақхана жөндеуден өткізіліп, студенттер үшін қазіргі заманға сай жағдай жасалған.

Барлық жөндеу жұмыстарын сыртқы мердігерлерді тартпай, университет қызметкерлері жүргізді.

Компьютерлік техниканы жаңарту бойынша көптеген жұмыстар жүргізілді, 800 компьютер сатып алынды және факультеттерге берілді.

Анықтама: 65 интерактивті дисплей, 80 заманауи проектор, 279 ноутбук, 43 моноблок, 178 персоналды компьютер, 86 көпбейінді құрылғы.

Кампустың аумағы абаттандырылуда. Биыл университет ұжымы 600-ден астам ағаш отырғызып, Елбасы саябағын ашты.

МОДЕРНИЗАЦИЯ ИНФРАСТРУКТУРЫ



до



до



до



после



после



после



МОДЕРНИЗАЦИЯ ИНФРАСТРУКТУРЫ



до

до



до



до



после



после



после

МОДЕРНИЗАЦИЯ ИНФРАСТРУКТУРЫ



до



после



Біз университетте білім беру мен ғылымның озық инфрақұрылымын жасауға бағыт алдық, біртіндеп бар мәселелерді шешетін боламыз.

Біріншіден, жатақханалардың ескіруі. Көпшілігінде пайдалануға берілгеннен бері күрделі жөндеу жүргізілмеген. Коммуникация жүйесі апаттық жағдайда. 15 мыңға жуық студент жатақханаға мұқтаж. Соңғы студенттік жатақхана 1991 жылы салынып, қолданысқа берілген.

Екіншіден, ескірген оқу ғимараттары.

Аудиториялардың, оқу жиһаздары мен техникалық құрал-жабдықтардың тозуы шегіне жеткен. Инженерлік желілер мен коммуникацияның жарамдылық мерзімі өткен. Жаңа ғимараттар мен аудиториялар қажет.

ПРОБЛЕМЫ



 <p>ОБЩЕЖИТИЯ</p> <ul style="list-style-type: none"> • Высокая изношенность общежитий. Последнее общежитие для студентов было введено в 1991 году • Коммуникации находятся в аварийном состоянии. • Постоянная высокая потребность в общежитиях. 	 <p>УЧЕБНЫЕ КОРПУСА</p> <ul style="list-style-type: none"> • Устаревшие учебные корпуса. Аудиторный и учебно-лабораторный фонд имеет высокий физический и моральный износ. • Инженерные сети и коммуникации находятся в критическом состоянии. • Учебная мебель не соответствует современным стандартам. 	 <p>СЛУЖЕБНОЕ ЖИЛЬЕ</p> <ul style="list-style-type: none"> • Нуждаются в жилье – более 2,5 тыс. преподавателей и сотрудников. • Отсутствует возможность приобрести из-за высокой стоимости жилья. • Нет возможности поддержки молодых иногородних специалистов
---	---	---

Кампусы дамытудың 2025 жылға дейінгі жұмыс жоспары жасалды, ол жатақханалар мен оқу корпусарын қайта жаңарту мен салуды қарастырады.

Біз Білім және ғылым министрлігінің Қаржы орталығымен бірлесе отырып, жатақханалар салу үшін инвесторлар тарту бойынша жұмыс жүргізіп жатырмыз. Бұған қоса, бюджетке түсетін жүктемені төмендететін шетелдік инвестицияларды тартудың түрлі тетіктерін қарастырамыз.



ДИЗАЙН СТУДЕНЧЕСКИХ ОБЩЕЖИТИЙ




ДИЗАЙН СТУДЕНЧЕСКИХ ОБЩЕЖИТИЙ





ЭСКИЗ УЧЕБНОГО КОРПУСА





ЭСКИЗ УЧЕБНЫХ КОРПУСОВ



ЭЛЕМЕНТЫ БЛАГОУСРОЙСТВА ТЕРРИТОРИИ





ҚҰРМЕТТІ ЕСЕПТІК КЕЗДЕСУГЕ ҚАТЫСУШЫЛАР!

Жалпы, университет ұжымы биыл көптеген жұмыстар атқарды. Болашаққа маңызды жоспарларымыз бар. Біз өз университетімізді студенттер мен оқытушыларға барлық жағдай жасалатын заманауи кампус ретінде көреміз. Жоғары сұранысқа ие мамандарды даярлау республикалық ауқымда жүргізілетін болады. Оқытушылар әлемнің үздік университеттерінде тағылымдамадан өтеді.

Біз ОПҚ мен ғалымдардың жалақысын көтеру және материалдық ынталандыру саясатын жалғастырамыз. Университет ғалымдары елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосатын үлестерін арттыра түседі. Магистранттар мен докторанттар озық ғылыми зерттеулерге белсенді қатысатын болады. Ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру жаңа деңгейге көтеріледі.

Университет қағаз оқулықтардың орнына планшеттер мен компьютерлерді қолдана отырып, цифрлық жүйеге көшеді. Студенттер қазірдің өзінде технопарк базасында өздерінің гаджеттерінің (планшеттердің) сынақтық құрастыруын бастады.

Жаңа жатақханалар мен оқу ғимараттары салынады.

ПРИОРИТЕТЫ РАЗВИТИЯ КАЗНУ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ



<p>1</p> <p>ФОРМИРОВАНИЕ ПЕРСПЕКТИВНОЙ МОДЕЛИ УНИВЕРСИТЕТСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ И ОБЕСПЕЧЕНИЕ АКАДЕМИЧЕСКОГО ЛИДЕРСТВА</p> <ul style="list-style-type: none"> реализация мульти- и междисциплинарных образовательных программ; развитие комплексных и научно-технологических компетенций обучающихся; внедрение сложных цифровых образовательных технологий; усиление исследовательского потенциала путем роста магистрантов и докторантов; вовлеченность преподавателей и обучающихся в проведение прорывных научных исследований; вхождение образовательных программ в топ-50 международных предметных рейтингов <i>By subject</i>; дальнейшее продвижение в глобальных мировых рейтингах 	<p>2</p> <p>УВЕЛИЧЕНИЕ ВКЛАДА УНИВЕРСИТЕТСКОЙ НАУКИ В СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ</p> <ul style="list-style-type: none"> повышение исследовательского потенциала и развитие научных школ в сфере фундаментальных и прикладных исследований модернизация научно-инновационной инфраструктуры; формирование научно-интеллектуальной экосистемы; грантовая поддержка наукоёмких и инновационных проектов, имеющих потенциал коммерциализации; инновационные центры коллективного пользования; симергия науки и инновационного производства, промышленно-ориентированные научные исследования 	<p>3</p> <p>СОЗДАНИЕ ЭФФЕКТИВНОЙ МОДЕЛИ КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ И ОБЕСПЕЧЕНИЕ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ УНИВЕРСИТЕТА</p> <ul style="list-style-type: none"> реализация стратегического HR и талант менеджмента; онлайн платформа профессионального развития ППС и сотрудников; укрепление социальной инклюзии и комфорта условия обучения; высокая мотивация и вовлеченность сотрудников в решение стратегических задач университета; цифровое управление и система «rare free university»; аутсорсинг непрофильных бизнес-процессов; передовая инфраструктура и кампус мирового уровня; среда «умных» технологий и сервисов
---	--	---



Біз студенттерге, оқытушылар мен қызметкерлерге қолайлы жағдай жасаймыз. Оқу ғимараттары заманауи цифрлық технологиялармен және оқу жиһаздарымен жабдықталады. Әр аудитория сандық тақталар және панельдермен жабдықталады. Озық ғылыми зертханалар мен заманауи оқу орталықтарын құру жоспарлануда.

Біз университет интеллигенциясына ерекше рөл береміз. Алдымызда оқу ордасының 90 жылдық мерейтойы келе жатыр. Осы айтулы датаға нақты жобалармен, айтулы жетістіктермен жетеміз деген ойдамын.

Біз мемлекетіміздің әлеуметтік маңызды салаларына белсенді қатысатын боламыз.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, Тәуелсіздіктің 30 жылдығы нақты істермен және жобалармен атап өтіледі. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойы жылында қазақстандық әрі шетелдік мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымдар мен дипломаттардың қатысуымен бірқатар ғылыми және тәжірибелік іс-шаралар өткізілді.

Біз тәуелсіздіктің қалыптасуындағы білім мен ғылымның рөлі туралы кітаптар мен оқулықтар сериясын дайындап жатырмыз.

Біздің университеттің түлектері Қазақстан мемлекеттігінің дамуы мен қалыптасуына белсенді атсалысқанын атап өткім келеді.

Жалпы, біз Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың одан әрі дамуы еліміздің адами (интеллектуалды) капиталын және ғылыми-техникалық әлеуетін нығайтуға бағытталуын қамтамасыз ету үшін бар күшімізді саламыз.

8 қазан 2021 жыл



ҰСТАЗДАР КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, әріптестер!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Еліміздің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында» деген сөзі сіздердің еңбектеріңіздің жауапкершілігі айрықша мол екенін білдіреді.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез», – деп ұлы Абай айтқандай, ұстаз – әрқашан ілім мен ізгілікті алға қоятын тұлға. Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу – аса жауапты әрі күрделі міндет. Сіздердің арқаларыңызда тұтас бір буынның құндылықтары мен қасиеттері қалыптасады. «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деген халқымыз. Ұстазсыз адам болмайды. Бәріміз де кезінде мұғалім тәлімін алып, білімін үйрендік», – дей келе, мәртебелі мамандық иелерін лайықты қолдауға шақырған болатын.

Ел Президенті «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты биылғы жолдауында да «Мемлекет ұстаздарды қолдау саясатын жалғастыра беретін болады» деп қайыра атап өтті.

Бұл бағытта Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті нақты мақсаттарды жолға қойып, нәтижелі жұмыстар атқарып келеді. Қазақ білімі мен ғылымының қара шаңырағында қазіргі таңда 3000-ға жуық оқытушы-профессор қызмет атқарады. Мемлекет жүктеген міндеттемеге сай, жалақы биыл екі мәрте көтеріліп, аға оқытушы – 312 мың, доцент – 389 мың, профессор 500 мың теңге жалақы алатын дәрежеге жетті.

Халықаралық басылымдарда мақаласы жарияланған 234 ғалымға 74,8 млн теңге көлемінде сыйақы тағайындалды.

Жұмыс орны жанға жайлы болу үшін күрделі жөндеу жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Ендігі жерде барлық аудиториялар заманға сай жаңа жиһаздармен, интерактивті тақталар және мультимедиалық құрылғылармен жабдықталады. Бүгінгі таңда 800 компьютер сатып алынып, факультеттерге үлестірілді. Алдағы уақытта да оқитудың сапасын арттыру үшін оқытушы-профессор құрамын қолдау саясаты жалғасын таба бермек.

Құрметті әріптестер! Қадірлі оқытушылар қауымы!

Университеттің әлемдік рейтингтерде көш бастап келе жатқаны – сіздердің табанды ізденістеріңіздің жемісі. Сіздердің бүгінгі шәкірттеріңіз – Қазақстанның ертеңгі жарқын болашағы. Пандемия кезінде де оқу үдерісін тоқтатпай, онлайн форматта тиімді іске асырып, кәсіби біліктіліктеріңізді кезекті рет дәлелдедіңіздер. Шәкірттеріңізге озық білім беріп, қиын-қыстау кезеңге қарамай, әрқайсысының бойына ең асыл қасиеттерді сіңіруге тырыстыңыздар.

Еңбектеріңіз еленіп, шәкірттеріңіз биік шыңдардан көріне берсін. Сіздерге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін. Ғылым-білім жолында табысты болыңыздар! Мерекелеріңіз құтты болсын!

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КЕШЕНДІ ЖОСПАРҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Алматы қаласы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің департамент басшысы Мұрат Ахметовпен кездесті.

Кездесу барысында ЖОО басшысы Ж.Түймебаев 2018 жылдың сәуір айында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша ғылыми-білім беру кластері шеңберінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы технологиялар» ҒЗИ құрылғанын атап өтті.

Кездесу нәтижесінде «Sanaly ырақ» жобасы аясында «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ 2021/22 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кешенді жоспарына қол қойылды.





ПОДПИСАН КОМПЛЕКСНЫЙ ПЛАН ПО ПРОТИВОДЕЙСТВИЮ КОРРУПЦИИ



В КазНУ имени Аль-Фараби прошла встреча Председателя Правления – Ректора Жансеит Туймебаева с руководителем департамента Агентства по противодействию коррупции по городу Алматы М.Ахметовым.

В ходе встречи ректор вуза Ж.Туймебаева отметил, что в апреле 2018 года на базе КазНУ имени Аль-Фараби в рамках научно-образовательного кластера по формированию антикоррупционного сознания и культуры был создан НИИ «Антикоррупционных технологий».

В этом году впервые университет инициировал проведение совместно с Республиканским проектным офисом «Sanaly ugraq» «Школы антикоррупционного комплаенса» для студентов, в работе которой примут участие около 500 студентов. Они получают знания в области антикоррупционного комплаенса.



ОЛИМПИАДА ЧЕМПИОНЫ СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Токио-2020 олимпиадасының қола жүлдегері, дзюдошы Елдос Сметовпен кездесті.

Білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев өзінің құттықтау сөзінде ҚР еңбек сіңірген спорт шебері, ҚазҰУ түлегі Елдос Сметовті Токио төріндегі жеңісімен құттықтады. ҚазҰУ ректоры студенттер мен мұғалімдер әрқашан спортшылардың өнерін қадағалап, оларға шын жүректен қолдау көрсететінін баса айтты. Ауыр атлет Игорь Сон, еркін күрестен Нұрислам Санаевтың, паралимпиадалық ойындарда Жұмағали Нұрдеулеттің (жүзу) үздік нәтиже көрсеткенін тілге тиек ете отырып: «Спортшының әр жеңісі – ел үшін де, ҚазҰУ үшін де үлкен қуаныш әрі зор мақтаныш. Бұл біздің жастар үшін жарқын үлгі», – деп атап өтті.

Өз кезегінде Елдос Сметов университет басшылығына жылы қабылдауы үшін және оқытушы-ұстаздарға оқу мен жарыстар кезінде қолдау көрсеткені үшін алғысын білдіріп, өзінің альма-матерде өткізген студенттік шақтарын мақтанышпен еске алды. Спортшы өзінің келешектегі жоспарлары туралы айта отырып, Парижде өтетін 2024 жылғы олимпиада ойындарына дайындалып жатқанын жеткізді. Ол сонымен қатар болашақта олимпиада ойындары мен әлем чемпионаттарының жаңа медальдарын университет қоржынына салатын ең мықты спортшылардың ҚазҰУ-дан шығатынына сенім білдірді. Ректор Жансейіт Түймебаевпен өткен кездесу барысында Елдос Сметов «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.



ОЛИМПИЙСКИЙ ЧЕМПИОН ВСТРЕТИЛСЯ СО СТУДЕНТАМИ

В КазНУ имени Аль-Фараби прошла встреча олимпийского чемпиона Елдоса Сметова с Председателем Правления – Ректором КазНУ Жансеитом Туймебаевым и студенческой молодежью вуза.

В приветственной речи ректор вуза поздравил заслуженного мастера спорта РК и выпускника КазНУ Елдоса Сметова с победой на олимпийских играх в Токио. Он подчеркнул, что студенты и педагоги всегда следят за выступлениями спортсменов и болеют за них всей душой.

На олимпийских играх прекрасные результаты показали: Игорь Сон – в тяжелой атлетике, Нурислам Санаев – в вольной борьбе, Нурдаулет Жумагали – на паралимпийских играх. «Каждая победа спортсмена огромная радость и большая гордость как для страны, так и для КазНУ. Это отличный пример и мотивация для нашей молодежи», – сказал ректор.

В свою очередь Елдос Сметов поблагодарил руководство вуза за теплый прием и своих учителей за поддержку во время учебы и соревнований. Озвучивая свои планы, спортсмен сказал, что он готовится к Олимпийским играм 2024 года, которые пройдут в Париже. Также он пожелал КазНУ, чтобы в будущем в вузе появились сильнейшие спортсмены, которые смогут принести новые медали олимпийских игр и чемпионатов мира в копилку вуза. Во время встречи с ректором Жансеитом Туймебаевым заслуженный мастер спорта РК и выпускник КазНУ Елдос Сметов был награжден медалью – «Ерен еңбегі үшін».



ИТАЛИЯ ЕЛШІСІ НАҚТЫ НӘТИЖЕЛЕРДІ ЖОҒАРЫ БАҒАЛАДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Қазақстан Республикасындағы Италия елшісі Марко Альбертимен кездесу өткізді. Кездесу барысында тараптар ғылым және білім саласындағы екіжақты байланыстың жай-күйін талқылады, сонымен бірге Қазақстан мен Италия арасындағы стратегиялық серіктестіктің негізгі міндеттерін ортаға салды.

Жоғары оқу орнының ректоры Италия елшісіне жылы лебізін білдіріп, университеттің қызметі жайлы, екі елдің жоғары оқу орындары арасындағы стратегиялық серіктестік жетістіктері жөнінде баяндады және ғылыми-білім беру саласындағы бағдарламалар мен жобалар туралы, сондай-ақ жаңа технологияларды таныстырып өтті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Италияның 14 жетекші университеті және ғылыми-зерттеу орталықтарымен тығыз қарым-қатынас жасайды. Олардың ішінде Флоренция, Сапиенз Рим, Ка Фаскари-Венеция, Пизан, Карло Бо атындағы Урбин, Катаний университеттерін, Релятивистік астрофизика халықаралық орталығын және т.б. атап өтуге болады. Бұған қоса, «Саясаттану» және «Тарих» мамандығы бойынша бакалавриат пен магистратураның қосдипломдық бағдарламалары жүзеге асырылуда.

Ректор жоғары білікті кадрлар даярлау, ғылыми-инновациялық жобалардың әзірлемелерін, нанотехнологиялар мен материалдар жасауда, археология саласы бойынша алға қойған мақсаттарды жедел шешу үшін екі ел арасындағы тығыз және жемісті қарым-қатынастың жалғасын табатынына сенім білдірді.



ПОСОЛ ИТАЛИИ ВЫСОКО ОЦЕНИЛ РЕАЛЬНЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ

Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев провел встречу с Послом Республики Италия в РК г-ном Марко Альберти. В ходе встречи стороны обсудили двустороннее сотрудничество в области науки и образования, а также отметили основные задачи стратегического партнерства между Казахстаном и Италией.

Ректор вуза, поприветствовав посла Италии, рассказал о деятельности университета, достижениях стратегического партнерства вузов двух стран и ознакомил с программами и проектами в научно-образовательной сфере.

КазНУ им. Аль-Фараби тесно сотрудничает с 14 ведущими университетами и научно-исследовательскими центрами Италии, среди которых можно отметить: университет Флоренции, Римский университет Сапиенза, университет Ка Фаскари-Венеция, Пизанский университет, Урбинский университет имени Карло Бо, Катанийский университет, Международный центр релятивистской астрофизики и т.д. Успешно осуществляются дудипломные программы бакалавриата и магистратуры по специальностям «Политология» и «История».

Ректор выразил надежду на продолжение тесного и плодотворного сотрудничества, которое ускорит решение поставленных задач в области подготовки высококвалифицированных кадров, исследования и разработки в области нанотехнологий и материалов, археологии, а также научно-инновационных проектов.



ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМҒА ЖАҢА КӨЗҚАРАС ҚАЖЕТ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев гуманитарлық факультеттердегі зиялы қауым өкілдері мен жас ғалымдарға жаңа міндет жүктеді.

Басқосуда университеттегі ғылыми зерттеулерді дамытудың әлеуметтік-гуманитарлық бағытының қазіргі жай-күйі, мәселелері мен болашағы талқыланды.

Университет ректоры Ж.Түймебаев ҚазҰУ-дың ғылыми мектептері ғылымның барлық дерлік салаларында, соның ішінде әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласы бойынша экономикалық-математикалық модельдеу, экономиканы мемлекеттік реттеу, қазақ тілінің тарихы, фарабитану, түркітану, арабтану, ирантану, қытайтану, жапонтану, корейтану және тағы басқа салаларда ғылымның дамуына өз үлестерін қосқанын атап өтті.

ҚазҰУ-дың ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарының ғылыми еңбектері – Абай институты, Қыпшақтану институты, Әл-Фараби орталығы, Олжас Сүлейменов орталығы, Орталық Азияның дәстүрлі өркениетін зерттеу орталығы, «Геоархеология» зертханасы арқылы қазақ тілін және қазақ халқының көрнекті қайраткерлерінің мұрасын танытуға байланысты іс-шаралар жүйелі негізде өткізілетін болады.

Жиын соңында университет ректоры қатысушылардың ұсыныс-тілектерін тыңдап, сұрақтарына жауап берді.



НУЖЕН НОВЫЙ ПОДХОД К ГУМАНИТАРНЫМ НАУКАМ

В зале заседания ректората прошла встреча Председателя Правления – Ректора КазНУ имени Аль-Фараби Жансеита Туймебаева с профессорско-преподавательским составом и учеными факультетов социально-гуманитарного направления.

Выступая перед учеными, ректор акцентировал внимание на основных актуальных вопросах, проблемах и перспективах развития научных исследований социально-гуманитарного направления в университете.

Научные школы КазНУ внесли и продолжают вносить свой вклад в развитие науки практически во всех областях знаний, в том числе в сфере социально-гуманитарных наук по экономико-математическому моделированию, государственному регулированию экономики, истории казахского языка, фарабиеведению, тюркологии, арабистике, иранистике, китаеведению, японоведению и корееведению и многих других.

В КазНУ на систематической основе будут организованы мероприятия, связанные с популяризацией казахского языка и наследия выдающихся деятелей казахского народа посредством научных трудов Научно-исследовательских институтов и центров КазНУ, включая: Институт Абая, Институт кипчаковедения, Центр Аль-Фараби, Центр Олжаса Сулейменова, Центр по изучению традиционной цивилизации Центральной Азии, лаборатория «Геоархеология».

Во время встречи ученые также высказали свои предложения и мнения.



ДІНИ АҒARTY – ҚOҒAMДАҒЫ ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

Жансейіт Түймебаев Исламабад халықаралық ислам университеті жанындағы Исламды зерттеу институтының бас директоры Мұхаммед Зия ул-Хак мырзамен онлайн жүздесті. Тараптар білім мен ғылым саласындағы өзара ынтымақтастықтың маңызы мен міндеттерін талқылады.

Оқу орнының басшысы алғы сөзінде діни ағарту және зайырлы жан-жақты білім беру қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға ықпал ететінін айта келе, исламды зерттеудегі екіжақты ынтымақтастықтың өзектілігін атап өтті.

Қазіргі уақытта білім ордасы Пәкістанның Карачи университетінің Халықаралық химия және биология ғылымдары орталығы, Лахор университеті және COMSATS Ақпараттық технологиялар институтымен тығыз байланыста. Екі ел арасында «Академиялық ұтқырлық» бағдарламасы дамып келеді. Бүгінде қара шаңырақта пәкістандық 44 студент «Биотехнология», «Машиналық оқыту және деректерді талдау», «Стоматология» және «Жалпы медицина» мамандықтары бойынша білім алуда.

Сонымен қатар ректор ҚазҰУ Бас хатшылығы Пәкістанда орналасқан COMSATS халықаралық ұйымының Қазақстандағы басты тәжірибе орталығы екенін тілге тиек етті.

Өз кезегінде институт директоры ЖОО жетістіктерін жоғары бағалап, өзара ықпалдастықты қолдайтынын мәлімдеді.



РЕЛИГИОЗНОЕ ПРОСВЕЩЕНИЕ – ЗАЛОГ СТАБИЛЬНОСТИ В ОБЩЕСТВЕ

Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Ж.Туймебаев встретился с генеральным директором Института по исследованию ислама Международного исламского университета Исламабада г-ном Мухаммедом Зия Уль-Хак. Во время онлайн-встречи стороны обменялись мнениями, обсудили круг вопросов по развитию сотрудничества.

Приветствуя гостя, ректор вуза выразил благодарность и отметил актуальность вопроса сотрудничества между вузами в сфере изучения ислама. Сегодня религиозное просвещение и светское всестороннее образование способствуют утверждению веротерпимости и направлены на развитие миротворческой деятельности в обществе.

Глава вуза отметил, что КазНУ тесно сотрудничает с тремя ведущими университетами и научно-исследовательскими центрами Пакистана, включая Международный центр химических и биологических наук университета Карачи совместно с Международным центром исследований в области фитотерапии и ботаники, университетом Лахоре и институтом информационных технологий COMSATS. Между вузами активно реализуется программа академической мобильности. Так, на данный момент в КазНУ обучаются сорок четыре студента из Пакистана по специальностям: «Биотехнология», «Машинное обучение и анализ данных», «Стоматология» и «Общая медицина».

Ректор Ж.Туймебаев также подчеркнул, что КазНУ является центром передового опыта COMSATS в Казахстане, Генеральный секретариат, которого находится в Пакистане.

В ходе встречи стороны выразили готовность сотрудничать в таких научных сферах как религиоведение, культурология и исламоведение, а также проводить совместные научные исследования, конференции и семинары, обмен студентами и ППС.



ҚАЗҰУ-ДА КИНО САЛАСЫНЫҢ МАМАНДАРЫ ДАЯРЛАНАДЫ

Бүгін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне «Kazakh Cinema» Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының басқарма төрағасы Есетжан Қосыбаев бастаған отандық кино саласының белгілі мамандары келді. Кездесу аясында ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев пен «Kazakh Cinema» Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының басқарма төрағасы Есетжан Қосыбаев ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев қара шаңырақтың қазақ кино өндірісінің дамуына серпін берер зор әлеуетіне тоқталып, осы мақсатта үлкен жобаларды бірлесіп жүзеге асыру ниетін жеткізді. Биыл журналистика факультетінің Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасында бакалавриатура деңгейінде «Кино&Медиа» білім беру бағдарламасы ашылғанын хабарлады. Бұл бағдарлама шығармашылық шеберлікті қолдана отырып, креативті өнім жасауға қабілетті кино және медиа саласындағы сұранысқа ие кадрларды даярлауға бағытталған. Сонымен қатар оқу үдерісіне «Кино тарихы», «Кино және медиа зерттеулер», «Кинодраматургия», «Кинорецензиялар», «Режиссура» сияқты пәндер енгізілгенін айта келе, ректор осы саланың үздік мамандарын дәріс оқуға, сапалы маман даярлау ісіне атсалысуға шақырды.

«Kazakh Cinema» орталығының басқарма төрағасы өз кезегінде оқу орнының бастамаларына қолдау танытып, кино саласын дамытудағы академиялық білімнің маңызына назар аударды. Университет түлегі ҚазҰУ қабырғасында алған іргелі білімнің өз қызмет жолында үлкен мүмкіншіліктерге жол ашқанын ризашылықпен атап өтті. Теория мен тәжірибені ұштастырып, білім берудің өзектілігіне мән беріп, ҚазҰУ қабырғасында кино саласының жастарына арналған оқу-өндірістік хабын ашуды ұсынды. Өзара ықпалдастықтың сала мамандарын даярлаудағы жарқын келешегіне зор сенім білдірді.



В КАЗНУ ГОТОВЯТ СПЕЦИАЛИСТОВ В ОБЛАСТИ КИНО



Сегодня Казахский национальный университет имени Аль-Фараби посетили известные специалисты отечественного кино во главе с Председателем Правления Государственного центра поддержки национального кино «Kazakh Cinema» Есетжаном Косыбаевым. В рамках встречи был подписан меморандум о сотрудничестве.

Руководитель вуза Жансеит Туймебаев отметил огромный потенциал ведущего вуза страны, который придаст импульс развитию казахского кинопроизводства, и выразил намерение совместно реализовывать большие проекты.

В этом году на кафедре печати и электронных СМИ факультета журналистики открылась образовательная программа «Кино&Медиа» на уровне бакалавриата. Данная программа направлена на подготовку

ку востребованных кадров в области кино и медиа, способных создавать креативный продукт с использованием творческого мастерства. Кроме того, ректор отметил, что в учебный процесс включены такие дисциплины, как: «История кино», «Кино и медиа исследования», «Кинодраматургия», «Кинорецензии», «Режиссура» и другие.

Председатель правления Центра «Kazakh Cinema», в свою очередь, поддержал инициативы учебного заведения и обратил внимание на важность академического образования в развитии киноиндустрии. Выпускник университета с благодарностью отметил, что фундаментальное образование, полученное в стенах КазНУ, открыло большие возможности в его деятельности. Акцентируя внимание на актуальных направлениях образования, он предложил открыть в стенах университета учебно-производственный хаб, сочетающий теорию с практикой, для молодежи, планирующей связать свое будущее с киноиндустрией. Также он выразил уверенность в больших перспективах взаимодействия Центра «Kazakh Cinema» с вузом в области подготовки специалистов отрасли.

В завершение встречи стороны выработали последовательный план и договорились перейти к конкретным действиям. На основе двустороннего соглашения будут осуществляться: организация совместной учебной киностудии, подготовка специалистов в области кино, совершенствование учебного процесса в таких дисциплинах, как кинокритика и сценическое мастерство, проведение мастер-классов, обмен опытом. Также планируется повышение квалификации преподавателей, совместные научно-практические мероприятия, масштабные творческие проекты.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ ҚАБЫЛДАНАДЫ

Бүгін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Пәкістанның Қазіргі заманғы тілдер ұлттық университетінің ректоры, генерал-майор Мұхаммед Джафармен онлайн кездесу өткізді.

Онлайн отырысқа Пәкістан Ислам Республикасының Қазақстан Республикасындағы елшісі Саджад Ахмед және Қазақстан Республикасының Пәкістан Ислам Республикасындағы елшісі Ержан Қыстафин қатысты. Әңгіме барысында әріптестікті орнату және нығайту мәселелері кеңінен талқыланды.

Университет басшысы екі ел арасындағы жемісті дипломатиялық қарым-қатынасты атап өтіп, білім және ғылым саласындағы байланысты одан әрі жандандыру ниетін білдірді. 1992 жылдан бастап Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шығыстану факультетінде «Урду тілі мен әдебиеті» мамандығы ашылғанын тілге тиек ете келе, ректор сол уақыттан бері білім ордасында урду тілін білетін 50-ден астам маман даярланғанын айтты. Бүгінде факультетте урду тілі мен әдебиеті бойынша 10-нан астам студент білім алуда.

Сонымен қатар 2019 жылы шығыстану факультетінде Қазақстандағы Пәкістан Ислам Республикасы елшілігінің қолдауымен Мухаммад Али Джинна атындағы орталық ашылды. Оқу орнының басшысы биыл осы орталықты техникалық әрі оқу материалдарымен толықтырғаны үшін Пәкістан тарапына ризашылық білдіріп, университет пәкістандық жастардың жоғары білім алуына, білікті маман болуына жан-жақты үлес қосуға дайын екенін жеткізді.

Өз кезегінде Қазіргі заманғы тілдер ұлттық университетінің ректоры, генерал-майор Мұхаммед Джафар өзара ынтымақтастық пен тәжірибе алмасуға мүдделілік танытты. Екі елді жақындастыруға, әсіресе ғылым-білім, мәдениет саласындағы әріптестікті нығайтуға бағытталған бұл қадамды жоғары бағалады.

Сондай-ақ жүздесуде ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою келісіліп, тараптар өз ұсыныстарын ортаға салды.



БУДЕТ ПРИНЯТ МЕМОРАНДУМ О СОТРУДНИЧЕСТВЕ

Сегодня Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев встретился с ректором Национального университета современных языков Пакистана генерал-майором Мухаммадом Джафаром.

В онлайн-встрече приняли участие посол Исламской Республики Пакистан в РК Саджад Ахмед и посол РК в Исламской Республике Пакистан Ержан Кыстафин. В ходе беседы участниками был обсужден широкий круг вопросов, в том числе установление и укрепления партнерства.



Руководитель университета отметил плодотворные дипломатические отношения между двумя странами и выразил намерение в дальнейшем активизировать связи в сфере образования и науки. С 1992 года на факультете востоковедения Казахского национального университета имени Аль-Фараби открыта специальность «Язык урду и литературы». Ректор отметил, что за этот период в университете подготовлено более 50 специалистов, владеющих урду. Сегодня на факультете более 10 студентов обучаются языку урду и литературе.

Кроме того, в 2019 году при поддержке посольства Исламской Республики Пакистан в Казахстане на факультете востоковедения открылся центр имени Мухаммеда Али Джинны. Ректор вуза поблагодарил пакистанскую сторону за обеспечение центра техническими и учебными материалами в этом году и сказал, что университет готов внести всесторонний вклад в высшее образование пакистанской молодежи и их профессиональное развитие.

В свою очередь, ректор Национального университета современных языков генерал-майор Мохаммад Джафар выразил заинтересованность в сотрудничестве и обмене опытом. Он высоко оценил шаг, направленный на сближение двух стран, особенно в укреплении отношений в области науки, образования и культуры.

Стороны также договорились подписать меморандум о сотрудничестве и выдвинули свои предложения. В его рамках планируется обмен студентами по академической мобильности, организация курсов повышения квалификации для профессорско-преподавательского состава, реализация совместных научных проектов, перевод учебных пособий и разработка казахско-урду словаря.



ЖЕМІСТІ ЖҮЗДЕСУ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде бүгінде шетелдік университеттермен белсенді қарым-қатынас орнап, білім беру және ғылыми қызмет жандана түскен. Осындай кезекті ресми кездесуде ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Лихай университетінің шығармашылық ізденістер жөніндегі бірінші проректоры және Mountaintop бастамасының директоры, профессор Ханджан Мехтамен ынтымақтастық және бірлескен жобаларды іске асыру жайын талқылады.

Лихай университетінің өкілдері сапар барысында кампус аумағымен танысып, Әл-Фараби кітапханасына барды.

ҚазҰУ көп жылдар бойы әлемдегі ең беделді зерттеу оқу орындарының бірі болып танылған АҚШ-тың Лихай университетімен жемісті қарым-қатынас орнатқан.

Университет басшысы алғы сөзінде ҚазҰУ АҚШ-тың түрлі салалардағы академиялық мекемелерімен тығыз байланыста екенін атап өтті. АҚШ-тың жетекші жоғары оқу орындары, институттары, зерттеу орталықтары, қауымдастықтары және үкіметтік емес ұйымдарымен 10-нан астам келісімге қол қойылды. Оның шеңберінде түрлі оқу-білім беру бағдарламалары мен ғылыми-инновациялық жобалар табысты іске асырылуда.

Өз кезегінде профессор Ханджан Мехта университет басшылығына қонақжайлылығы үшін алғыс білдіріп, Лихай университетінің жетістіктерімен бөлісті. Ортақ жобалардың мүмкіншіліктеріне тоқталып, тәжірибе алмасуға, тығыз байланыс орнатуға ниет білдірді.

Сондай-ақ ҚазҰУ БҰҰ-ның тұрақты даму бойынша «Академиялық ұтқырлық» бағдарламасының жаһандық хабы ретінде Лихай университетіне тұрақты даму саласында оқу бағдарламалары мен ғылыми жобаларды іске асыру бойынша серіктестік ұсынды. Осы бағытта университетте журналистика, география және табиғатты пайдалану факультеттері жанындағы ЮНЕСКО-ның екі кафедрасы, сондай-ақ халықаралық қатынастар факультетінде БҰҰ-ның Ресурстық орталығы, Пан Ги Мун атындағы Тұрақты даму институты жұмыс істейді.



ПЛОДОТВОРНАЯ ВСТРЕЧА



КазНУ им. Аль-Фараби активно взаимодействует с зарубежными вузами, обогащая образовательную и научную деятельность ведущего университета страны. В рамках состоявшейся встречи Председателя Правления – Ректора Ж.К.Туймебаева с первым проректором по креативным поискам и директором инициативы Mountaintop университета Лихай, профессором Ханджан Мехта стороны обсудили перспективы сотрудничества и реализации совместных проектов.


КазНУ на протяжении многих лет успешно сотрудничает с университетом Лихай (США, г. Бетлехем), который признан одним из самых престижных исследовательских учебных заведений в мире. Во время визита представители университета Лихай – первый проректор по креативным поискам и директор инициативы Mountaintop, профессор Ханджан Мехта и декан педагогического колледжа, проректор по инновациям в образовании, профессор Уильям

Гауделли – ознакомились с территорией кампуса, посетили Библиотеку Аль-Фараби.

В рамках встречи состоялся содержательный диалог, во время которого были определены направления дальнейшего взаимодействия вузов с целью взаимообмена и развития высшего образования и науки двух стран. В приветственной речи глава вуза рассказал о том, что КазНУ взаимодействует с академическими учреждениями США в различных областях. На сегодня свыше 10 соглашений подписано с ведущими вузами, институтами, исследовательскими центрами, ассоциациями, неправительственными организациями США.

«В этой связи мы выражаем готовность развивать партнерство с вашим университетом, поддерживать инициативы, направленные на расширение плодотворного сотрудничества».

Предложения были встречены с большим интересом. Было принято решение разработать стратегию дальнейшего взаимодействия в рамках взаимовыгодного сотрудничества.



БИОФАКТА ЖАҢА АСХАНА АШЫЛДЫ

Бүгін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі биология және биотехнология факультетінің оқу ғимаратында студенттерге арналған жаңа асхана ашылды. Салтанатты күн игілікті іспен басталып, барша келушілерге дәмді тағам мен тәттілер тегін ұсынылды.

Күрделі жөндеуден өткізіліп, заманға сай әсем безендірілген тамақтану орталығының іші жылы, жарық, кең әрі жанға жайлы. Асхана аспаздары студенттер мен келушілерге сапалы қызмет көрсетуге әзір.

Жаңа асхананың ашылуына университет басшысы Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев арнайы келіп, жоспар бойынша оқу орнында тағы бірнеше заманауи тамақтану орындары ашылатынын айтты.

Студент-жастар, қызметкерлер мен оқытушыларға арналған асханада қазақ, ұйғыр, шығыс және еуропа халықтарының ас мәзірінен тағамдар дайындалады. Олардың бағасы көпшілікке қолжетімді. Мұнда бұршақ сорпасы, борщ, үй кеспесі, тағы басқа бірінші тағамдар – 400 теңге. Екінші тағамдар, мәселен, гарнирі бар котлет, қуырылған ет, тефтель, тауық еті, фаршталған бұрыш, палау 700-800 теңге тұрады.

Білім ордасының басшылығы бүгінде заманауи оқу аудиторияларына және жайлы жатақханалармен қатар, тамақтандыру орталықтарына да жіті көңіл бөліп, жастардың сапалы тамақтануына жағдай жасауда. Университет аумағында бұған дейін де «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығында бір мезетте 150-ге жуық адамға қызмет көрсететін үлкен асхана ашылған болатын. Ал бүгін іске қосылған тамақтану орталығынан күніне 500-дей адам ас іше алады.

Алдағы уақытта университеттің басқа да оқу ғимараттарында асхана, кафе-бар, жастар арасында сұранысқа ие жедел тамақтану желілері ашылып, кофе-машиналары қойылатын болады.



ОТКРЫЛАСЬ НОВАЯ СТОЛОВАЯ В БИОФАКЕ

Сегодня в учебном корпусе факультета биологии и биотехнологии Казахского национального университета имени Аль-Фараби открылась новая столовая для студентов. Торжественный день начался с добрых дел и всех посетителей угощали вкусными блюдами и сладостями бесплатно.

Капитально отремонтированный, современный красочно оформленный центр питания привлекает внимание. Внутри тепло, светло, просторно и уютно. Специально закрепленные сотрудники оказывают качественные услуги студентам и посетителям.

На открытии нового центра присутствовал Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, поздравив студентов и преподавателей со знаменательным событием.

В столовой для студентов, сотрудников и преподавателей готовят блюда из меню казахских, уйгурских, восточных и европейских народов, цены при этом общедоступные. Здесь и гороховый суп, и борщ, и домашняя лапша, и другие первые блюда стоят 400 тенге. Вторые блюда: котлета с гарниром, жареное мясо, тефтели, курица, фаршированный перец, плов – 700-800 тенге.

В КазНУ сегодня уделяет пристальное внимание современным учебным аудиториям и комфортабельным общежитиям, открываются новые центры питания, тем самым создаются условия для качественного питания молодежи. Ранее на территории университета в Центре обслуживания студентов «Керемет» была открыта большая столовая, которая одновременно обслуживает около 150 человек. А в новом центре питания в день могут обедать около 500 посетителей.

Также в ближайшее время в других учебных корпусах будут открыты столовые, кафе-бары, востребованные среди молодежи линии быстрого питания, установлены кофемашины.





РЕКТОР ЕРМАХАН ЫБЫРАЙЫМОВПЕН КЕЗДЕСТІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев халықаралық спорт шебері, Сидней олимпиадасының чемпионы Ермахан Ыбырайымовпен кездесті. Кездесуде салауатты өмір салтын насихаттау мен студенттік спортты дамыту жайлы мазмұнды әңгіме өрбіді.

Оқу орнының басшысы туған университетіне әрдайым қолдау көрсетуге әзірлігі үшін олимпиада чемпионына алғыс білдірді. Қара шаңырақтың өз чемпиондарын мақтан тұтатынын айтып, спортшыға ел игілігі үшін қызметте абырой тіледі. ҚазҰУ түлегі өз кезегінде іргелі оқу орнының ерекше мәртебесін атап өтіп, қалашықтағы оң өзгерістерге қуанышын білдірді. Білім ордасының сан түрлі қызметтегі жоғары көрсеткіштеріне мән беріп, өз тарапынан үлес қосуға және тәжірибе бөлісуге дайын екенін жеткізді. Спорт саласындағы университет мүмкіндіктерін жоғары бағалап, қасиетті мекенде талай саңлақ спортшының қанаты қатайғанын тілге тиек етті.

Сондай-ақ жүздесуде ұлт денсаулығын сақтаудағы бұқаралық спорттың маңызы айтылып, жастарды спортқа тарту жолдары мен сала келешегі кеңінен талқыланды.

РЕКТОР ВСТРЕТИЛСЯ С ЕРМАХАНОМ ИБРАИМОВЫМ

Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев встретился с мастером спорта международного класса, олимпийским чемпионом Сиднея Ермаханом Ибраимовым. На встрече обсуждались вопросы пропаганды здорового образа жизни и развития студенческого спорта.

Руководитель вуза поблагодарил олимпийского чемпиона за постоянную поддержку родного университета, отметил, что альма-матер гордится своими чемпионами и пожелал спортсмену успехов в его нынешней деятельности. Ректор также поделился результатами КазНУ в научно-образовательной сфере и планами дальнейшего развития.

Выпускник КазНУ, в свою очередь, отметил особый статус вуза и выразил удовлетворение позитивным изменениям в кампусе. Он подчеркнул высокие показатели университета в различных сферах и выразил готовность внести свой вклад и поделиться опытом. Высоко оценив потенциал вуза в области спорта, он сказал, что университет воспитал и выпустил многих выдающихся спортсменов. Также во время встречи был обсужден вопрос значения массового спорта в сохранении здоровья нации, а также пути вовлечения молодежи в спорт и перспективы отрасли.



РЕКТОР ЖУРНАЛИСТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Ж.Түймебаев бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арнап баспасөз мәслихатын өткізді.

Журналистер алдымен қалашық аумағын аралап, күрделі жөндеуден өткізілген оқу ғимараттары мен жатақханаларда болып, мәдени-әлеуметтік нысандардың жұмысымен танысты.

Кездесу барысында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев оқу орнының даму бағдарламасы, кампусты жаңғырту жоспары және атқарылған жұмыстар туралы баяндап, журналистердің сұрақтарына жауап берді.

Университет ректоры білім беру мен ғылымның озық инфрақұрылымын заман талабына сай дамытуда әлі де ауқымды жұмыстар атқарылатынын айтты. Жатақханалар ескірген, көпшілігінде пайдалануға берілгеннен кейін күрделі жөндеу жүргізілмеген. Коммуникация жүйесі апаттық жағдайда. 15 мыңға жуық студент жатақханаға мұқтаж. Соңғы студенттік жатақхана 1991 жылы салынып, пайдалануға берілген. Оқу ғимараттары тозған. Инженерлік желілер мен коммуникацияның жағдайы сын көтермейді. Жаңа ғимараттар мен жатақханалар қажет.

Осыған байланысты кампусты дамытудың 2025 жылға дейінгі жұмыс жоспары жасалды. Білім және ғылым министрлігінің Қаржы орталығымен бірлесе жатақханалар салуға инвесторлар тарту бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ қазір бюджетке түсетін жүктемені азайтатын шетелдік инвестицияларды тартудың түрлі тетіктері қарастырылуда.

Биыл университет ұжымы 600-ден астам ағаш отырғызды, Елбасы саябағы, Ағаштар аллеясы ашылды.



РЕКТОР ВСТРЕТИЛСЯ С ЖУРНАЛИСТАМИ



Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев провел пресс-конференцию для представителей средств массовой информации.

В начале журналистам продемонстрировали главные объекты инфраструктуры университета. Представители СМИ осмотрели корпуса и аудитории факультетов филологии, истории и журналистики, где ведутся ремонтные работы, территорию студенческого городка, Библиотеку имени Аль-Фараби, Аллею Елбасы и Аллею деревьев, студенческую столовую в ЦОС «Керемет». Группа журналистов также побывала в корпусе Высшей школы экономики и бизнеса, узнала цены в столовой на факультете, посетила также студенческие общежития.

В ходе встречи Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев ознакомил журналистов с программой развития учебного заведения, планом модернизации кампуса, рассказал о достижениях вуза и проведенной работе, а также ответил на вопросы журналистов.



ТҮРІКМЕНСТАНМЕН ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ АРТАДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Түрікменстанның төтенше және өкілетті елшісі Батыр Режеповпен кездесті.

Университет басшысы мәртебелі қонаққа құрмет көрсетіп, ҚазҰУ қызметіне қызығушылығы үшін ризашылығын білдіре отырып, дипломатиялық ұйымдар тарапынан қолдаудың маңыздылығын атап өтті.

Ректор жоғары білікті мамандарды даярлауға бағытталған білім беру сапасына тоқталып, университетте ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру бағыттары туралы айтты.

Өз кезегінде Түрікменстан елшісі Батыр Режепов ректор Жансейіт Түймебаевқа жылы қабылдағаны үшін ризашылығын білдірді. Кездесу барысында екі елдің ғылыми және білім беру саласындағы бірқатар мәселелерді талқылады. Атап айтқанда, елші IT-технологиялар саласында жоғары білікті мамандарды даярлау мақсатында Түрікменстан мен Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары арасында келісімге қол қою ниетін білдірді.

Кездесу барысында елшілік кеңесшісі Нұры Голиев сөз сөйлеп, ҚазҰУ-да Түрікменстаннан келген студенттердің сапалы білім алуына жағдай жасағаны үшін оқу орнының басшылығына алғыс айтты.

Кездесу соңында ректор ынтымақтастықты дамытып, ортақ жобалар бойынша жұмысты бірлесіп ұйымдастыруға дайын екенін білдірді.



РАСШИРИТСЯ СОТРУДНИЧЕСТВО С ТУРКМЕНИСТАНОМ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби прошла встреча Председателя Правления – Ректора КазНУ им. Аль-Фараби Жансеита Туймебаева с чрезвычайным и полномочным послом Туркменистана Батыром Режеповым.

Поблагодарив высокого гостя за визит и проявленный интерес к деятельности университета, ректор отметил важность поддержки, исходящей от дипломатических организаций.

Акцентируя внимание на качестве образования, нацеленного на подготовку высококвалифицированных специалистов, Жансеит Туймебаев рассказал о процессе коммерциализации научных исследований в вузе. Подробно остановился на дальнейших планах научно-исследовательской деятельности университета.

В свою очередь чрезвычайный и полномочный посол Туркменистана Батыр Режепов выразил благодарность ректору Жансеиту Туймебаеву за теплый прием. Во время встречи участники обсудили круг вопросов научно-образовательной сферы. В частности, посол озвучил намерение подписать соглашение между высшими учебными заведениями Туркменистана и РК с целью подготовки высококвалифицированных кадров в области IT-технологий.

В ходе встречи также выступил советник посольства Туркменистана в РК Нуры Голиев, поблагодарив руководство за качественное обучение студентов из Туркменистана в КазНУ.

В завершение рабочей встречи ректор выразил благодарность за сотрудничество и готовность к организации дальнейшей работы по совместным проектам.



РЕКТОР ТҮРІК ДЕЛЕГАЦИЯСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Ыстамбұлдағы Жеррахпаша (Serrahpasa) университетінің ректоры Нури Айдын бастаған делегациямен кездесті. Өңгіме барысында медициналық кластер саласындағы ынтымақтастық бағыттары талқыланды.

ҚазҰУ басшылығы білім ордасына арнайы келген мәртебелі меймандарға ризашылық білдіре отырып, медицина саласындағы кадр даярлау тәжірибесімен бөлісті. Бүгінде білім ордасында 16 факультет бар, олардың қатарына Жеррахпаша университетінің медицина факультетімен бағыттас медицина және денсаулық сақтау факультеті де кіреді. Сонымен қатар ҚазҰУ базасында медициналық орталық табысты жұмыс істейді.

Кездесуде тараптар биомедицина саласындағы бірлескен ғылыми-инновациялық әзірлемелер келешегі жайлы пікір алмасып, студент, оқытушы және ғылыми қызметкерлердің академиялық ұтқырлығы бойынша ынтымақтастықты кеңейту, магистранттар мен докторанттарға арналған оқу бағдарламаларын бірлесіп әзірлеу мәселелерін кеңінен қарастырды.



РЕКТОР ПРИНЯЛ ТУРЕЦКУЮ ДЕЛЕГАЦИЮ



В стенах ведущего вуза страны состоялась встреча Председателя Правления – Ректора КазНУ имени Аль-Фараби Жансеита Туймебаева с делегацией во главе с ректором Стамбульского университета Жеррахпаша (Serahpasa) профессором Нури Айдын. Во время встречи стороны обсудили векторы сотрудничества в области медицинского кластера.

В ходе встречи руководство Казахского национального университета имени Аль-Фараби поделилось опытом подготовки кадров в области медицины. В КазНУ имеется 16 факультетов среди которых есть и медицинский, как и в Стамбульском университете. Также на базе КазНУ успешно функционирует медицинский центр. Сторонами были обсуждены вопросы совместных научно-инновационных разработок в области биомедицины, расширение сотрудничества по академической мобильности студентов, преподавателей, научных сотрудников, а также совместная разработка учебных программ для магистрантов и докторантов.



ЖЕҢІЛДІКТЕР ТУРАЛЫ ЖАҢА ЕРЕЖЕ БЕКІТІЛДІ

Бүгін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ Ғылыми кеңесінің кезекті отырысын өткізді.

Ғылыми кеңес отырысы барысында ректор Жансейіт Түймебаев университеттің жоғары оқу орындары арасында көшбасшы мәртебесін сақтап, нығайту жолында жүйелі жұмыстар атқарылу керегін баса айтты. «Биік мақсаттарға жету үшін университет қызметі жүйелі жоспарланып, бірлескен бағдарламалар мен халықаралық ынтымақтастықты дамыту қажет. Белгіленген мақсаттар мен міндеттер барлық оқытушы-профессорлық құрамға түсінікті болуы тиіс», – деді ректор.

Университет басшысы ғылыми жобаларды коммерцияландыру бойынша жұмысты күшейтуді, заманауи үрдістерді ескере отырып білім беру бағдарламаларын қайта қарауды, олардың тиімділігі үшін университеттің ғылыми орталықтары, зертханалары мен институттар жұмысының тиімділігіне жаңаша талдау жасау керектігін тапсырды. Сондай-ақ инфрақұрылымды жаңғырту үшін қажетті қаржылық ресурстарды іздеу, тарту тұрақты жүргізілуі керектігін айтты.

Ғылыми кеңес мүшелері халықтың әлеуметтік қорғалмаған тобына жататын білім алушылар мен жоғары спорттық жетістіктері бар студенттердің оқу ақысына белгіленген жеңілдіктер туралы ережені бекітті. Кеңесте сондай-ақ Жалпы тіл білімі және еуропалық тілдер кафедрасының атауын өзгерту мәселесі, университет ғалымдарын ғылыми атақтарға ұсыну және т.б. мәселелер қаралды.



УТВЕРЖДЕНЫ НОВЫЕ ПРАВИЛА ПО ЛЬГОТАМ

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев провел очередное заседание Ученого совета КазНУ.

Во время заседания ученого совета ректор обратил внимание ученых на то, что университет должен сохранить и упрочить статус лидера среди вузов, и для достижения этой цели следует правильно планировать деятельность учреждения, делать основной упор на увеличение совместных программ и международное сотрудничество. Все цели и задачи должны быть понятны для всего профессорско-преподавательского состава.

Следует отметить, что за последние две недели ректор КазНУ провел более 10 встреч с послами США, Турции, Италии, России, Туркмении, а также с ректорами ряда зарубежных вузов, которые выразили свою готовность сотрудничать в сфере образования и науки. Активная коллаборация с зарубежными вузами положительно скажется на увеличении двусторонних образовательных проектов.

Руководитель вуза дал поручение усилить работу по коммерциализации научных проектов, пересмотреть образовательные программы с учетом современных трендов, провести анализ научных центров и лабораторий, институтов вуза на предмет их эффективности. А также на постоянной основе вести поиск финансовых ресурсов для модернизации инфраструктуры.

Члены Ученого совета утвердили положение о льготах на оплату за обучение, в котором предусмотрены значительные скидки для студентов из числа уязвимых слоев населения и обучающихся, которые имеют высокие спортивные достижения. В завершение были рассмотрены: вопрос об изменении названия кафедры общего языкознания и европейских языков, рекомендации ученых университета к присвоению ученых званий и др.



ҚАЗҰУ ЗЕРТХАНАЛАРЫМЕН ТАНЫСТЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Creative Valley платформасының Орталық Азия нарығын дамыту жөніндегі директоры және өкілдік кеңесшісі Малгожата Туар ханыммен кездесті.

Кездесу барысында тараптар нанотехнология саласындағы инновациялық жобаларды әзірлеу бойынша мәселелерді талқылады. Creative Valley платформасының өкілі Еуропадағы IT-стартаптардың даму тенденцияларымен бөлісті, сонымен қатар университетпен одан әрі ынтымақтастықты дамыту үшін ҚазҰУ-дың бірқатар зертханаларында болды.





ОЗНАКОМИЛИСЬ С ЛАБОРАТОРИЯМИ КАЗНУ



В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби состоялась встреча Председателя Правления – Ректора Жансеита Туймебаева с Директором по развитию Центрально-азиатского рынка и советника представительства платформы Creative Valley г-жой Малгожата Туар.

В ходе рабочей встречи стороны обсудили вопросы по развитию инновационных проектов в области нанотехнологии. Представитель платформы Creative Valley поделилась о трендах развития IT-стартапов в Европе и также посетила ряд лабораторий КазНУ с целью развития дальнейшего сотрудничества с вузом.



ҚАЗҰУ РЕКТОРЫ ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС КЕҢЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ

Бүгін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ҚР жоғары оқу орындары басшыларымен өткен кеңеске қатысты.

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, ҚР СЖҚА қоғамдық кеңесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша комиссиясы және «Алматы – адалдық алаңы» жобалық кеңесі ұйымдастырған жиында 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасының жобасы талқыланды.

Кеңесті ашқан ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Марат Ахметжанов мемлекеттің қауіпсіздігі мен дамуындағы сыбайлас жемқорлықпен күрес шараларының маңызына тоқталды.

Бұдан бөлек, оқу орнының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты, Академиялық адалдық кодексі, университеттің комплаенс-қызметі туралы ереже бекітілді. ЖОО-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссиясы туралы ереженің жобасы даярланды.



РЕКТОР КАЗНУ ПРИНЯЛ УЧАСТИЕ В СОВЕТЕ ПО БОРЬБЕ С КОРРУПЦИЕЙ

Сегодня Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев принял участие в совещании руководителей высших учебных заведений РК, посвященном вопросам противодействия коррупции.

На совещании, организованном Агентством РК по противодействию коррупции, комиссией Общественного совета АПС РК по формированию антикоррупционной культуры и проектным офисом «Алматы – адалдық алаңы», участники обсудили проект концепции антикоррупционной политики на 2022-2026 годы.

Открывая совещание, председатель Агентства РК по противодействию коррупции Марат Ахметжанов отметил важность мер по борьбе с коррупцией для развития и безопасности государства.

Он также акцентировал внимание на том, что в рамках поручения Президента в перечень дисциплин многих вузов включен предмет «Антикоррупционная культура» и предложил вниманию ректоров усовершенствовать антикоррупционное образование студентов.



ТҮРІКМЕНСТАН БІЛІМ ОРДАЛАРЫМЕН МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Бүгін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Түрікменстан Сыртқы істер министрлігінің Халықаралық қатынастар институтымен және осы елдің Мақтымқұлы атындағы мемлекеттік университетімен өзара ынтымақтастық туралы екіжақты меморандумдарға қол қойды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түрікменстанға мемлекеттік сапары аясында өткен онлайн қол қою рәсіміне Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, Түрікменстан Сыртқы істер министрлігінің Халықаралық қатынастар институтының ректоры Жұмамұрат Гурбангелдыев және Мақтымқұлы атындағы Түрікменстан мемлекеттік университетінің ректоры Байрамгүл Ораздурдыева қатысты.

Ынтымақтастық шеңберінде жасалған меморандумдар гуманитарлық, техникалық, әлеуметтік салалар, соның ішінде халықаралық қатынастар мен аймақтану, халықаралық құқық, әлемдік экономика және халықаралық журналистика бағытындағы ықпалдастықтың негізін қалады. Тараптар бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізу, оқытушылар мен ғалымдар алмасу, біліктілікті арттыру курстарын және дәрістер ұйымдастыру, білім беру бағдарламалары, оның ішінде қос диплом беруді іске асыру мәселелері бойынша бірлесе жұмыс істеуге келісті.

Айта кетсек, қазіргі уақытта Түрікменстаннан келген 400-ден астам студент ҚазҰУ қабырғасында білім алуда.



ПОДПИСАН МЕМОРАНДУМ С ВУЗАМИ ТУРКМЕНИСТАНА

Сегодня Казахский национальный университет имени Аль-Фараби подписал двусторонние меморандумы о взаимовыгодном сотрудничестве с Институтом международных отношений Министерства иностранных дел Туркменистана и государственным университетом имени Махтумкулы этой страны.

В церемонии онлайн-подписания, состоявшегося в рамках государственного визита Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева в Туркменистан, приняли участие Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансейит Туймебаев, ректор института Международных отношений Министерства иностранных дел Туркменистана Жумамурат Гурбангельдыев и ректор Туркменского государственного университета им. Махтумкулы Байрамгуль Ораздурдыева.

Меморандумы, заключенные в рамках сотрудничества, заложили основу сотрудничества в гуманитарной, технической, социальной областях, в том числе в сфере международных отношений и регионоведения, международного права, мировой экономики и международной журналистики. Стороны договорились сотрудничать по вопросам проведения совместных исследовательских работ, обмена преподавателями и учеными, организации курсов повышения квалификации и лекций, реализации образовательных программ, в том числе двойного дипломирования.

Стоит отметить, что в настоящее время более 400 студентов из Туркменистана проходят обучение в стенах КазНУ.



ҚАНАТ САУДАБАЕВ КӨШБАСШЫЛЫҚ ДӘРІС ОҚЫДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «30 жылдыққа – 30 апталық» бағдарламасы аясында көрнекті мемлекет қайраткері, дипломат Қанат Саудабаев «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және сыртқы саясаттағы жетістіктер» тақырыбында көшбасшылық дәріс оқыды.

Алқалы жиынды ашқан оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаев мәртебелі қонаққа қара шаңырақ қабырғасында дәріс оқуға келіскені үшін ризашылығын білдірді. «Егемендіктің 30 жылдығы – әрбір мемлекет үшін, оның ішінде біз үшін айтулы оқиға. Бүгінгі студент жастар тәуелсіздік алған жылдары дүниеге келді. Сондықтан тәуелсіздіктің қадір-қасиетін айту, оның қалыптасу жолындағы тарихи оқиғаларды жеткізу және насихаттау аса өзекті», – дей келе, ректор университетте өтіп жатқан тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуына еңбек сіңірген тұлғалар дәрістерінің идеологиялық, тәрбиелік және танымдық маңызына мән берді.

Сонымен қатар дипломат Қанат Бекмырзаұлының қызмет жолына тоқталып, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы тарихи оқиғалардың тікелей куәгері екенін және мемлекеттің нығаюына белсенді үлес қосқанын атап өтті.

Қайраткер тұлға өз кезегінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде кандидаттық диссертация қорғағанын еске алып, Тәуелсіздік тойы қарсаңындағы кездесудің ерекшелігіне назар аударды.

Сондай-ақ кездесу барысында қатысушылар әлемдік қауымдастықтағы Қазақстанның орны мен ұстанымдары хақында сұрақтар қойып, өз көзқарастарын ортаға салды.

Шара соңында ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев қадірменді қонаққа ғылым мен білімнің дамуына қосқан үлесі үшін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Алтын медалін» табыстап, «Әл-Фараби» кітабын сыйға тартты. Сонымен бірге университеттің «Құрметті профессоры» ғылыми атағын ұсынып, қасиетті мекендегі дәрістің жалғасуына тілек білдірді.



КАНАТ САУДАБАЕВ ВЫСТУПИЛ С ЛИДЕРСКОЙ ЛЕКЦИЕЙ

В рамках программы «30 недель к 30-летию» в Казахском национальном университете имени Аль-Фараби выдающийся государственный деятель, дипломат Канат Саудабаев выступил с лидерской лекцией на тему «30-летие Независимости Республики Казахстан и достижения во внешней политике».

Открывая мероприятие, руководитель учебного заведения Жансеит Туймебаев поблагодарил высокого гостя за согласие прочитать лекцию в стенах альма-матер. «30-летие суверенитета – знаковое событие для каждого государства, в том числе и для нас. Сегодняшняя студенческая молодежь родилась в годы независимости, поэтому очень актуально говорить о независимости, передавать и пропагандировать исторические ценности на пути ее становления», – отметил ректор, акцентировав значение на идеологической, воспитательной и познавательной значимости лекций личностей, внесших вклад в становление и развитие независимого Казахстана, которые проходят в университете.

Он также отметил путь дипломата Каната Бекмырзаулы, который является непосредственным свидетелем судьбоносных событий первых лет независимости и внес неоценимый вклад в укрепление государства.

В свою очередь дипломат напомнил, что защитил кандидатскую диссертацию в Казахском национальном университете им. Аль-Фараби и обратил внимание на значимость встречи в преддверии Дня Независимости. Спикер подчеркнул, что каждое поколение стремится по-новому написать историю: Для молодого государства 30 лет – важный период, но для истории это один момент. Он рассказал о судьбоносных событиях в истории страны, начиная с первых дней независимости, которые до сих пор остаются в памяти и сознании народа.

Обращаясь к молодежи, Канат Саудабаев призвал развивать лидерские качества, целеустремленность, быть лучшим в своей профессии и непрерывно совершенствоваться, чтобы занять достойное место в этом быстро меняющемся мире.

В ходе обсуждения участники встречи задавали вопросы о роли и позициях Казахстана в мировом сообществе, делились своими взглядами. В завершение мероприятия ректор Жансеит Туймебаев вручил гостю «Золотую медаль КазНУ им. Аль-Фараби за вклад в развитие науки и образования» и книгу «Аль-Фараби».

Ректор отметил заслуги выдающегося государственного деятеля, дипломата Каната Саудабаева ученым званием «Почетный профессор университета» и выразил пожелание, что цикл авторских лекций в ведущем вузе страны будет продолжен.



ҚАЗҰУ ОҚЫТУШЫЛАРЫ АНТАЛИЯ БІЛІМ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ТАҒЫЛЫМДАМАДАН ӨТУДЕ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушыларды Анталия Білім университетіне «Түрік жоғары білім беру жүйесі» біліктілігін арттыру курстарына жіберді.

Семинарға қатысушыларды (50 адам) түрік әріптестері жылы қарсы алды. ҚазҰУ делегациясы университеттің заманауи кампусы, кітапханасы мен 1000-ға жуық анар ағаштары өсіп, жеміс беретін әсем бағы, мешіт, асхана, аудиториялар мен зертханаларды аралап, ел экономикасын қолдау және дамыту мақсатында инновациялық жобаларды жүзеге асыратын технопарк жұмысымен танысты.

Antalya Bilim University ректоры, профессор Исмаил Юксель Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушыларының алдында құттықтау сөз сөйлеп, QS рейтингі бойынша 175-ші орында және әлемнің үздік 200 университетінің қатарына кіретін жетекші қазақстандық университетпен ынтымақтастықтың маңыздылығын атап өтті. Ректор қатысушыларды университет қызметімен таныстырып, оқу үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктері бойынша тренинг өткізді. Профессор Исмаил Юксель өз сөзінде инновациялық әзірлемелер тақырыбына кеңінен тоқталып, пікірталас барысында заманауи білім беру саласы жаңаша көзқарасты, оқытудың тың әдіс-тәсілдерін қажет ететінін баса айтты.

«Классикалық білім беруді сақтап, оны әр оқушы қолданатын озық технологиялармен байланыстыру керек. Сапаны жақсарту үшін әрбір студентке жеке көзқарас қажет, барлығынан бірдей шешімдерді талап етуге болмайды», – деді профессор Исмаил Юксель. Тренингте Antalya Bilim University проректоры Хамза Кандур Түркияның жалпы ғылым мен білім саласындағы жаңалықтарына тоқталып, университет жетістіктерін атап өтті.

Айта кету керек, ҚазҰУ студенттері жыл сайын түрлі мамандықтар бойынша қосымша



білім мен тәжірибе алу үшін шетелдік жоғары оқу орнында арнайы тағылымдамадан өтеді. Мәселен, биыл ҚазҰУ-дың 100-ден астам студенті Түркияның Rixos қонақүйлер желісінде «Туризм және қонақүй бизнесі» мамандығы бойынша тәжірибеден өтті.

Биология және биотехнология факультетінің профессоры Бірлікбай Есжановтың айтуынша, ҚазҰУ басшылығының ұйымдастыруымен оқытушылар мен жас ғалымдар үшін Түркияда өткізіліп жатқан тренингтер әр маманның кәсіби шыңдалуына үлкен қолдау болмақ.

Біліктілікті арттыру курстары барысында қатысушылар жаңа идеяларға талпыныс жасап, өзара пікір алмасып, жаңа байланыстар орнатуға жол ашуда. ҚазҰУ-дың жаратылыстану ғылымдарының оқытушылары Анталия университетіндегі әріптестеріне академиялық және ғылыми жобаларды бірлесіп жүзеге асыруды ұсынды.

Анталия университетінің жетекші профессорларының тренингтеріне қатысу Түркиядағы оқу процесінің ерекшеліктерін зерттеп қана қоймай, білім мен тәжірибені жетілдіруге ықпал етеді.

«Тағылымдама аясындағы тренингтер біз үшін өте мазмұнды. Анталия Білім университетінің озық тәжірибесін зерттеуге, біліктілігімізді арттыруға тікелей қолдау көрсеткені үшін университетіміздің ректоры Жансейіт Түймебаевқа үлкен алғысымызды білдіреміз», – деп өз пікірімен бөлісті филология факультетінің доценті Шоқан Шортанбаев.

Қатысушылар мен баяндамашылар қосдипломды білім беру бағдарламасын жүзеге асыру, бірлескен ғылыми мақалалар шығару, университеттер арасындағы студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығы мәселелерін де талқылады.

Біліктілікті арттыру курстары 28 қазанға дейін жалғасады және тағылымдамадан өткен барлық қатысушыларға халықаралық сертификаттар табысталады.



ПРЕПОДАВАТЕЛИ КАЗНУ ПРОХОДЯТ СТАЖИРОВКУ В ANTALYA BILIM UNIVERSITY

КазНУ имени Аль-Фараби отправил в университет Antalya Bilim University преподавателей на курсы повышения квалификации «Турецкая система высшего образования».

Участников семинара (50 человек) тепло встретили турецкие коллеги. Большое впечатление на делегацию КазНУ произвел современный кампус университета, библиотека и живописный сад, в котором растут и плодоносят около 1000 гранатовых деревьев, столовая, аудитории, лаборатории и мечеть на территории вуза. При вузе создан технопарк, который реализует инновационные проекты для поддержания и развития экономики страны.

С приветственной речью к преподавателям КазНУ имени Аль-Фараби обратился ректор Antalya Bilim University, профессор Исмаил Йуксел, отметив важность сотрудничества с ведущим казахстанским университетом, который занимает 175 место в рейтинге QS и входит в топ-200 мировых вузов. Ректор ознакомил участников с деятельностью вуза, рассказал о специфике организации учебного процесса, провел тренинг. В своем выступлении он также затронул тему инновационных разработок. А в ходе обсуждения подчеркнул, что современное образование требует нового подхода к обучению и разработки новейших методик, отвечающих текущим реалиям времени. Как сказал спикер, необходимо сохранить классическое образование и связать его с передовыми технологиями, которыми пользуется каждый обучающийся. «Для повышения качества каждому студенту нужен индивидуальный подход, нельзя требовать от всех одинаковых решений», – сказал профессор Исмаил Йуксел. В качестве спикера на тренинге выступил также проректор Antalya Bilim University Хамза Кандур, рассказав о новшествах в сфере науки и образования Турции и университета.

Следует отметить, что студенты КазНУ ежегодно выезжают за рубеж для получения до-



полнительных знаний и навыков по разным специальностям. Так, в 2021 году более 100 студентов КазНУ прошли стажировку по специальности «туризм и гостиничный бизнес» в сети гостиниц Rixos в Турции.

По мнению процессора факультета биологии и биотехнологии Бирликбая Есжанова, тренинги в Турции, организованные руководством КазНУ для преподавателей и молодых ученых, являются большой поддержкой и дают огромную мотивацию для дальнейшего развития, повышения квалификации и профессионализма. В процессе обучения у участников рождаются интересные идеи и инсайты. Так, преподаватели естественных наук предложили турецкой стороне совместно реализовать академические и научные проекты.

Посещение тренингов ведущих профессоров Антальяского университета дают возможность изучения не только специфики учебного процесса Турции, но и способствуют приобретению практических навыков посредством передачи знаний и опыта. «Данный тренинг и комплексная программа для нас очень познавательны. Мы выражаем благодарность ректору нашего университета Жансеиту Туймебаеву за его идею и предоставленную нам возможность изучить опыт и передовую практику Antalya Bilim University.», – поделился своим мнением, доцент филологического факультета Шокан Шортанбаев.

Участники и спикеры также обсудили вопросы реализации программы двухдипломного образования, публикации совместных научных статей, академической мобильности студентов и преподавателей между вузами.

Тренинг продлится до 28 октября, в завершение курсов повышения квалификации его участникам вручат международные сертификаты.



РЕКТОР ТӘЖІКСТАН ДЕЛЕГАЦИЯСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Тәжікстан Республикасы Президентінің жанындағы Халықаралық байланыстар басқармасы бастығының орынбасары Анушервон Асоевты және Мемлекеттік басқару академиясының Халықаралық құқық кафедрасының меңгерушісі Алишер Саидмухторовты қабылдады.

Кездесу барысында ректор университеттің тарихы мен жеткен жетістіктеріне егжей-тегжейлі тоқталды. «Бүгінде алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен, институттармен ынтымақтастық туралы 400-ден астам халықаралық келісімге қол қойылды. Осы келісімдер аясында түрлі оқу-білім беру бағдарламалары мен ғылыми-инновациялық жобалар іске асырылып келеді. Сондай-ақ ҚазҰУ Тәжікстанның жоғары оқу орындарымен бірлесіп Erasmus жобаларына қатысуда. Студенттердің тәжірибе алмасуынан бөлек, «Қазақстанның жоғары оқу орындарына шетелдік мамандарды тарту» бағдарламасы шеңберінде лекциялар оқу және ғылыми басшылықты жүзеге асыру үшін жетекші ғалымдар белсенді түрде тартылуда», – деп атап өтті университет ректоры.

Жиын барысында тараптар екіжақты ынтымақтастықты одан әрі арттыру мәселелерін талқылады. Жансейіт Түймебаев Тәжікстанның жоғары оқу орнымен серіктестікті дамытуға дайын екенін жеткізді. Сондай-ақ ол жемісті ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды кеңейтуге бағытталған бастамаларды қолдауға ниетті екенін атап өтті.

Өз кезегінде Тәжікстан елінен келген Алишер Саидмухторов университеттің бүгінге дейін жеткен жетістіктерін жоғары бағалады. Сонымен қатар меймандар Жансейіт Түймебаевқа кездесуге мүмкіндік бергені үшін алғыстарын жеткізіп, Тәжікстанға жұмыс сапарымен келуге шақырды.



РЕКТОР ПРИНЯЛ ДЕЛЕГАЦИЮ ИЗ ТАДЖИКИСТАНА

Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев принял заместителя начальника управления международных связей Анушервона Асоева и заведующего кафедрой международного права Академии государственного управления при Президенте Республики Таджикистан Алишера Саидмухторова.

В ходе встречи ректор университета подробно остановился на истории становления университета и достижениях на сегодняшний день.

«На сегодня свыше 400 международных соглашений о сотрудничестве подписано с ведущими вузами, институтами, в рамках которых успешно реализуются различные учебно-образовательные программы и научно-инновационные проекты. Также КазНУ принимает совместное участие с вузами Таджикистана в проектах Эразмус. Помимо обмена студентами, стажировками, активно привлекаются ведущие ученые в рамках программы «Привлечение зарубежных специалистов в вузы Казахстана» для чтения лекций и осуществления научного руководства», – отметил руководитель университета.

В ходе встречи, стороны обсудили вопросы дальнейшего наращивания двустороннего сотрудничества. Жансеит Туймебаев выразил готовность развивать партнерство с высшим учебным заведением Таджикистана. Также отметил, что намерен поддерживать инициативы, направленные на расширение плодотворного сотрудничества и взаимодействия.

В свою очередь, Алишер Саидмухторов высоко оценил результаты проделанных работ университетом в соответствии с требованием времени. Кроме того, почетные гости поблагодарили Жансеита Туймебаева за предоставленную возможность встречи и предложили совершить рабочий визит в Таджикистан.




ҚАЗҰУ-ДА «МӘҢГІЛІК ЕЛ» САҒАТ СТЕЛАСЫ БОЙ КӨТЕРДІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Мәңгілік ел» сағаты салтанатты түрде ашылды. Бұл архитектуралық нысан ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, түлектердің университетке сыйға тартуы.

Сағаттың ашылу салтанатына ҚР Конституциялық Кеңесінің төрағасы, Түлектер қауымдастығының президенті Қайрат Мәми, ҚР Жоғарғы сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Әбдірашит Жүкенов, мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов, ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, ҚазҰУ-дың құрметті профессоры, 1983 жылғы түлегі Салтанат Байқошқарова және ҚазҰУ Директорлар кеңесінің мүшесі Арманжан Байтасов сынды тағы да басқа зиялы қауым өкілдері, Нұр-Сұлтан мен Алматы шаһарынан арнайы келген меценаттар қатысты.

Шараға арнайы шақырылған меймандар сөз сөйлеп, айтулы оқиғамен құттықтады. ҚР Конституциялық Кеңесінің төрағасы, Түлектер қауымдастығының президенті Қайрат Мәми өз кезегінде жобаның мақсаты ҚазҰУ қалашығының тұрғындары мен қонақтарына оқу, жұмыс істеу және тұрмыс үшін жайлы орта құру екенін тілге тиек етті.



Шара барысында сөз сөйлеген Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев келушілерді айтулы күнмен құттықтап, сағаттың неліктен «Мәңгілік ел» деп аталуын тереңінен түсіндірді.

«Мәңгілік ел» сәулет нысандары әлем елдерінде жасампаз жетістіктер мен толағай табыстар құрметіне қойылады. Сондай-ақ патриоттық тәрбие беру, отансүйгіштік сезімдерді қалыптастыру мақсатын көздейді. Мәңгілік ел болу – біздің басты мақсатымыз. Баршаңызды «Мәңгілік ел» сағат стеласының салтанатты түрде ашылуымен құттықтаймын!» – деп ыстық лебізін білдірді университет ректоры.

Қалашықта бой көтерген сағат стеласы «Мәңгілік ел» салтанат қақпасы мен орталық аллеяның жалғасы болып табылады. «Мәңгілік ел» сағаты биіктігі 19,3 метр болатын стелаға орнатылған. Нысан құрылысының негізгі іргетасы төрт тұғырлы биік бағаналармен бекітілген. Қалашықтан орын тепкен сағат стеласы студенттер жиі жүретін жолға орналастырылған. Бұл бірегей архитектуралық нысан әлемдік деңгейдегі студенттік кампустың ғана емес, Алматы қаласының да көркін арттыра түсетіні анық.



В КАЗНУ ВОЗВЕДЕНА СТЕЛА С ЧАСАМИ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби состоялась торжественная церемония открытия стелы с часами «Мәңгілік ел», приуроченная к 30-летию Независимости Республики Казахстан. Данный объект был возведен по инициативе Ассоциации выпускников Казахского национального университета.

В церемонии открытия приняли участие Председатель Конституционного Совета Республики Казахстан, президент Ассоциации выпускников Кайрат Мами, председатель судебной коллегии по уголовным делам Верховного суда РК Абдрашит Жукенов, государственный и общественный деятель Олжас Сулейменов, Председатель Правления – Ректор НАО «КазНУ им. Аль-Фараби» Жансеит Туймебаев, почетный профессор КазНУ им. Аль-Фараби Салтанат Байкошкарлова, член Совета директоров КазНУ Арманжан Байтасов, меценаты городов Нур-Султан и Алматы.

С поздравительной речью выступили специально приглашенные гости. В этой связи, Председатель Конституционного Совета РК, Президент Ассоциации выпускников Кайрат



Мами подчеркнул, что цель проекта – создание и развитие комфортной среды для учебы, работы и досуга, как для жителей КазГУграда, так и его гостей.

Выступая в ходе мероприятия, Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев поздравил собравшихся со знаменательным днем и подробно объяснил, почему сооружение носит название «Мәңгілік ел».

«Архитектурные объекты «Мәңгілік ел» возводятся в честь созидательных достижений и свершений в странах мира. Также для формирования патриотического воспитания. Наша цель – стать вечным государством», – сказал ректор университета.

Стела с часами расположена в центральной части учебного заведения, по которой часто проходят студенты. Основной фундамент объекта укреплен высокими четырехъярусными колоннами. Высота составляет 19,3 метра. Часовое сооружение является продолжением центральной аллеи и триумфальной арки «Мәңгілік ел», которая расположена при входе на территорию вуза со стороны улицы Тимирязева. Этот уникальный архитектурный объект украсит не только студенческий кампус мирового уровня, но и город Алматы.



МЕКСИКА ТАРИХЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРЫЛАДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Мексика Құрама Штаттарының Қазақстан Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Хосе Луис Мартинес Эрнандес бастаған делегациямен кездесу өткізді. Тараптар екі елдің білімі мен ғылымын дамыту мақсатында екіжақты ынтымақтастықты одан әрі арттыру мәселелерін талқылады.

Жансейіт Түймебаев мейманға шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлесіп жұмыс жасаудағы университеттің тәжірибесімен бөлісті. Сонымен қатар ҚазҰУ-дың Мексика университеттерімен жасалған келісімдері туралы ақпарат берді. «Мексиканың ұлттық автономды университетімен ынтымақтастық шеңберінде жасалған келісімді жоғары бағалаймын. Осы келісім аясында теориялық және ядролық физика саласындағы ғылыми-зерттеу жобалары іске асырылды», – деп атап өтті университет ректоры.

Өз кезегінде Хосе Луис Эрнандес ректорға Мексика ұлттық автономды университетінің жұмысы туралы ақпарат берді. Мейманның сөзінше, Мексикадағы оқу орны білім беру, зерттеу және мәдениетті дамыту сынды үш негізгі бағытта жұмыс жасайды. Сондай-ақ ол ҚазҰУ басшысын Мадрид автономиялық университетінің ректорымен кездесу ұйымдастырғысы келетінін жеткізді. «Ректорлардың танысуы екіжақты қарым-қатынасты одан әрі арттыруға негіз болады», – деп санайды Хосе Луис Мартинес Эрнандес.

Сонымен қатар сұхбат барысында Мексика Құрама Штаттарының Қазақстандағы елшісі 150 беттен тұратын «Мексиканың тарихы» атты кітабын қазақ тіліне аудару туралы ұсынысын айтты.



ИСТОРИЮ МЕКСИКИ ПЕРЕВЕДУТ НА КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

Председатель Правления – Ректор КазНУ им Аль-Фараби Жансеит Туймебаев провел встречу с делегацией во главе с чрезвычайным и полномочным послом Мексиканских соединенных штатов в Республике Казахстан Хосе Луис Мартинес Эрнандес. В ходе встречи были обсуждены вопросы дальнейшего взаимодействия вузов с целью обмена опытом и развития высшего образования и науки двух стран.

Жансеит Туймебаев проинформировал Хосе Луис Эрнандес об опыте университета с зарубежными вузами. В частности, ректор университета подробно остановился на сотрудничестве КазНУ с вузами Мексики.

«Ярким примером является сотрудничество с Национальным автономным университетом Мексики. В рамках которого были реализованы научно-исследовательские проекты в области теоретической и ядерной физики», – отметил Жансеит Туймебаев.

В свою очередь, Хосе Луис Эрнандес подробно познакомил ректора университета с работой Национального автономного университета Мексики. По его словам, их учебное заведение характеризуют 3 основных направления, это образование, исследование и распространение культуры. Также он отметил, что хочет организовать встречу ректора КазНУ им. Аль-Фараби с ректором Мадридского автономного университета. Их знакомство поможет еще больше укрепить и развивать двусторонние отношения, считает Хосе Луис Эрнандес.

Кроме того, в ходе беседы посол Мексиканских Соединенных Штатов в Казахстане выдвинул предложение перевести книгу «Минимальная история Мексики», которая состоит из 150-ти страниц на казахский язык. С помощью данного издания казахстанцы могут познакомиться и побольше узнать об истории Мексики.





Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры

Жоғары рейтинг бәсекеге қабілеттілікті арттырады

– Жансейіт Қансейітұлы, 10 жыл бұрын Білім министрі ретінде осы салада жұмыс істеп, тікелей ЖОО-лар жұмысын қадағаладыңыз. Енді 11 жыл өткеннен кейінгі жағдай қандай? Еліміздің жоғары оқу орындары трансформациядан өткен бе?

– Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін саяси-экономикалық бағытта дамып қана қоймай, ғылым мен білім саласына жан-жақты көңіл аудара бастады. Егер 1991 жылы Қазақстанда барлығы 55 ЖОО болса, 2007 жылы олардың саны 186-ға жетті. Он бір жыл бұрын Білім және ғылым министрлігінің алдында қазақстандық жоғары білім беру жүйесін оңтайландыру мәселесі тұрды. Білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қабылдау қажет болды және біз бұл міндетті орындадық. Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық талаптарға сәйкес келмейтін жоғары оқу орындарының лицензиялары кері қайтарылып алынды.

Екінші міндет – халықаралық білім беру кеңістігіне ену болды. 2010 жылы көптен күткен Болон декларациясына қол қойдық. Халықаралық сарапшылардың пайымдауынша, Қазақстанның Болон процесіне қосылуы

отандық жоғары оқу орындары мен студенттер үшін мол артықшылық берді. Білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларын еуропалық стандарттарға сәйкестендіруге жол ашты. ЖОО-лар студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлық стратегиясын, қосдипломды білім беру бағдарламасын белсенді түрде жүзеге асыра бастады. Біліктілік пен академиялық дәрежелерді тану бойынша тәсілдер әзірленді. Соның нәтижесінде ҚазҰУ бүгінгі таңда 300-дей әлем университеттерімен және ғылыми-зерттеу орталықтарымен ынтымақтастық орнатып отыр. Университеттердің Халықаралық, Еуропалық және Еуразиялық қауымдастықтарының мүшесі болып табылады. 200 үздік университеттер қатарына кіреді, еліміздегі жетекші ЖОО ретінде шетелде кеңінен танымал.

– Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов соңғы жылы білім сапасының төмендеуіне байланысты бірнеше колледж бен ЖОО-ның лицензиясын қайтарып алды. Сіздің ойыңызша, бұл бастама білім нарығына қалай әсер етуі мүмкін?



– Бүгінгі еңбек нарығына сұранысқа ие және бәсекеге қабілетті мамандар қажет. Осы талаптарға сай келмейтін жоғары оқу орындарының қызметі тоқтатылуда. Бұл – ең алдымен, уақыт талабы және уәкілетті орган тарапынан жүргізілген кешенді талдау мен жүйелі жұмыс негізінде қабылданған шешім. Бұл шаралар жалпы білім беру жүйесін жақсартуға бағытталған. Бізге сан емес, сапа қажет.

– Министр білім ошақтарын жабуға «ғылыми-техникалық базаның әлсіздігі себеп» дегенді айтқан еді. Қазір ғылыми жаңалықтар, ғылым технологиясы жылдам өзгеріп отырғанда университеттердің жыл сайын базасын жаңартып отыруға мүмкіндігі бар ма?

– Бұл жерде мәселе университеттің ғылыми-техникалық базасы бір жыл ішінде емес, жылдар бойы жаңармағанынан туындаса керек. Жұмыс жоспарлы, жүйелі түрде ұйымдастырылса, алынбайтын қамал жоқ. Мемлекет ғылым мен білім саласына жыл сайын тиісті деңгейде қолдау көрсетіп отыр.

Мысалы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің материалдық-техникалық базасы үлкен. Оқу орнының ғылыми-инновациялық инфрақұрылымына жаратылыстану бойынша сегіз ғылыми-зерттеу институты және әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы алты институт пен 12 ғылыми орталық кіреді. Жыл сайын гранттық және бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру арқылы жүзеге асырылатын ғылыми жобалар аясында қажетті ғылыми жабдықтар,

соның ішінде кеңсе техникасы, жинақтауыштар мен шығын материалдары сатып алынады. Соңғы үш жылда 300 миллион теңгеге 200-ге жуық заманауи техника мен зертханалық қондырғылар сатып алынды.

Енді ҚазҰУ-дың 2022-25 жылдарға арналған Даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі мемлекеттік инвестициялық жоба аясында тағы 10 млрд теңгеге қажетті жабдықтар сатып алу жоспарланған. Қазіргі заманғы қымбат ғылыми жабдықтарды пәнаралық зерттеулер жүргізуге, жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар саласындағы пәнаралық міндеттерді шешуге бағыттау көзделуде. Техникалық базаны қажеттілігіне қарай кезең-кезеңімен жаңартып отыру қиындық тудырмайды.

– Осыған дейін «соңғы бес жылда ҚазҰУ-ға түскісі келетін студенттер саны 10 мыңға артты» деген едіңіз. Тиісінше, мемлекеттік грант та көбірек бөлінеді. Одан бөлек, ақылы оқитын студенттер де бар. Жалпы, екі жақтан келетін бюджет қалай жоспарланады? Ең көп шығындар қандай? Университет министрлікке қаншалықты ашық есеп береді? Жыл сайын ЖОО-ның оқу ақысын өсіруіне не себеп?

– Бюджеттің кіріс-шығысын реттеп отыратын оқу орнының Даму жоспары бар. Бұл – университеттің негізгі бағыттары мен қаржышаруашылық қызметінің көрсеткіштерін айқындайтын басты құжат. Мемлекеттік грант және ақылы оқу қаражатынан бюджетті қалыптастыру бюджеттік заңнамамен және университеттің ішкі құжаттарымен реттеледі.



Алдағы жылдарға арналған Даму жоспарын қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді. Қызмет нәтижесінде алынған табыс жоғары оқу орнын дамытуға және оның қызметкерлері мен білім алушылары үшін барлық қажетті жағдайлар жасауға жұмсалады.

Білім беру қызметін мемлекеттік тапсырыс бойынша қаржыландыру арнайы заңнамада белгіленген тәртіппен, бір оқушыға белгіленген стандарт бойынша уәкілетті органмен жүзеге асырылады. Жыл сайын Директорлар кеңесіне Білім және ғылым министрлігімен келісілген Даму жоспарының орындалуы туралы есеп береміз. Оқу ақысын жыл сайын көтеру мәселесі бойынша айтсам, соңғы екі жыл ішінде университет шектеулі шараларды ескере отырып, оқу ақысын көтермегенін атап өткім келеді. Жалпы, оқу құнының өсуі инфляция деңгейіне, коммуналдық қызметтердің өсуімен байланысты болуы мүмкін.

– QS World University рейтингінде былтыр ҚазҰУ 175-орынды иеленген. Халықаралық рейтинг ЖОО-ға не береді және оның іріктеу талаптары қандай?

– Quacquarelli Symonds (QS) беделді халықаралық рейтингтік агенттігі жүргізген QS WUR рейтингі бойынша ҚазҰУ әлемдегі 200 үздік ЖОО қатарына кіреді. Бұл деңгейге посткеңестік кеңістікте тек екі университет қана жетіп отыр: М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті (78-орында) және Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (175-орында).

QS компаниясы QS Stars Rating System

халықаралық рейтингін де жүргізіп, Орталық Азия өңірінен алғаш рет біздің университетті «Бес жұлдыз» марапатына лайық деп тапты. Британдықтар кешенді бағалау барысында бірқатар көрсеткіштерге басымдық берген. Атап айтқанда: оқу процесі, жұмысқа орналасу мүмкіндігі, зерттеу нәтижелері, интернационалдандыру, қызмет көрсету, инновациялық жобалар, өнер және мәдениет жетістіктері.

Бұған қосымша, биыл International Achievements Research Center (IARC) (Монреаль, Канада) халықаралық конкурс комитеті «Жыл университеті – 2021» байқауын ұйымдастырды. Осы үздіктер бәйгесінде ҚазҰУ-ға білім мен ғылымдағы озық жетістіктері үшін «Басқару және көшбасшылық» аталымының сертификаты тапсырылып, «Жыл университеті» атанды. Бұл конкурс БАҚ пен интернет-дереккөздерін зерттеу және тұрақты мониторинг, контент-талдау жасауға негізделген. Сондай-ақ басқа университет, ғылыми және білім беру орталықтарындағы әріптестердің, тәуелсіз ғалымдардың, зерттеушілердің, оқытушылардың ұсыныстары ескеріледі.

Әлемдік академиялық қоғамдастықтың мойындауы – университеттің жаһандық бәсекеге қабілеттілігінің айқын көрінісі. Оқу орнының халықаралық беделге ие екенін және жаһандық ғылыми-білім беру кеңістігінде көшбасшылық позицияларды бағындырып отырғанын білдіреді. ЖОО серіктестеріне, білім беру саласындағы халықаралық сарапшыларға және шетелдік, сондай-ақ отандық талапкерлерге оқуға түсу үшін дұрыс



бағдар береді. Өйткені әрбір рейтинг егжей-тегжейлі талдау жүргізу арқылы жасалады.

Университет өзінің білім беру бағдарламалары мен зерттеулерін ілгерілетуге, бәсекеге қабілеттілікті арттыруға жол ашады. ЖОО жетістіктерін әлемдік қоғамдастыққа көрсету мен насихаттауға да мүмкіндік береді.

– Студенттерге сабақ беретін мамандарды іріктеуде талап күшейді ме? Теория мен тәжірибенің ұштасуына қаншалықты мән беріледі?

– Қазақстандық жоғары оқу орындарының білім беру қызметіне заман талабына сай қатаң талап қойылып отыр. Мәселен, оқытушылар білімінің оқытылатын пәндер бейініне сәйкестігі, сондай-ақ «ғылым кандидаты», «ғылым докторы» немесе «философия докторы» (PhD) ғылыми атақтары мен тәжірибесінің болуы есепке алынады.

Біздің университетте биылғы оқу жылында оқытушы-профессорлар құрамын іріктеу конкурс арқылы жүргізілді. Ол үшін тиісті ереже Директорлар кеңесімен бекітілді. Конкурс туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде жарияланды. Бақ сынаушылар арасында ашық бәсекелестік қамтамасыз етілді. Білім беру саласындағы, ғылыми мекемелердегі, халықаралық жобалардағы еңбек өтілі, шет тілін білуі ескерілді. Бұдан бөлек, АҚШ-тың Уэйн университетінің профессоры, математик ғалым Уалбай Өмірбаев пен Ұлыбританиядағы Кембридж университетінің профессоры, нейробиолог Базбек Дәулетов арнайы ұсынысымызбен дәріс оқуға кірісіп кетті.

Профессор Намазалы Омашев, Қали Сәрсенбай, Нұржан Жалауқызы, Қайнар Олжай бастаған бас редакторларымыз – журналистика факультетінде, Игорь Рогов, Мұсабек Әлімбаев сияқты белгілі заңгерлер – заң факультетінде білімі мен білігімен қатар бөлісуге келісім берді. Мұндағы мақсат – Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан сияқты ғұламалар жолын жалғастырып, теориямен қатар, практикалық білім беру үрдісін қалыптастыру. Алдағы уақытта да еңбек нарығының сұранысына қарай тәжірибелі мамандарды жұмысқа тарту көзделіп отыр. Сонымен қатар теорияны өндіріспен ұштастыру – дуалды оқыту жүйесі де енгізілді.

– Пандемия кезінде мектептермен қатар, жоғары оқу орындары да біршама қиындықтарға тап болды. Онлайн оқу білім сапасының төмендеуіне қаншалықты әсер етті?

– Әлемдік эпидемиологиялық ахуалға байланысты қашықтан оқытудың өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері болды. Алғашқы кезде порталдардың дұрыс жұмыс істемеуі, ауылдық жерде тұратын білім алушылардың интернетке қол жеткізе алмауы сияқты мәселелер туындағаны белгілі. Сондай-ақ практикалық бағыттағы пәндерді қашықтан оқыту қиындық тудырады. Бірақ осындай қолайсыздықтарға қарамастан, қашықтан оқытуды ұйымдастыруда және жоғары білім сапасын түсірмеуге университетіміздің оқытушы-профессор құрамының біліктілігі мен жоғары кәсіби деңгейі үлкен ықпал етті.



– Жақында университет жанынан Al-Farabi Business School ашылды. Бұл жерде не оқытады? Кімдер сабақ береді?

– Al-Farabi Business School бизнес мектебі Әл-Фараби бабамыздың мерейтойлық жылы аясында ашылған. Бизнес-мектептің басты міндеті – жаңа инновациялық экономиканың дамуын басқаруға қабілетті кәсіпкерлер мен бизнес көшбасшыларын даярлау. Бүгінде бизнес мектеп іскерлік әкімшілендіру магистрі (MBA), іскерлік әкімшілендіру докторы (DBA) білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ басшылардың кәсіби даму бағдарламаларын іске асырады. Қазір Farabi Business School қалыптасу үстінде, дегенмен бизнес мектеп Швейцария, АҚШ, Испания бизнес мектептерімен серіктес болып, оқу бағдарламаларын жан-жақты дамытып және болашақта екі дипломдық бағдарламаны жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

Мектепте сабақ беретін бизнес-тренерлердің ғылыми дәрежелері ғана емес, сонымен қатар әртүрлі салалардағы халықаралық компанияларда жинақтаған мол тәжірибесі бар. Олардың әрқайсысы өз саласының өте сауатты маманы және ақпаратты оқытудың жаңа технологиялары арқылы тиімді жеткізу қабілеттері жоғары.

– ҚазҰУ жанында тарихы 1949 жылдан бастау алатын Экономика және бизнес жоғары мектебі бар. Farabi Business School-дың бұл мектептен қандай айырмашылығы бар? Екі мектеп бірін-бірі көшіріп отырған жоқ па?

– Экономика және бизнес жоғары мектебі бизнес және басқару бағыты бойынша бакалавриат, магистратура, PhD деңгейлерінде фундаменталды және практикалық білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады. Танымал экономистерді, ғалымдарды, менеджерлерді даярлап шығарған тарихы терең факультет.

Экономика және бизнес жоғары мектебінде жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларынан Farabi Business School-дың бағдарламасы мүлде басқа. MBA, DBA бағдарламалары ең алдымен табысты компаниялардың тәжірибесі негізінде басқару дағдыларын қалыптастыруға және жетілдіруге бағытталған. Көбінесе бұл бағытты компания басшылары мен жеке кәсіп иелері, орта және жоғарғы менеджерлер таңдайды. Қазіргі сәтте денсаулық сақтау, білім беру, туризм, спорт және HR Персоналды басқару саласындағы MBA және DBA бағдарламалар әзірленуде.

MBA бағдарламалары – әлемдегі ең беделді және сұранысқа ие білім беру форматы. Мақсаты – менеджерлерді жаңа деңгейге көтеру, стратегиялық ойлауды қалыптастыру арқылы бизнестің кез келген саласында практикалық мәселелерді шешуге үйрету. Сондықтан Farabi Business School-дың MBA, DBA, Экономика және бизнес жоғары мектебінде жүзеге асырылатын білім беру бағдарламалары мазмұны, мақсатты аудитория, контингенті, оқу нәтижелері бойынша бірін-бірі қайталамайды, қайта толықтыра түседі.



– Америкада – Гарвард, Ресейде – Сколково. Ал Қазақстанда сондай брендке айналдыруға болатын бизнес мектеп бар ма?

– Қазір отандық бизнес мектептер тек қана елімізде емес, шет мемлекеттерде де танымалдыққа ие болып, нарықта табысты жұмыс істеуде. Олардың қайсысы әлемдік нарықта аса танымал болатынын дәл қазір болжап айту қиын. Дегенмен барлығы осы бағытта талпыныс жасау үстінде деп ойлаймын. Farabi Business School өз оқу үдерісін ұйымдастыру барысында табысты, рейтингі өте жоғары шетелдік бизнес мектептердің тәжірибесін алға ұстап отыр.

Батыстық үлгідегі бизнес-білім туралы диплом халықаралық мансапқа ұмтылатындар үшін үлкен артықшылық деп айта аламыз. Бірақ беделді құжат алу жолында оқуға түсуде бағдарламалардың қымбаттығы, әлеуметтік сипаттағы проблемалар елеулі кедергілер келтіреді.

ҚазҰУ-да бизнес-білім алу – оқу бағдарламаларын қазақстандық бизнестің нақты жағдайларына бағыттаумен ерекшеленеді. Қолжетімді әрі тілдік кедергі жоқ.

– Бизнес мектепті бітірген түлектер қаншалықты табысты кәсіпкер болады? Сараптама, статистика жүргізілме?

– Қазіргі экономикалық даму жағдайында кәсіпкерлік білім беру дамыған елдерде жаһандық трендке айналды. Мемлекет бас-

шысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жаппай кәсіпкерлікті дамыту және кәсіпкерлердің жаңа буынын дайындау бойынша жаңа міндеттер жүктеді. Осы міндеттерді шешу мақсатында Экономика және бизнес жоғары мектебі «Кәсіпкерлік», «Бизнесті ұйымдастыру», «Бизнес сараптама», «Бизнес этикасы», «Бизнес-жоспарлау», «Инвестициялық жобаларды модельдеу», «Қаржылық стратегия», «Қаржылық сауаттылық», «Салықтар және салық салу» сияқты т.б. қолданбалы талдау және практикалық бағыттағы пәндерді оқытады. Тәжірибе барысында білім алушылардың кәсіпкерлік қабілеттіліктерін анықтауға тырысады. Бизнес бастау туралы құлшынысын оятады. Қаржылық сауаттылық қалыптастырып, бизнес-жоспарлауды үйретеді. Студенттік стартап жобаларының жүзеге асырылуын кәсіпкерлік қабілеттіліктің анықталуы деп бағалауға болады. Әрине, білім алушылардың барлығы бірдей табысты кәсіпкер болуы екіталай. Бұл қалыпты тәжірибе. Кәсіпкерлік білім беру soft skills – «жеке дағдыларды» қалыптастыру тұрғысында маңызды.

– Әңгімеңізге рақмет.

**Сұхбаттасқан
Бақытжан БҰҚАРБАЙ**

*FORBES KAZAKHSTAN
журналы, 16 қараша 2021 жыл*





ГҮЛЖАН ҚАРАҒҰСОВА КӨШБАСШЫЛЫҚ ДӘРІС ОҚЫДЫ

Бүгін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, Қазақстанның мемлекет және саяси қайраткері, экономика ғылымының докторы, профессор, белгілі экономист Гүлжан Қарағұсова «Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан экономикасы» тақырыбында көшбасшылық дәріс оқыды.

Спикер ҚазҰУ ұжымында ұзақ жылдар еңбек еткенін тілге тиек етті. Оқуды бітірген соң, Саяси экономика кафедрасының ассистенті, аға оқытушысы, доценті қызметтерін атқарып, кейін Экономикалық теория негіздері кафедрасының профессоры болған кездерді еске алды. Көрнекті қайраткер ҚазҰУ берген білімнің көптеген мүмкіндіктерге жол ашқанын айтып, ел игілігі жолындағы аса жауапты қызметтерді абыроймен атқаруға да негіз болғанын жеткізді. Терең білім мен тәлімді тәрбиені ұштастыра білген ұлағатты ұстаздар еңбегіне бас иді.

Экономист-ғалым дәрісте тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында өзі куә болған тарихи оқиғаларды баяндады. Нарықтық экономика құрудың алғашқы қадамдары, бағалы қағаздар әлемінің өзгерістері, салық саясаты, мемлекеттің заңдық негізін құру барысы жөнінде мол мағлұмат берді. Болашақ мамандарға, ең алдымен, мәселені сыни тұрғыдан талдаудың маңыздылығын тәптіштеді. Дұрыс әрі көп сұрақ қоя білу ізденіске, шешімге әкелетінін нұсқады.

«Негізі жоспарлау болып табылатын әлеуметтік аспектісі бар экономиканың болашағы зор. Ол әрбір жеке азаматтың жағдайын қамтамасыз етеді. Ал әрбір азамат – біздің мемлекетіміздің мүшесі», – деп, мемлекет ісінде жоспарлаудың артықшылығына назар аударды.

Сөз соңында профессор университетте біліммен қатар, жақсы тәрбие берудің өзектілігіне оралды. Қазіргі заман жастар үшін адами, отбасылық құндылықтарды ішкі тірек еткен адам болып қалу міндеті тұрғанын баса айтты.

Сондай-ақ кездесуде қатысушылар әлеуметтік саясат, пандемиядан кейінгі әлемдік экономикалық жағдай төңірегінде сұрақтар қойып, пікір алмасты.



ГУЛЬЖАН КАРАГУСОВА ПРОЧИТАЛА ЛИДЕРСКУЮ ЛЕКЦИЮ

В КазНУ им. Аль-Фараби с лидерской лекцией на тему «Экономика Казахстана за годы независимости» выступила экономист, государственный и политический деятель Гульжан Карагусова. Мероприятие приурочено к празднованию 30-летия Независимости страны.

Поприветствовав слушателей, собравшихся в конференц-зале здания ректората, Гульжан Карагусова сказала, что всегда рада побывать в стенах родного альма-матер, помнит студенческую пору, замечательных преподавателей и годы работы в КазНУ, которые дали ей опыт, знания, привили чувство высокой ответственности и стремление все делать «на отлично».

«У вас, как у экономистов, должен быть сильнейшим стратегический анализ, – подчеркнула спикер. – Умение критически мыслить, перерабатывать огромное количество информации, анализировать, чтобы оценивать и выявлять сильные и слабые стороны экономики, учитывать ошибки и делать все, чтобы, учитывая опыт, не совершать их в будущем. Специалисты, владеющим стратегическим анализом, это национальное достояние! Политэкономика – всеобъемлющая сфера, в которой нужно пребывать 24 часа в сутки, чтобы всегда быть «на передовой», в курсе всех новостей, уметь анализировать, предвидеть и планировать», – отметила Г.Карагусова.

Слушатели проявили большой интерес к содержательной, яркой и насыщенной фактами лекции. Задавая вопросы, они благодарили лектора, активно участвовали в дискуссии.



ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ЕЛБАСЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы – саяси тұрақтылық пен экономикалық өркендеудің негізі ретінде Н.Назарбаевтың құқықтық моделі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Жиынның мақсаты – Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің қалыптасуы мен дамуы мәселелерін талқылау. Айтулы шара Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ұйымдастырылды.

Жиын басында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев құттықтау сөз сөйлеп, конференцияның маңыздылығына тоқталды. «Биыл – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл. Бұл еліміз үшін ерекше кезең, тарихи оқиға. Қазақстан қысқа уақыт ішінде үлкен жолдан өтті. Дербес саяси-құқықтық жүйе орнап, дамыған экономика құрылды. Ел болашағын айқындаған игіліктің барлығы Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген саясатының арқасында тиімді жүзеге асты», – деп атап өтті университет ректоры.

Шара барысында сөз сөйлеген Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің төрағасы Қайрат Мәми конференцияға жиналғандарды айтулы мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Сонымен қатар Жансейіт Түймебаев Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгенде алғаш құттықтаған Түркия Республикасы екенін тілге тиек етті. Өз кезегінде конференцияға арнайы қатысқан Түркия Республикасы Конституциялық сотының төрағасы Арслан Зухту қазақ халқын Тәуелсіздік мерекесімен құттықтады.

Конференция барысында қатысушылар Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы мен даму үдерістеріне саяси-құқықтық және әлеуметтік-экономикалық талдау жүргізді. Сонымен қатар жиналғандар еліміздің халықаралық кеңістіктегі рөлі мен адам құқықтарын қорғау жағдайын да ойталқыға салды.



НЕЗАВИСИМОСТЬ КАЗАХСТАНА И ЕЛБАСЫ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби состоялось Международная научно-практическая конференция «30 лет Независимости Казахстана – правовая модель Н.Назарбаева как основа политической стабильности и экономического процветания». Цель – обсуждение вопросов становления и развития государственной независимости Республики Казахстан. Знаменательное мероприятие была приурочена к 30-летию Независимости Республики Казахстан.

Открывая конференцию, с приветственным словом выступил Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев. В своей речи глава вуза отметил важность конференции.

«Каждое государство начинает свой путь развития – именно с момента обретения Независимости. В этом году мы отмечаем особо значимый и дорогой для нашей страны праздник – 30-летие Независимости страны. Мы напрямую связываем достижения нашей страны с именем Первого Президента Республики Казахстан, Лидера нации Нурсултана Абишевича Назарбаева, с его мудрой и взвешенной политикой», – сказал ректор университета.

Председатель Конституционного Совета Республики Казахстан Кайрат Мами поздравил собравшихся с 30-летием Независимости и выразил свои наилучшие пожелания.

Также, Жансеит Туймебаев отметил, что Турецкая Республика первым поздравила Казахстан с обретением независимости. В свою очередь, Председатель Конституционного суда Турецкой Республики Арслан Зухту поблагодарил участников конференции за теплый прием и поздравил с праздником.

В ходе конференции участники провели политико-правовой и социально-экономический анализ процессов становления и развития Казахстана как независимого государства, обсудили вопросы создания и развития правовой системы общества.



ҚАЗҰУ-ҒА ТҮРКИЯНЫҢ ЭКС-ПРЕЗИДЕНТІ АБДУЛЛА ГҮЛ КЕЛДІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Түркияның экс-президенті Абдулла Гүл келді. Ғылыми кітапханада белгілі саясаткер университеттің оқытушы-профессорлары және студенттерімен кездесу өткізді. Айтулы шараға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, Олжас Сүлейменов, Смағұл Елубай, Марат Тоқашбаев, Қали Сәрсенбай, Сәбит Шілдебай сынды зиялы қауым өкілдері, дипломаттар мен БАҚ өкілдері қатысты.

Шара барысында сөз сөйлеген Жансейіт Түймебаев құрметті мейманға университетке келгені үшін алғыс айтып, Қазақстан мен Түркияның көпжылдық жемісті ынтымақтастығының маңыздылығын атап өтті.

«Қазақстан мен Түркия – бауырлас мемлекет. Екі елдің қарым-қатынасы тәуелсіздікке дейін басталған. Қазақстан егемендігін алғанда алғаш құттықтап, достық ниетін жеткізген Түркия мемлекеті болатын. 1992 жылы Қазақстан мен Түркия мемлекеттері ресми түрде



дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Сондықтан біз үшін Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай және алдағы екі ел ынтымақтастығының 30 жылдығы аясында Түркия Республикасының 11-ші президенті Абдулла Гүл мырзаның университетімізге келгені айрықша мәртебе», – деді университет басшысы.

Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Түркияның экс-президенті Абдулла Гүл Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен құттықтап, ыстық лебізін білдірді.

Кездесу барысында Абдулла Гүл жиналғандарға дәріс оқыды. Сонымен қатар Түркияның қоғам қайраткері өзінің саяси саладағы көпжылдық тәжірибесімен бөлісіп, қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.

Шара соңында Абдулла Гүлге «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Құрметті профессоры» атағы берілді. Сондай-ақ университет ректоры Жансейіт Түймебаев мейманды «Әл-Фараби» Алтын медалімен марапаттады.



В КАЗНУ ПРИБЫЛ ЭКС-ПРЕЗИДЕНТ ТУРЦИИ АБДУЛЛАХ ГЮЛЬ

В КазНУ им. Аль-Фараби прибыл экс-президент Турции Абдуллах Гюль. В научной библиотеке выдающийся политик провел встречу с представителями профессорско-преподавательского состава университета, учеными и студентами.

В знаменательном мероприятии приняли участие Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, видные политики, представители интеллигенции такие, как Олжас Сулейменов, Смагул Елубай, Марат Токашбаев, Кали Сарсенбай, Сабит Шилдебай, дипломаты и представители СМИ.

Приветствуя почетного гостя, Жансеит Туймебаев подчеркнул значимость многолетнего плодотворного сотрудничества Казахстана и Турции.

«Казахстан и Турция – братские государства. Отношения двух стран начались еще до независимости. Наши турецкие братья первыми поздравили Казахстан с обретением суверенитета и выразили дружеские намерения. В 1992 году Казахстан и Турция официально установили дипломатические отношения. Поэтому для нас большая честь, что 11-й пре-



зидент Турецкой Республики Абдулла Гюль посетил наш университет в честь 30-летия Независимости и в рамках предстоящего 30-летия сотрудничества двух стран», – отметил ректор университета.

В свою очередь, прибывший в Казахстан с рабочим визитом экс-президент Турции Абдуллах Гюль поздравил казахстанцев с 30-летием Независимости и выразил свои наилучшие пожелания. Также почетный гость, отметил великую роль Елбасы Нурсултана Назарбаева в развитии Казахстана.

В ходе встречи экс-президент Турции Абдуллах Гюль прочитал собравшимся лекцию. Кроме того, политический деятель поделился своим многолетним опытом в политической сфере и ответил на вопросы участников.

В знак благодарности Жансеит Туймебаев вручил высокому гостю Золотую медаль «Аль-Фараби». Также известному политику присвоено звание «Почетный профессор Казахского национального университета имени Аль-Фараби».



ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНОЛОГИЯ САЛАСЫНДА ЖАҢА БАСТАМАЛАР ҚАЖЕТ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Микробиология және вирусология ғылыми-өндірістік орталығына арнайы барды. Университет басшысы ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау және қоршаған ортаны қорғауға арналған биологиялық және медициналық препараттармен танысты.

Кездесу барысында Микробиология және вирусология ғылыми-өндірістік орталығының жетекшісі Аманкелді Саданов университет басшысына мұнаймен ластанған топырақты микробиологиялық жолмен тазартуға арналған биопрепараттың дайындалу әдісі туралы әңгімеледі. Орталықтан шығатын бұл өнім Қазақстандағы мұнайлы өлке саналатын батыс аймағы үшін өте пайдалы. Өйткені препарат шетелдік өніммен салыстырғанда 10 есе арзан және екі есе тиімді көрінеді.

Орталықтың тағы бір жұмысы – жаңа отандық зеңге қарсы медициналық препарат. Жақпа майдың шетелден келетін дәрілерден басты артықшылығы – оның зең инфекцияларының қоздырғыштарына антибиотиктік-төзімділік қасиеті, қысқа мерзім ішінде емделіп шығуы және оның тиімділігінің жоғары болуында. Бұл отандық өнім ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығымен дәрілік заттардың мемлекеттік тізіміне енгізілген.

«ҚазҰУ ғылым мен білім жағынан жаңа бастамаларға қол жеткізуі қажет. Заманауи технологиялардың көмегімен жаңа препараттарды дайындауымыз керек. Осы тұрғыда көпжылдық тәжірибесі бар Аманкелді Садановтан үйренеріміз көп. Бірлесіп жұмыс жасау жаңа бастамаларға қол жеткізуге мүмкіндік береді», – деді университет ректоры.



НЕОБХОДИМЫ НОВЫЕ ИНИЦИАТИВЫ В ОБЛАСТИ НАУКИ И ТЕХНОЛОГИЙ

Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев посетил научно-производственный центр микробиологии и вирусологии. Ректор ознакомился с производством биологических и медицинских препаратов для сельского хозяйства, здравоохранения и охраны окружающей среды.

В ходе встречи руководитель центра познакомил ректора КазНУ с процессом изготовления препаратов, их основными характеристиками, нормами расхода и способами их применения.

Аманкелди Саданов подробно рассказал Жансеиту Туймебаеву о биопрепарате для рекультивации нефтезагрязненных почв. По его словам, этот продукт очень полезен для западных регионов страны. Потому что, биопрепарат снижает токсичность нефтезагрязненной почвы, способствует ее восстановлению и не оказывает вредного воздействия на другие экосистемы. К тому же, отечественный продукт стоит в 10 раз дешевле и в 2 раза эффективнее в отличии от зарубежных препаратов.

В числе представленных ректору продуктов есть и противогрибковый лекарственный препарат. Его достоинством является широкий спектр противогрибкового действия, высокая эффективность и краткий курс лечения. Приказом Министерства здравоохранения РК данная продукция включена в государственный перечень лекарственных средств.

«Необходимы новые инициативы в области науки и технологий. С помощью современных технологий мы должны готовить и выпускать новые препараты. В этом плане у Аманкелди Саданова, имеющего многолетний опыт, есть чему поучиться. Совместная работа позволит достичь новых вершин и достижений», – заключил ректор университета.



ИТАЛИЯ АРХЕОЛОГТАРЫН ҚАЗҰУ-ҒА ШАҚЫРДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Неапольдағы L’Orientale университетінің Азия, Африка және Жерорта теңізі зерттеулері факультетінің доценті Томмазо Тревизанимен кездесу өткізді. Тараптар Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен L’Orientale университеті арасындағы ынтымақтастықты одан әрі арттыру мәселелерін талқылады.

Университет басшысы әріптестікті дамыту үшін екі жоғары оқу орны студенттермен алмасып, тағылымдамадан өткізу, қосдипломдық бағдарламалар бойынша белсенді жұмыс жүргізу керектігін атап өтті. Сонымен қатар Жансейіт Түймебаев Неаполь университетінің ректорын, археолог ғалымдарды Қазақ ұлттық университетіне жұмыс сапарымен келуге шақырды.

Өз кезегінде Томмазо Тревизани кездесуге мүмкіндік бергені үшін ризашылығын білдіріп, L’Orientale университеті ректорының сәлемін жеткізді. Сондай-ақ мейман оқыту мен зерттеуге бағытталған тұрақты диалогты сақтаудың маңыздылығын атап өтті.



ИТАЛЬЯНСКИХ АРХЕОЛОГОВ ПРИГЛАСИЛИ В КАЗНУ

Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев провел встречу с доцентом факультета азиатских, африканских и средиземноморских исследований Университета Неаполя L'Orientale Томмазо Тревизани. Стороны обсудили вопросы дальнейшего сотрудничества Казахского национального университета имени Аль-Фараби с университетом L'Orientale.

Руководитель вуза отметил, что в целях развития двустороннего партнерства, необходимо активно работать в плане обмена и стажировки студентов, программ двудипломного образования. Также, Жансеит Туймебаев пригласил ректора университета L'Orientale, а также ученых-археологов посетить Казахский национальный университет с рабочим визитом.

В свою очередь, Томмазо Тревизани выразил благодарность за возможность встречи и передал теплые слова приветствия ректора университета Неаполя L'Orientale. Также, гость отметил важность поддержания стабильного диалога, направленных на обучение и проведение исследований.



ҚАЗҰУ-ДА «МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАСТАР ФОРУМЫ ӨТТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Мен жастарға сенемін!» республикалық патриот жастардың форумы өтті. Дәстүрлі түрде тоғызыншы мәрте өткізіліп отырған шара Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мен Тұңғыш Президент күніне орай ұйымдастырылды. Ауқымды іс-шараның басты мақсаты – инновация мен шығармашылықты ұштастыру арқылы жастар патриотизмін дамыту.

Форумға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының басқарма төрағасы Есетжан Қосубаев, Алматы облысы Ақсу ауданы Қапал ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Владимир Чепел және форум жеңімпаздары мен студенттер қатысты.

Шара басында сөз сөйлеген университет ректоры Жансейіт Түймебаев форум қатысушыларын жеңісімен құттықтап, ыстық лебізін білдірді.

Биыл форумға қатысушылар эссе жазу, инновациялық жоба, көркем сөз оқу, бейнеролик дайындау, азаматтық-патриоттық бағыттағы поэзиялық шығарма жазу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоба мен сурет өнері сияқты сегіз бағыт бойынша бақ сынасты. Гала-концерт барысында әр номинация бойынша жеңіске жеткен гран-при иегерлеріне бір жылдық грант сертификаты табысталды. Сонымен қатар шарада бірінші, екінші және үшінші орын иегерлері де марапатталды.



В КАЗНУ ПРОШЕЛ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ МОЛОДЕЖНЫЙ ФОРУМ «МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!»

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби прошел республиканский форум молодежи «Мен жастарға сенемін!», посвященный 30-летию Независимости страны и ко Дню Первого Президента РК.

На торжественной церемонии награждения были подведены итоги и названы победители конкурсов масштабного молодежного форума, целью которого является развитие патриотизма сквозь призму инноваций и творчества.

В мероприятии приняли участие Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, Председатель Правления «Государственного центра поддержки национального кино» Есетжан Косубаев, главный специалист аппарата акима Капалского сельского округа Аксуского района Алматинской области Владимир Чепел и представители молодежи.

Открывая мероприятие, Жансеит Туймебаев поздравил участников форума с победой и выразил свои наилучшие пожелания.

В этом году в адрес оргкомитета поступило около 2 тысяч конкурсных работ от студентов из более 100 вузов со всех регионов страны. Среди них как индивидуальные проекты и произведения, так и плоды коллективного творчества.

Программа форума, который проводится с 2013 года, на этот раз состояла из 8 номинаций: лучший студенческий инновационный социально значимый проект «Мой реальный вклад в инновационное развитие страны», лучший экологический проект «Беречь родную природу – гражданский долг!», лучшее поэтическое произведение «Мен жастарға сенемін!», лучший антикоррупционный проект «Sanaly ugraq», лучшее эссе «Что я могу сделать для процветания своей страны?», лучшее художественное чтение среди молодежи других этносов «Қазақ тілі – татулық тілі», лучший рисунок «Тәуелсіздік және жастар» и лучший видеоролик «Врач – уважаемая профессия».

Обладателям гран-при был вручен сертификат на 1 год бесплатного обучения в КазНУ им. Аль-Фараби.



ҒЫЛЫМИ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА ТАЛАПТАРЫ

Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың кезекті Ғылыми кеңесінде университет дамуының маңызды сұрақтары талқыланды. Күн тәртібіне ғылыми инфрақұрылымды жаңғырту мен ғылымды цифрландыру, бизнес үдерістерін оңтайландыру мен цифрлық реинжиниринг және қазіргі заманғы жағдайларда қашықтан оқытуды іске асыру үшін оқытушы-профессорлар құрамының цифрлық құзыреттерін дамыту сұрақтары талқыланды.

Білім ордасының Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ғалымдар назарын ғылыми-инновациялық қызметті жандандыруға аударды. Жаңа препараттар жасап, оны қаржыландырумен айналысатын ғылыми-зерттеу институттары мен зертханалардың жұмысын мысалға келтірді. Ғалымдарды ел экономикасын ынталандыратын және қоғам мен университетке үлкен пайда әкелетін жаңа ғылыми өзірлемелер мен өнімдерді жасауға барлық білім мен күш-жігерді жұмылдыруға шақырды.

Сонымен қатар кеңесте оқытушы-профессорлар қауымы өзге де өзекті мәселелерді қарастырып, өз пікірлерін ортаға салды. Сондай-ақ ҚазҰУ студенттеріне демеулік шәкіртақылар, оқытушыларға түрлі марапаттар табысталып, Journal of problem in computer science and information technologies журналын құру, ғылыми атақ беру туралы ұсыныстар бірауыздан қабылданды.



НОВЫЕ ТРЕБОВАНИЯ К МОДЕРНИЗАЦИИ НАУЧНОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ

На очередном ученом совете КазНУ им. Аль-Фараби были обсуждены актуальные вопросы, связанные с модернизацией научной инфраструктуры в университете, оптимизацией работы и развитием цифровых компетенций профессорско-преподавательского состава для реализации дистанционного обучения в современных условиях.

На ученом совете Председатель Правления – Ректор НАО «Казахский национальный университет имени Аль-Фараби» Жансеит Туймебаев акцентировал внимание ученых на активизации научно-инновационной деятельности. Были приведены конкретные примеры некоторых научно-исследовательских институтов и лабораторий, которые разрабатывают новые препараты и занимаются их реализацией.

Ректор вуза призвал ученых консолидироваться и направить все силы и знания на создание новых научных разработок и продуктов, которые будут стимулировать экономику страны и принесут большую пользу обществу и вузу.

Кроме того, на заседании были рассмотрены и обсуждены вопросы о создании журнала *Journal of problem in computer science and information technologies*, рекомендации к изданию монографий преподавателей университета и присвоению преподавателям ученых званий.



ТАУМАН АМАНДОСОВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ

Қазақ журналистикасының алтын ұясы – Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде көрнекті ғалым Тауман Амандосовтың туғанына 100 жыл толуына орай, «Журналистика, баспа ісі, медиадизайн: бүгінгі тренд және даму тенденциясы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Жиылған қауым алдымен қазақ баспасөзінің корифейі Тауман Амандосовтың өмірі мен шығармашылығына арналған кітап және фотокөрмемен танысты.

Конференцияны Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев құттықтау сөзбен ашып берді. Университет басшысы тау тұлғалы қайраткердің ұстаздық ұлы қасиеттеріне тоқталды. «Тауман Амандосов қара шаңырақты тамамдаған соң, университетте тапжылмай сабақ берді. Көптеген талантты шәкірт тәрбиелеп, қазақ журналистикасының дамуына өлшеусіз еңбек сіңірді. Профессор оқу орнымыздың филология, журналистика факультеттерін абыроймен басқарды. Теле-радио кафедрасының ашылуы да Тауман Амандосов есімімен байланысты», – деді университет басшысы.

Сондай-ақ алқалы жиында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Сауытбек Абдрахманов, профессор Намазалы Омашев, Қазақстан журналистер академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев, Жазушылар одағы төрағасының орынбасары, ақын Бауыржан Жақып және өзге де ғалымның көптеген шәкірттері сөз арнап, ұстаз тағылымы жайлы ой толғады.



100 ЛЕТ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ ТАУМАНА АМАНДОСОВА

На факультете журналистики Казахского национального университета имени Аль-Фараби прошла Международная научно-практическая конференция «Журналистика, издательское дело, медиадизайн: тренды сегодня и тенденции развития», посвященная 100-летию со дня рождения выдающегося ученого Таумана Амандосова.

Собравшиеся ознакомились с книжной и фотовыставкой, посвященной жизни и творчеству корифея казахской журналистики Таумана Амандосова.

С приветственным словом открыл конференцию Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев. Руководитель университета рассказал о прекрасных качествах известного ученого и привел примеры из его жизни, рассказал об его манере чтения лекции, поведении и выступлениях, которые были отличным примером для молодежи. «Тауман Амандосов после окончания университета всю жизнь преподавал в альма-матер. Воспитал много талантливых учеников, внес неоценимый вклад в развитие казахской журналистики. Профессор с честью руководил факультетами филологии, журналистики нашего учебного заведения. Открытие кафедры теле-радио также связано с именем Таумана Амандосова», – сказал ректор.

Также на заседании выступили: депутат Мажилиса Парламента РК Сауытбек Абдрахманов, профессор Намазалы Омашев, президент Академии журналистов Казахстана Сагымбай Козыбаев, заместитель председателя Союза писателей, поэт Бауыржан Жакип, профессор КазНУ Какен Камзин, руководитель телеканала «Алматы» Нуржан Мухамеджанова и многие другие.



ҚАЗҰУ МАГИСТРАНТТАРЫ ВИСМАР УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ДИПЛОМЫН АЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ғылыми кеңесінің отырысында Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев заң факультетінің түлектері Жандос Жетпісбай мен Досжан Қасымбековке Висмар университетінің магистрлік дипломдарын табыстады.

Магистранттар шетелде озық тәжірибе жинақтауға мүмкіндік берген университет басшылығына алғыстарын білдірді. Олар екі университеттің білім беру бағдарламаларын сәтті аяқтап, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Құқықтану» мамандығы бойынша заң магистрі және Висмар университетінің (Германия) неміс және халықаралық сауда құқығы бойынша неміс заң магистрі (L.L.M) дәрежесі бар, Еуропалық одақта мойындалған екі дипломға ие болды.

Екі университеттің білім беру бағдарламалары бір-бірінен дербес жүзеге асырылады. ҚазҰУ-дың магистранттарына арналған Висмар университетіндегі бағдарламалар «Неміс және халықаралық коммерциялық құқық» мамандығы бойынша нарықтық экономика саласындағы заңгерлерді даярлау аясында жүзеге асырылады.





МАГИСТРАНТАМ КАЗНУ ВРУЧИЛИ ДИПЛОМЫ УНИВЕРСИТЕТА ВИСМАРА

На заседании ученого совета Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев вручил выпускникам-магистрантам юридического факультета Жандосу Жетписбаю и Досжану Касымбекову дипломы университета г.Висмара.

Магистранты выразили слова благодарности руководству университета за предоставленную возможность получить передовой практический опыт за рубежом. Они успешно выполнили образовательные программы двух университетов и после завершения обучения получили два диплома: КазНУ им. Аль-Фараби – степень магистра юридических наук по специальности «юриспруденция» и университета г.Висмара (ФРГ) – немецкая степень магистра права (Master of Law, L.L.M) по специальности «немецкое и международное коммерческое право», признанной в Европейском союзе.

Учебные образовательные программы двух университетов реализуются как самостоятельные. Обучение для магистрантов КазНУ им. Аль-Фараби в университете Висмара осуществляется в рамках подготовки юристов в области рыночной экономики по специальности «Немецкое и международное коммерческое право».



ҚАЗҰУ СТУДЕНТЕРІ КӘСІПКЕР АТАНДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жас кәсіпкерлер форумы өтті. Спикер ретінде Нұрлан Смағұлов, Арманжан Байтасов, Асылбек Қожахметов, Қайрат Мәжібаев, Гауһар Қаппарова, Нұржан Жаңабеков және басқа да көптеген танымал кәсіпкерлер сөз сөйледі.

ҚазҰУ мен TAN Media Group ұйымдастырған форум Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мен ҚР Тұңғыш Президенті күніне орай ұйымдастырылды.

Шараның басында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев жиналғандарды форумның ашылуымен құттықтап, маңыздылығына тоқталды. «Қазақстан экономикасының тәуелсіздік жылдары бағындырған белес, алған асуында кәсіпкерліктің үлесі зор. Қазіргі таңда біздің елімізде жас бизнесмендерге жан-жақты қолдау көрсетіліп келеді. Мәселен, ҚазҰУ-да Экономика және бизнес жоғары мектебі жұмыс істейді. Жыл сайын осы жерден 500 бакалавр, магистр және PhD докторлары оқуларын тамамдап шығады. Бүгінгі өтіп жатқан форумның жас мамандар үшін берері мол деп есептеймін», – деп атап өтті Жансейіт Түймебаев.

Форум аясында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен «TAN Media Group» ЖШС ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Сонымен қатар форум аясында екі апта бұрын ұйымдастырылған «Media café» байқауының қорытындысы жарияланды. Сайыста үш адамнан құралған топ, яғни Нұрсұлтан Оңдасынов, Әсем Ерланова, Дінаман Серікқан өздерінің креативті жобаларын ұсынып, бір жыл кофехананы басқару грантын жеңіп алды. Форум ұйымдастырушылары университет аумағында кофехананың құрылуын толық қаржыландыратын болады.



СТУДЕНТЫ КАЗНУ СТАЛИ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЯМИ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби состоялся форум молодых предпринимателей. Спикерами выступили известные бизнесмены такие как Нурлан Смагулов, Арманжан Байтасов, Асылбек Кожаметов, Кайрат Мажибаев, Гаухар Каппарова, Нуржан Жанабеков и многие другие.

Форум, организованный КазНУ и TAN Media Group, приурочен к 30-летию Независимости страны и дню Первого Президента РК – Елбасы Нурсултана Назарбаева.

Открывая мероприятие, с приветственным словом выступил Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев. В своей речи он отметил, что развитие предпринимательства, особенно молодежного, является важнейшей задачей для нашей страны и экономики. «Проводимый форум для молодого поколения предпринимателей особенно важен тем, что они узнают много полезной и нужной информации, о тех моментах успеха, которые пришли через большие трудности и огромный труд. И я думаю, что этот форум даст огромную мотивацию для молодого поколения предпринимателей. Они обретут много друзей и единомышленников, поделятся своим опытом и получат нужные советы для начинания или продолжения своего бизнеса», – подчеркнул руководитель вуза.

В ходе мероприятия КазНУ им. Аль-Фараби и TAN Media Group подписали меморандум о сотрудничестве.

В рамках форума были подведены и итоги конкурса «Media café», который был организован за 2 недели до форума среди студентов КазНУ. Победителем стала команда из трех студентов. Нурсултан Ондасынов, Асем Ерланова, Динаман Серикхан представили свой креативный проект и выиграли грант на управление кофейней в течение года. А организаторы форума полностью профинансируют создание кофейни на территории университета. Сюда входит: обеспечение всем необходимым оборудованием, обучение и наставничество.

Участвуя в форуме молодых предпринимателей, который проводится первый раз в стенах университета, студенты почерпнули для себя море полезной информации.



ТӘУЕЛСІЗДІК – ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТТІҢ ЕРЕН ЕҢБЕГІ

Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, студенттері, магистрант-докторанттары!

Сіздерді 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Биыл Тұңғыш Президент күні ең қастерлі мереке – Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Айтулы мемлекеттік мейрам осыдан 10 жыл бұрын, яғни 2011 жылдың 10 желтоқсанында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ел алдындағы еңбегіне жоғары баға беру мақсатында бекітілді.



Бұл қарарға 1991 жылы 1 желтоқсанда өткен алғашқы жалпыхалықтық президент сайлауы негіз болған еді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты жолдауында: «Қазақстан Тұңғыш Президентіміз – Елбасының дара саясатының арқасында табысты ел ретінде бүкіл әлемге танымал болды. Ең басты жетістігіміз – біртұтас ел болып, жаңа мемлекет құрдық. Іргемізді бекітіп, еңсемізді тіктедік. Халықаралық қауымдастықтың белді мүшесіне айналдық. Тұрақты қоғам қалыптастырып, орнықты даму жолына түстік», – деп, ендігі жерде мемлекетті нығайту үшін тынымсыз ізденіп, ұдайы алға ұмтылуымыз қажеттігіне басымдық берді.

Тәуелсіздік тарихы және Қазақстанның қалыптасуындағы ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ерен еңбегін айшықтау мақсатында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жыл басынан бері бірқатар шаралар ұйымдастырды. Елбасы саябағы, Ғалымдар бағы, Ағаштар аллеясы ашылып, 1000-ға жуық көшет отырғызылды. Онлайн форматта еліміздің саяси қайраткерлері, ғалымдар, елшілер дәріс оқып, ғылыми-тәжірибелік конференциялар жүзеге асты.

Тәуелсіздіктің қалыптасуындағы білім мен ғылымның рөлі туралы кітаптар мен оқулықтар сериясы жақын күндері жұртшылыққа таныстырылады. Ал бүгінгі күннен «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» онкүндігі өз жұмысын бастайды.

Онкүндіктің алғашқы шарасы Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың туған жерінен бастау алып отыр. ҚазҰУ студенттері мен оқытушыларынан құралған «Елбасы жолымен» арнайы экспедициясы Шамалған ауылындағы Тұңғыш Президенттің «Атамекен» тарихи-мәдени орталығында болып, Ұлт көшбасшысының балалық шағы мен қызметтік жолымен танысып қайтты.

Онкүндік аясында Елбасының «Ұлы дала ұлағаттары», Президент Қ.К.Тоқаевтың «Он делает историю» кітаптарын талқылау, «Тәуелсіздік – 30» флешмобы, «Тәуелсіздік толғауы» поэзия сағаты, «Балалық шағымның аспаны» кино кеші, «Қазақстан тәуелсіздігі және түркі әлемі» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы және басқа шаралар жоспарланған. Сіздерді осы жобаларға белсене атсалысуға шақырамын.

Құрметті әріптестер, білім алушылар!

Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ел болашағының баянды болмағы баста бұлықсыған білім мен қолда ойнаған еңбекке байланысты» деген қанатты сөзі әрдайым жадымызда тұруы тиіс. Мерекемен құттықтай отырып, ел болашағы үшін атқарып жүрген абыройлы еңбектеріңіз табысқа бөлесін дегім келеді.

Ынтымақ пен бірлікті, татулық пен достықты ту еткен Ұлы дала елінің болашағы жарқын болсын! Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке, жақындарыңызға амандық тілеймін!

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры

Елбасы жастарға тарихи миссия жүктеді

Биыл – Қазақ елі үшін ғасырлар бойы күткен және қантөгіссіз қол жеткізген тәуелсіздіктің 30 жылдығы. Жүрегі «елім» деп соққан әр азамат үшін бұл – елеулі оқиға, тарихымызды танудағы бетбұрысты кезең. Ғасырдың үштен бірін тәуелсіздік кезеңінде өмір сүріп қарсы алған алтыннан қымбат уақыт және өткенімізді бағалап қорытындылайтын, сондай-ақ алдымызға үлкен жоспарлар қоятын маңызды мезет. Түрлі қиын-қыстау, зар заманды басынан өткерген тағдырлы ұлтымыз үшін етек-жеңімізді жиған осындай еркіндік кезең бұрын-соңды болған емес. Сондықтан тәу еткен тәуелсіздігіміз біз үшін аса құнды, ерекше бағалы.



Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жақында өткен «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында: «Біз Тәуелсіздіктің 30 жылдығын айтулы жетістіктермен қарсы алып отырмыз. Қуатты елге айналып, бірлігі бекем қоғам құрдық. Отыз жылда 9,5 миллионнан астам сәби дүниеге келді. Бұл – көзі ашық, көкірегі ояу, санасы азат, ойы озық жаңа буын. Мемлекеттілікті сақтап, «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясын ақиқатқа айналдыру осы ұрпақтың тарихи миссиясы деп санаймын», – деген еді.

Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев жыл басында жариялаған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Тарихқа көз жүгіртсек, әр буын белгілі бір сынақты басынан өткереді. Біздің бабаларымыз «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаны», аталарымыз алапат ашаршылықты, қуғын-сүргінді, дүниежүзілік соғысты көрді. Тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, тілімізден, діліміз бен дінімізден айырылып қала жаздадық. Оның бәрі тәуелсіздіктің арқасында халқымызға қайта оралды», – дей келе, ендігі жерде ұлт пен ел ретінде сақталып қалу үшін бүгінгі және болашақ ұрпақ жаңа сын-қатерлерге дайын болуы керектігін атап өтті.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен қатар, тағы бір ерекше назар аударатын мемлекеттік мейрам – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың мемлекет алдындағы еңбегіне жоғары баға беру мақсатындағы айтулы мерекені бекіту туралы 2011 жылы 10 желтоқсанда қарастырылған шешімнің бекітілгеніне де 10 жыл толды. Бұл қарарға алғашқы жалпыхалықтық президент сайлауы негіз болған еді.

Отыз жыл бұрын, яғни 1991 жылдың 1 желтоқсанында Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты хан көтерген алғашқы референдумда дүйім жұрт Мемлекет басшысын бірауыздан қолдап, зор құрметі мен сенімін көрсетті. Аса күрделі, өтпелі кезеңде халықтың дұрыс таңдау жасағанына арада көп уақыт өтпей-ақ көзіміз анық жетті. Өйткені сол жылдары көрші елдерде бас көтерген, Балтық бойы мемлекеттерінде орын алған оқиғалармен салыстырғанда Қазақстан бірден дамудың даңғыл жолына түсті. Елбасы ел экономикасының өркендеп, дағдарыстан шығуына нақты қадамдар жасады. Маңызды мемлекеттік шешімдер мен батыл реформалар нәтижесін көп күттірген жоқ. Екіншіден, саяси тұрғыдан алып қарағанда, ішкі айтыс-тартыстар болған жоқ, ұлтаралық, дінаралық қақтығыстарға жол берілмеді. Рухани-әлеуметтік салада дамып-жетілуді көздеп алға жылжыдық. Тұңғыш Президентіміз басқа елдерге қарағанда ұлттық құрамы әртекті елді бейбітшілік пен келісімде ұстап, азаматтық соғыссыз елімізді үш онжылдық белеске көтерді. Бұл – Елбасымыздың көшбасшылығы, көрегендігі және аса жоғары ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында қол жеткізген ірі жеңісі.

Біз куә болған тағы бір оқиға – егемендік алғаннан кейін әлемнің түкпір-түкпірінен беделді, таңдаулы экономистер елге шақырылды. Тұңғыш Президент олармен жан-жақты ақылдаса отырып, жетпіс жылдан аса социализм жүйесінде өмір сүрген елді мүлде жаңа бағытқа бастады. Ел-жұртты жаңа заманға, нарықтың заңы мен талабына бейімдеді. Ұзақ жылдар бойы халық санасында қалыптасып қалған социалистік жүйені



өзгерту оңайға соқпады. КСРО құрамындағы өндірістік, өнеркәсіптік байланыстардың құлдырап, ыдырауы, зауыт-фабрикалардың жабылуы, қалыптасқан жүйенің бұзылуы қоғамға өте ауыр тиді. Дегенмен Елбасы қысқа кезең ішінде шұғыл байлам жасап, өндіріс орындарын ашып, ауыл шаруашылығын ретке келтірді.

Әрине, бүгінгі әлеуметтік-экономикалық, саяси жетістікке біздің қоғам бірден жете қойған жоқ. Тоқырау да, дағдарыс та, кеткен қателік те болды. Бірақ біз одан дер кезінде сабақ ала білдік. Бұл туралы Елбасымыз өзінің «Сындарлы он жыл» кітабында: «Біз өз жолымызда тоқыраулардың болмауы үшін кепілдік бере алмаймыз. Алайда біздің қоғамның негізінде жатқан көпжылдық тәжірибе мен дәстүрдің кез келген тоқыраудан абырой арқалатып және пайдаға кенелтіп алып шығатынына кепілдік бере аламыз. Бұл біздің қолымыздан келеді. Біздің халықтың бойында буырқанған интеллектуалды және рухани күш-қуат бар», – деп жазады.

Бүгінгі жастар тәуелсіздік тұғырын берік орнықтыру жолында күш-жігерін аямаған Ұлт көшбасшысының қандай құрметке де лайық тұлға екенін білуі тиіс.

Біз мемлекеттің қалыптасу кезеңін ару қала – Алматыда, білім мен ғылымның қара шаңырағы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қарсы алдық. Тәуелсіздік алған жылдары елімізде салалық маман кадрлар өте тапшы болды. Біздің университет оқытушыларын Президент әкімшілігіне, Парламентке, Үкіметке, түрлі министрліктерге шақырып жатты. Қазір солардың басым бөлігі егемендіктің қалыптасып, дамуына тер төккен, еңбек сіңірген көрнекті мемлекет, қоғам қайраткерлеріне айналды.

Мен тәуелсіздіктің ақ таңында мемлекеттік қызметті Сыртқы істер министрлігінен бастадым. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде сырттан қонақтарды қабылдауына, ең алғашқы ресми сапарларды ұйымдастыруға атсалыстық. Мысалы, сол уақыттағы Түркия Президенті Тұрғыт Өзалдың елімізге алғашқы сапары мемлекетіміздегі айрықша маңызды оқиға ретінде тарихта қалды. Сапар барысында «Анкара» халықаралық қонақүйінің іргетасы қалануы, Елбасының Тұрғыт Өзалмен бірге Түркістанға барып, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне зиярат етуі, Халықаралық қазақ-түрік университетінің ашылуы тәуелсіздіктің алғашқы жемісі еді.

Түрік Республикасының Президенті Режеп Тайып Ердоған осы оқиғаларды еске ала отырып: «Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев – өз заманының аса көрнекті тұлғасы және түркі жұртының ақсақалы. Біз Нұрсұлтан Назарбаевтың халықаралық бастамаларына әрқашан да ашықпыз әрі зор құрметпен қабылдаймыз. Қазақстан Президентінің түркі әлеміндегі беделі биік, Нұрсұлтан Назарбаевтың барша түркі халықтарының басын біріктіріп, бауырлас түрік елімен қарым-қатынасты нығайтуға сіңірген ерен еңбегін атап өтпеуге болмайды», – деген баға берген-ді.

Ал тәуелсіздік алғанымызға бес жыл толмай тұрып, астананы көшіру туралы Елбасының тарихи шешім қабылдауы осы күні ойласақ, шынында да, үлкен ерлік екен. Әу баста оның жүзеге асарына көп адам сенген жоқ. Уақыт өте келе, Қазақстан – үлкен саяси-экономикалық орталыққа, Нұр-Сұлтан қаласы – Еуразия жүрегіне айналды. Түрлі халықаралық жиындар, басқосулар өткізіле бастады. Атап айтқанда: Шанхай ынтымақтастық



ұйымының, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің, ТМД елдері басшыларының, Еуразиялық қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының саммиті ұйымдастырылды. Осындай беделді халықаралық шаралардың басы-қасында жүру, оны абыроймен өткізу үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Жақында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да қонақта болып, көшбасшылық дәріс оқыған Түркияның 11-ші президенті Абдулла Гүл: «Біз Нұр-Сұлтан деп аталатын алып қаланың қалай қалыптасқанын көзімізбен көрдік. Бүкіл түркі әлеміне әйгілі рухани орда – Түркістан қаласының қалай түлеп, бой түзеп жатқаны да жіті назарымызда. Қазақстанның әр жылдардағы, әсіресе соңғы жиырма жылдағы даму жетістіктерімен етене таныспын. Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевпен жақын араласып, жағдайдың бәрін біліп отырдым. «Көшбасшы» деген қандай сипатта болу керек? Осы сұраққа ойланып көрдіңіздер ме? Мен сіздерге айтайын, көшбасшы деген – көреген, жанкешті болуы керек. Міне, сіздердің көшбасшыларыңыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – әлем елдерімен саяси ынтымақтастық орнатқан жанкешті, көреген, кемеңгер тұлға», – деп, Қазақ елінің даму факторларын жан-жақты сараптап берді.

Осы орайда, Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің біздің Елбасымыздың атына айтқан мына бір жылы лебізі де егемендіктің айбынын асқақтата түседі: «Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасында біздің елдеріміздің арасында әріптестіктің мықты іргетасы қаланған. Президент Назарбаев елдеріміздің достығын нығайту үшін қаншама жыл аянбай еңбек етті. Қазақстан мен Қытай арасындағы қа-

рым-қатынасты дамытуға зор үлес қосқан Нұрсұлтан Назарбаевты Қытай елі жақсы біледі және аса құрметтейді».

Егемендіктің алғашқы жылдарында Елбасының сенімімен жанында қызмет атқарып, отыз жыл ішіндегі ел дамуына азды-көпті үлес қосуым – жеке басым үшін үлкен бақ деп санаймын. Шетелдік ресми сапарлары мен келіссөздері барысында көп мәселені топ бастаған көсемдігімен, тауып айтар шешендігімен шешетін. Кей кездесулер алдында кірпік ілмейтін. Қазақстан мен Еуропа елдеріндегі уақыт айырмашылығы – алты сағат, соған қарамастан, ұшақтан түсе салысымен ресми қабылдауға бірден баратын. Әскери салтанатты шеруге қатысып, президентпен жеке жүздесіп, екіжақты келісімге қол қойып, түрлі министрлердің баяндауын тыңдап, одан кейін баспасөз мәслихатында БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап беретін. Одан қалса, екіжақты ынтымақтастықты дамытуға арналған бизнес-конференциялар, ең қажетті деп саналатын өндіріс орындарын аралау міндеті күтіп тұрады. Университеттерде сөз сөйлейді. Оқу орындарындағы жиын 30 минуттан бір жарым сағатқа созылады. Сонда Елбасы бір күнде он екі-он үш шараға қатысып, еліміздің саясатын түсіндіреді, мәнжайын баяндайды. Сөйтіп, таңғы сағат жеті-сегізден басталған жұмыс түнгі бірге қарай аяқталады. Еуропадағы уақыт айырмашылығына сай, 29-30 сағат жұмыс істеуге тура келеді. Сапарға бірге шыққан азаматтардың шаршап, жығылып түсетінін көргенбіз. Шындығында, мұндай өте ауыр жүкті белі қайыспай қара нар ғана көтереді. Елбасының осы еңбегін өскелең ұрпақ, бүгінгі жастар білуі тиіс.

«Айқын» газеті, 1 желтоқсан 2021 жыл



ТҰЛҒАЛАР ТОЙЫ ЕКІ ХАЛЫҚҚА ДА ОРТАҚ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев «Қазақ-қырғыз – Алаштан» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысты. Айтулы шара түркі әлемінің ортақ мақтанышы, қазақ-қырғыз бауырластығын бекемдеуге зор үлес қосқан жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығы, сонымен бірге қырғыз халқының көрнекті тұлғалары, Алаш қайраткерлері Жүсіп Әбдірахманов пен Қасым Тыныстановтың туғанына 120 жыл толуына орай өтіп отыр.

Конференцияға ҚР Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев, Қырғыз Республикасының Мемлекеттік хатшысы Сүйүнбек Касмамбетов, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова, Қырғыз Республикасының мәдениет, ақпарат және туризм министрі Азамат Жаманкулов, Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі, сондай-ақ бір туған екі елдің зиялы қауым өкілдері мен танымал ғалымдары қатысты.

Жиында сөз сөйлеген Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев бауырлас екі ел ежелден бір-біріне етене жақын екенін айтты. «Қазақ-қырғыз – бір туған. Биыл бауырлас екі елдің тәуелсіздігіне 30 жыл толып отыр. Азаттықтың ақ таңы біздің жиі араласуымызға, тарихымызды тануға, батырларымыз бен ақындарымызды құрметтеуге зор мүмкіндік сыйлады. Мәселен, жырау Жамбыл бабамыздың 175 жылдығы екі елде қатар тойланды. Бүгін қырғыз халқының көрнекті тұлғалары Жүсіп Әбдірахманов пен Қасым Тыныстановтың 120 жылдығын атап өтіп отырмыз», – деді университет басшысы.



ЮБИЛЕИ ЛИЧНОСТЕЙ – ОБЩИЙ ПРАЗДНИК НАРОДОВ

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев принял участие в международной научно-практической конференции «Қазақ-қырғыз – Алаштан», организованной Международной Тюркской академией. Мероприятие приурочено к 175-летию со дня рождения великого поэта Жамбыла Жабаева и 120-летию со дня рождения выдающихся личностей кыргызского народа – Жусупа Абдрахманова и Касыма Тыныстанова.

В конференции приняли участие Государственный секретарь Республики Казахстан Крымбек Кушербаев, Государственный секретарь Кыргызской Республики Суюнбек Касмамбетов, Министр культуры и спорта Республики Казахстан Актоты Раимкулова, Министр культуры, информации и туризма Кыргызской Республики Азамат Жаманкулов, Президент Международной Тюркской академии Дархан Кыдырали, а также известные ученые и представители интеллигенции двух стран.

В ходе международной конференции выступил и Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев. Он отметил, что ярким проявлением отношений двух стран стало объединение казахско-кыргызской интеллигенции в рамках национально-освободительного движения Алаш. «Казахи и кыргызы – братья. Это сближает нас. Сегодняшнее поколение знает о тесном творческом взаимодействии Жамбыла с кыргызскими поэтами. Это дало нам возможность узнавать наши истории, уважать наших героев и поэтов. Была начата работа по популяризации общего культурного и духовного наследия. 175-летие великого поэта Жамбыла отпраздновали в двух странах. И сегодня мы отмечаем 120-летие выдающихся личностей кыргызского народа Жусупа Абдрахманова и Касыма Тыныстанова», – сказал Жансеит Туймебаев.

В рамках конференции была организована специальная выставка из архивных материалов и исторических фотографий, касающихся деятельности Жусупа Абдрахманова и создания Кыргызской Республики, презентован академический сборник стихов Касыма Тыныстанова, переведенный на турецкий язык.



ЕДІЛ ЕРҒОЖИН АТЫНДАҒЫ МӘЖІЛІС ЗАЛЫ АШЫЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде академик Еділ Ерғожиннің туғанына 80 жыл толуына орай, «Ғылым, білім, инновациялар: әлемдік трендтер және аймақтық аспектілер» атты халықаралық симпозиум өтті. Алдымен профессор, ҚР еңбек сіңірген өнертапқышы Еділ Ерғожаұлы атындағы мәжіліс залы салтанатты түрде ашылды.

Жиын басында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев бүгінгі симпозиумның маңыздылығын атап өтіп, Еділ Ерғожиннің жеткен жетістіктеріне тоқталды. «Академик Еділ Ерғожин университетіміздің түлегі, химия факультетін үздік бітірген. Студент кезінен ғылыми зерттеулермен айналысқан. Химия ғылымдары институтының ионалмастырғыш шайырлары зертханасында жұмыс істеді. Оның ғылыми ізденістеріне сол кездегі химия факультетінің деканы Батырбек Бірімжанов пен академик Сағид Рафиков жан-жақты қолдау көрсетті. Ұстаздары ғылыми ізденіс жолында елеулі табыстарға жетіп жүрген Еділ Ерғожиннің бойынан іскерлік, ұйымдастырушылық қабілетін ерте аңғара білді. 27 жасында ионалмастырғыш шайырлар зертханасының меңгерушісі болуға мүмкіндік берді. Бұл сол кездегі ғылыми ортада ерекше оқиға болды. Ұлы зерттеуші еңбекқорлығының арқасында 33 жасында ғылым докторы, 42 жасында корреспондент-мүше, 48 жасында Ғылым академиясының академигі атанды. Өнегелі ғалым Еділ Ерғожаұлының бүгінде мыңдаған шәкірттері отандық ғылымды дамытып, ел болашағы үшін еңбек етуде», – деп атап өтті.

Шара барысында «Ғибратты ғұмыр» сериясы аясында басылып шыққан «Еділ Ерғожин» кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.



ОТКРЫЛСЯ КОНФЕРЕНЦ-ЗАЛ ИМЕНИ ЕДИЛА ЕРГОЖИНА

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби прошел международный симпозиум «Наука, образование, инновации: мировые тренды и региональные аспекты», посвященный 80-летию со дня рождения выдающегося казахстанского ученого, организатора науки и высшего образования, академика Едила Ергожина.

Торжественная часть началась с разрезания красной ленты зала заседания Ученого совета имени профессора, заслуженного изобретателя РК в здании учебного корпуса факультета химии и химической технологии КазНУ им. Аль-Фараби.

Открывая мероприятие, Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев отметил важность симпозиума и остановился на достижениях Едила Ергожина.

«Академик Едил Ергожин является выпускником химического факультета нашего университета. Его научная деятельность началась со студенческих лет, когда он приступил к научным изысканиям в лаборатории ионообменных смол. Научные начинания Едила Ергожаевича были всесторонне поддержаны бывшим деканом химического факультета Батырбеком Биримжановым и академиком Сагидом Рафиковым. Учителя сумели рано увидеть лидерские, организаторские способности Едила Ергожина, добившегося значительных успехов в научной деятельности. В 27 лет он стал заведующим лабораторией ионообменных смол, в 33 года – доктором наук, в 42 года избран членом-корреспондентом, в 48 лет – членом Академии наук КазССР. Сегодня тысячи его учеников развивают отечественную науку и трудятся на будущее страны», – подчеркнул ректор университета.

В ходе мероприятия состоялась презентация книги «Еділ Ергожин», изданной в КазНУ в серии «Ғибратты ғұмыр».



ҒАЛЫМҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Халықаралық Түркі академиясы ұйымдастырған «Қазақстан ғылымының дамуы, өзекті мәселелері» атты ғылыми конференцияға қатысты.

Алқалы жиынға ҚР ҰҒА президиум мүшелері, ғылыми-зерттеу институттарының директорлары мен жоғары оқу орындарының ректорлары, көрнекті ғалымдар қатысып, түркі әлеміндегі интеграция, ғылым мен білімді дамытуға қатысты ой-пікірлерін ортаға салды.

Игі іс-шара аясында ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті, химия ғылымының докторы, академик Мұрат Жұрыновтың 80 жылдық мерейтойы аталып өтті.

ҚазҰУ ректоры Ж.Түймебаев зиялы тұлға, ұлағатты ұстаз, академик Мұрат Жұрынұлының қазақ ғылымын дамытуға қосқан ерен еңбектеріне тоқталды.

Сонымен қатар университет басшысы Мұрат Жұрынұлын ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен қатар келген мерейлі 80 жасымен құттықтап, «Әл-Фараби» Алтын медалімен марапаттап, құрмет көрсетті.



ЧЕСТВОВАЛИ УЧЕНОГО

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев принял участие в научной конференции «Развитие казахстанской науки, актуальные проблемы», организованной Международной Тюркской академией.

В заседании приняли участие члены Президиума НАН РК, директора научно-исследовательских институтов и ректоры вузов, видные ученые, которые обменялись мнениями относительно вопросов интеграции в тюркском мире, развития науки и образования.

В рамках данного мероприятия отметили 80-летний юбилей президента Национальной академии наук РК, доктора химических наук, академика Мурата Журинова.

Ректор КазНУ Ж.Туймебаев остановился на заслугах человека-интеллектуала, выдающегося ученого, академика Мурата Журинулы, внесшего большой вклад в развитие казахстанской науки.

Кроме того, руководитель вуза поздравил академика с 80-летним юбилеем и наградил Золотой медалью «Аль-Фараби».



ҚАЗҰУ РЕКТОРЫ ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев оқу орнында білім беріп жатқан шетелдік оқытушы-профессорлармен кездесу өткізді. Жиынға әлемнің 30-ға жуық елінің ғалымдары онлайн және офлайн форматта қатысты.

Кездесу барысында Түркиядағы Ататүрік институтының профессоры Мехмет Дервиш, Жапонияның Цукуба университетінің ғалымы Ниномия Такаши, Кореядағы Ханкук университетінің профессоры Ли Бенг Джо, Ұлыбританиядағы Шеффилд университетінің профессоры Базбек Дәулетов, Швейцариядағы Женева университетінің профессоры Аккари Абдыжалил, Канададағы Макгилла университетінің ғалымы Нұрлан Дәулетбаев терең білімдерімен және озық тәжірибелерімен бөлісуге дайын екендіктерін жеткізді.

Жиын соңында Жансейіт Түймебаев ғалымдар мен профессорларға ҚазҰУ-дың шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты одан әрі дамыту жоспарын дайындау керектігін айтты. Сонымен қатар университет басшысы барлық ғалымдарды көшбасшылық дәріс оқуға шақырды.





РЕКТОР КАЗНУ ВСТРЕТИЛСЯ С ЗАРУБЕЖНЫМИ УЧЕНЫМИ

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев провел встречу с зарубежными профессорами и учеными, преподающими в нашем университете. В собрании приняли участие ученые почти из 30 стран мира в онлайн и офлайн формате.

Приветствуя собравшихся, Жансеит Туймебаев проинформировал ученых о развитии сотрудничества КазНУ с зарубежными вузами.

В ходе собрания профессор института имени Ататюрка в Турции Мехмет Дервиш, доктор университета Цукуба в Японии Ниномия Такаши, профессор Ханкукского университета в Корее Ли Бенг Джо, профессор университета Шеффилда в Великобритании Базбек Давлетов, профессор университета Женевы в Швейцарии Аккари Абдыжалил, ученый университета Макгилла в Канаде Нурлан Даулетбаев выдвинули свои предложения по развитию двустороннего партнерства и выразили готовность поделиться своими знаниями и опытом.

В завершение собрания Жансеит Туймебаев призвал ученых и профессоров направить план по дальнейшему развитию сотрудничества КазНУ с зарубежными вузами. Также ректор университета призвал всех ученых выступить с лидерскими лекциями и поделиться своим опытом со студентами.



ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРІ ҚАЗҰУ-ҒА КЕЛДІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов арнайы келді. Жұмыс сапары барысында министр білім ошағында атқарылған жұмыстармен танысты.

Алдымен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ағымдағы жылы университетте жүргізілген құрылыс жұмыстарының барысына тоқталды. «Университет кампусына ұзақ жылдардан бері мұндай күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмегендіктен, көптеген ғимараттардың тозығы жеткен. Сол олқылықтың орнын толтырып, ағымдағы жылы университет аумағында үлкен жұмыстар атқарылды», – деді университет басшысы.

Бұдан кейін министр Асхат Аймағамбетов заманауи стандарттарға сәйкес жабдықталған Al-Farabi Business school оқу кабинеттерін көріп, жұмысымен танысты.

Кездесу соңында Жансейіт Түймебаев министрге университеттің соңғы жетістіктері мен алдағы уақытта салынатын нысандардың құрылыс жоспары туралы баяндады.



МИНИСТР ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РК ПОСЕТИЛ КАЗНУ

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби посетил министр образования и науки РК Асхат Аймагамбетов. В ходе рабочей поездки министр осмотрел материально-техническую базу учреждения образования, а также ознакомился с проделанной работой.

Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев ознакомил министра с результатами ремонтных работ, выполненных в университете в текущем году.

«В последнее время в университетском кампусе не было капитального ремонта, учебные корпуса устарели. Чтобы устранить эту проблему в этом году на территории университета была проделана значительная работа», – отметил руководитель вуза.

Далее Асхат Аймагамбетов ознакомился с деятельностью Al-Farabi Business school, осмотрел учебные кабинеты, оснащенные в соответствии с современными стандартами.

В завершение встречи, Жансеит Туймебаев рассказал министру о последних достижениях университета и планах дальнейшего развития.



АҚСАҚАЛДАР КЕҢЕСІМЕН КЕЗДЕСТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ақсақалдар кеңесінің отырысы өтті. Шараға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев пен Ақсақалдар кеңесінің мүшелері қатысты. Кеңеске қатысушылар ағымдағы жылды қорытындылап, 2022 жылға арналған басым міндеттерді айқындады.

Жиын барысында ректор биыл білім ошағында атқарылған ауқымды жұмыстар мен жеткен жетістіктер, әлемдік деңгейдегі маңызды шаралар туралы баяндады.

Кездесу ашық диалог форматында өтті. Ақсақалдар кеңесінің мүшелері сұрақтар қойып, жоғары оқу орнының имиджін көтеруге қатысты идеяларын ортаға салды.

Жиын соңында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев пен ардагер оқытушылар естелік суретке түсті.





ВСТРЕЧА С ЧЛЕНАМИ СОВЕТА СТАРЕЙШИН

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби состоялось ежегодное заседание Совета старейшин. В мероприятии приняли участие Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев и члены Совета старейшин. Собравшиеся подвели итоги уходящего года и определили приоритетные задачи на 2022 год.

Открывая заседание, ректор университета остановился на главных событиях и достижениях университета за текущий год. По словам Жансеита Туймебаева в стенах университета проводятся важные, значимые мероприятия для развития и укрепления имиджа вуза не только на государственном, но и на мировом уровне.

Встреча прошла в формате открытого диалога, состоялся обмен мнениями и предложениями по развитию университета.

В завершение собрания, по традиции Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев и члены Совета старейшин сделали памятное фото.



ТҮРКОЛОГИЯНЫҢ МАМАНДЫҚ РЕТІНДЕ ОҚЫЛУЫ ҮЛКЕН ЖЕТІСТІК

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Тәуелсіз Қазақстан әлемдік ғылыми-зерттеулер кеңістігінде» атты халықаралық конференция өтті. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған алқалы жиын онлайн және офлайн форматында өтті.

Шараға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев және Қазақстан, Өзбекстан, Түркия, Мажарстан т.б. мемлекеттердің профессор-ғалымдары қатысты.

Жиын басында Жансейіт Түймебаев құттықтау сөз сөйледі. Университет басшысы өз сөзінде соңғы он жыл ішінде түркітілдес елдердің мемлекетаралық ынтымақтастығы дамудың жаңа кезеңіне көтерілгенін тілге тиек етті. «Тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі түркологияның мамандық ретінде оқытылуы үлкен жетістік болды. Бүгінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде «Түркітану» білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярланады. Біз «ғылымда даңғыл жол жоқ» деген сөзді «ғылымда даңғыл жол бар, ол – ізденіс пен білім жолы» деген қағидаға айналдыру үшін жүйелі жұмыстар жүргізуіміз керек. Сонда ғана түркі әлемінің көкжиегі кеңейіп, ортақ қазынамыз молаяды», – деді университет басшысы.

Сонымен қатар өзге мемлекеттердің профессор-ғалымдары да басқосуда өз пікірлерін білдірді. Қатысушылар халықаралық жиынның өзектілігі мен маңыздылығын атап өтіп, бұл іс-шараны өткізу дәстүрге айналатынына сенім білдірді.



ОБУЧЕНИЕ ПО СПЕЦИАЛЬНОСТИ «ТЮРКОЛОГИЯ» – БОЛЬШОЕ ДОСТИЖЕНИЕ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби состоялась международная конференция «Независимый Казахстан в мировом пространстве научных исследований», приуроченная к 30 летию Независимости РК.

В мероприятии приняли участие Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, ученые и профессора из Казахстана, Турции, России, Узбекистана, Венгрии.

Открывая конференцию, с приветственным словом выступил Жансеит Туймебаев. В своей речи руководитель университета отметил, что за последние десять лет межгосударственное сотрудничество тюркоязычных государств перешло на новый этап развития. «В период независимого Казахстана обучение по специальности «Тюркология» было большим достижением. Сегодня в КазНУ им. Аль-Фараби, Евразийском национальном университете им. Л.Гумилева, Международном казахско-турецком университете им. Ходжи Ахмеда Ясауи готовят специалистов по образовательной программе «Тюркология». Цель конференции – дать новое направление исследователям казахского языка, литературы, фольклора, истории, этнографии», – сказал ректор.

Кроме того, ученые и профессора других государств высказали свои мнения. Участники конференции, отмечая актуальность и важность данного международного собрания, выразили большую надежду, что проведение данного мероприятия станет традиционным.



ҚАЗҰУ-ДА ТӘУЕЛСІЗДІК МЕРЕКЕСІ АТАП ӨТІЛДІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай, салтанатты жиын өтті. Мерекелік шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым мен БАҚ өкілдері, оқытушы-профессорлар, білім алушы жастар қатысты.

Мерейлі жылды қорытындылаған жиынды Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ашып, жиналғандарды Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен құттықтап, ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың егемендік тарихындағы және Қазақстанның қалыптасуындағы ерен еңбегін айрықша атап өтті.

Мерекелік жиында оқытушы-профессорлар мен үздік қызметкерлер «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға сіңірген ерен еңбегі үшін» үлкен Алтын және Күміс медалімен, «EREN ENBEGI USHIN» медалімен, Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік» алтын медалімен және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректорының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Сонымен қатар университеттің ағымдағы жылы жеткен жетістіктері көпшілік назарына ұсынылды. Жансейіт Түймебаевтың айтуынша, биылғы оқу жылында 119 жаңа білім бағдарламасы ашылды. Оқу ғимараттары мен жатақханаларда күрделі жөндеу жұмыстары жүруде. Ағымдағы жылы университеттің барлық қызметкерлерінің жалақысы екі есеге өсті. Енді оқытушы – 285 мың, аға оқытушы – 312 мың, қауымдастырылған профессор – 389 мың, профессор 500 мың теңге жалақы алады.

Салтанатты шара танымал қазақ эстрадасы жұлдыздары мен университеттің талантты студенттері дайындаған мерекелік концерттік бағдарламамен жалғасты.



В КАЗНУ ОТМЕТИЛИ ПРАЗДНИК НЕЗАВИСИМОСТИ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби состоялось торжественное собрание, посвященное 30-летию Независимости страны. В праздничном мероприятии приняли участие государственные и общественные деятели, представители интеллигенции и СМИ, профессорско-преподавательский состав и студенты.

С приветственным словом выступил Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев. Руководитель вуза поздравил всех 30-летием Независимости РК и отметил, что в рамках юбилея в целях раскрытия выдающихся заслуг Первого Президента РК – Елбасы Нурсултана Назарбаева в истории Независимости и становлении Казахстана, приобщения молодежи к патриотизму, почитания исторических ценностей в университете был организован ряд мероприятий.

В ходе праздничного собрания, состоялась церемония награждения профессорско-преподавательского состава и лучших сотрудников. В частности, большой золотой медалью «За особые заслуги перед КазНУ имени Аль-Фараби», серебряной медалью «За особые заслуги перед КазНУ имени Аль-Фараби», медалью университета «EREN ENBEGI USHIN», золотой медалью «Бірлік» Ассамблеи народа Казахстана и Почетной грамотой Председателя Правления – Ректора КазНУ им. Аль-Фараби.

Кроме того, на мероприятии были подведены итоги работы университета за текущий год. По словам Жансеита Туймебаева, в новом учебном году было открыто 119 новых образовательных программ. На сегодня в университете идет капитальный ремонт учебных зданий и общежитий. В текущем году заработная плата всех сотрудников выросла в два раза. Теперь преподаватель получает – 285 тыс., старший преподаватель – 312 тыс., ассоциированный профессор – 389 тыс., профессор – 500 тыс. тенге.

Торжественное мероприятие продолжилось праздничной концертной программой с участием звезд казахстанской эстрады и талантливых студентов университета.



ҚАЗҰУ ҒАЛЫМЫ МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚҚА ИЕ БОЛДЫ

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Биотехнология кафедрасының доценті міндетін атқарушы Гүлнар Ұлтанбекова отандық антибиотикті әзірлеу жөніндегі ғылыми жоба үшін авторлар құрамында Әл-Фараби атындағы Мемлекеттік сыйлыққа ие болды.

Білім ордасының Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев марапат иесін қабылдап, жоғары жетістігімен құттықтады.

Кездесуде оқу орнының басшысы фармацевтика саласында жаңалық ашып, зор табыстарға жеткен ғалымдар еңбегін ерекше атап өтті. ҚазҰУ-дың биология және биотехнология факультетінің доценті м.а. Гүлнар Дауытбайқызына «Ғылым мен техника саласындағы аса мәртебелі марапатқа ие болуыңыз – сіздің терең ізденістеріңіз бен ғылыми жетістіктеріңіздің жемісті нәтижесі», – дей келе, әрдайым отандық ғылымды дамытуда биік белестерді бағындыра беруді тіледі.

Сонымен қатар Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Ерен еңбегі үшін» медалін табыстады.



УЧЕНЫЙ КАЗНУ УДОСТОЕНА ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПРЕМИИ

В преддверии 30-летия Независимости РК и.о. доцента кафедры биотехнологии Казахского национального университета имени Аль-Фараби Гульнар Ултанбекова в составе коллектива авторов удостоена Государственной премии «Аль-Фараби» за научный проект по разработке отечественного антибиотика. Эта награда является высшим признанием заслуг деятелей в области науки и техники перед обществом и государством.

Председатель Правления – Ректор университета КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев принял лауреата и поздравил с высоким достижением.

На встрече руководитель вуза особо остановился на работе ученых, добившихся больших успехов в области фармацевтики. «Получение самой престижной награды в области науки и техники – результат ваших глубоких исследований и научных достижений», – отметил ректор, обращаясь к Гульнар Даутбаевне.

В завершение встречи и.о. доцента факультета биологии и биотехнологии КазНУ Г.Ултанбековой была вручена медаль КазНУ имени Аль-Фараби «Ерен еңбегі үшін».



 ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Қазақстан Республикасының
ТӘУЕЛСІЗДІК
күні!



16 желтоқсан

День
НЕЗАВИСИМОСТИ
Республики Казахстан!

 @Farabi_university  vk.com/farabiuniversity  @KazakhNationalUniversity  FARABI UNIVERSITY
www.kaznu.kz



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

**Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
оқытушы-профессорлары, студенттері, магистрант-докторанттары!**

Сіздерді Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Тәуелсіздік мерейтойына арналған салтанатты жиында: «Біз текті халықтың ұрпағымыз. Ғасырлар бойы батыр бабалар ұлан-байтақ жерді ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап, бізге мирас етті. Мен сол ата-бабалар аманатына әрдайым адал болдым. «Ел басына күн туса, ер етікпен су кешер» дегендей, жұртымның жарқын болашағы үшін жанымды аямадым. Бүгін, арада 30 жыл өткен соң, сол асқақ армандарымның орындалғанын көру – мен үшін зор бақыт», – деп атап өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Тәуелсіздіктің 30 жылы – тұтас бір дәуір. Бұл – қиындықтар мен сынақтарды табанды түрде еңсеру дәуірі, тар жол, тайғақ кешумен салыстыруға болатын ұзақ кезең. Бұл – халқымыздың тарихында бетбұрыс болған жасампаздық дәуірі. Сондықтан ел азаматтарының атынан Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа тәуелсіз Қазақстанды құрудағы ерен еңбегі үшін шын жүректен алғыс айтамын», – деп елдің ризашылығын жеткізді. Тәуелсіздікті нығайтуға, ел бірлігін сақтауға, әр саланы гүлдендіруге атсалысқан барлық азаматтарға алғыс білдірді. Сондай-ақ ғасырлар тоғысында ел басқарып, отыз жыл туған халқының сенімін ақтауға күш салған Тұңғыш Президенттің идеяларын лайықты жалғастыруға шақырды.

Құрметті әріптестер, білім алушылар!

Қазақ білімі мен ғылымының қара шаңырағы азаттықтың ақ таңында мемлекеттің қалыптасуына айрықша үлес қосты. Әрдайым Елбасыға қолдау білдіріп, мемлекет жүктеген міндеттерді мінсіз атқарды. Жоғары оқу орындарының арасында көш бастап, жастар тәрбиесі мен мамандар даярлау ісінде қырағылық танытты. Алдағы уақытта да осы бағыттарыңыздан таймай, ел дамуына жаңа серпін беретіндеріңізге сенемін.

Мерейлі мерекеде отбасыларыңызға амандық, бақ-береке, елімізге тыныштық тілеймін! Тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын!

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры

Тәуелсіздік – мәңгілікке берілген сый

Биыл еліміз Тәуелсіздіктің 30 жылдық белесіне көтеріліп, дамудың жаңа дәуіріне аяқ басты. Қайта жаңғырған Қазақ мемлекеті ғасырдың үштен бірін бағындырып, елдік тойын сән-салтанатымен атап өтуге кірісті.

Мереке қарсаңында Ұлт көшбасшысы егемендігіміздің 30 жылдық кезеңіне талдау жасап, өткенге ой жүгіртіп, келешегімізге жауапты міндеттер жүктеген «Тәуелсіздік тағылымы» атты тәлімі мол, мазмұны терең мақала жариялады.



«Осыдан отыз жыл бұрын біз саналы түрде өз дүниетанымымыз бен болмысымыздың негізі ретінде бостандық пен азаттыққа таңдау жасадық. Бүгінге дейінгі бұл мерзім адамзат тарихы үшін қас-қағым ғана сәт болғанымен, орда бұзар жасқа енді толған тәуелсіз Қазақстан үшін ол – үлкен белес, асқаралы асу. Мұндайға тек рухы күшті, бірлігі бекем жұрт қана қол жеткізе алады.

Арғыда сақ, ғұн бабаларымыз, беріде қаһарман түрік аталарымыз аласапыран замандардағы алақұйын дауылдарға төтеп беріп, Ұлы далада ұлық ұлыс құрды. Талай жұрт алапат соғыстар мен арпалысқан айқастарда үдере көшіп, бордай тозып, тастай үгіліп, құмдай шайылып кеткен замандарда қазақтар түрік жұртының атақонысын, кара шаңырағын сақтап қалды», – деп ой түйген Елбасы барша қазақстандықтарды тәуелсіздік қадірін бағалауға, өткеннен сабақ алып, ынтымақ пен бірлігіміз арқылы келешекке ұмтылуға шақырды.

Азаттық рухы әспеттелген бұл мақалада Ұлт көшбасшысы қазақ қоғамына егемендіктің оңай жолмен келмегенін терең пайымдайды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Елбасының даналық ойларымен үндес «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Толағай табыстардың бәріне Елбасының дара көшбасшылығының һәм халқымыздың даналығы мен парасатының, бірлігі мен ынтымағының, отандастарымыздың қажырлы еңбегінің арқасында қол жеткіздік», – деп тұжырымдаған еді.

Шынында да, бұл күнге Қазақстан халқы «бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығара отырып жетті. Небір зұлмат жылдарды, ре-

прессияны, аштықты, тіпті соғысты бастан өткізсе де, еңсесін түсірмеген еліміз азаттықтың ақ таңына аман жетті. Бұл туралы Елбасы мақаласында: «Әрине, мен бұл оқиғалардың бәрін көзіммен көрмесем де, әкем мен анамның өзегін мұң мен зар өртеп, жанарын жасқа шылап отырып айтқан сөздерінен, азаттық жолында шейіт болған аруақтарға арнап күбірлеп оқыған дұғаларынан естіп-біліп, көкірегіме түйіп өстім. Кейде ойлаймын: қазақ деген не деген төзімді халық?! Көнбеске көніп, шыдамасқа шыдаған. Болашағы бұлдыр болған күннің өзінде, сағын сындырмай, келешектен үмітін үзбеген. Қиындық атаулыға қасқая қарсы тұрып, үздіксіз алға жылжыған», – деген таңданысымен бөліседі.

Бұл егемен елдің тірегі, ел тұтқасы Нұрсұлтан Әбішұлының көңіл түкпірін тербеп, жүрек түбінен шыққан шын сөзі екені ақиқат. Өйткені адамзат тарихындағы ең айтулы оқиғаларға толы ғасырлар тоғысында ел басқарған Нұрсұлтан Назарбаев отыз жыл туған халқының сенімін ақтау үшін бар күш-жігерін аяған жоқ. Тұңғыш Президент өзінің жүрек сүзгісінен өткен, өз басынан кешкен жағдайларды бүкпесіз баяндау арқылы тәуелсіздік шындығын ашып көрсеткен.

Елбасы Кеңес Одағының қызыл саясаты туралы да ой қозғайды. Жетпіс жыл бойғы жоспарлы экономика, жоғарыдан басқару, халықпен етене араласпау – түптің түбінде Кеңес Одағын іштен ірітті. Ал сірескен социализм дәуірінен мүлде жаңа нарықтық экономикаға негізделген жүйеге көшу сол жылдары қиялмен тең дүние еді. Тұңғыш Президент Н.Назарбаев ішкі айтыс-тартыс-



тарға, ұлтаралық, дінаралық қақтығыстарға жол бермей, әлеуметтік-экономикалық салада дамып-жетілуді көздеп, алға жылжуды басты нысанаға алды.

Еліміз егемендікке қол жеткізген алғашқы жылдары Нұрсұлтан Назарбаев «алдымен – экономика, содан соң – саясат» қағидасын ұстанды. Бұл өз кезегінде еліміздің нарықтық экономикаға көшуіне, кәсіпкерлікті дамытуға, ел еңсесін көтеруге жол ашты. Соның нәтижесінде өткен 30 жылда ел дамуына елеулі үлес қосып, азаматтық қоғамның ауыр жүгін арқалай алатын, бәсекеге қабілетті жаңа буын өсіп-жетілді.

«Қамданған қапы қалмайды» дейді халқымыз. Ертеңін ойлаған ел ғана озады. Мақаланың өн бойынан Елбасының жоспарлы, мақсатты стратегиялық ұстанымдары айқын көрінеді. Болашақ ұрпағымыз ештеңеден тарықпауы үшін Ұлттық қор мен алтын-валюта қорын жасақтап, оған мол қаржы жинақтадық. Дәл осы мол қаражат пандемия кезінде бізге көмек болды. Кезінде осы Ұлттық қор туралы қоғамда қызу пікірталас болып еді. Кейбіреулер «халыққа таратып берейік, әр балаға шағайық» деген ұсыныстар да айтқан. Алайда Тұңғыш Президентіміз оған «болашақтың қоры» деп қарап, «қол тигізбеді». Қажет кезде қолдау ретінде мемлекет игілігіне жұмсауға пәрмен беріп отырды.

Ең негізгі мәселе халықтың әл-ауқаты, экономиканы жетілдіру болғанымен, оны кедергісіз дамыту үшін осы саяси, ұлтаралық, дінаралық жағдайларды реттеу қажеттілігі туындады. Осы ретте Тұңғыш Президент басқа елдерге қарағанда ұлттық құрамы

әртекті елді бейбітшілік пен тыныштықта ұстап, азаматтық соғыссыз елімізді бүгінгі жетістіктерге алып келді.

Франция Республикасының экс-президенті Жак Ширактың: «Мен Нұрсұлтан Назарбаевтың қабілеті мен қасиетіне, көрегендігіне тәнтімін. Ол қандай да бір мәселенің шешімін қарастырғанда оның сол сәттік ахуалға емес, болашаққа тигізер әсерін ойдан шығармайды. Үнемі болжам жасап отырады. Егемендікке қол жеткізгеннен бастап, Қазақстанның даму жолында көптеген кедергілер тұрды. Бірақ мемлекет, үкімет ол кедергілерге төтеп бере алды. Бүгінде Қазақстанның дүниеге берері де, алары да мол», – деген сөзі ойымызды толықтыра түседі.

Шындығында, халқымыз тағдыр-талайына жазылған жаңа мемлекет құру миссиясын толықтай жүзеге асырды. Тарих тұңғығына батып кетпей, жасампаздық жолында жаңа міндеттер арқалады. Өзгелерден оза шауып, әлемдік қауымдастықта дараланды.

Америкалық саясаттанушы, журналист, Ресей – Еуразия, Шығыс Еуропа, Таяу Шығыс өңірлерінің қауіпсіздік пен энергетика саласындағы халықаралық қатынастар жөніндегі маманы Ариэль Коэн «Жақсы серіктікте: Нұрсұлтан Назарбаев ұлт негізін салушылардың арасында» деген баяндамасында: «Нұрсұлтан Назарбаевтың сындарлы басқаруының арқасында Қазақстан қазіргі жетістіктерге жетіп отыр. Қазақстан ортадан жоғары кіріс деңгейіне жиырма жылға жетпей жетті. Сондай-ақ ол әлемдік аренадағы Қазақстан беделін көтеруге және экономиканың әлемдік қауымдастықпен бірігуіне күш-жігерін жұмсады», – деп жазған еді.



Елбасы мақаласында: «Мен отыз жыл бойы халқымды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, қайраңға қалдырмай, әлемдік өркениеттің алдыңғы шебіне, дүниедегі ең дамыған 40 елдің қатарына қостым. Осы жылдар ішінде әлемдік ғылым мен мәдениеттің ең үздік жетістіктерін меңгерген жаңа ұрпақ қалыптасты. Жаңа елордамыз салынды. Ең үлкен табысым да, ең үлкен бақытым да осы деп санаймын», – деп ағынан жарылады.

Бәрімізді бақытқа жетелеген баянды таңдаудың бірі – Арқа төсіндегі астана тұрғызу шешімі болды. Нұр-Сұлтан қаласы бой

көтергенде Елбасы ұлан-байтақ елдің кіндігінде халық тағдыры үшін өмірлік маңызы бар шешімдер қабылданатынын жеткізген. «Отанымыздың жүрегі енді осы жерде соғады. Осы жерден Қазақстан үшінші мыңжылдықтың табалдырығында өзінің тарихи тағдырын айқындайтын болады», – деп, батыл қадам, байыпты бастама жасаған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Елордамыз – Нұр-Сұлтан қаласы Қазақстанның жарқын жетістіктерін айшықтайды. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың астананы көшіру туралы бірегей шешімі халқымыз үшін



аса маңызды тарихи оқиға болды» деген сөзін халық жүрегінің айнасы деп қабылдаймыз. Мұның барлығы қоғам дамуы, ұрпақ болашағы үшін атқарылған игі істер.

«Біз тәуелсіздікке бейбіт жолмен қол жеткізсек те, оған барар жолда бабалар қаны аз төгілген жоқ. Тәуелсіздік – сол киелі қанның өтеуі еді. Мен мұның бәрін біз сенген, тәрбиелеген бүгінгі жас ұрпақ білсін, санасына сіңірсін деп әдейі жазып отырмын», – дейді Елбасы.

Сондай-ақ «Тәуелсіздіктің мән-мағынасы туралы түрлі ғылым өкілдері өзінше тұжырым жасайтыны анық. Бірақ бір нәрсе ақиқат, ол – ата-бабаларымыздың азаттық жолындағы жан алысып, жан беріскен сан ғасырлық күресінің заңды жалғасы, халықаралық құжаттармен бекітіліп, мәңгілікке берілген сыйы», – деп ой қорытады.

Еліміздің жаңа тарихындағы, бейбіт өміріндегі Елбасымыздың 30 жылғы еңбегі ұшан-теңіз.

Кеңестік кезеңнен кейін әлеуметтік салада, бір ғана білім беру жүйесінде орын алған олқылықтың салдарын жүйелеуге ондаған жыл уақыт кеткенін бәріміз де білеміз.

Тұңғыш Президентіміз ғылымға, әсіресе инновациялық жобаларға ерекше маңыз берді. Осыдан отыз жыл бұрынғы ғылымның жай-күйі мен оның бүгінгі ахуалын қазір салыстыра алмайсыз. Тәуелсіздігіміздің арқасында тарихымыз түгенделіп, мәдениетіміз өркендеді. Заманауи білім беру, кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесі жаңарды.

Бұл бағытта Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заман талабына сай

дамып, мемлекет жүктеген міндеттерді жүйелі іске асыруда озық тәжірибе көрсетті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары университет оқытушылары Президент әкімшілігіне, Парламентке, Үкіметке, түрлі министрліктерге, елшіліктерге жұмысқа шақырылды. Қазір солардың басым бөлігі егемендіктің қалыптасып, дамуына тер төккен көрнекті мемлекет, қоғам қайраткерлеріне айналды. Мәселен, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің төрағасы Қайрат Мәми, Жоғарғы сот төрағасы Жақып Асанов, Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Дәурен Абаев, Қазақстан Президентінің көмекшісі – Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Әсет Искешов, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның мүшесі Игорь Рогов, Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев және басқа мемлекеттік орган басшылары қара шаңырақ түлектері екенін мақтанышпен атап өтуге болады.

Қазіргі оқытушы-профессорлар құрамы да ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына толайым табыстармен келіп отыр. «Отыз жылдыққа – отыз апталық» жобасын жүзеге асырып, егемендік тойын мағыналы бастамалармен өткізуде. Атап айтсақ: университет аумағында Елбасы саябағы мен Ғалымдар бағы ашылып, онда жалпы саны 1000-нан астам алма, шие, өрік ағаштары, қырым қарағайы мен алтай шыршасы, «Сиверс» алмасының көшеті отырғызылды. Мемлекетіміздің дамуына, отандық білім мен



ғылымның өркендеуіне елеулі үлес қосқан тұлғаларымыздың көшбасшылық дәрістерін өткізу оқу орнымыздың айнымас дәстүріне айналды. Қанат Саудабаев, Берлин Иришев, Қайрат Әбусейітов, Дулат Қуанышев, Гүлжан Қарағұсова, Сауытбек Әбдірахманов университет ұжымымен кездесіп, ой-пікірлерімен бөлісті.

Жақында Түркия Республикасының экс-президенті Абдулла Гүл келіп, Қазақстанды дамытудағы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ерен еңбегіне жоғары баға берді. «Қазақ жері – біздің атажұртымыз», – деп ерекше ықыласын білдірді.

Биыл түркітілдес халықтарға ортақ тұлға – жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына байланысты рухани-мәдени шаралар да Тәуелсіздік тойымен қатар атап өтілуде. Университетте Жамбыл апталығы ұйымдастырылып, танымдық кездесулер, кітап, сурет көрмесі, Жамбыл ұрпақтарымен жүздесу, «Жамбыл және түркі әлемі» тақырыбында халықаралық ғылыми конференция жүзеге асты.

Өткен аптада Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай, «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» онкүндігі қолға алынды. Осы онкүндік аясында оқытушылар мен студенттеріміз Шамалған ауылындағы Тұңғыш Президенттің «Атамекен» тарихи-мәдени орталығында болды. Ұлт көшбасшысының

«Ұлы дала ұлағаттары», Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Он делает историю» кітаптары талқыланды. «Тәуелсіздік толғауы» поэзия сағаты, «Тәуелсіздік – 30» флешмобы, «Балалық шағымның аспаны» кино кеші, «Елім менің», «Кітап FEST» танымдық шаралары студенттер көңілінен шықты. Онкүндік Елбасы мақаласын талдауға арналған «Тәуелсіздік тағылымы» атты қорытынды жиынмен өз мәресіне жетті.

Ал 13 желтоқсан күні мемлекет және қоғам қайраткерлерінің қатысуымен Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған салтанатты жиын өтті. Бұл іс-шаралардың барлығы тәуелсіздігімізді қастерлеуге, Елбасының қайраткерлік тұлғасын тануға және жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуге бағытталды.

Елбасы өз мақаласында: «Тәуелсіздік те бақыт сияқты – бағалаған адамның, аялаған қоғамның қолына тұрақтайды. Халқы тату, экономикасы қуатты, саяси жүйесі тұрақты, мәртебесі биік, абыройы асқақ Қазақстанның болашағы кешегіден кемел, бүгінгіден нұрлы екеніне кәміл сенемін», – дей отырып, әрдайым алға басуға шақырады.

Ендігі жерде тәуелсіздік тарихы және Қазақстанның қалыптасуындағы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ерен еңбегін айшықтау, тарихи құндылықтарды қастерлеу – елін, жерін қадірлейтін, егемендігін бағалайтын әрбір азаматтың парызы болуы тиіс.

16 желтоқсан 2021 жыл



УНИВЕРСИТЕТТІҢ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ғылыми кеңестің кезекті отырысы өтті.

Салтанатты марапаттау рәсімімен басталған жиында оқу орнының Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев COVID-19 коронавирустық инфекциясына қарсы отандық QazVac екпесін әзірлеуші, Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтының бас директоры, Әл-Фараби атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ҚазҰУ-дың Директорлар кеңесінің мүшесі Күнсұлу Закарьяның ел ғылымының дамуына сіңірген жанкешті еңбегін атап өтіп, «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Құрметті профессоры» атағын табыстады.

Күн тәртібіндегі мәселелер қаралған тұста мінбеге алдымен Стратегиялық даму орталығының директоры Гүлшарат Минажева көтеріліп, университеттің 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасының негізгі бағыттарын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына тоқталды.

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Фатима Жақыпова қысқы емтихан сессиясының барысы жайлы хабарлады.

Ғылыми жұмыс тақырыбының өзектілігіне мән берген ЖОО басшысы Ғылыми кеңес отырысын қорытындылап, білім ордасының оқытушы-профессорлар құрамын ұлттық бағдарламаларға белсенді қатысуға, отандық экономиканың дамуына серпін бере алатын ғылыми жобаларды іске асыруға және коммерцияландыруға шақырды.



ОБСУДИЛИ ХОД РЕАЛИЗАЦИИ ПРОГРАММЫ РАЗВИТИЯ УНИВЕРСИТЕТА

На заседании Ученого совета КазНУ имени Аль-Фараби обсудили реализацию основных направлений программы развития университета, а также ход зимней экзаменационной сессии.

Заседание открыл Председатель Правления – Ректор КазНУ Жансеит Туймебаев, поздравив генерального директора Научно-исследовательского института проблем биологической безопасности КН МОН, доктора биологических наук Кунсулу Закария, возглавившую группу ученых, создавших отечественную вакцину против коронавируса QazVac, с вручением Государственной премии и техники имени Аль-Фараби и присвоением звания профессора.

Далее о ходе реализации основных направлений программы развития университета доложила директор Центра по стратегическому развитию Гулшарат Минажева. В своем выступлении спикер озвучила приоритеты развития КазНУ.

Проректор по академическим вопросам Фатима Жакупова рассказала о зимней экзаменационной сессии.

Подчеркнув актуальность темы научной работы, глава вуза завершил заседание Ученого совета, призвав научно-педагогический состав университета к активному участию в национальных программах, реализации и коммерциализации научных проектов, способных дать толчок развитию отечественной экономики.



АКАДЕМИКТИ МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Микробиология және вирусология ғылыми-өндірістік орталығының бас директоры, академик Аманкелді Садановпен кездесіп, Әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік марапатымен құттықтады.

Жүздесуде білім ордасының басшысы орталықтың жаңа отандық препараттар мен технологияларды жасап шығарудағы жоғары жетістіктері және ғалымның микробиология мен вирусология бағыттарындағы зерттеулерінің өзектілігін атап өтті. «Өзіңіз жетекшілік жасаған ғалымдар тобы еліміздің биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Розеофунгин-АС» отандық жаңа түпнұсқалық дәрілік препаратты әзірлеу және оның өндірісін ұйымдастыру» тақырыбында зерттеу жұмыстарын жүргізіп, зор табыстарға жетті», – дей келе, ректор Қазақстан ғылымының әлеуетін арттыруға үлес қосқан ғалымдардың еңбегіне ерекше мән берді.

Авторлар құрамында ҚазҰУ-дың Биотехнология кафедрасының доценті міндетін атқарушы Гүлнар Ұлтанбекованың мемлекеттік марапатқа ие болғанын тілге тиек ете келе, ғылым саласындағы өзара ынтымақтастықты арттыру ниетін жеткізді.

Сондай-ақ тараптар кездесуде бірлескен ғылыми жұмыстарды жүзеге асыру мен тәжірибе алмасу мүмкіндіктерін кеңінен талқылап, өзара ықпалдастықты күшейте түсуге уағдаласты.



ПОЗДРАВИЛИ АКАДЕМИКА С ГОСУДАРСТВЕННОЙ НАГРАДОЙ

Сегодня Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев встретился с генеральным директором Научно-производственного центра микробиологии и вирусологии, академиком Аманкельды Садановым и поздравил его с присуждением Государственной премии имени Аль-Фараби в области науки и технологий.

В ходе встречи руководитель вуза отметил высокие достижения центра в разработке новых отечественных препаратов и технологий, а также важность научных исследований в области микробиологии и вирусологии. «Группа ученых во главе с вами добилась больших успехов в исследованиях по разработке и организации производства нового оригинального препарата «Розеофунгин-АС» для обеспечения биологической безопасности страны», – сказал ректор, акцентируя внимание на огромном труде ученых, внесших большой вклад в развитие науки Казахстана.

Ректор, выразив намерение расширять сотрудничество в области науки, отметил также заслуги и.о. доцента кафедры биотехнологии КазНУ Гульнар Ултанбековой, которая в числе авторов была удостоена Государственной премии.

Во время переговоров стороны также обсудили возможность совместных исследований и обмена опытом, а также договорились о расширении сотрудничества.



ҚАЗАҚ ҚАЛАМГЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІ АРАБ ТІЛІНЕ АУДАРЫЛАДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Біріккен Араб Әмірліктерінен келген Мұхаммед әл-Муайни бастаған делегациямен кездесті. Тараптар өзара серіктестікті дамыту, сонымен қатар білім мен ғылым саласында жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізу бойынша пікір алмасты.

Жүздесу барысында университет басшысы меймандарға жұмыс сапарымен келгені үшін алғыс айтып, бірқатар ұсынысын жеткізді. «Бүгінде екі ел арасындағы ынтымақтастық қарқынды дамып келеді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Біріккен Араб Әмірліктеріндегі бес жоғары оқу орнымен тығыз байланыста. Бұл бағыттағы іс-шараларды жүйелеп, ынтымақтастықты одан әрі дамыту жолында бірлескен жұмыстарға жаңа серпін беруіміз керек. Алдағы уақытта тәжірибе алмасу, ортақ конференциялар мен көрмелер ұйымдастыруымыз керек деп санаймын. Сонымен қатар ғылым, мәдениет пен әдебиет саласында жүйелі жұмыстарды бірлесіп атқару керек», – деді университет ректоры.

Өз кезегінде БАӘ Халықаралық мәдени дипломатия институтының басқарма төрағасы Мұхаммед әл-Муайни ыстық ықыласпен қабылдағаны үшін Жансейіт Түймебаевқа алғыс білдірді.

Кездесуде Жансейіт Түймебаев қазақ, араб ақын-жазушыларының шығармаларын екі тілге аудару қажеттілігін атап өтті. Сонымен қатар университет басшысы араб студенттерін ҚазҰУ-да оқуға және қазақ тілін үйренуге шақырды.

Осылайша қос тарап айтылған ұсыныстарды жүзеге асыруға уағдаласты.



ПРОИЗВЕДЕНИЯ КАЗАХСКИХ ПОЭТОВ И ПИСАТЕЛЕЙ БУДУТ ПЕРЕВЕДЕНЫ НА АРАБСКИЙ ЯЗЫК

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета провел встречу с делегацией во главе с Мухаммедом Аль-Муайни, прибывшей из Объединенных Арабских Эмиратов. Стороны обменялись мнениями о создании дополнительных возможностей для более тесного взаимодействия в научно-образовательной сфере.

Приветствуя гостей, Жансеит Туймебаев поблагодарил их за рабочий визит и выдвинул ряд предложений. «Сегодня сотрудничество между двумя странами динамично развивается. КазНУ им. Аль-Фараби сотрудничает с 5 вузами Объединенных Арабских Эмиратов. Тем не менее, мы должны систематизировать этот процесс и работать над дальнейшим наращиванием двустороннего сотрудничества. Например, считаю необходимым проведение совместных выставок, научно-практических конференций, научных семинаров и исследований для обмена опытом в контексте внедрения и развития передовых методов обучения», – подчеркнул ректор университета.

В свою очередь, Председатель Правления Института Международной культурной дипломатии ОАЭ Мухаммед Аль-Муайни поблагодарил Жансеита Туймебаева за возможность встречи и оказанный теплый прием. Также выдвинул свои предложения по развитию партнерства.

В ходе встречи Жансеит Туймебаев отметил, что необходимо перевести произведения казахских поэтов и писателей на арабский язык, а работы писателей ОАЭ на казахский язык.

По итогам встречи стороны договорились поддерживать прямые контакты для реализации предложений и намеченных планов.



ҚЫРЫМБЕК КӨШЕРБАЕВ ҚАЗҰУ СТУДЕНТТЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев «Креативті индустрияны дамытудың келешегі» тақырыбында жастармен кездесу өткізді.

Шараға Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Ералы Тоғжанов, ҚР Білім және ғылым вице-министрі Қуаныш Ерғалиев, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі Әлішер Әбдіқадыров, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров, көрнекті ғалымдар, университеттің оқытушы-профессорлары, жас ғалымдар мен студенттер қатысты.

Кездесуде Қырымбек Көшербаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың креативті индустрияны дамыту мақсатында берген тапсырмасына сәйкес атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Өз кезегінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев құрметті қонақтарға университетке келіп, креативті индустрияны дамытуға қолдау көрсеткені үшін ризашылығын білдірді. ҚазҰУ ректоры бүгінгі кездесудің университеттің талантты жастары үшін маңызы зор екенін атап өтті. «Мемлекеттің келешегін қалыптастыратын – бәсекеге қабілетті білімді жастар. Бүгінгі таңда біздің жас ғалымдарымыз, талантты өнерпаздарымыз елімізді халықаралық деңгейде танытуда. Шығармашылық индустрия – жаһандық экономиканың ең жылдам дамып келе жатқан бағыттарының бірі. Соңғы онжылдықта шығармашылық салалар қоғамның әлеуметтік және мәдени дамуына ерекше әсер етті. Осы орайда, Қазақстандағы креативті индустрияны дамыту мәселелеріне арналған бүгінгі кездесудің, әсіресе біздің талантты жастарымыз үшін маңызы өте зор», – деді университет басшысы.

Кездесу ашық диалог форматында өтті. Студенттер Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаевқа өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, креативті индустрияны дамыту бойынша жаңа идеяларын ортаға салды.

Кездесу соңында Мемлекеттік хатшы Қырымбек Елеуұлы бастаған делегация Әл-Фараби кітапханасындағы университет ғалымдарының еңбектері қойылған ғылыми жетістіктер көрмесімен танысты.



КРЫМБЕК КУШЕРБАЕВ ВСТРЕТИЛСЯ СО СТУДЕНТАМИ КАЗНУ

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби посетил государственный секретарь РК, казахстанский государственный и политический деятель, дипломат Крымбек Кушербаев. В ходе рабочего визита государственный секретарь провел встречу с представителями молодёжи на тему «Перспективы развития креативной индустрии».

На мероприятии приняли участие заместитель Премьер-министра Республики Казахстан Ералы Тугжанов, вице-министр образования и науки РК Куаныш Ергалиев, Вице-министр национальной экономики РК Алишер Абдыкадыров, заместитель акима города Алматы Ержан Бабакумаров, профессорско-преподавательский состав университета, молодые ученые и студенты.

Открывая мероприятие, с приветственным словом выступил государственный секретарь Крымбек Кушербаев. В своей речи он остановился на работе, проделанной в соответствии с поручением Главы государства Касым-Жомарта Токаева по развитию креативной индустрии.

Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, приветствовав почетных гостей, выразил признательность за поддержку и содействие развитию креативной индустрии. Руководитель вуза отметил, что данная встреча имеет большое значение, особенно для нашей талантливой молодежи. «Будущее страны – в руках конкурентоспособной и образованной молодежи. Сегодня наши молодые ученые, талантливые артисты представляют нашу страну на международном уровне. Креативная индустрия является одним из самых быстрорастущих сегментов мировой экономики. За последнее десятилетие творческие индустрии стали оказывать глубокое влияние на социальные и культурные аспекты жизни общества. Цель встречи – повышение гражданской ответственности молодежи путем сочетания инноваций и творчества», – подчеркнул ректор.

Встреча прошла в формате открытого диалога. Между собравшимися состоялся обмен мнениями. Представители молодежи задавали интересующие их вопросы и выдвигали новые идеи по развитию креативной индустрии в Казахстане.



НҰРТІЛЕУ ИМАНҒАЛИҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ОҚУ ЗЕРТХАНАСЫ АШЫЛДЫ

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР еңбек сіңірген қайраткері, құрметті журналист Нұртілеу Иманғалиұлы атындағы «Qazaqstan» ұлттық телеарнасының оқу-шығармашылық зертханасы ашылды.

Салтанатты рәсімге Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева, БАҚ басшылары, танымал журналистер, қоғам және өнер қайраткерлері, журналистика факультетінің оқытушы-профессорлары мен студенттері қатысты.

Ашылу салтанатында Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева құттықтау сөз сөйлеп, майталман журналистің еңбек жолына тоқталды.

Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев өз сөзінде экран арқылы халықтың сөзін жеткізіп, ұлт зиялыларын елге танытқан, өзі де ерен еңбегімен көпшіліктің ықыласына бөленген тұлға ғибратын жастарға үлгі етті. «Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – өзіндік мектебі қалыптасқан ұлттық журналистиканың ұстаханасы. Журналистика факультетінен елімізге белгілі майталман тұлғалар өсіп шықты. Нұртілеу Иманғалиұлы осы үлкен мектептен тәлім алған қайраткер түлегіміздің бірі де бірегейі болды», – дей келе, бұл зертханалық кабинеттің тележурналистикаға қанат қаққан шәкірттердің ордасы боларына зор сенім білдірді.

Сондай-ақ алқалы жиында «Алматы» телеарнасының директоры Нұржан Жалауқызы, «Qazaqstan» арнасы Алматы студиясының директоры Сәуле Жиреншина, Нұртілеу Иманғалиұлының зайыбы Қарлығаш Табулдинова және қаламгердің өзге де әріптестері мен замандас достары, шәкірттері сөз алып, оның азаматтық қыры мен журналистік сыры жайлы пікір білдірді.



В КАЗНУ ОТКРЫЛАСЬ АУДИТОРИЯ ИМЕНИ НУРТИЛЕУ ИМАНГАЛИУЛЫ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби открылась учебно-творческая лаборатория национального телеканала Qazaqstan имени заслуженного деятеля Республики Казахстан, почетного журналиста Нуртилеу Имангалиулы.

В торжественной церемонии приняли участие: министр информации и общественного развития Республики Казахстан Аида Балаева, Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, известные журналисты, общественные и государственные деятели, преподаватели и студенты факультета журналистики.

На церемонии открытия с приветственным словом выступила министр информации и общественного развития РК Аида Балаева, подчеркнувшая в своей речи заслуги и талант известного журналиста.

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев в своей речи отметил, что Нуртилеу Имангалиулы с экрана доносил до народа важные истины, знакомил зрительскую аудиторию с передовой интеллигенцией, своим трудом заслужил всеобщее признание. «Казахский национальный университет им. Аль-Фараби – это своеобразная школа, кузница национальной журналистики. Многие известные и выдающиеся личности окончили факультет журналистики. Нуртилеу Имангалиулы был одним из выпускников университета и представителем этой школы», – сказал он, выразив уверенность, что лабораторный кабинет станет настоящей кузницей кадров для воспитанников, которые будут заниматься тележурналистикой.

Также на встрече выступили директор телеканала «Алматы» Нуржан Жалауқызы, директор алматинского филиала телеканала «Казахстан» Сауле Жиреншина, супруга Нуртилеу Имангалиулы Карлыгаш Табулдинова, а также коллеги, друзья-современники и ученики писателя, которые отметили заслуги и высокие профессиональные качества известного журналиста.



ҚАЗҰУ-ДЫҢ 13 ҒАЛЫМЫ ЛАУРЕАТ АТАНДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ғылым саласында мемлекеттік стипендия мен атаулы сыйлықтарға ие болған лауреаттармен кездесті.

Жүздесу барысында университет басшысы алдымен жетекші және жас ғалымдарды жеткен жетістіктерімен құттықтады. Сонымен қатар 56 үміткердің ішінен ҚазҰУ-дың 13 зерттеуші ғалымы мемлекеттік стипендия мен атаулы сыйлықтың иегері атанғанын атап өтті.

Жансейіт Түймебаев жоғары оқу орны ғылымын дамыту үшін жаңа технологияларды енгізу қажеттігін, сонымен қатар әр зерттеуші ғалымның идеяларын тыңдауға және қолдау көрсетуге дайын екенін тілге тиек етті. «Қазіргі әлемде университеттің рөлі мен үлесі білім беруден бөлек, ғылыми-инновациялық функциямен де анықталады. Әлемнің көптеген жоғары дамыған, озық елдерінде университет табыстылығының көрсеткіштері өндіріске енгізілген патенттер, соның негізінде ұлттық инновациялық экономика дамитын коммерцияландырылған технологиялар болып табылады. Біз ғылым мен инновация саласында бәсекеге қабілетті болуымыз керек», – деді Жансейіт Түймебаев.

Кездесу соңында университет ректоры мемлекеттік ғылыми стипендия лауреаттарына бірқатар нақты тапсырмалар жүктеді.



13 УЧЕНЫХ КАЗНУ СТАЛИ ЛАУРЕАТАМИ

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета Жансеит Туймебаев провел встречу с обладателями именной научной премии и государственной научной стипендии.

В ходе встречи руководитель вуза поздравил ведущих и молодых ученых с получением высоких наград и отметил, что 13 ученых-исследователей КазНУ из 56 претендентов были избраны лауреатами государственной премии и стипендии.

Руководитель высшего учебного заведения подчеркнул, что необходимо развивать вузовскую науку и внедрять новые технологий. Кроме того, Жансеит Туймебаев сказал, что готов выслушать идеи и предложения каждого ученого-исследователя и оказать поддержку. «В современном мире, роль университета определяется не только образовательной функцией, но и научно-инновационной. Во многих высокоразвитых странах мира показателями успешности университета являются внедренные в производство патенты, технологии, на основе которых развивается национальная инновационная экономика. Мы должны быть конкурентоспособными в области науки и инновации», – отметил руководитель высшего учебного заведения

В завершение встречи, Жансеит Туймебаев дал поручения лауреатам государственной научной премии и стипендии.



ЖАНСЕЙІТ ТҮЙМЕБАЕВҚА «ЖЫЛ РЕКТОРЫ» МАРАПАТЫ ТАБЫСТАЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары, ақын Қазыбек Иса білім ордасының басшысы Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевқа «Жыл ректоры» марапатын табыстады.

Жыл қорытындысына негізделген салтанатты шараға арнайы келген ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары, көрнекті ақын, қайраткер журналист Қазыбек Иса халық таңдауы арқылы «Жыл ректоры» марапатына ие болған Жансейіт Түймебаевты құттықтап, жылы лебізін білдірді. «Биыл Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да бірқатар нақты жұмыстар атқарылды. Бүгінгі марапат сол еңбектің нәтижесі», – деді Қазыбек Иса.

Өз кезегінде университет басшысы ұйымдастырушыларға және сауалнамаға белсенді қатысқан оқырмандарға университет ұжымы мен білім алушы жастардың атынан алғыс айтып, ризашылығын білдірді. Сонымен қатар алдағы уақытта университетте ауқымды жұмыстар жалғасын табатынын атап өтті.

Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-ға басшы болып тағайындалған уақыттан бері оқу орны әлемнің 200 үздік университеті қатарында 175-орынға ие болды.

Оқу ғимараттары мен жатақханалар заман талабына сай күрделі жөндеуден өтіп, аудиториялар жаңа техникалармен жабдықталды.

Оқытушы-профессорлар мен қызметкерлердің еңбекақысы жыл басынан бері екі рет өсті. 100-ден астам жаңа білім беру бағдарламалары іске қосылды.

Сонымен қатар оқу жылы басында білім ордасының 50 жас ғалымы мен қызметкері Түркияға тәжірибе алмасуға арнайы жіберілді.

«Қазақ үні» газеті мен Qazaquni.kz ұлттық порталы ел дамуына елеулі үлес қосып, әр салада табысқа жетіп жүрген үздіктерді анықтау жобасын жыл сайын өткізіп келеді. Оқырмандар сауалнамаға белсенді қатысып, sms, электронды пошта хабарлары және әлеуметтік желі арқылы өздерінің дауыстарын береді.

Осылайша жылдың спортшысы, айтыскер ақыны, қайраткері, ақыны, жазушысы, драматургі және жылдың басты оқиғасы, датасы т.б. оқиғалар бойынша жеңімпаздар іріктелді. 2021 жылдың «Жыл ректоры» болып ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев атанды.



ЖАНСЕИТУ ТУЙМЕБАЕВУ ВРУЧИЛИ ПРЕМИЮ «РЕКТОР ГОДА»



В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби депутат Мажилиса Парламента РК, заместитель председателя партии «Ак жол», поэт Казыбек Иса вручил премию «Ректор года» Председателю Правления – Ректору КазНУ Туймебаеву Жансеиту Кансеитовичу.

Казыбек Иса, специально прибывший на мероприятие поздравил Жансеита Туймебаева и выразил свои теплые пожелания. «В этом году в КазНУ им. Аль-Фараби проведена определенная работа. Сегодняшняя награда – результат этого большого труда», – сказал Казыбек Иса.

В свою очередь, руководитель университета поблагодарил Казыбек Иса за визит и отметил, что масштабные работы по развитию университета и по повышению качества образования будут продолжены.

С момента назначения Жансеита Туймебаева на пост ректора, КазНУ занял 175 место в числе 200 лучших университетов мира.

Учебные корпуса и общежития были

капитально отремонтированы в соответствии с современными требованиями, аудитории и кабинеты оснащены новой техникой.

Зарплатная плата профессорско-преподавательского состава и сотрудников выросла в два раза.

Запущено более 100 новых образовательных программ.

Кроме того, в начале учебного года 50 сотрудников и молодых ученых КазНУ были направлены в Турцию для обмена опытом.

Газета «Қазақ үні» и национальный портал Qazaquni.kz определили лучших специалистов 2021 года, работающих в разных сферах. Голосование проводилось посредством телефонных опросов, смс, e-mail и социальных сетей. Таким образом были определены: главное событие года, главное достижение года, лучший драматург, писатель, поэт, политик, деятель, режиссер, актер, певец 2021 года. По результатам голосования Председатель Правления – Ректор КазНУ Туймебаев Жансеит Кансеитович был удостоен премии «Ректор года».



ЖАҢА БАСТАМАЛАР ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ



Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, студенттері, магистрант-докторанттары!

Қазақ елі Тәуелсіздік жылнамасының төртінші онжылдығына қадам басқалы тұр. Биыл бәрімізге қолайлы, берекелі жыл болды. Ел болып қасиетті Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығын атап өттік. Мемлекетіміздің бұл мерейлі белесі ел тарихында алтын әріптермен жазылды. Осы орайда, еліміздің қуатты мемлекет болуы, интеллектуалды ұлт болып қалыптасуы әрбір Қазақстан азаматының ерік-жігеріне, білімі мен адал еңбегіне тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев



«Қазақстан – 2050» стратегиясында: «Біз «білім – ғылым – инновациялар» үштігі билеген постиндустриялық әлемге қарай жылжып келеміз. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Жоғары оқу орындары тек оқу бағдарламаларын жетілдірумен шектелмей, өздерінің ғылыми-зерттеушілік қызметін де белсенді дамытуы тиіс», – деп үлкен жауапкершілік жүктеген болатын.

Ал Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты жолдауында: «Жоғары оқу орындары мамандардың сапалы даярлануына жауап беруге міндетті. Ғылымды дамыту – біздің аса маңызды басымдығымыз. Еліміздің білім беру және ғылым саласының алдында кезек күттірмес ауқымды міндет тұр. Бұл – уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу», – деген болатын.

Біздің басты міндетіміз – бүгінгі ұрпаққа заман талабына сай білім беру. Студент жастарымызды бәсекеге қабілетті маман ретінде тәрбиелеуде оқытушы-ғалымдарға үлкен жауапкершілік артылады. Бұл бағытта Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мемлекет жүктеген талап-міндеттерге сай, алға қойған биік мақсаттарды жүйелі жүзеге асырып келеді. Біздің оқытушы-профессорлар құрамы мерейтойлық жылды жақсы нәтижелермен қорытындылады. Университетіміз білім, ғылым саласында әлемдік бәсекелестікке еркін бойлады. Оқу орнымыз әлемдегі 200 үздік университет қатарына еніп, QS жаһандық рейтингінде 175-орынға көтерілді. Биылғы оқу жылында 100-ден аса жаңа білім беру бағдарламалары мен заманауи мамандықтар енгізілді. Оқу ордасында білім алушыларға 100-ден астам шетелдік оқытушы, профессор-ғалымдар сабақ беруде. Ағымдағы жылы оқытушы-профессорлар құрамы мен барлық қызметкерлердің еңбекақысы екі рет өсті. Жыл бойы оқу ғимараттары мен жатақханаларда күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Барлық аудиториялар заманға лайық жаңа жиһаздармен, интерактивті тақта және мультимедиалық құрылғылармен жабдықталуда. Бұл жұмыс алдағы жылы да жалғаса бермек.

Құрметті оқытушы-профессорлар, білім алушы жастар!

Сіздерді жаңа 2022 жылмен шын жүректен құттықтаймын! Университет жетістіктері жаңа жылда жаңа бастамалармен жалғаса береді деп сенемін. Жаңа жыл ерекше қуаныштарымен, ізгі жаңалықтарымен келсін. Халқымыздың береке-бірлігі арта берсін. Елімізде әрдайым молшылық болсын! Жаңа жылда сіздерге мықты денсаулық, қажыр-қайрат, отбасыларыңызға бақыт тілеймін!

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Айшықты оқиғалар



Знаковые события

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

Теруге берілген күні 04.04.2022 жыл. Басуға қол қойылған күні 05.07.2022 жыл.

Гарнитурасы «Arial». Пішімі 84x108 ¹/₁₆. Көлемі 25,5 б.т.

Қағазы «офсет». Таралымы 1000 дана.

